

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Мұхтар Әуезов

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

37-том

МАҚАЛАЛАР, ПЬЕСА, ПЬЕСА ЖОСПАРЫ,
ДЕРЕКТЕР

1958–1959

“ДӘУІР”
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”

АЛМАТЫ
2014

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-7

Ә 82

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Редакциялық кеңес:

Кеңес төрағалары – М. Құл-Мұхаммед, А. Сәрінжіпов

Жалпы редакциясын басқарған – ҰҒА корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы У. Қалижанов

Кеңес мүшелері:

Әкім Т., Әуезов М., Жұртбай Т., Кекілбаев Ә., Қанатиянов Б., Қасқабасов С.,
Қирабаев С., Қонаев Д., Қошанов А., Құрманғали Қ., Мағауин М., Мұртаза Ш.,
Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И., Ыбырай Ш.

Әуезов М.

Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014.

37-том: Мақалалар, пьеса, пьеса жоспары, деректер. 1958–1959. – 432 б.

ISBN 978-601-294-179-1

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 37-томына 1958–1959 жылдарда жазылған мақалалары, “Дос – Бедел дос” пьесасының қазақша, орысша нұсқалары мен осы пьесаның жоспары, қырғыздың батырлық эпосы “Манас” жырына қатысты жинаған деректері кірді. Томдағы “В цветущем саду”, “Новые горизонты”, “Партия туралы ойлар”, “Зоны ужаса”, “О родном Казахстане”, т.б. мақалаларында “социализм толық түбегейлі жеңді” деп жариялаған СОКП-ның ХХІ съезі өткен кезеңнің атмосферасын берсе, “Өнерге өнеге”, “Радость творчества”, “Размышление об эпосе семилетки”, “Сын болашаққа мегзесін” мақалаларында сол кезеңдегі әдебиет, өнер мәселелері жайындағы ойларын айтқан. М. Әуезовтің манастану саласындағы зерттеушілік жұмыстарының бұрын жарияланбаған тағы бір тобы осы томда берілді.

Кітап ғылыми жұртшылыққа, қалың оқырман қауымға арналған.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-294-179-1 (37-том) © М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2014
ISBN 978-601-294-142-5

Мақалалар



В ЦВЕТУЩЕМ САДУ

Самое характерное для нынешнего этапа развития искусства и литературы казахского народа — пышное цветение их. Молодая социалистическая культура действительно представляет собой цветущий сад.

В этом саду из всех разновидностей искусства хочется выделить прежде всего драматическое искусство. Достаточно долго — более десятилетия — драматический театр оставался единственным национальным театром республики, но в его недрах уже рождалось и музыкальное сценическое искусство. Затем вслед за музыкальным театром возникает филармония.

В настоящее время, в радостную пору подъема, казахское искусство представляет собой развернутый фронт ярких художественных достижений. Среди них оперы “Абай” и “Биржан и Сара”, “Ер-Таргын” и “Кыз-Жибек”, балетные спектакли “Камбар-Назым” и “Дорога дружбы”¹. О ярком цветении сада искусств говорят и спектакли “Руслан и Людмила”, “Евгений Онегин”, “Бахчисарайский фонтан”, “Кармен”.

Казахский академический оперный театр носит ныне имя Абая. В его составе есть выдающиеся певцы и певицы, растущие, подающие большие надежды балетные силы, работают талантливые режиссеры и художники.

Выросла и филармония. Радует оркестр народных инструментов имени Курмангазы, в котором как бы новое стострунное и богатое многоголосье заменило собою одиночный рокот вразумительной, но тихой двухструнной домбры, искони лишь робко вещавшей о думах народных. Здесь видим мы путь от одинокой домбры до национального оркестра, как в опере от той же домбры до симфонического оркестра, от одиночного певца до многоголосого хора, до

всех видов оперной вокальной формы русского и мирового репертуара.

Особого внимания заслуживают достижения казахского хореографического искусства. У нас почти не было в прошлом народных танцев, и поэтому, меньше задерживаясь на этнографии, на характерных танцах эклектического свойства, театр осваивает высокое искусство классического балета.

Многие писатели Казахстана начали свою творческую жизнь в совместных с театром поисках путей сценического искусства, нужного народу содержания. Так достигнуто слияние интересов театра и литературы.

Переходные классические и современные русские драматические произведения помогают цветению нашей драматургии. Мне, как переводчику, например, было необычайно дорого услышать от одного зрителя, который, собираясь в театр, заявил, что он идет семнадцатый раз на казахскую постановку “Укрощения строптивой”. Такова жизнь лучших образцов мировой драматургии на нашей сцене.

Декада познакомит и с достижениями казахской художественной литературы. Проза представлена переведенными на русский язык или же написанными на русском языке крупными прозаическими произведениями — свыше двадцати пяти названий. Около тридцати поэм написано поэтами Казахстана за последние годы.

Изданы лучшие образцы казахской драматургии. Сборниками и крупными монографическими исследованиями на русском языке представлены история литературы и критика. Одно лишь казахстанское издательство художественной литературы за последние два года в связи с подготовкой к декаде напечатало свыше трехсот книг. Из них только на русском языке в Алма-Ате издано 130 названий. Крупные произведения казахской прозы написаны на исторические и историко-революционные темы, на темы о рабочем классе, Великой Отечественной войне, о нашей современности.

НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ

Ташкентская конференция начала свою работу. Чего я ожидаю от нее? Я полагаю, что широко раздвинется горизонт наших знаний о культуре стран Азии и Африки.

Каждая из наших братских литератур, и русская литература в особенности, через переводы многих и многих произведений писателей Азии и Африки введет в круг своих читателей доселе совершенно незнакомые имена, выдающиеся произведения.

В этом процессе познания нового есть один особый, характерный момент. Мы стараемся по возможности знакомить наших читателей с историей той или иной литературы, с разными периодами ее развития – фольклором, классикой, с современной литературой. Так, казахский читатель сможет на родном языке прочитать и арабские сказки, и произведения современного писателя М. Теймура; обратимся к индийской литературе – это будут “Калила и Димна”¹, произведения Р. Тагора², Прем Чанда³, Мулк Радж Ананда⁴, Джафри⁵ и других. То же происходит и с переводами образцов китайской литературы.

У нас вышли также особые сборники отдельных авторов. Например, Го Мо-жо, Мао Дунь, иранских, вьетнамских и корейских писателей.

Думаю, что столько же, а может быть, еще больше сделали украинские, узбекские, азербайджанские и другие издательства и переводчики.

Если мы сопоставим то, что имел казахский читатель раньше, и то, что он получает сейчас в связи с конференцией, мы увидим, насколько раздвигается горизонт у наших читателей, насколько расширяется диапазон впечатлений, насколько углубляется постижение мира, идей, вещей, людей, народов, стран.

Но это только одна сторона того значительного, нового, ценного, что мы получаем в связи с Конференцией писателей стран Азии и Африки.

А вот другая сторона вопроса.

Казахские писатели, как и писатели других братских литератур, также будут переведены, по крайней мере в лучших своих образцах, а значит, будут представлены огромному новому миру читателей за рубежом. Наши книги, мы надеемся, дойдут до неисчислимых друзей нашей страны, дойдут до сердец простых людей мира, дойдут как добрые вестники от народа к народу, донесут нашу сокровенную правду, наши песни, новеллы, повести, романы. Правдивые, истинно художественные книги, полные глубоких чувств и мыслей, — самые надежные проводники дружбы между племенами человечества. Они прокладывают самые верные, кратчайшие и надежные пути к дружбе, пути от сердца к сердцу людей.

До сих пор мы говорили о том, что получают от конференции наши читатели. Теперь небезинтересно поразмыслить над тем, что дала подготовка к конференции, что даст сама конференция нам, писателям.

Эта многоязыкая, представленная многими литературами конференция и есть та самая встреча за круглым столом, о которой впервые пронизательно заговорил М.А. Шолохов.

Ташкентская конференция с ее огромным составом литератур мира, по крайней мере в масштабе двух материков, — это, пожалуй, самая большая встреча писателей в истории всех литератур, всех времен.

Мысли, поиски, идеалы, связанные в сердце писателя с судьбой его народа и страны, — они познавательны, исключительно важны для писателя любой другой национальности. Но мы, разумеется, не ограничимся одной лишь познавательной, информационной стороной. Для каждого из нас гораздо важнее другое. Мы, художники, ответственно мыслящие, заинтересованные в исторической участи своего народа, своей страны в такое напряженное время, не можем не быть взволнованными, страстными выразителями эмоционально-интеллектуальной жизни

современников. Известно, что взволнованное море выбрасывает жемчуг на берег. Так и взволнованная душа художника рождает большие или малые жемчужины слова. Каждый поэт и писатель — мастер художественного слова — в сходном душевном состоянии найдет именно свое слово для выражения важных идей. Слово, не произнесенное еще никем.

Будут у него счастливые находки, начиная с отдельных словесных образов и кончая художественно значительными обобщениями мыслей и чувств людей, — эти счастливые находки индивидуальны, они, несомненно, разнообразны, неповторимы так же, как неповторимо каждое поэтическое дарование, каждое поэтическое вдохновение.

Если многих из нас объединяют сегодня истинно светлая идея прогресса человечества, мира, свободы и независимости народов, чувства единогодушного, полного осуждения, отрицания колониализма как позорного явления в современной истории, то эти идеи и чувства, всеобщие, чистые, получают, конечно, самые различные неповторимые художественные воплощения у разных писателей.

Мы вправе ожидать от каждого серьезного выступления на конференции по-своему нового, обогащающего нас значительного содержания.

Каждая литература подаст устами своего посланца голос своего сегодняшнего дня, и этот чистый и верный правде своего народа голос, созвучный с тем сокровенным, что есть сегодня в душе его народа, будет для меня дорог, нов, как новы его песни, его литература.

Я, понятно, имею в виду не только выступления наших гостей-писателей с трибуны конференции. Я имею в виду прежде всего их неповторимые творения, с которыми они приехали в Ташкент. Эти произведения, будь то романы, новеллы или лирика и поэмы, несомненно, будут с надлежащим вниманием и серьезностью изучены, познаны нами, советскими писателями. И, конечно, наиболее талантливые, выдающиеся из них дадут нам возможность сравнить, сопоставить манеру других художников с нашей собственной манерой видения, чувствования, изображения мира. А это хорошее, благоприятное условие

для эстетического обогащения писателей, это один из побудительных поводов для творческого самоанализа художника.

Естественно, конечно, что познанное, обретенное каждым из нас не имеет права оставаться только в нас. Интерес советского народа ко всему ценному, общечеловечески значительному у другого народа, особенно у народов Азии и Африки с их историческими великими жизненными устремлениями, требует того, чтобы мы поведали нашим читателям и о большой, и о малой частице того замечательного, что мы получили на этой конференции.

Я надеюсь, что много мыслей и положений, высказанных на конференции, станут предметом обсуждения и на наших республиканских, и на Всесоюзном съездах писателей.

НЕУКРОТИМАЯ ВОЛЯ

Сорокалетие Ленинского комсомола – всем нам близкая, дорогая дата. Каждое утро и каждый завершающий напряженный трудовой день вечер мы, казахстанцы, живем светлыми ожиданиями и мыслями о новом великом подвиге республики – о казахстанском миллиарде. И кого, как не комсомольцев наших, их неукротимую победную волю вспоминаешь при этом! Спасибо от всего сердца, наше отцовское спасибо Ленинскому комсомолу, воспитавшему такое стойкое племя, неизменно несущее гордое знамя молодых победоносных строителей коммунизма на всех участках нашей жизни.

ӨНЕРГЕ ӨНЕГЕ

Қазақ көркемөнері мен әдебиетінің екі онкүндігі – 1936 жылғысы мен қазіргісі ұлттық тарихымызда, рухани мәдениетіміздің тарихында аса маңызды кезеңдер болып отыр. Бірінші онкүндік – бастамасы еді, сол кездің өзінде де біз белгілі бір шын нысаналы шыңға шыққанбыз. Екінші онкүндік – шабыт пен шарықтаудың, қазақ халқының көркемөнері мен әдебиетінің орасан зор өрлеу онкүндігі болып отыр; қазіргі қол жеткен табысымыздың шыңына бұрынғы тең келмейді, онан әлдеқайда биік тұрмыз.

Қазір онкүндікте біз өресін жайған көркемөнер мен әдебиеттің есейгенін, құлашын кең жайғанын көріп отырмыз. Халқымыз, мәдениетіміз өзінің алтын ғасырының саясында өмір сүруде деп тайсалмай айтқызып отыр ол бізге. Мәдениет саласына зер салсақ, біз жасаған көркемөнердің балетін, драмасын, киносын көреміз, опералары мен симфониялық музыкасын көріп, тыңдаймыз, сахнаның, бейнелеу өнерінің тамаша ансамбльдеріне, көрнекті шеберлеріне қол соғамыз. Ал әдебиет ше, ол – әрі алуан түрлі, әрі талапты, алға ұмтылған әдебиет.

Москвада, астана маңындағы поселкелер мен қалаларда күн сайын дерлік әрқилы өнер көрсетілді. Спектакльдер, концерттер, творчестволық талқылау, сауық кештері өтіп жатты. Ойын көрушілер мен кітап оқушылар көргендері мен естігендерінің бәрін жай тамашалап қана қоймай, спектакльдерді, кітаптарды, бейнелеу суреттерін, полиграфиялық жұмыстардың сапасын, тағысын, тағыларды белсене талқыласып, талғампаздық талаптар қойғаны бізді қандай қуандырғанын айтсаңызшы.

Талқылаулар, айтыстар әр жерде-ақ болып жатты – мұның өзі үлкен мамандық тәжірибесі бар адамдардың пікірін білу үшін де арнайы ұйымдастырылды. Сол кезде бұл талқылау мен айтыстар театр мен кітаптың “қарапа-

йым” әуесқойларының арасында да өзінен-өзі туып отырды. Осы талқылау, әңгімелесу – мейлі орыс, мейлі қазақ, мейлі украин, қай ұлттың әдебиеті болса да, советтік көп ұлттық мәдениетті сүйуші, терең түсінуші адамдармен тікелей бас қосу бізге өте көп пайдалы, бағалы, рухтандырушы ақыл берді және бізге деген тілектер тамаша жемісті ой салды. Осы ойлар жаңа өлеңдердің, романдардың, балеттердің тууына сөзсіз себеп болмақ.

Ия, біз шабытымызға шын мәнінде аса зор өнеге алдық. Біз өнерпаздық құлашымызды бәсеңсітпеуіміз керек, мен тіпті қуанышты іске қызу үстінде (кемшіліктер мен әділсіздіктер бар да ғой, ол туралы бізге беторай тіке айтылды), онкүндік кезіндегі кеңестер мен игілікті тәжірибені ескере тезірек кірісуіміз керек дер едім. Өзім жазушы болғандықтан, әсіресе москвалық әдебиетшілермен кездесу менің есімде қалды, Жазушылар одағында әдебиетіміздің әрқилы жанрларын талқылау маған өте-мөте әсер етті. Прозаны үш күн талқылауда отыздан аса адам сөйледі. Олар талдап, нақтылап, жаны ашып айтты.

Мұның маңыздылығы сол, нақтылы талдау – туысқан әдебиеттердің бәріне ортақ мәселелер жөнінде сөз болып жүрген проблемамен ұштасты. Осы бағдарда ұлттық өзгешелік туралы айтылған пікір есте қалды. Жазушылардың творчестволық психологиясы туралы, көркем әдебиетте халықтар достығын бейнелеу туралы айтылған пікірлер де барлық жұрттың назарын аударды. Туысқан халықтардың өкілдерін көркем әдебиетте бейнелеу туралы мәселенің барлық жазушылар үшін ортақ көптеген қиыншылықтары мен шектері бар. Бұл жөнінде де, басқа мәселелер туралы да өзара творчестволық тәжірибе ауыстырулар үлгі аларлық қызғылықты болды.

Біздің әдеби мұрагерлеріміз үшін – жас жазушылар мен ақындар үшін онкүндіктің өте пайдалы болғаны мені қатты қуантты. Әдебиетшілер саны соңғы жылдар ішінде, жақсы әзірленген мәдениетті жас әдебиетшілер есебінен толықтырылып отыр. Меніңше, онкүндікте олар өз мамандығы жөнінде көптеген сұрауларына жауап алды және бәрінен бұрын біздің бәрімізге, әсіресе сол жастарға, қазіргі ұлы шындықтың ынталы замандастарына дәл қазіргі

осы шындық туралы, біздің бүгінгіміз туралы жазу қандай маңызды екеніне олардың тағы да бір рет көзі жетті.

Біз Москваға өлеңдер, суреттер, музыкалар, билер, кітаптар әкелдік. Сонымен бірге біз үлкен арман да ала келдік – кітап оқушы және өнер көруші москвалықтар өзімізді таныса екен, жаңа жоспарлар және тәжірибелермен “қаруландырса” екен деген арманмен келдік. Біз үшін бағалы болғаны сол – қызу еңбек күндерінен кейін біздің арманымыз орындалды, арманымыз ақталды деген сеніммен қайтып барамыз. Біздің Қазақстанда даналық – орындалған армандардан туар болар деседі. Сөйтіп, біз достарымызға, туысқан Москваға зор алғыс айтамыз.

ПАРТИЯ ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Дәуіріміздің, қазіргі адам баласының ақыл-ойының шамшырағы – Коммунистік партия, Ленин партиясы туралы ойдан артық ешқандай ой болуға мүмкін емес.

Әрбір адамның туған халқы туралы, ұлт туралы, адамзат туралы көкейкесті ойы Коммунистік партиямен тығыз байланысты, тереңдей түссек, семья, адамның жеке басы, іс-әрекеттері туралы ойлар партия деген қасиетті есімге барып тіреледі. Адамның да, қоғамның да, табиғаттың да бүкіл өмірлік дамуы, ғажайып өзгерістері осы партияның қуат-жігерімен, қырағы данышпандығымен барып ұшта-сады.

Әрбір адам еңбегінің қасиетті тері арқылы жасалған қалаларды, заводтарды, ауыл шаруашылығы мен ғылым табыстарын еске түсіріңізші – мұның бәрі партияның ісін, идеясын, оның кешегісі мен бүгінгісін, айта берсек, ертеңгісін бейнелейді. Адамның жеке қара басының да, қоғамның да, ғылымның да, социалистік одаққа біріккен халықтардың да жолы – партияның жолы.

Біз Отанымыздың, халқымыздың, отандастарымыздың, совет адамдарының партиямен күнделікті жанды байланысын, өмірлік мызғымас табиғи бірлігін сезінеміз.

Біз адамзаттың бүгінгі тарихы туралы ойласақ та, оның келешегі туралы ойласақ та, партиялық идеялармен ұштастыра ойлаймыз. Бұғауды үзіп, азат болған кезде адамзат партия нұсқаған жолмен жүреді, бүкіл планетада жеңіп шыққан коммунизмнің бақытты дүниесін орнатады.

Одақтағы туысқан халықтардың бірінің өкілі ретінде және әдебиетшісі ретінде партия туралы ойымды өз халқымның, туған республикамның бүгінгі, кешегі күнімен салыстыра, байланыстыра шоламын. Сонда мынадай ой туады. Егер халқымның қолы бақытқа жетпесе, Октябрьден бастап бүгінге дейін жасаған табыстары болмаса, мен не ойлай алар едім? Халқымның, өлкемнің кешегісі туралы

ойларды жарқын ойлармен салыстырғанда, мен мынадай қорытынды жасаймын! Ленин партиясының басшылығымен менің халқымның жаңа тарихы жасалды, ол жеткен табыстардың бәрі ой-өрісімді шексіз кеңейтті және айқындады. Бұл ойдың өресі қалықтап ең биікке көтерілген қыранның көзі жетерлік аса алып кеңістікке керілген көкжиектей кең-байтақ дүниеге жетіп отыр.

Ия, дәл осы партия қыранның көзі жетерлік кеңістікті қырандай айқын көретін етіп көзімізді ашты, ой-өрісімізді өрлетті, кеңейтті, халқымыздың, ата-бабамыздың тарихы ешқашан білмеген жаңа сезім туды.

Біз өмір сүріп отырған алтын ғасырдың азаттық алған қайта туған халықтарының ұрпақтарына лайықты, дүниетануы терең де жарқын, бақытты жандармыз. Советтік Отанның ұлдары мен қыздары өз бақытымызды мақтанып айта аламыз. Ал осы ой-сезімдермен бірге біз социалистік Отанға деген ыстық сезімді, оған деген советтік патриоттық сезімді адамзаттың жаңа тарихында ерекше сеземіз. Біз халықтардың өзара туысқандық, достық сезімін де, дүние жүзінің барлық халықтарын құрметтеу сезімін де коммунистік адамгершілікпен байланыстыра ұғамыз.

Осы сезімдер мен ойларда әрбір саналы адам үшін аса зор маңызы бар, бек бағалы нәрселер де бар. Бұл ең алдымен өзінің туған халқын мақтаныш ету сезімі, оған деген патриоттық сезім. Оның бер жағында мен өз халқымның тарихында болған мынадай шындықтың күәсімін: Ленин партиясы бұл сенім мен сүйіспеншілікті өз халқының санасында орнатқанға дейін шаруалар, жұмысшылардың басым көпшілігі, яғни бүкіл еңбекші жұрт — халықтың негізгі бұқаралары өз халқын сезбеді, оны өз ұлтым деп танымады. Қорғансыз, правосыз болғандықтан өздерінің әлеуметтік ой-өрісінің тар болуы себепті де оларда Отанға деген патриоттық сезім де болмайды.

Партия бізді Отанға деген сүйіспеншілікті сезіммен тәрбиеледі. Асыл идеялардың шыңынан ілгері қарауға және мәңгі бағалы дүниені, барлық жерде өзіміз жасап жатқан дүниені тануға, адамдарды, олардың тағдырын және өзіміздің адамдық қарым-қатынастарымызды бағалауға, ұғынуға, тануға үйретті.

Маркс-Ленин ғылымының данышпандылығын өз бойына жинаған партияның тәрбиелік ықпалының түбірлі айырмашылығы мен принциптік ұлылығы оның жалпыға бірдей дәрежеде бүкіл халыққа білім беруінде болып отыр. Өз қатарында миллион, ондаған, жүздеген миллион адамдары бар әрбір халықтың партиялық саналылығын көтерді. Мысалы, Ұлы Отан соғысының майдандарында қазақ халқының жігіттері мен қыздарының жасаған ерлігі кездейсоқ нәрсе емес, дәл партия берген тәрбиенің заңды көрінісі еді. Тек жауынгер еркектер ғана емес, Мәншүк Мәметова және Әлия Молдағұлова сияқты қыздар – Отан соғысына қатынасқан қарапайым қатардағылар Совет Одағының Батыры болды, партияның арқасында қайта туған халықтың қыздарына лайықты рухының ұлы ерліктерін көрсетті. Әскерлеріміз Днепрден өтісімен-ақ жауынгер қазақтар украин жерін құшақтап, мейірлене сүйді. Мұның өзі партияға және Ұлы Отанға деген адалдығын айқындайтын сезім сәулесі еді. Иә, партия халықтардың туысқандық өзара байланысының бұрын болып көрмеген мейірбандық сезімін оятты. Ұрпақтарымызды осылайша тәрбиеледі, дағдыландырды. Қартайған Жамбылдың көкірегінде туған өлең, Ленинград іргесінде болған соғыста жауға оқ болып атылған өлең, тек осындай терең де, үлкен де сезімнен туашақ еді.

Бұл – партияның тәрбиесінде өскен шынайы да кең бейілді, мейірімді сезім. Қазақтың мектеп балалары Шевченконы, Пушкинді туған классиктеріндей құрметтейді, сүйеді, сондай-ақ Фирдоуси, Низами, Науаилер да қазақтар үшін ұлы классиктер, өз классиктері болып есептеледі. Абайдың да атағы кең жайылып, Украинаға, Арменияға, Өзбекстанға, тағы да басқа туысқан республикалар мен автономиялы облыстарға әйгілі болды. Майдандағы қанмен дәнекерленген, рухани қазынаға құйылып, терең тамыр жайған мұндай туысқандықты, партия тәрбиелеген, халықтарымызды адамгершілік жағынан жан-жақты байытқан туысқандықты біз мақтан етеміз. Партия бізде барлық халықтық Отан сезімін туғызды, көп ұлтты, көп тілді Ұлы Отан деген намыс, патриоттық сүйіспеншілік, бүкілхалықтық мақтаныш қанымызға да, тәнімізге де сіңді.

Совет адамдарында ой-сана да басқаша болып отыр. Советтік патриот дегеніміз өз Отанының барлық халықтары үшін, оның барлық ұрпақтары үшін, аталық үшін, аналық үшін, жастық пен балалық үшін терең ойлап еңбек ету болып табылады. Совет адамдары жалғыз өз Отаны емес, бүкіл адамзаттың болашағына жауаптымын деп ойлайды. Совет адамындағы бұл ойларда халықтарға шын достық істеу, езушіліктің, қанаудың қандайына болса да қарсы шығу, сөйтіп халықтардың правосын қорғау ниеті жатыр.

Партияның бізге берген тәрбиесі, халықтар достығының идеясы – бұл ұлы ұстаздарымыз Маркс пен Лениннің өсиеттерін тарихи түрде жүзеге асырудың жарқын бейнесі. Ол достық деген “адам – адамға қасқыр” деп мейірімсіз қастандықты дәріптеуші зоологиялық өшпенділіктің орнына келді. Жауласушы қоғамда адам адамға қас болған кезде, онда халықтар арасында достық та бола алмады – оларды өшіктірді, бірін-бірі қыруға, ұзақ уақыт езуге, өмірлік жауласуға айдап салды.

Міне, коммунистік адамгершілік пен советтік гуманизм идеяларымен нұрланған совет адамының рухани табиғаты, адамгершілік мәні осылай жаңарып, ой-санасы байыды, ал мұның өзі біздің бүкіл мемлекеттік, қоғамдық, қызмет-кәсіптік, семьялық қарым-қатынастарымызда және жеке бастық өмірімізде бейнеленіп отыр.

Партия өзінің жиырма бірінші съезінде өз тарихының бүгінгіден де ерекше, тағы бір жарқын, данышпандық бетін жазады да, өз шешімдерімен ол біздің мемлекеттік, шаруашылық, қоғамдық және жеке бастық өмірімізге жарқын жаңалықтарын, зор болашақтарын алып келді.

Съезд шешімдері алда тұрған тамаша сәулетті жылдарды нұсқайды. Біздің ұрпақтарымызға, халықтарымызға, елімізге деген партияның жан-жақты ұлы қамқорлығын бейнелейді. Біз партияның ойлаған ойы мен идеясына қарай қатарымызды түзей отырып, саналы еңбектен өз орнымызды – тұрмысымыздың мәні мен мақсатын тауып аламыз. Туған елімізге, халқымызға партия айтқандай адал қызмет атқарамыз.

РАДОСТЬ ТВОРЧЕСТВА

Вспоминается, как в 1917 году на летнем пастбище была поставлена моя ранняя пьеса “Енлик – Кебек”. Сценой служила большая юрта; в другой юрте на кошме расположились зрители. Теперь, во время декады, Казахский академический театр драмы сыграл эту пьесу в Москве, на сцене Малого театра.

В советскую столицу мы привезли ряд театральных постановок, созданных национальными драматургами, режиссерами, артистами.

Мы привезли книги наших прозаиков и поэтов, с каждым годом создающих все более зрелые произведения. Казахские писатели, совершенствуя национальную литературу, внимательно изучают все лучшее, что сделано в мире мастерами слова. Когда я работал над эпопеей о великом казахском поэте-просветителе Абае Кунанбаеве, мне много ценного дали советы русских авторов исторических романов – Анатолия Виноградова и Юрия Тынянова, опыт автора “Гете и Бетховена” Ромена Роллана, роман Андре Моруа о Байроне. Я получаю письма из разных стран. Пишут русские, прочитавшие “Абая” в переводе Леонида Соболева, пишут французы, познакомившиеся с романом благодаря моему другу Луи Арагону, пишут читатели из Германии, где также издана эта книга.

Достижения культуры бывших кочевников поистине велики. Даже человеку, знакомому с историей Казахстана, они могут показаться неправдоподобными.

За советские годы казахи создали большую литературу. У нее радостное настоящее и прекрасное будущее.

РОДИНА, НАРОД, ПАРТИЯ

Нет мысли более всеобъемлющей, чем мысль о Коммунистической партии, ставшей в современной истории самым выдающимся явлением общественной жизни.

Каждая сокровенная мысль о родном народе связывается в нашем сознании с мыслью о партии. Думая о самом великом — о жизни, о личности, о деянии людей, о семье, — не можешь не возвращаться мысленно к партии, к ее деятельности, к ее теории.

И не только человек и его общественный круг, но и родная природа во всей динамике ее существования, во всех сказочных ее преобразованиях связана с мудрым трудом партии.

Каждый город нашей страны, каждый завод, колхоз, институт, театр — все то, чем живет с детских лет до старости любой человек, воплощает в себе идеи партии, является как бы памятником ее прошлого, настоящего и будущего.

Весь великий братский социалистический союз народов — детище партии, лучшее практическое воплощение ее гениальной теории.

Мы говорим о своей Родине, народе, о советских людях, о повседневной кровной связи их с партией, и мы не можем не мыслить при этом обо всем человечестве, его сегодняшней истории, его будущем в связи с идеалами партии и о том времени, когда, освобожденное от всех и всяческих оков и пут, оно пойдет по пути к коммунизму.

Как сын Казахстана, как литератор, я связываю свои мысли о партии со всеми фактами жизни моего народа, родной республики. И я не представляю себе жизни Казахстана без того, что обрел он после Октября. Сравнивая свои думы о прошлом с мыслями о сегодняшней жизни, я прихожу к выводу: все лучшее, что есть у моего народа, обретено им под водительством партии Ленина.

И это обстоятельство, именно оно дает нашим мыслям безграничную ширь и ясность. Они охватывают столь широкий, столь пространный мир, с таким огромным горизонтом, какой видим лишь орлу в его наивысочайшем парении. Да, орлиный горизонт и орлиную ясность видения дала нам партия, обогатив нас думами высокими и прекрасными и чувствами, не изведенными прежними поколениями.

Глубокое мышление стало свойственно нам. Светлые, счастливые чувствования, истинно достойные поколения возрожденных, раскрепощенных народов в пору золотого века их существования, испытываем теперь мы, сыны и дочери Советской Отчизны.

И в ряду этих мыслей и чувств особое, главное место занимают любовь к социалистической Родине, братская дружба между нашими народами и уважение ко всем расам и нациям мира.

Я могу засвидетельствовать такой знаменательный факт в истории моего народа: до тех пор, пока партия Ленина не разбудила в трудовом казахском люде этих великих мыслей и чувств, он не знал единства, не ведал глубоко осознанной привязанности к родному Отечеству. Так было в силу исторической ограниченности социального кругозора, обезличенности, жестокой нужды.

Прав, несомненно, Луи Арагон, когда говорит устами одного из героев своего романа “Коммунисты”, что Французская коммунистическая партия возродила в рабочем классе чувство родины и понимание национальных интересов.

Партия научила нас смотреть глубоко, постигать мир идей, мир великих ценностей, помогла понимать и уважать людей и осознать самих себя как величайшую ценность.

Одна из изумительных черт партии, воплощающей в себе мудрость учения Маркса и Ленина, состоит в этой ее способности пробуждать умы.

Партия подняла и обогатила сознание огромных масс. То, что являлось преимуществом единиц, десятка избранных умов, которые одни якобы и способны были к отвлеченному, сложному мышлению, стало доступно и близко миллионам. Истинно правдивые, великие мысли

открыла им партия, сменя тот суррогат идей и верований, дурман которых сотни лет помогал “властелинам мира” вести толпы людей на взаимные побоища.

Идейность, воспитанная в народах нашей страны партией, культура духа каждой личности родили нашу высокую способность сопротивления всяческому злым умыслам врагов народов. Не случайным, а закономерным проявлением именно партией воспитанного героизма и самоотверженности явилось, например, мужество казахских девушек-джигиток в годы Великой Отечественной войны. Маншук Маметова и Алия Молдагулова – рядовые участницы Отечественной войны – стали Героями Советского Союза, обнаружив никогда ранее не бывалое среди наших женщин величие духа, проявив себя достойными дочерьми возрожденного партией народа.

Это же сознание чести и глубокое чувство сыновней любви к партии и всей Советской Родине повелело бойцу-казаху после форсирования нашими частями Днепра встать на колени и поцеловать землю украинскую.

Да, партия воспитала в наших народах неведомые ранее благородные, возвышенные чувства братства. Потому только могли родиться в груди престарелого Джамбула песни, которые тоже стреляли по врагу под стенами осажденного Ленинграда.

Это партией возвращено счастливое, широкое и доброе чувство любви и почитания Пушкина и Шевченко, Фирдоуси и Низами у казахской школьной детворы. А наш Абай стал широко известен, популярен на Украине, в Армении, Узбекистане. Это братство, спаянное кровью на линии огня и цементированное в общем труде, братство, воспитанное партией, всесторонне обогатило наши народы. Оно родило в нас чувство общей Родины, впитало в нашу плоть и кровь гордость за свою великую многонациональную, многоязычную Отчизну и любовь к ней.

Вместе со всем этим стал иным и интеллект советских людей. Советский человек – это труженик, ответственно мыслящий за все народы своей Родины, за их дела, за все поколения: отцов, матерей, юношей и детей. Наш человек обрел способность всеобъемлюще, ответственно мыслить и за многие чуждадельные народы, за все человечество, за его

будущее. И эти мысли советского человека — неизменно добрые, со светлой мечтой о защите прав народов, с гневом против угнетения и всяческого ига.

Идея дружбы народов, воспитанная в нас партией, есть одно из самых мудрых, великих исторических воплощений в жизнь заветов наших учителей Маркса и Ленина. Она, эта дружба, пришла на смену низкой зоологической ненависти, выраженной в беспощадно трагической формуле: “Человек человеку — волк”. Пока человек был врагом человека, не могли быть в дружбе и народы: их натравливали друг на друга, обрекали на взаимное истребление, на вековечную вражду.

В своей духовной природе, в своей сущности обновился, обогатился человек, облагороженный коммунистической моралью, идеей советского гуманизма. Это находит свое выражение в нашем отношении ко всем явлениям государственной, общественной и личной жизни.

И вот с этим прекрасным чувством, с этой всеобъемлющей мыслью о партии мы воспринимаем сегодня то новое, что вносит она в нашу жизнь, и ожидаем ее решений на Двадцать первом съезде.

Тезисы доклада товарища Н.С. Хрущева отражают всеохватывающую, великую заботу партии о стране, народах, поколениях, человечестве. И каждый из нас внутренне корректирует себя, равняясь на дела и планы родной страны, родного народа, на идеи и думы партии, и так, и только так, находит верный ритм собственной трудовой жизни, цель и смысл бытия.

ГОЛОС В ЗАЩИТУ ПАКИСТАНСКОГО ПОЭТА

Мы, участники Конференции писателей стран Азии и Африки, проходившей в Ташкенте в октябре прошлого года, с изумлением и возмущением узнали о том, что один из наших братьев по перу Фаиз Ахмад Фаиз, приехавший в Ташкент в качестве делегата Пакистана, по возвращении на родину был арестован властями и уже более месяца томится в тюрьме.

Фаиз — выдающийся поэт, которым народ Пакистана вправе гордиться. Его стихи, пламенные и нежные, полные оптимизма и горячей любви к родине, к своему народу, зовут к борьбе за счастье людей, к борьбе против несправедливости и насилия.

Большинство из нас знают Фаиза еще по совместному участию в Конференции писателей Азии, проходившей в 1956 году в Дели.

Ташкентская конференция, в которой Фаиз тоже принимал активное участие, чем немало способствовал укреплению духа единства между литераторами двух великих континентов, дала нам возможность еще ближе узнать этого замечательного человека, лучше познакомиться с его творчеством. Сдержанно, но с огромной силой звучат те строки стихов Фаиза, с которыми он обращается к своей стране:

Я родину звал свою, как другие
звучат любимых,
Ей отдал я сердце и ум, ей отдал
я радость и боль.
Каждое слово ее было моим
законом,
Страдания ее я воспел, я муку ее
разделил.

Ни один честный человек не может отнестись безучастно к тому, что этого патриота, беззаветно любящего свой народ, талантливого поэта, видного общественного деятеля бросили в тюрьму.

Мы призываем всех, кому дороги мир и свобода, присоединиться к нашему протесту и потребовать немедленного освобождения Фаиза.

Свободу Фаизу!

ӘЛЕМНІҢ ҰЛЫ АЗАМАТЫ

Адамзаттың бұрынғы тарихтарында мемлекет басында дана-данышпан адамның болғаны жоқ деуге болады. Солар болмағандықтан, барша халықтардың тарихтарын алсақ, аңсаған арманын, қиял көксеген көкейкесті тілегін алсақ, әрдайым жақсы мемлекет бастығына құштарлық білінетін. Жақсыны қиял ететін. Халықтың өмірін, бар тілегін игілік жақсылыққа¹ бастайтын басшыға халықтар, тарихтар, талай да талай нәсілдер мұқтаж, ділгер болатын. Бірақ арман еткен дана, қамқор басшысын қалың жұрт қай заманда болса да алған емес.

Сондай жайды барлай кеп, биыл, міне, 42 жыл толған социалистік Отан тарихын ойласақ, Ұлы Октябрьдің әзірлігін, ұлы күндерін еске алсақ, данышпан ұстаз Лениннің жайын өзгеше құрметпен, алғыспен еске аласың.

Озғын саналы адамзат тарихындағы бірінші социалистік Отанның алғаш туған сәтінде оны тудырған ұлы революцияның бесігінің жанында сол Отанның да, революцияның да данышпан атасындай болып Ленин басшылық еткен. Біздің Отан – Лениндей дананың ой-санасы тудырған, даналығы тудырған Отан. Лениндей ұстазы, алып ойлы данасы болуы социалистік Отанның ең ырысы, бақыты еді. Бұл адам баласының да арман еткен ұлы бақыты.

Біздің бірінші социалистік Отан көп ұлтты, көп халықтар достығымен құрылған социалистік Отан болды. Лениннің өз қолымен жазылған, өз жүрегі мен даналық ойы тудырған Россия халықтарының правосы дейтін ұлы жол туды. Және революцияның алтын бесігінің ішінде Лениннің тағы да өз қолымен жазылған асыл заң барлық Россиядағы үлкенді-кішілі халықтардың бәріне теңдік, азаттық, еркіндік берген декреттер туды. Халықтар бақыты содан басталды. Содан кейін Россиядағы талай халықтардың шынайы тарихы басталды.

Ленин – халықтарға тарихтар берген дана. Кейін одақтық немесе автономиялық еркіндік, теңдік алған бұрынғы Россия бұратана елдерінің көпшілігі әлі ұлт болған, тұтасқан қалыпқа жеткен жоқ еді. Олардың көпшілігі феодалдық өркеннің үстіндегі феодалдық бытыраңқылық қалпынан асқан жоқ-ты.

Лениннің дана басшылығы біздің Отан тарихында жер үстінде ең алғаш басталатын халықтар достығын берді, сөйтті де революция теңестірген, социалистік тарих өсіріп, өркендеткен жаңа бақытты жаңа ұлттар туғызды. Ол ұлттар социалистік ұлттар деп бүгін әлем тарихына өздерінің қатарға кірген қалпын паш етті.

Лениндік халықтар достығы – адамзат тарихының жиырмасыншы ғасырда тапқан ең ұлы, ең сәуелі қасиетті адамзаттық табысы. Бұрын антагонистік қауымда “адам – адамға қасқыр” деген қағида болған. Сол ұзақ замандарда халыққа халық та достық күйде бола алмаған. Әр халықтар тағдырларын әр замандарда билеген әкім атаулысы халық пен халықты шарпыстырып, шабыстырып, кескілескен өштікте, қастықта ұстаған. Күштісі күшсізін, көбі азын, өнерлісі өнерсізін, қарулысы қарусызын құлдану, жем ету, жер етуде күндер кешкен.

Біздегі лениндік халықтар достығы құр ғана үгіттің ұраны емес. Біздің қоғамдық, мемлекеттік, азаматтық, идеялық, тарихтық социалистік лениндік көзқарасымыздың асыл тұрғысының, биік санасының бірі. Осындай халықтар достығына құрылған, бұрынғы адамзат тарихтары көрмеген тың ырысты тарих біздің халықтарымыздың ұлы Лениннің ұстаздығынан алған тарихтары болады.

Социалистік ұлттар бақыты Ленин арманындай ақталды. Бұрын бастарына қара тұман, кер заман, надандық қараңғы түн түнегі тұрған елдердің басына қазір 42 жыл толған аз ғана шақтың өзінде де санап бітіргісіз, сөзбен айтып болғысыз мың сан игілік, ырыс, алтын арай бақ орнады. Бұл – бүгінгісі, жоқтан бар болған, қараңғыдан жарыққа шыққан, надандықтан әлем таңғаларлық шапшаңдықпен алдыңғы сап мәдениет тобына ілескен шындықтардың барлығы Ленин бақыттандырған социалистік ұлттардың бүгінгі шағы. Бұл ғана емес, Ленин жолы сол ұлттардың, халықтардың бәріне тың тарихтар, ол тарихтарына асқар

жолдар, шырқау биік өрістер әкеп берумен бірге және ұлы болашақ та берді. Шеті, шегі шарықтап, шырқап, самғап кетіп жатқан ұлан-ғайыр болашақ өрісін тағы берді.

Лениндік достық заңы тудырған советтік социалистік республикалардың ортасында өзі де Ленин даналығымен өзгеше ұлы ырысқа, бақытқа жеткен аға халық — орыс халқы бар. Сол ұлы орыс халқымен бар тілегі, күш-жігері, дарынды ой-санасы, арман-мүддесі біте қайнасып қосылысқан социалистік ұлттар қатары бұрынғы тарихтар болжап болмастай ұлы болашаққа жосып² барады.

Ол болашақ осыдан қырық қана жыл бұрын артта қалған мемлекеттің бірі саналған Россия болса, соның шет-шеткері аймақтарында кейбіреуі өліп таусылу қаупінде жүрген, мүлде Азиялық орта ғасыр кертартпалығында, надандық қараңғылығында жатқан талай елдер бүгін Европаның, Американың өзіндегі сан алуан мәдениетті, көне тарих, көбеген мәдениет иесі болдым деген елдердің талайымен терезе теңестіруге жарады. Енді аз шақта бастығы ұлы орыс халқы болып, біздегі барлық лениндік социалистік ұлттар қатары жаңағы аталған елдердің бәрін, соның ішінде Американың дәл өзін де басып озатын болашағына шөк-шүбәсіз нық сенеді.

Жалғыз біздің социалистік Отан ғана емес, қазір бүкіл адам баласының мол үлесінің бірі болуға жеткен социалистік санадағы көп-көп республикалар бар. Ол — Қытай³, Европадағы халықтық-демократия елдері, Азиядағы Вьетнам, Корея сияқты мемлекеттер Ленин даналығының қазынасынан мейлінше мол пайдалануда. Олар үшін де Ленин адамзат тарихындағы ең зор дана, ең асыл, ардақты ұстаз.

Бұл жайды да біз әлем жүзіне кең жайылып, тарап бара жатқан жиырмасыншы ғасыр асқар ойының ұлы данасы Лениннен тараған шарапат дейміз. Бұл аталғанның бәрі тарихтардың жаңа туған паралары, бүгінгі жетіп тұрған сәт кезеңдері. Ал әлем жүзінде барлық адамзат көлемінде енді жақын заманда болатын болашақты ойласақ, ол жөнде де ұшан-теңіз өріс алатын, дегені болатын Ленин даналығының алдағы ай мен күндей айқын нұрлы жарық жолын көреміз.

Ленин даналығы халықтар мен тарихтарға сондай дарынды күш-қуат, жаңа әлем аштырып, таптырса, жеке-

жеке қауымдарға да шегі жоқ мол шабыт берді. Лениннің ойымен мемлекет шаруалары жаңаша тарихқа көшті. Өндіріс өзінің ғылымдық басшы даналық өзгеріс даму жол бағытын Ленин ойларынан алды⁴. Қала қайта туды, ауыл-село Ленин нұсқаған жолмен бұрын түске кірмеген жаңғыру жаңалыққа жетті.

Жеке адамның немесе адам топтарының халықтық қазыналарға үлес қосатын шабытты ізденулердің бөріне де Лениннен дарыған даналық бітті. Бізде ғылым, көркем-өнер, техника, әдебиет қауымдарының барлығы да лениндік білім, сын, терең ой, шарықтаған шабытпен қанаттанды.

Үй іші тіршілікті алсақ, аталық-аналыққа, жар-жарастық достыққа, балалық өмір кезеңдеріне – бөр-бөріне бұрынғы тарихтар білмеген, бұрынғы қауымдар таппаған қасиет, сипат⁵, қадірлі қағидалар орнады. Семья ішіндегі теңдік әйел-ананы, жарды, қарындасты, қыз-баланы өр көңілді, зор құрметті лениндік жігер саналы жұрт етті.

Осы айтылған бар жағдайлар ортасында жеке адам өзі өсті. Социалистік қауым адамында адамзат атына ең лайықты дерлік адамдық, азаматтық қасиет қосылды. Ленин өз үлгісімен халық идеалындағы, қиялындағы басшының, қамқор азаматтың халық алдындағы халық ұлы болған ар қарызы, жауапкерлігі қандай болатынын аңдатты.

Бұрын-соңды адам баласының тарихы, тәрбиесі білмеген лениндік адамгерлік моральды біз ұстазымыз Лениннен, оның тәрбиесінен үлгі етіп, ең асыл мұра тұтындық.

Соның себебінен жоғарыда айтылған жайлардың қорытынды нәр қасиеті жеке адам басының бас қасиетіне себеп болды. Сондықтан да бізде дүниежүзілік адамдық сана соншалық өзгеше өсті дейміз. Әлем көрмеген, естімеген ерлік-геройлық талайы, советтік Отанның, Отан ішінде көп халықтардың сан алуан ұл-қыздары тудырған ерлік-геройлықтар соның айғағы. Неше алуан шаруада, өндірісте, сан салада өзгеше ірі табыстар зор, еңбек табыстары, геройлық сипаты бар еңбек жемістері о да сол біздегі лениндік адамдық сананың өзгеше өсуінен. Қай тіршілік саласын алсақ та, шабытты ізденулер, жігерлі өрлеулер бөрі де өз сырын бір Ленин берген тәрбиелік партиялық сипаттан таратады.

Ленин аты, Ленин үлгісі, Ленин ұстаздығы, ұлы терең ойлары біздің шабытымыздың басшысы да жебеушісі. Әр ісімізде Ленин бейнесі есімізде. Ол – ұстаз. Біздің бар мейірімізді, бар иланыш⁵ сенімімізді өзіне тартқан айнымас ұлы ұстаз.

Дүниеде болып өткен нелер ұлы жандар бар. Олардың ішінде даналар да аз емес-ті. Көбінен қалған дарынды кітап, ұлы шығармалар саналы тірлігінде үнемі есіне түсіп, қатарыңда ілесіп жүргендей болатын жайлар бар. Ал Ленин еңбектері мен ойлары, даналығы, ұстаздық тәрбиесі ол сіздің басыңыздағы аспан әлемінің ай, күніндей. Күндіз-түн, қысы-жазы, айлар-жылдар бойларындағы, ойларындағы саналы нұрың. Өмір серігің, үнемі алға бастар, қасиетке бастар ұлы сәулелі жұлдызың.

Міне, осындай данышпандық даналық ұстаздық өз басынан тараған, миллиондарды осылайша өз жолымен өсіріп тәрбиелеген Ленин жер жүзінің ұлы азаматы дейді адамзат тарихы.

ВЕЛИКИЙ ГРАЖДАНИН МИРА

Древняя и новая история человечества свидетельствует о том, что во главе государств не стояли гении — заступники простых людей, а народы всегда мечтали о мудром государственном деятеле, для которого благо народа являлось бы основой борьбы, дерзновенных замыслов и свершений.

Легенды и сказки многих народов, хотя бы в воображении, создавали или пытались создавать легендарный образ заступника народа во главе государства.

Прошло уже 42 года социалистической истории нашей Родины, и с первого часа и по сей день память о великом учителе Ленине наши народы, поколения вспоминают со все возрастающим почитанием, любовью, беспредельной преданностью. Первое в мире социалистическое государство, как явление гигантское в истории передового человечества, у колыбели своей, в первые дни революции, уже имело своего мудрого отца — великого учителя и вождя. Вся наша Родина обретена нами как рожденная волею, мыслями, гением Ленина. И то, что Ленин был ее вождем, являлось как бы олицетворением высокой народной мечты, выношенной и взлелеянной в глубинах народного сердца.

Наше социалистическое Отечество сложилось государством множества побратавшихся между собой народов России. Вместе с революцией на заре нашей истории родились вписанные в нее рукою самого Ленина, согретые его заботами, декларированные права народов на свободу, равноправие и подлинный расцвет. Рукою Ленина были вписаны в историю законы, начинающие собою рождение республик равных, свободных и раскрепощенных народов. В этих актах, словно в сказочно животворном источнике, было положено начало небывалого цветения жизни наших народов. С этих дат начинается история многих

народов России, и Ленина мы называем поэтому гением, одарившим наши народы своей историей. В прежней России было немало народов, которые после революции только определились в самостоятельную нацию, получили права автономных и союзных республик. Это были новые социалистические нации. А раньше большинство из них изнемогали под господством феодальных отношений, раздробленности, которые стояли тяжелой преградой на пути объединения и прогрессивного роста национального самосознания.

Ленинской мудростью рождено в нашем Отечестве и среди народов мира новое величайшее явление — дружба народов. Свободные социалистические нации заявляют всему миру о себе, как новые, восходящие к светлым вершинам коммунизма народы, — в новейшей истории человечества. Ленинская дружба народов в истории мира — самое лучезарное обретение. В прежнем антагонистическом обществе существовал нечеловеческий, недостойный дикий закон, гласивший: “Человек человеку — волк”. И в те долгие века отчуждения правители всех времен, вершители судеб человеческих разжигали чадающие костры ненависти и недоверия между народами. Их цели и стремления сводились к тому, чтобы поработали сильные бессильных, большие — малых, культурные — малокультурных, вооруженные — невооруженных. Ленинская дружба народов — это не пропагандистский лозунг, а одна из незыблемых основ и высоких истин нашего общества и государства, идейно-гражданских, историко-социальных воззрений, по существу история наша. Это животворный исторический итог ленинского мудрого учения и руководства государством. Счастье социалистических наций было великим идеалом Ленина. За сравнительно короткий период истории — 42 года советской власти — наши народы достигли тех неисчислимых благ, о которых поведывали в своих легендах на протяжении тысячелетий. И это пришло для тех народов, которые в прежнюю эпоху-мачеху, в пору невежества и мрака могли только мечтать о своем будущем. Иные народы были обречены на вымирание, другие со страхом недоверия глядели в грядущее, а сегодня эти народы, вышедшие из тьмы к свету, из невежества к небывало ускоренному

культурному росту, являют миру светлую правду своего настоящего. Возрождение, небывалое восхождение на высоту мировой культуры сегодня и в великое будущее, которому нет границ вширь, нет предела в выси, которое необозримо даже по своим чудесным горизонтам.

Во главе наших советских социалистических республик стоит русский народ, возвеличенный мудростью Ленина, осчастливленный, обретший широкое братство и ведущий его. А народы, слившие с ним свои идеалы, творческие силы, светлые ожидания, объединенные трудом, борьбой, самой жизнью и кровью в единую семью, шагают в свое коммунистическое будущее. Иные из этой семьи народов, так недавно начавшие свой светлый путь из мрака к достижениям и свершениям великого дела, могут равно и достойно сравнивать свои научно-технические, культурные успехи с самыми передовыми народами Европы и Америки. Недалеко то время, когда во главе с великим русским народом наши ленинские социалистические нации обгонят народы Америки по всем видам производства хозяйства. К светлому будущему по ленинскому пути идут не только социалистические нации нашей Родины. Строителями социализма стали народы, которые составляют огромную армию человечества на земле. Одна из них великая Китайская Республика, другие — в лице стран народной демократии существуют в Европе и Азии. Великие народы этих стран также вдохновлены гением Ленина и для них Ленин — самый близкий, родной учитель и вождь. Свет его учения — целительный, ведущий человечество XX столетия, сплывающий народы, — проникает во все сердца.

Все обозначенное нами — это новые главы истории планеты. Если мы представим себе недалекое будущее всех народов и стран мира, мы уверены, что ленинский гений будет сиять еще более ярким светом солнца для всего мира. Когда ленинский гений влил новые творческие силы, внес возрождение, великое обновление народам и историям, он своими мыслями преобразовал всю жизнь, все бытие человека. Наша промышленность создана на научно-технической основе, в своих лучших достижениях культура оплодотворена ленинскими идеями, стираются белые пятна на картах, рождаются города, пишут свою новую историю

деревня и аул. Вдохновенные поиски, обретения, взлеты фантазии отдельных людей и целых коллективов окрылены ленинской мудростью, силой его мышления и предвидения. Наука, искусство, техника, все виды материальной и духовной культуры в нашей стране связаны незримыми, могучими нитями с ленинским учением. Взять нашу семью, отцовство, материнство, супружескую дружбу во всех значительных проявлениях и новых своих чертах, они также являют неведомые прежним историям, общественным слоям новые качества, новую мораль. В равенстве мужчин и женщин, в семье жен и матерей, сестер и дочерей изменила и подняла их духовное качество, вселила уверенность сила ленинского понимания достоинства советской женщины. В результате всех названных исторических условий, безграничных возможностей вырос сам человек, выросла личность. Члену социалистического общества присуще самое достойнейшее человека, гражданина, представителя нового ленинского племени, людское достоинство.

Всей своей жизнью Ленин являл пример того заступника и сына народа, о котором мечтали и только смутно могли представлять трудовые люди. Жизнь и личность Ленина — живой пример высокой ответственности сына перед своим народом-матерью, человека, воплотившего в себе честь и совесть народа. Мы воспринимаем ленинское воспитание поколений как драгоценное наследие, ленинскую человеческую мораль, как мораль, неведомую людям прежней истории.

Объехав свыше десяти районов большой богатой области, посетив города Чимкент, Туркестан, Кентау, Ленгер, я побывал в местах, исторически примечательных. Южно-Казахстанская область, колыбель казахского народа, объединяет около миллиона человек сельского и городского населения.

Через эти места в прошлом двигались орды завоевателей с востока на запад. Лишь последними из этих волн были истребительные набеги чингисовских орд, завоевательные походы джунгарских властителей.

Неизгладимыми следами этих набегов остались руины разрушенных городов: Отрара, Кумкента, Саудакента, Бабаата, Сарьяма (ныне Старый Сайрам).

Трижды возрождалась здесь жизнь с цветущими садами, плодами, с оросительными каналами, обводнявшими полупустынные степи, чтобы трижды быть растоптанной в прах, поверженной, уничтоженной. В непосредственной близости от цветущих хлопковых и животноводческих совхозов и колхозов, вблизи от новеньких, сияющих чистотой промышленных городов с их мощными, оборудованными по последнему слову техники предприятиями, светлыми школами, театрами и больницами высятся заросшие дремучими травами степные курганы, валы древних городов с могилами павших героев — защитников народа — и захватчиков, нашедших смерть среди разоренных ими земель.

И ныне в памяти сегодняшнего счастливого и свободного советского человека, сильного своим творческим трудом, — хлопкороба, горнорабочего, животновода, воспитателя — живут героические легенды, в которых выразились мечты его предков, угнетенных двойным гнетом: и своих властителей, и чужеземных поработителей.

Народная молва называет озера Акжар, Караколь, Усыктас местами охоты легендарного батыра Камбара, кормившего своим трудом девяносто голодающих семей.

Юноши и старики богатых животноводческих совхозов “Кумкент”, “Жуантобе”, “Тасты” поведают вам сказы о давно погребенном в прах городе Кумкент, память о котором связана со знаменитым эпическим героем Кер-Оглы, который будто бы похитил из этого города своего любимого приемного сына Ауэзхана.

Глядя сегодня на выведенные советскими людьми новые породы каракульских овец, могучих одnogорбых верблюдов, быстрых, как ветер, скакунов, высокопородных молочных коров, невольно вспоминаешь о сказочных “тулпарах”, богатырских коровах — “тынжы”.

В древности народ воплощал в этих сказочных образах мечту кочевника-скотовода об изобилии. Теперь замечательные новые породы животных — реальное богатство победившего горе и нужду советского труженика.

Воплощение своих лучших надежд на спасение и защиту от всех многочисленных врагов народ видел в образах великанов — алпов или могучих одиночек богатырей¹, мудрых, сильных и справедливых, которые при помощи чудесных коней выезжали один против тысяч и побеждали, не щадя своей жизни во имя народного блага. Образы этих всемогущих богатырей нередко совмещались в народном представлении со “святыми” посланцами божества — покровителями стад.

Но эти образы минувшего, известные и сегодняшним поколениям, одиноко маячат в веках, хотя об иных из них повествуют предания, возникшие более тысячи лет назад. Они поставлены над людьми, над массами, их всегда отделяет от возможностей обычных людей их исключительность. А сегодня простой советский человек в своем будничном, повседневном труде далеко превзошел их. Превзошел и индивидуальной силой нового человека, и могучей силой множества, несметного множества своих соратников, подобных ему. Он превзошел сказочную силу легендарных героев прошлого, создал и создает ежедневно огромные богатства.

Много веков стучалась мысль народа в наглухо запертые от нее тайны земных недр. Отважный герой легенды при помощи магического слова открывал подземные кладовые и выносил на поверхность земли слиток золота с лошадиную голову или выводил к свету солнца заколдованную красавицу. Сегодня рудокоп ежедневно и просто спускается под землю и поднимает на-гора несметные сокровища Каратау. И цена этим ежедневно выносимым на свет сокровищам далеко превосходит цену сказочного золотого слитка. Благодаря им возникают заводы с многотысячными коллективами рабочих, строятся прекрасные города.

Но для того, чтобы росли, ежедневно умножались несметные народные богатства, чтобы множились заводы и стада, чтобы на месте прежней Голодной степи цвели хлопковые поля, нужен повседневный трудовой творческий подвиг простого советского человека, нужно его светлое коммунистическое сознание, помогающее ему сделаться из одиночки, из человека для себя коллективистом, человеком для людей.

“Коммунизм есть высшая ступень развития социализма, когда люди работают из сознания необходимости работать на общую пользу”, – говорил Владимир Ильич Ленин.

Именно это высокое сознание общественной необходимости своего труда и становится основой трудовых героических подвигов советских людей.

Чабан одного из совхозов Шаульдерского района Толеген Бойтанов – один из тысяч чабанов – пас большую овечью отару. В один из зимних дней страшный ураган пустыни, поднимающий в воздух тучи песка, подхватил его отару и погнал ее в безлюдные пески Кызылкумов.

Пешим отправился пастух за своими овцами. Кони не выдерживают этого песчаного вихря, верблюды отстают от гонимых ветром овец, но человек в течение долгих восемнадцати дней не отставал от своей отары. Семь дней искали его товарищи, пешие и на верблюдах, и вернулись ни с чем. А он, кого товарищи считали уже погибшим, шел, только изредка останавливаясь со своим стадом на время затишья среди высоких барханов, питаюсь мясом одной зарезанной им овцы, и вывел отару назад целой и невредимой через семнадцать дней.

Свидетели этой живой легенды – чабаны с увлечением рассказывают ее, разносят славу бескорыстного подвига далеко за пределы своего района. Но с не меньшим восторгом и гордостью говорят они о подобных подвигах пастушьих богатырей и из других, отдаленных от них районов, повествуют о женщине-чабане из Гурьевской области, шесть дней и шесть ночей борющейся против бурана и спасшей отару, а вместе с тем и новую жизнь, жизнь своего будущего ребенка, которого она носила в себе. Рассказывают и о киргизском чабане, который, также спасая отару, четверо суток боролся со стихией – бушующим бураном – и трое суток из них провел без крошки еды.

Так творится и идет из края в край новая правдивая богатырская легенда.

Многие народы знают предания о многоруком божете, каждая из рук которого творит зло или благо, воплощая в себе определенное жизненное начало. Я вспомнил эти легенды, наблюдая красивую, поистине артистическую работу сборщицы хлопка Зульфийи Исмаиловой из колхоза

“Коммуна” Туркестанского района, собравшей однажды за день 511 килограммов хлопка при норме 80 килограммов за день. При взгляде на нее казалось, что у этой девушки не две, а множество рук, только все они в полном между собой согласии творят одно лишь благо. На помощь этой юной богатырше в ее героическом подвиге приходит на своем железном тулпаре — хлопкоуборочной машине — молодой покоритель полей Владимир Морозов, умножая сказочную мощь человеческих рук силой механизма.

Воля партии объединяет и ведет на подвиги миллионы простых людей, воспитанных в ясном сознании полного единства своих личных, общественных и народных интересов. Чувство семьи единой, включающей в себя людей многих национальностей, связывает их неразрывными узами братства.

Не могучие физические силы обуславливают возможность легендарных подвигов чабанов: ведь выстояла в шестидневном бою со стихией обыкновенная женщина.

Коммунистическое сознание, бескорыстное стремление к общественному благу вдохновляют простого советского человека, движут его побуждениями и руководят его поступками, когда он совершает свой ежедневный, будничный подвиг, творит живую легенду нового времени.

Коммунистическая партийность, определяя творческое отношение к труду, дает человеку силу и любовь к той жизни, которую он творит. Работая для народа, человек работает для себя и, творя для себя, творит для народа. И труд его восходит золотыми нивами хлебов, грудями плодов, шеренгами машин, молодыми счастливыми городами, поселками с зелеными садами, высокими школами, где учатся его дети, день ото дня поднимаясь на новые ступени культуры и знания.

Сила советского человека в том, что партия посеяла в его душе благодатное зерно коммунистического сознания.

Сила партии в том, что ее посевы всходят в миллионах душ простых людей.

О РОДНОМ КАЗАХСТАНЕ

Передо мной стоит увлекательная задача — создать роман о нашей советской действительности¹. Для этого я решил глубоко изучить одну из областей моей Родины — Южный Казахстан². Недавно я совершил длительную поездку по его цветущим городам, промышленным центрам, хлопководческим совхозам и колхозам, побывал во многих районах этой богатой области. Я встречался и беседовал с людьми различных профессий, имея в виду планы своего нового романа и образы его героев.

Колоссальные перемены произошли за годы советской власти в Южно-Казахстанской области.

Вот областной промышленный центр — Чимкент³. До революции это был небольшой уездный городок. Ныне он в своем гигантском развитии стал третьим по величине городом Казахской Республики. В Чимкенте сейчас много крупных предприятий с многотысячными коллективами рабочих, высшие учебные заведения, в том числе — политехнический институт. Выросли новые, сияющие чистотой, благоустроенные жилые дома, светлые школы, нарядные театры и клубы.

Этого не знал и не мог знать старый Казахстан.

Бывшую Голодную степь казахский народ теперь называет Мирзачуль, что означает — щедрая пустыня. Здесь вырос знаменитый и старейший совхоз “Пахта-Арал” — одно из самых богатых в Советском Союзе хлопководческих хозяйств.

Но главное в жизни цветущей области — простой советский человек.

На протяжении всего семилетия я буду тщательно изучать коммунистическое строительство Южного Казахстана, чтобы создать многоплановое произведение, где судьбы целых коллективов, семей, отдельных личностей

сплелись бы воедино и зазвучали торжественной песней о нашем времени⁴. Я хочу написать роман о коммунистах, ответственных партийных областных работниках – русских и казахах, о людях, которым вверены судьбы больших коллективов, судьбы области. Одним из главных героев нового романа будет партийный работник, руководящий жизнью области. Это должен быть обобщенный образ честного партийца-ленинца, который борется за единую дружную семью народов в условиях национальной республики. Среди других персонажей моего романа действуют казахи и русские, мужчины и женщины, рабочие и инженеры, медицинские работники, деятели культуры – советские люди, в образах которых я намеряю раскрыть их большие характеры, высокоморальные качества. Одновременно, раскрывая судьбы наших людей, я стремлюсь показать героев нового романа в столкновениях с трудностями, срывами, подъемами, победами, их общественные и семейные взаимоотношения, – стремлюсь показать людей, которые находят правду жизни в больших свершениях во имя любви к Родине.

В настоящее время я веду дневники, куда записываю свои повседневные наблюдения. В процессе поездок по районам подготавливаю очерки, новеллы, которые явятся фрагментами будущего романа⁵. С одним из 13 своих очерков я предполагаю познакомить читателей “Труда”.

Я также работаю и в жанре драматургии. Переделал свою раннюю пьесу “Карагоз” (“Черноокая”) – из жизни дореволюционного Казахстана⁶. Пьеса – о юных национальных поэтах-певцах, их трагедии, рожденной в тяжелых условиях старого Казахстана. Герой ее – молодой поэт, который впервые переживает утро чистой любви к девушке Карагоз, но в результате происшедшей трагедии теряет эту любовь и после больших страданий рождается как пламенный борец для борьбы и протеста против людской несправедливости. Пьеса “Карагоз” будет поставлена в этом сезоне на сцене Казахского академического театра драмы.

ҚУАНЫШ ТА, ШАБЫТ ТА БЕРГЕН САПАР

Никита Сергеевич Хрущевтің Америкаға барған сапарын, әлем жүзі десек жалған емес, бүгінгі жалпы халық атаулының бәрі сүйсіне сөз етті. Әсіресе Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында сөйлеген тарихтық, шынайы ұлы сөзі жас нәрестеден бастап, жасы көрі ата-әжелерге дейін айнымай алғыс айтқызды.

Никита Сергеевичтің бұл жолғы табысына қуанамыз да мақтан етеміз. Қуанып, мақтана түсіп, шабыттанамыз. Біздің ұлы Отанымыз бүгінгі әлемдегі ең күшті, алып, қуатты Отан бола тұрып, тыныштыққа, бейбітшілікке, ел-жұрттар арасындағы татулыққа өзі басшы, үгіттеуші болғанына мақтанып қуанамыз. Бұл да біздің социалистік Отанымыздың, бүкіл біздің планетаның арғы-бергі тарихында болып көрмеген, адамзат тарихының енді ғана, біздің Отан арқылы ғана тапқан, жеткен жақсылығы, жаңалығы екені күмәнсіз.

Мен өз басым Никита Сергеевич Америкаға барар сапарда Оңтүстік Қазақстанда жүр едім. Жаңағы айтқандай, қуаныш, мақтан, шабытты жағдай, еңбектегі шабытты жай-жағдайларды анық, халықтың мол топтарынан көз-көңілмен тұтас барладым. Бір миллионға тарта халқы бар, біздің республиканың аса бір берекелі, ырысты облысының бірі Оңтүстік Қазақстанда мақта терудің қайнар қызу күндерін сол облыстың барша жұртшылығы Никита Сергеевичтің осы жолғы сапарына арнаған екпінді онкүндік деп жариялады. Сол он күн бойына берген сертін облыс жұртшылығы атаған межеден әлдеқайда арттыра түсіп, тамам орындады. Міне, қуаныштың, мақтанудың, шабыттанудың бірге де, барға да түгел тараған айғағы, асыл түйіні осылай еді.

Халқымызға шын қадірлі, ардақты Никита Сергеевичтің ұлы жолы осылай өркендей, көркейе берсін.

**Пьеса,
пьеса жоспары**





Октябрьдің 40 жылдығына арнаймын

ДОС – БЕДЕЛ ДОС

Үш акт, бес сурет, прологты пьеса



Адамдары

Бедел Бегенович Бегенов – тарих ғалымы,
профессор.

Сана – әйелі.

Гүлжан – қызы.

Жаппас – Беделдің құрбысы, тарихшы, журналист.

Күлпаш – әйелі.

Хажен – гуманитар институтының директоры.

Жекен – декан.

Орман – обком хатшысы.

Шәріп – ғылым кеңесінің бастығы.

Шарапат – ғылым қызметкері.

Делдал – аралық жас.

Асан } аралық адамдар.
Биби }

Тарих – ұзын, ақ шашты, ақ сақалды, келбетті адам.

Мұстафа – студент.

ПРОЛОГ

Бедел кабинетіне сөйлей кіреді. Сана мен Гүлжан оның сөзін шала тыңдап, өздерінше карбаласады.

Б е д е л. Ойпыр-ау, әлгі баяндамашы қандай қызық жайды айтты мен туралы. Сана, Гүлжан, түсіндіңдер ме? Қандай ғажайып? Мен, Бедел Бегенович Бегенов, тарих ғылымының профессоры, ол баяндамашының айтуынша, үш бірдей қоғамдық, тарихтық формациядан өтіп кеп тұрған адам боламын. Ал бір жағынан қарасам, өзі шынға да ұқсайды. Түсіндің бе, Сана, сен? Сенің басыңа сондай ой келгені бар ма, сірә?

С а н а. Басыма келді. Иә, менің де басыма бір ой кеп тұр...

Б е д е л. Не дейсің? Е, онда сен айтшы?

С а н а. Менің басыма сенің ол баяндамашыңнан да бөлек, оқшау қиын түйін келіп тұр, Бедел.

Г ү л ж а н. Бәсе, шын қиын осында, қасында, папа!

Б е д е л. Е, ол қалай? Екеуің боп бірігіп тапқан ойың бар ма?

С а н а. “Тапқаным...”

Г ү л ж а н. Тапқан емес, папа, таппай тұрған десеңші!

С а н а. Тіпті ақылым жетпей тұр...

Б е д е л. Не дейсің? О неменең?!

С а н а. Ойбай-ау, орындық жетпейтін боп жатқан жоқ па?

Б е д е л. Не дейді? Қандай, қайдағы орындық?

Г ү л ж а н. Қонақ отыратын орындық ше? Қазір сенің тойыңа қонақ келмей ме?

С а н а. Бәріне жетерлік орындық таппай жатқанымыз жоқ па?

Г ү л ж а н. Мама, қырық бес кісі болса, пышақ, шанышқы, төрелкең де жетпейді ғой!

С а н а. Бар ыдыс-аяқ — о да жетпей жатыр.

Б е д е л (*өзінің ойымен*). Апырай, ә? Мен... үш формация...

Г ү л ж а н. Папа, құдай ақына, қоя тұршы формациянды!

Б е д е л. Е, неге қоям... Бәрінен қызық та, қиын да сол емес пе?

Г ү л ж а н. Ну, папа, қиын болса да сен солардан өтіп, аман жетіп отырсың ғой қасымызда. Олар артта қапты ғой!..

Б е д е л. Немене қапты?

Г ү л ж а н. Ну, әлгі, сол... Мучительная стадия капитализма сияқты формацияларың дейім.

Б е д е л. Ә, міне-міне, сен де қызық айтасың.

С а н а. Қырық бес кісі дейді. Анау үйге сыймайды. Осы үйге де стол тасу керек қой. Бірдеме айтарың, көмегің бар ма, Бедел?

Б е д е л. Ой, өзің таба берші есебін! (*Күледі.*) Бәрінен де жаңағыны айтсаңдаршы! (*Қарбаласқан Сана мен Гүлжанды қайта шақырып алады.*) Уай, бері, бері келіндер деймін!

Г ү л ж а н }
С а н а } Е, не айтасың?

Б е д е л. Сендер неге түсінбейсіңдер осы?

С а н а. Бедел-ай, қоя тұршы, тәңірі!.. Бү не өзі? Әлде юбилейі болған адам жеңілейіп кете ме екен?

Б е д е л. Өздерің жеңілейген. О несі екен? (*Хажен, Жекен, Шәріптер кіреді. Жақын достарша амандасады.*) Ә, міне, сендер де келіндер. Мен бір оқыс ойға қамалып тұрмын. Соны мынау Сана мен Гүлжанға айтып сырласайын десем, соңыра келетін қонақты, өздеріңізді тосқан әбігері мол екен, тіпті ақпақұлақтанып алыпты. Мысалы, терезе десем, тегене дейді екеуі бірдей. (*Күлкі.*)

Х а ж е н. Оныңыз қандай ой, бізге айтыңызшы ендеше, Бедел Бегенович!

С а н а. Бәсе, тілеулеріңізді берсін, сол ойын ғана тыңдап, алаң етіңіздерші!

Ж е к е н. Қонақты қарсы алу, әлбетте, бар ойдан басым болсын, Сана! Сіз сөйтіп өзірлене беріңіз!

Ш ә р і п. Бәрекелді. Асыңыз мол, арақ-шарабыңыз көл болсын, көп болсын. Бұндағы міндетті біз алдық. Құп алдық, Сана. (*Күліседі.*)

Б е д е л. Жә, мен енді сол ойымды айтайын ба?

Х а ж е н. Әлбетте, айтыңыз, соны тосып отырмыз ғой.

Б е д е л. Менің бұл ойым бүгін өздерің де естіген, анау үш формация жөнінде. Елуге келген мені баяндамашы: “Бұл адам азиялық орта ғасырдан бүгінгі жиырмасыншы ғасырдың ортасына дейін елу-ақ жыл өмір ішінде өтіп жеткен жан” – деді. Сонда мен шұғыл бір ойлар ойлап қалдым. Бұл үш формацияның феодализм мен капитализмін алсақ, Англия, Франция және тағы бірталай Батыс Европа елдері мың жылдай жүріп, әлі түгел өте алмай да келеді. Ал сондай ғасырлар бойларына созылған тарихтарды мен, Бедел Бегенович Бегенов, қазақ тарихшысы, жарым ғасыр шамасында толық бастан кешіп өтіппін. Бұл өзі не деген оқшау жай?

Х а ж е н. Рас-ау! Сіз өзіңіз туралы ойланып қалдым дейсіз. Ал сізбен жасы құрбы замандас мен туралы, мына бүгінгі декан Жекен туралы, бүгінгі оқымысты досыңыз Шәріп туралы және неге қоса ойламайсыз?

Ш ә р і п. Әрине, бәсе... Сол үш формацияны біздің бәріміз де бастан кештік-ау!

Б е д е л. Рас, рас... Әрине, осы отырған төртеуіміз де түгел кештік. Ал егер сол үш формациядан өтпеген болсақ ше? Мысалы, баяғы патриархалды-феодалдық, көшпелі рушылдық ауыл жағдайында қалсақ? Сол кездегі қол жетті дейтін оқуымыз – мұсылманша ғана, ескіше ғана оқу болса, осы төртеуіміз осындай елу жасымызға келген күнімізде кімдер болып отырар едік, ә? Мен сондай ойға оқыс шұғылданып қалыппын.

Ж е к е н. Бәсе, оқта-текте шынайы ой шындық екен-ау! Мысалы, мен кім болар ем сонда?

Х а ж е н. Сол заманның оқу-білімі тек қана ескі арабша схоластикалық медресе болған шақта, айтайық, мысалы, мен кім болар ем?

Ш ә р і п. Кім білсін, әлде тантып құдай жолына қызмет етіп, әһли ислам, әһли тариқат жолы деп жүрер ме ек?

Ж е к е н. Әлде тағы бір формацияда капитализм жағдайына бейімделіп, чиновник боп, патшаға қызмет етіп жүрер ме ек?

Б е д е л. Со да мүмкін дейсіздер-ау, ә?

Ж е к е н. Мүмкіні былай тұрсын, тіпті залалды теріс жол билеп кетпесін кім біледі?

Б е д е л. Жаман адамдар да боп кетер ме ек?

Ш ә р і п. Кім білсін, әлде осы бүгінгі достар – өзіміз, антагонистік қоғамдардың әр тобында болысып, бірімізге біріміз жабылып, түтіп жеп жүрер ме ек? *(Күледі.)*

Б е д е л. Япырау, бүгінгі досың – қасың болса да ғажап емес-ау!

Ш ә р і п. Қырқы-с-ып, біріміздің етімізді біріміз жеп жүретін заман болмасына кім кепіл!

Ж е к е н. Абай айтпады ма: “Әркімді заман билемек, заманы оны илемек” деп.

Х а ж е н. Рас-ау, анадан туып, жарық дүниеге келген соң, қолың жетсе, сол заманыңның оқуын оқисың, әлің жетсе, заманыңның көрнекті бір тұрғысын алмаққа талпынасың! Сол жолда, құдай білсін, біріміз сәлделі хазірет боп кетер ме ек, әлде біріміз патшалық қызметінде болыс, тілмаш болып, шәлдіріктеп жүрер ме ек!

Б е д е л. Міне, осы бүгінгі болмыс шындығынан елу жыл бұрынғыны болжай қалсаң, ой-қиял сондай бірінен бірі шалғай-шанжау жатқан, аралары кереғар, аспан мен жердей айырмыстар аңғартады. *(Сана мен Гүлжан кіреді.)* Міне, осы жайды әйелім мен мына балама айтайын десем, екеуінің де есіл-дерті тек тамақ. Бүгінгі тамақ! *(Күледі.)*

С а н а. Тамақ екені рас. Бірақ Гүлжан мен мен ішетін тамақ емес, оны да ескер.

Х а ж е н. Ойпыр-ау, осы сөз бізге де ой салу керек-ау деймін, тегі.

Ж е к е н. Бәсе, Сана мен Гүлжанның әбігері мол көрінеді. Біз де үйді босатып, шақырған уақытында келейік тағы.

Ш ә р і п *(күліп)*. Мезгілсіз қонақ... *(Күлісіп қозғалыса береді.)*

Х а ж е н. Мезгілсіз шақырған тауықтың жүнін жұлар болар. Қой кеттік. Уақытында келейік. *(Бұларды Бедел шығарып салады. Сана мен Гүлжанға қайта оралады.)*

Б е д е л. Әне, көрдіңдер ме екеуің. Қандай түсінді олар. *(Күледі.)*

Г ү л ж а н *(жүгіріп, качалканы сүйреп әкеледі де, әкесін соған отырғызып)*. Папа, сен кеше де, бүгін түнде де көп

алаң боп ұйықтамадың. Қонақтар келуге сағат жарымдай уақыт бар. Тура мызғып алшы!

Әкесін тербетеді. Аздан соң Санамен екеуі кетеді. Паузадан (жымнан) соң Бедел ұйқыға кеткен. Ендігі оқиғалар соның түсі болып кетеді. Кабинет қабырғасында ілулі тұрған ақ шашты, ақ сақалды адамның портреті қазір алақоленке арасынан көрініс беріп, Беделге үн қатады.
Ол – Тарих.

Т а р и х. Я, тарих ғылымының профессоры, сізбен мен көптен бері оңаша ұшырассам деуші едім.

Б е д е л. Осы сіз кім болдыңыз екен?

Т а р и х. Мен Тарих боламын.

Б е д е л. Бәрекелді... Бірақ маған қалай келдіңіз? Неғып маған ұшырасуды тіледіңіз екен?

Т а р и х. Сіз тарих ғылымының ғалымысыз. Сөйлеген сөз, жазған жайда, әр халде сіз “Тарих солай айтады. Тарих былай бағалайды. Тарих онша шешеді, мұнша кеседі” – деп, менің атымнан көп сөйледіңіз де, көп жаздыңыз да. Осы бекер ме еді?

Б е д е л. Әлбетте, рас! Бекер емес.

Т а р и х. Құп, мойындағаныңыз – әділдігіңіз. Ендеше, мен, Тарих, бүгін бір кезек сіздің өз тарихыңызды да болжап, баяндап көрсем деп ем.

Б е д е л. Менің тарихым?!. Қалайша, қандай тарихым?

Т а р и х. Мен сіздің өміріңізді шолып суреттеп өткім келеді.

Б е д е л. Сіз Тарих болғандықтан ол жайды өзіңіз де жақсы білесіз. Ал мен болсам, өзім сол үш формацияны кешіп өткендіктен, өзім де жақсы білем ғой. Менің өмірімді екеуміз боп шолуымыздан не мән шығады?

Т а р и х. Сіз өз өміріңізді үш формациядан толық өткен өмір деп жаңсақ ойлайсыз.

Б е д е л. Қалайша? Мен сол үш формацияны да бастан кештім ғой.

Т а р и х. Жоқ, сіз бұрынғы екі дәуірдің шеттерін ғана көрдіңіз. Балалық, жастық шақтарыңыз ол дәуірлердің шет жағасын ғана жағалап өтті. Ал егер сіз жеке феодализм дәуірінде ғана осы елу жасқа шейін өмір кешсеңіз, кім болар едіңіз? Оны сіз өзіңіз де білмейсіз. Сіздің жақыныңыз, айналаңыз, бар ортаңыз және білмейді. Солай емес пе?

Б е д е л. Солай екені рас.

Т а р и х. Міне, сонымен, сіздің кейінгі өміріңіз соқпай өткен бірнеше кез-кезеңдер, бел-белестерді өзіңізбен ере жүре шолып қайтқым келеді. Ал, тарихшы, сөйтіп жүріңіз! Сіздің өміріңізге сапар шегіп қайталық! Ердіңіз бе осыған?

Б е д е л. Қызық екен... Қиял ма екен? Ердім, еркімді сізге бердім. Бастаңыз, Тарих!

Б е д е л (*төмен үңіле түсін*). Бұлар кім?

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Сахнаның жоғарғы жағында Тарих пен Бедел кеуделеріне шейін көрінеді. Төменде алакөлеңке. Онда екі кісі отырғаны байқалады.

Б е д е л (*төмен үңіле түсін*). Бұлар кім?

Т а р и х. Бұның біреуі сіз – Беделсіз.

Б е д е л. Қалайша? Бұл қай шақ? Мен сәлде кигем жоқ-ты.

Т а р и х. Біз кигенді... болғанды көрмейміз. Киюге мүмкін, болуға мүмкін болған хал-жайларды көреміз. Сонымен... мынау сіздің жиырма бес жаста Жәмәли хазірет медресесін бітіріп болған күніңіз, сағатыңыз. Сондай бір өмірге бет бұрыңыз, бағыңыз?

Бұлар шамы өшеді. Төменде, аласа үстел жанында, жерде Бедел мен Орман. Киімдері татарша. Беделдің басында сәлде.

О р м а н. Сіз енді, әлбетте, махалла халқы сүйетін дәмолла боларсыз. Ғауамға айдалы хызмет бастауыңызды тәбірік етемін, Бедел әфәнді.

Б е д е л. Хайыр дұғаңызда, Орман әфәнді! Алла нәсіп етсін. Бәрәкәллә, тәшшәһкур! Мың сан рахмәт сізге, әфәндім.

О р м а н. Сіз бала тәрбиесін қолға аласыз. Махалла нәрестелерінің тағдыры қолыңызда болады. Зинһәр бір

жайды есте тұтыңыз. Бұдан былай жалғыз иманшартты, хафтиекті оқытумен, ежік пен сүрені жылдар бойы қажалаумен қанағаттануға болмайды.

Б е д е л (*таңырқан*). Біз хақ дініміз исламның шара-йыттарын оқытудан қалайша тыйыламыз?

О р м а н. Олай түсінбеңіз мені. Ендігі мұсылман медресесінде дүниелік ғылым да оқылу қажет.

Б е д е л. Оны біз өзіміз оқымадық қой, қайтіп дәріс бере аламыз?

О р м а н. Өзіңіз сол ғылымдар жөніндегі кітаптарды оқыңыз да, өз тәрбиенізді асыра беріңіз. Мысалы, ғылым-хисапты медресе шәкірттері білсе — залал ма? Білмесе — маскара ұят емес пе?

Сана кіреді.

Б е д е л. Қазіргі күннің қамы үшін болса да, әлбетте, ғылым хисап, тарих ғұмуми, жағрафия керек фөндер екенін мен сізден көп естіп жүрмін. Мен ғана емес, мына Санаға да, қыз балаларды оқытатын Санаға да сол өсиетіңізді айтыңыз.

О р м а н. Хұп, бәрәкәллә. Мен білген өсиетімді, әлбәттә, екеуіңізге бірдей айтамын. Сана ханым, сіз менің қаны жақын қарындасымсыз, бауырымсыз. Өзіңіз оқытатын қыздарға дүнияуи ғылымдарды, фән атаулыны дін сабақтарымен қатар оқыту шарт. Қауым, халық ағарғанда үйдегі ана, жар-жолдас ашық фиғылды, жаңа білімді мағлұматты болса, сонда ғана балалық, аналық жарасады, ұқтыңыз ба?

С а н а. Орман аға, сіз біз білмейтін, әсіресе мен білмейтін фөндер жайын айтып, менің мәсулиятимды артпақ боласыз.

О р м а н. Бір ғана нәрсе тапсырайын. Қазір шығып жатқан мәтбуғатты оқыңыздар.

С а н а. Ол қайсы нәрселер дейсіз?

О р м а н. Ол, әне, өздеріңіз фәһәмлайтын тілдерде шығып жатқан журналлар, газиталар, көп кітаптар. Бәс бастаңыздар осылардан.

Б е д е л. Ол кітаптарны біз қайдан табар екенбіз, Орман әфөнді?

О р м а н. Ең әууәл сiздер оқып танысуға бiр топ китаптарны мен өзiм тауып берейiн. Сонан соң шәһәрiңiзде мұсылманша китапхана бар ғой. Китапханаға сiздердi өзiм алып барып таныс етейiн. Осы уағда ма?

Б е д е л. Уағда болсын, Орман әфәндi.

О р м а н (*Санаға*). Сiз де уағда берiңiз. Қарындасым Сана, уағда ма?

Жаппас кiредi. Әйелi бұнда еркек барын көрiп, бетiн қара шапанымен бүркей қалып, ауыз бөлмеде iркiлiп тоқтап қалады. Орман әңгiменi тез өзгертедi.

Қарындасым Сана, солай ғой... Ел-аулыңыз сiздердi сағынады. Туған ұяңызды, туысқан iнi-бауырларыңызды көрiп қайтыңыз. Ағаңыздың сiзге беретiн мәслихаты сол.

Ж а п п а с. Я, Бедел әфәндiм, құтты мұбәрәк болсын, құтты болсын! Сондайлық ойда жоқ жақсылықты хазiрет сiзден аямады. Тек ұзақ қызығын көрiңiз. Сiзге де қайырлы болсын, Сана!

Б е д е л. Рақмет, илаһи омин! Айтқаныңыз келсiн.

Ж а п п а с. Соншалық зор мырзалық iстедi хазiрет сiзге. Кеше ғана медресенi тамам еткен өзiңiзге бүгiн әрi фатихасын берiп, әрi махалла балаларын, әлбетте, бай махалланың балаларын тәрбиелеудi сiздiң қолыңызға бердi.

С а н а. Әлбәттә, мың шүкiр, тәшшәһкур!

Б е д е л. Хазiретке барлық алғысымызды айтамыз.

Ж а п п а с. Әлбәттә, айтасыз. Ал бiздiң хазiрет кiм? Жанаб ғалинендей кәйф сафа, уа қадiрден зат! Шаһардағы он үш мәсжидтiң он үш имамы, ұстазының iшiндегi ең инабатлы, карамәтли, ең зор абырой дәрежелi хазiрет дәмолла бiздiң ғана хазiрет емес пе?

О р м а н. Ең сүйiктi болғанда, бар хасиет тек қана тақуалықта деп бiледi екенсiз ғой? Ендiгi ғауам тiршiлiгi әлi де тасбих пен таһлил соңындағы дүмше моллалар қолында болу қажет дейсiз ғой?

Ж а п п а с (*ашулана түседi*). Әлбәттә! Сiз, тегi, олай емес деп бiлесiз бе деймiн, ә?

О р м а н. Әрине, мен олай ғана демеймiн.

Ж а п п а с. Солай соғыңыз. Сөйтiп, менi тағат-ғибадатым үшiн дәмолла болуға да лайық емес дейсiз, ә?

Онда сіз өзіңіз кімсіз осы? Ахлі мұсылман қауымынанбысыз, жоқ ғақсулхаракат, қарсы қайрат тобынансыз ба?

Б е д е л. Жаппас, о не дегеніңіз, бұл кісі Орман әфәнді өзі де ұстаз, мұғалім! Уфадан оқып қайтқан көзі ашық, зиялы азамат емес пе!

Ж а п п а с. А, жақсы екен. Уфадан оқыған дейді. Жаңашыл... мұғалім... деп аталады екен ғой. Ендеше, сіздейлер шығар осы күнде “жер домалақ” – деп, “дін кітабын оқу ғана жетпейді” – деп сапсата сататындар. Солай ма?

О р м а н. “Жер – көк өгіздің мүйізінде тұрады” – дейтін надандардың бірі мен емеспін, әлбәттә.

Ж а п п а с. “Жер домалақ” – дейді екенсіз ғой сөйтіп?

О р м а н. Әлбәттә, домалақ деймін.

Ж а п п а с. А, табылған екен инабатты мұсылман! Жер домалақ болса (*тақиясын қолға алып*), сіздер айтқандай, былайша айналатын болса, домалақ жер былай төңкерілгенде, сізге ұқсаған жаһил жандар неғып құлап кетпей жүр екен жаһаннамға, ө?

О р м а н. Жаһаннамға сізден бұрын кетуге тәңір бұйырмаған сол, көресіз бе?

Ж а п п а с. Иншалла, бұйыра да, сіз барарсыз сол жаһаннамға!

О р м а н. Тек көк өгіз үшін соншалық рақымсыздыққа барасыз, сіз өзіңіз қандай мұсылмансыз?

Ж а п п а с. Иншалла, мұсылманмын. Қасиетті көк өгіз үшін, әлбәттә, мұсылманшылық ұжданым түршігер, өзіңізден көріңіз!

О р м а н. Сіздің атыңыз кім осы?

Ж а п п а с. Жаппас, неғыл дейсіз?

О р м а н. Сіз, ендеше Жаппас емес, саппас екенсіз!

Ж а п п а с. Ал сіз мүжтаһид, мұсылман емессіз.

Б е д е л. Жаппас, қой, немене сен? Қандай сөздер сөйлейсің?

К ү л п а ш (*бетін бүркеген күйде ұрысқа араласады*). Сөйлесе несі бар екен? Әуелі өзі тартсын тілін.

С а н а. Қой, Күлпаш, ұят емес пе!.. Сен қойшы ең болмаса!

Б е д е л. Сен неге сонша ашу шақырасың, Жаппас?

Ж а п п а с. Шақырмасқа не ғилаж!?. Мен бұны біздің

медресеге бахасқа шақырамын! Жүзінді айдай қыламын сен мұғалымның. Шық бахасқа!

Б е д е л. Бахас болса, құранда: “уәшшәмсү тәжрири ли мұстахаррен ләһә” – дегені кәне? Тым құрыса соны айтпаймысың, бар болғыр!

Ж а п п а с. Иә, ол не дегені екен сонда?

Б е д е л. Білмейсің бе, түсінбеймісің?

О р м а н. Үй жығатын соқыр атанша кимелегенше, тым құрыса соны білсең етті. Ол аят: “Күн айналады, бірақ орнында тұрып айналады” – деген дәлел емес пе еді?

Ж а п п а с. Білемін, бәрәкәллә, естігемін. Көк өгіз – ол көк өгіз, мәңгі-бақи тәңір-қүдірет сондай қуат берген өгіз. Шарафатлі көк өгізден садаға кетіңіз сіз мұжтаһид.

О р м а н. Өгіз-өгіз деп өзеуреп қалған екенсіз. Сол өгізге егіз болыңыз ендеше! Жат, сол сыйыңызбен! Сізбен ми шірітетін надан жоқ мұнда!

Шұғыл бұрылып кете барады.

Ж а п п а с (*айғайлан*). Бахас! Бахасқа шақырамын, жүзінді айдай қыламын! (*Орман шығып кетеді.*)

Б е д е л г е. Астағфиралла, мынау неткен дін дұшпаны, зұлым?

Б е д е л. Жә, жетті, Жаппас! Саған не боп кетті? Қандай сөздер, лағынет сөздер ақтарасың аузыңнан?

Ж а п п а с. Не дейсің сен?.. Сен менің пікірімді тәкірарлау орнына соншалық гүнәһкәр, кеудесі күпірлікке толы залымды үйіңе келтіресің! Оның сөзін жақтайсың, өзін қорғайсың. Ендеше, бетіңе тура айтайын, сен өзің де сол дәрежелі ғайыплы, пұшайман, жаман жансың! О-о, мен айтпап па едім... Білдім, көрдім, көзім жетті ғой жаңа сенің кім екеніңе! Менің орным... хазіреттің... оң фатихасымен менің алатын орным... саған бекерге, зор қателікпен берілген деп ойлаушы едім. Міне, қазір бетіңе айтайын, иманым кәміл, сен бұл орынға лайық емессің. Сен жауыз жаһил жандармен өзіңнің қараңғы ішінді қосқан ғайыпты, зор ғайыпты инсансың.

Б е д е л. А-а... сен де ішінде жүрген барлық қияпатсыз лас, нас шыныңды шығардың ба?!

Ж а п п а с (*айғайлан*). Хақ, таза шынымды шығардым!

Б е д е л. Жалған! Сен қызғаныш, күншілдік пиғылыңның қара жүзін аштың. Шыннан да Жаппас емес, саппасың сен! Не деген пәле іздеген ар-имансыз, инсапсыз жансың?!

Ж а п п а с. Солай ма? Осыған жеттік пе? Хұп-хұп, жетсін, болсын солай! Мен қазір естіген сөздердің бәрін дәрхал хазіретке барып айтайын. Сені бар махалла халқы алдында масқара етіп беру менің ұжданым талап етер арманым болсын!

С а н а. Мағлұм, сіз көптен қызғанышпен, жаман ниет соңында жүрген адамсыз. Нәмәнда сіз солайсыз.

К ү л п а ш. Әй, Сана, сен көзіңді ашып қара! Мен күні ертең хазіреттің үйіндегі үлкен абыстайдан бастап сенің өзінді де қыздар тәрбиесінен қуып түсіртейін бе осы?

С а н а. Сенің қолыңда тұрса... Сендей надан, өсекші, ұрысқақ әйел қолыңда менің тағдырым тұрса, орнымнан ғана түсірме, басыма аспанды да түсір, білдің бе! Шық үйімнен!

К ү л п а ш. Әкпел қолыңды, ендеше! Жүр, Жаппас, жүр, сен – хазіретке, мен – абыстайға барамыз. *(Екеуі жөнеліп кетеді.)*

О р м а н. Хұдая тәубе, басында сәлде, үстінде сопияна киімдер, қолыңда тасбих... Бірақ қандайлық қасқырдай жыртқыш, қаскөй адамдар!

С а н а. Сіз, Орман аға, оның күйеуін Жаппас емес, саппас дедіңіз ғой. Әйелінің шын құлқын білсеңіз, онысы да оңған жоқ. Ол сарамас. *(Жылаған кішкене бала даусы естіледі.)*

Б е д е л. Сана, ана жақта кішкене қызың Гүлжан жылап жатыр. Сонда бар. Және де өздері жоқта, адамның сыртынан сөйлеген сөз ғайбат сияқты болмасын. Олардың құлқы туралы айтпа ешнәрсені.

С а н а *(кетуге айналып)*. Қашан ғана осындай надан, сұм жандардан біздің қауым құтылар екен?

Б е д е л. Неғып қана оңай құтылсын...

О р м а н. Соны айтыңыз.

Б е д е л. Біздің заман болмаса да, тым құрыса анау жылап жатқан кішкене нәрестеміз, үш жасар Гүлжанның тұсында осы зұлымдық, қараңғылық сейілсе екен-ау!..

Қараңғылық. Жарық жоғары жайға ауысып, онда алғашқыдай, Тарих пен Бедел көрінеді.

Анау Бедел мен болсам, әлі түк әрекет еткен жоқ қой.
Т а р и х. Қандай әрекет күтер едіңіз?

Б е д е л. Жиырма бес жаста екен. Өмірді сонша кеш бастағалы тұр ғой.

Т а р и х. Әрине, кеш бастайды. Ол медреседе көп оқитыны мәлім емес пе?

Б е д е л. Алда да көп өндіре қояр ма екен?

Т а р и х. Мүмкін, сол күдігіңіз дұрыс та болар. Қазір, міне, сол алға қарай ауысып түсеміз.

Осы кезде төменде алақөлеңке сахна бойынша кітаптың аударылған бетіндей, қағаз сыбдыры естіліп, сол сахнадай үлкен кітаптың бір қағазы ауысып түскендей болады.

Б е д е л. Не болғалы тұр, бұл не?

Т а р и х. Бұл тарихтың бір парағы ауысып түскені.

Б е д е л. Заман өткен бола ма?

Т а р и х. Я, қазір он бес жыл өтіп кетті де, сіздің қырық жастағы шағыңызға ауыстық.

Б е д е л. Бұл шақта да мен молла ма екем?

Т а р и х. Әрине... Біз әзір сіздің мұсылманша молла болған өміріңізді кезудеміз. Байқаңыз, бағыңыз!

Қараңғылық. Төменде бұрынғы көрініс. Көбейген, өзгерген мүлік, жиһаз көрінбейді. Сана мен Гүлжан отырады.

С а н а. Ғайыптаушы, ғайбаттаушы рақымсыз жандар сөздері атаңның басын әлекке сала ма деп қорқамын, қызым.

Г ү л ж а н. Не нәрселерді ғайып санайды? Менен жасырасыз. Мен сіздің күрсінген жалыныңыздан, жүдеген қабағыңыздан көп нәрсені аңғармай жүр дейсіз бе?

С а н а. Тірлік, тағдыр қатал. Мен жасырғанмен, сені ол аямас.

Г ү л ж а н. Айтыңызшы, анажан?

С а н а. Дұшпандар атаңды “шәкірттерін аздырады, діннен кетіреді” деп ғайыптайды.

Г ү л ж а н. Не дейді, жалған емес пе? Атам бес уақыт намазын өзі де тастамайды ғой.

С а н а. Онысын риялық, жұрт көзін алдау дейді.

Г ү л ж а н. Атам не дейді?

С а н а. Атаң фақыр ашуланады. Зөһәрленіп қатты ашулы жауаптар айтады, дұшпандарына.

Г ү л ж а н. Достары бар ма, әлде бар жұрт дұшпан ба?

С а н а. Дос дерлік дос қайдан көп болсын бұндай заманда біздей жанға!

Г ү л ж а н. Дұшпандары көп пе, кімдер?

С а н а. Дұшпандар сол көп, балам...

Г ү л ж а н. Атам махалла халқының жас нәсілдерін он бес жылдан бері тәрбиелеп, көздерін ашып, адам етіп шығарыпты. Солар үшін ата-аналары болыспай ма?

С а н а. Әлбәтте, солай деп үміт етеміз. Бірақ жаулар сөзі көбейіп, күшейіп барады. Көп қауіп ойлаймын, зар тұтамын, Гүлжаным!

Бедел кіреді. Қасында Делдал, Асан. Отырған әйелдер бөтен еркектерден беттерін бүркеп, ауыз үйге шыға береді. Онда Шарапат, Бибі оралып өзара сөйлеседі.

Б е д е л (*Делдалға*). Менен не тілейді халфе?

Д е л д а л. “Бізді тоссын, жауап аламыз” дейді.

Б е д е л. Халфе жалғыз ба?

А с а н. Қасында Шәріп қази де бар.

Г ү л ж а н (*Санаға ұмтылып*). Ана, не дейді бұлар?

С а н а. Жан балам, сабыр...

Үйге сәлде ораған Жекен қалфе, Шәріп қази, Жаппас және Кұлпаш кіреді. Кұлпаш әйелдер арасында қалады. Еркектер төрге шығады.

Ж е к е н. Бедел әфәнді, бүгін masjidте мұнар түбінде махалла ғұламалары сөйлей бастаған сөзге сіз жауап бермей кеттіңіз. Қашып құтылам деп ойладыңыз ба? Қазір, міне, бізді сол махалла қауымы жіберді, тез жауап алып келіңіз деп тапсырды.

Б е д е л. Мен жауапқа әзірмін. Күндіз де мен қашқам жоқ. Намазға жиналған махалла халқынан ұялғаннан кеттім.

Ж а п п а с. Ұяларсың, бөсе, сенің ісің өзің түгіл, барлық махалла жақсыларын ұялтса, қашарсың ұятынан!

Б е д е л. Сен мені теріс түсіндің, Жаппас. Мен өз

ұятым емес, Жаппас дәмолла, сенің инабатсыз, тыйымсыз ұят сөзіңнен ұялып кеттім.

Ж е к е н. Бедел әфәнді, біз сізден жауап алмаққа келдік.

Б е д е л. Жауапты хазірет өзі алса екен деп талап етемін.

Ш ә р і п. Жауап алу хазірет уазифасы емес, білмейсіз бе?

Б е д е л. Білемін. Бірақ шын хукімді әммәміздің ең зор ұстазымыз хазіреттің өз аузынан естімек болам десем, мені кім ғайыплы дер еді?

Ж е к е н. Бәлки, бұл талабыңыз дұрыс та болар. Олай болса, Делдал, сізден біз өтініш етейік, хазіретке барып, Бедел әфәндінің талабын уә өтінішін жеткізіңіз. Ал біз әзірше хазіреттің өзі тапсырған жайларды, Бедел әфәнді, сізден де, гүәләрдән да тексере береміз.

Б е д е л (*Делдал кеткен соң*). Мейліңіз, тексеріңіз.

Ж е к е н. Олай болса, Жаппас дәмолла, махалла халқы дәмолла Беделді қандай істерде айыпты деп санайды? Айтып беріңіз!

Ж а п п а с. Бас үстіне, мен әзірмін! Әу-уәләнки, Бедел дәмолла өз тәрбиесіне алған махалла жастарының көбін ислам шариятлары рухында тәрбиелемеген. Хатта, бәлки, исламиятқа жат болар, қастан фиғылда тәрбиелеген.

Б е д е л. Дәлелі... дәлелін айта сөйлесеңіз!

Ж а п п а с. Дәлелі... әлбәттә, әфәндім, дәлелі, Беделден оқыған шәкірті Уәли ұғлы Мұстафа биыл, міне, алты ай болды руслардың школа-мышколына кеткен. Яки мұжтаһид болып, дін дұшманларының қауымына барып қосылған. Дәлел... және дәлел, соңғы бір жұмға ішінде ұлығ ұстазымыз хасиетлі Хажен хазірет медресесінің инабатлы халфе, қарилері емтихан етіп тексергенде мағлұм болды ки: Бедел дәмолладан алты-жеті жыл оқыған шәкіртлері Әлімхан ұғлы Қасымхан, Семейбай ұғлы Бидайбай, Жаңбыршы ұғлы Садуақас – һәммәсі де ғылыми фарыздан ешбір сауат ашпаған, “Мұхтасаруғ Уақаяның қитабұ таһарат, уә қитабұззәкат, салат бабларынан” бірде-бірісін білмеген. Оның орнына әлләнинди жағрафия, демек, “жер домалақ” деген, кәләм шарифқа хилаф гүнәһлі сөздерді сіндірген көңілге. Пайғамбарымыз хадислерінен, құранның аятларынан жатқа еш нәрсе білмеген шәкіртлерге биуафа шағир дімишларының әллә ниндей Хафиз, Сағди, Ғұмар Хаямларының мәй уә шарап, ғишқы уа ғишрат, яш

йүрәкләргә заһар төгіп, шәрәфәтлі дініміздән жырақлататын үәсиетләр, бәйитләр үйрәткән иміш.

Б е д е л. Соған қарамай, осы қуәлікті айтып отырған Жаппас дәмолланың өзі оқытып жүрген мектебінен жыл сайын бес-он, он-он бес бала Бедел дәмолланың мектебіне қашып келіп, оқуға түсіп жүр дегенді және неге қосып айт-пайсыз?

Ж а п п а с. Қосамыз, бек жақсы айттыңыз. Әлбәттә, қосамыз! Сіздің азғыруыңыз, махалла халқын шайтан фиғылымен азғыруыңыз сондай харекетке келтірген. Саф исламият жолындағы итағатлы медреселерден жас талабаларды Бедел дәмолланың ғауамды улатқан заһәрлі харекетләрі қашыра бастаған. Мен, Жаппас дәмолла, көп заманнан бері көп жаман құлқын білгендіктен, ғұмыр бойына бұл инсаппен жауласуды өзімнің асыл уазифам деп санаймын. Әһлі ислам қауымында саф таза жүрегім, иманым кәміл болған себепті ғайыптаймын.

Хазірет кіреді, төрден орын алады.

Х а ж е н. Мен не үшін керек болдым, әфәндиләр!

Ж е к е н. Хазірет, ғайыпкер Бедел әфәнді өз аузыңыздан хукім-шарифат сөздерін естуге өтініш етті.

Х а ж е н. Сіздер тергеу жүргіздіңіздер ме?

Ш ә р і п. Біз сіз тапсырған міндетті ада қылдық, хазірет.

Х а ж е н. Яғни?

Ж е к е н. Үш күннен бері медреседе, масжид ішінде, кәрәмәтлі мүнбар жанында, жұмға күнгі хұтпа соңында барша дәмолла, халфелер, қарилер, қазилер және хазірет, өзіңіздің алдыңызда сөйлеген ғайыплау қарарлар – һәммәсі де Бедел әфәндіге Жаппас дәмолланың ғәділ әуезімен айтылып шықты.

Х а ж е н. Бас ғайыпкер дамолла Бедел нелер айтты?

Ж е к е н. Жауабын қазір өзіңізге айтар уақыт жеткен еді.

Б е д е л. Тақсыр хазірет, бір заманда мен де сіздің медресеңізде сіздің ұстаздығыңыздан, алдыңыздан өткен едім. Мені өзіңіз тыңдасаңыз...

Х а ж е н. Шәріп әфәнді, мен сізден өтініп едім, шақырттыңыз ба гүнәһкәр бәндә Уәли ұғлы Мұстафаны?

Ш ө р і п. Шақырттым, хұзырыңызға қазір!

Шығып, Мұстафаны ертіп келеді.

Х а ж е н. Мұстафа ұғлым, сіз ғибратлы мұсылман медресесінің инабатлы шәкірті едіңіз, тұғры гуах шахид олуғыз бір сафар. Сіз өз ихтиярыңызбен, өз фиғылығыңыз тартып кеттіңіз бе руслар тәрбиесіне? Әллә мұғалім дәмолла Бедел сізге мәслихат берді ме?

М ұ с т а ф а. Мұғаліммен ақылдасқам жоқ... Өз мектебінен өзі кет деп қай дәмолла айтады?

Х а ж е н. Ендеше, неге дін дұшманыңыз, рус попларына не үшін кеттіңіз? Орыс тілін де сіз білмес едіңіз ғой.

М ұ с т а ф а. Орыс тілін мен көшеде орыс балаларымен ойнап жүріп үйрендім де, солармен бірге... алдым да кеттім.

Ж е к е н. Онда не табам дедің? Несіне қызықтың?

М ұ с т а ф а. О-о, онда бәрі қызық. Оқу сондай жақсы... Тағлимуссалаттан емес, өзі арабша бар сөзін бала түсінбейтін... Орысша кітап сөзін тегіс, тегіс түсінеміз.

Ж а п п а с. Дені, иманы ауған ғой... Бары соған кеткен инсафсыздың. Не үйретті орыс бобы... айтшы кәне!

М ұ с т а ф а (*тоқталмастан*).

Дети, б школу собирайтесь,

Фетушок пропел дауно.

Попрборней адивайтесь,

Солнешко кледит акно.

Рыбаки уш тащат сети,

На лугу коса звенит.

Памалася за книгу, дети,

Бох ленится не белит...

М о л л а л а р (*қатарынан дабырлап қожырасады*). Иә, малғұн, бох... бох... дейді. Орыс намазын үйреткен. О-о, сұмдық, астағфиралла, астағфиралла. Я ғаусул, ағзам!

– Я раббым... Қожан баһауддин!

– Ғаусул ағзам!

Х а ж е н (*жарыса*). Ля хауля уаля қуатия илля билләһи ғалиульғазим! Бар... бар, махлұқ намард, махлұқ!

М ұ с т а ф а. Мен махлұқ емеспін... баламын. Махлұқ емеспін.

Қаша жөнеледі.

Х а ж е н. Астағфиролла, астағфиролла, мына-мына шул, мінә нигә жеткенсіз сіз, Бедел? Я... Я шул. Мен сізді тыңдағамын, көп тыңдап болғамын. Хәзір тыңдамаймын, бәс жауап тілеймін. Айтыңыз, бекер болды ма орыс мектебіне Мұстафа намлұ шәкіртіңіз кеткені, бекер емес? Рас па, бес үлкен шәкіртіңіз исламият фарызынан еш нәрсе білмей, хисап-мисап, тауарих, әллә ниндей кәфірлер өсиетін тарататын кітаптар оқып жүргені? Рас, жақын махаллардағы мектептердің ұғланлары өз мектептерін тастап, сіздің зарарлы өсиетіңізге, тәрбиеніңізге қашып келіп жатқаны рас па? Рас. Өзіңіз ғана емес, сіздің жүфтіңіз һәм қызлар тәрбиесін жүргізуші Сана ханымның һәм дә қызларны сізше тәрбиелеп жүргені рас па? Рас. һәммәсі де рас!

Ж а п п а с. Рас. Уаллаһи рас, хазірет. Бас үстіне, керек болса осы басыммен сол куәліктерімнің шындығына, тақсыр хазірет, тақсыр халфе, қази, басыммен жауап берем.

Х а ж е н. Бітті... Халас. Мен бәддүға ғана беруге қалған хал бар, басқа жоқ. *(Жекен, Шәріп, Жаппас – үшеуі бұл тұста тез өзгеріп, қабақ танысады. Халфе, Жекен хазіретке бұрылады.)*

Ж е к е н. Біз сізді ғазапқа салдық, ғайыплымыз. Бірақ сіз енді өзіңізді ғазапламаңыз, хазірет.

Ш ә р і п. Хазірет, сіз енді жүре беріңіз, жүріңіз. Ғайыптар анықталды. Енді сіз қалған жұмысты бізге беріңіз!

Хазіретті бұлар қоршап шығарып салады.

Ж е к е н *(қайта келеді)*. Енді тек сізге айтылатын хукім қалды, Бедел әфәндім. Білдіңіз бе, бағаладыңыз ба, хазіреттің бәддүғасынан сізді біз әзірше арашалап алдық.

Б е д е л. Не қасиетім үшін солай еттіңіз? Әлде қаралығыма көзіңіз жетпегендік тоқтатты ма екен?

Ж е к е н. Жоқ, қаралығыңызға көз мейлінше жеткен, адаспаңыз. Бәлки, бірақ сіз біздің қауым айтатын бір талапқа табылсаңыз, сол уақытта сіз, бәлки, біздің қауымнан қуылмай да тұра тұрарсыз!

Б е д е л. Бұл сауда ма, ұждан саудасы ма?

Ж е к е н *(қатаң)*. Тоқтаңыз, тартыңыз тіліңізді! Мен

сізді құтқарғанымызды айттым. Бірақ сіз орындайтын бір шарт бар. Соған табылсаңыз – құтыласыз. Болмаса, көрдіңіз ғой жаңа, су түбіне кеткеніңіз... ғарық болғаныңыз. Себебі, кәрәмәтлі хазірет сізді ұстаздық хақысы бойынша бүгін малғұн десе, бәддұға оқыса, не болмақ! Махалла халқы сіз бен Сана ханымды таспен атып өлтірсе, не дейсіз? Сіздер отырған осы мекенді жаһиллер тұрған жай деп күлін көкке ұшыруға бар. Айтар сертке, шартқа қазір көнбес болсаңыз, енді сіз шәһардан қуыласыз. Хүкім де, жаза да сол ғана деп біліңіз. Жүріңіз, Жаппас әфәнді.

Делдал Асанды ертіп шыға береді. Ауыз үйде әйелдер арасында Құлпаш Санаға сөйлейді.

К ұ л п а ш. Өне, естідіңдер ғой естір сөзінді! Көр аузындағы сөз осы. Айттым ба жаңа? Әлгі шартымды орындасаң – тірі қаласың, орындамасаң – құрыдың, өртендің, күлің көкке ұшты – деді ғой. Айттым мен, міне, сол шартты саған.

С а н а (*күйініп, өртенгендей*). Тоқтат... Тоқтал, жауыз, аулақ кет! Аулақ жүр, лағынет! Жоғал көзімнен, еріңмен қоса, қос лағынет!

Әйелдер шығып кетеді. Ауыз үйде Гүлжан мен Сана қалады. Тәрде соққы жегендей Бедел. Сана мен Бедел бір-біріне ұмтылысып келеді.

Б е д е л. Естідің бе сұмдық сөздерін?!

С а н а. Сен естідің бе сұмдық шарттарын?

Б е д е л. Немене еді шарты? Әлде саған айтысты ма?

С а н а. Айтпады ма жаңа! Асан, Биби, анау Шарапат айтпады ма?

Б е д е л. Не дейсің? Шартын айтты ма?

С а н а. Сол емес пе сұмдығы?

Б е д е л. Айт, ендеше, не деді?

С а н а. Гүлжан, жаным Гүлжан... Жалғыз гүліміз Гүлжанды сұрамады ма?

Г ү л ж а н. Ана, сіз не дейсіз?

Б е д е л. Кімге? Қандай итке?

С а н а. Итке, бәсе... Жаңағы Шәріпке. Үшінші тоқалдыққа. Бер деп соны шарт етпеді ме? Ей, сорлы жар!

Г ү л ж а н. Ах, бақытсыз атам, анам...

Талып жығылады. Қараңғылық. Жарық жоғарыда. Тарих пен Бедел.

Б е д е л. Бұл адам тәуір талап, тәуір еңбек соңында жапа шеккен жан екен. Бірақ қайраты, өнері, ой-сана, қуаты жағынан алғанда орташа ғана адам тәрізді.

Т а р и х. Сіз одан нені күткен едіңіз?

Б е д е л. Мен қатаң қайратпен алысар деп едім.

Т а р и х. Ал сізше қазір не болды?

Б е д е л. Қазір ол бір ғана қамауда. Тар ұя — тас қапада аз әлектен аса алмаған орташа ғана адам тәрізді.

Т а р и х. Оны солай еткен заманы, заманының қорғасындай ауыр салмақ қырсықтары демейсіз бе?

Б е д е л. Себебін түсінемін.

Осы кезде төменде және де тарихтың екінші бір беті мол қағаз шымылдықтай бүкіл сахна бойында аударылып түседі.

Тағы да жаңа заман келе ме?

Т а р и х. Және де жылдар өтті. Беделдің ендігі күні мен күйі көрінеді. Байқаңыз, бағыңыз!

Жарық төменге ауысады. Көп өзгерісі жоқ бұрынғы үй. Сана мен Гүлжан отыр.

Г ү л ж а н (*жылаулар көзінен орамалын алады*). Көнбеймін деп еді атам — көнді. Жылатып бермеймін деп еді... — берді. Бердіңдер ғой, анажан! Кеткенім бе шынымен?!

С а н а. Жан балам, қайтейін!

Г ү л ж а н. Әлдебіреулерді баласын жылатқанда надандықтан, қараңғылықтан зарлатты деп келдік. Енді не? Атам басқаша қасиеті бар ата деп өспеп пе ем? Өзіңіз солай деп өсірмеп пе едіңіз?

С а н а. Қайтеді жалғыз атаң? Көп надан, көп жауыз жандар арасында не істей алады?

Г ү л ж а н. Не істеп жүр өзге көзі ашық басқа аталар? Қыздарын орысша да оқытып, беттерін ашық ұстап, қалада магазиндерге, тіпті театрға да жіберіп жүр ғой. Менің болса, бүгінгі тағдырым осы ғана болғаны ма?

С а н а. Айтар дәлелім, дауым жоқ, қызым. Сенің кішкентай күніңде “ең болмаса, Гүлжан жастығы гүл

жайнаса-ау?” – деп қиял етуші едім. Ойласам, ішім оттай өртенеді.

Жылап шығып кетеді. Делдал кіреді.

Д е л д а л. Гүлжан, жалғыз ғана... жалғызбысың?

Г ү л ж а н. Жалғыздық менің тағдырым болмады ма?!

Д е л д а л. Сол тағдырдан, қырсық қатал тағдырдан зар шеккен, зәр жұтқан басқа да жоқ дейсің бе?

Г ү л ж а н. Қандай жанды менің жарам, налам күйзелтер дейсің?

Д е л д а л. Күйзелтіп те, күңіретіп те жүр ғой сол, Гүлжан...

Г ү л ж а н. Сен бір жаңалық айтпақ болғанбысың? Кім күйзелуші еді сондай?

Д е л д а л. Жаны құрбы жаным деп мен... мен емес пе ем құпия қайғы шегетін?

Г ү л ж а н. Тілеулес құрбы едің, жаның ашығаныңа алғыс айтам, қарғыс айтам ба?

Д е л д а л. Кешіктім, кешіктім бе, Гүлжан? Ол – момындығым, қорғаншақтығым еді...

Г ү л ж а н. Ендеше, бүгін неге айттың?

Д е л д а л. Кетер болса, шын дос жүрегі, шер жүрегі бар жақын бір жанды біле кетсін деп едім.

Г ү л ж а н. “Біле кетсін”... Тек біле кетсін деген бе?..
(Жылайды. Бедел мен Сана кіреді.)

Б е д е л. Немене, не сөз бар? Тағы да жаулардың жаманатын әкелдің бе?

С а н а. Әкелген көрінеді. Айтқызып тыңдаңызшы!

Б е д е л. Айт, ендеше. Білдіргенің де себің болар.

Д е л д а л. Шәріп қазиге Жаппастар – өсекшілер Гүлжан туралы жаман сөздер жеткізіпті. “Бедел мен Сана қызын театрға жіберетін болыпты”. “Онда көңіл қосқан жігітімен кездесіп, сөз байласып жүр”. “Енді біразда Гүлжан сол театр арқылы қашпақшы”. “Сағат санап бағып отырып, Гүлжанды қолға алмасақ – айрыламыз” – десіпті. Сақ бол деп білдіргелі келдім.

Г ү л ж а н. Шынымен көз көрмес, құлақ естімес бір жаққа бірде-біреу апарып тастаса, не етуші еді?

С а н а. Айтты-айтпады, басқа бір қаладағы, не елдегі дос-жарлардың біріне жіберсеңіз, не етер еді, атасы?

Б е д е л. Қайда жіберем, кімге жіберем жетіп отырған баланы? Кіммен жіберем?

С а н а. Мына Делдал бекіне алса... құрбылық достық етсе, алып барса не етеді менің төркініме?

Д е л д а л (*бөгеледі*). Мен бе? Қолымнан келер ме еді? Бұнда махалланың хазірет, халфесі, сәудегерлері мен байлары, қазилері үйдегі кәрі әке-шешемді үйтіп жейді ғой. Бірақ Гүлжан мен өздеріңіз бекінсеңіздер, шынымен Гүлжан бекінсе, әкетсем не етеді?

Г ү л ж а н. Жоқ, жоқ... қиналма, Делдал. Онымен табылар жол жоқ, ата-ана...

Б е д е л. Тірімін... денім де сау. Ал қол-аяғым бек байлаулы. Айналам тас қамау... Бар шара таусылып барады.

Саулап көп адам кіреді. Алда Жекен, қалфе, Жаппас, Асан және әйелдерден Күлпаш, Шарапат, Биби бар.

Ж е к е н. Жә, Бедел, Сана! Берсеңдер – қолыңнан, бермесеңдер – жолыңнан. Біз қазір махалла қауымының тұтас ұйғаруымен инабатты Шәріп қазиге шарифат хукімі бойынша жүфті аталған қызыңыз Гүлжанды алуға келдік.

С а н а. О, қасірет заман!.. Жоғалсаңыз етті сіздер!

К ү л п а ш. Шығарма үніңді сен, бүлік шеше!

Б е д е л. Қызым Гүлжанды мен, ағасы, ихтиярыммен берем деген емеспін. Мен махалладан кетуге бекіндім. Мектепті өздеріңіз алыңыздар. Бірақ көзімнің қарашығы жалғыз Гүлжанымды мен жылатпауға бекіндім, бермеймін!

Г ү л ж а н. Садағаң болайын, ғазиз атам!

Ж а п п а с. Жә, тыйыңдар ол сөзді! Сауда біткен. Төрт жыл бойында хазірет бастаған қауымды, қауымның ең инабатты қазысы Шәріпті алдаған қиянатың үшін де енді мойын бұра алмайсың. Қауым бұрғызбайды, біз бұрғызбаймыз мойныңды.

Б е д е л. Бұл жасыма шейін қиянаткер болып көрген емеспін, Жаппас! Өз басыңдағы жауыздық, зұлымдықты жаппа жала қып, жақпа күйе қып маған!

С а н а. Уәде берген емеспіз, ықтияр Гүлжанда дегеміз.

Ж е к е н. Иә, Гүлжанда дегенсіздер де... астыртын түндерде қашырып жібергелі жүрсіздер!

Б е д е л. Жалған!..

Гүлжан. Жауыздар сөзі, жала!

Сана. Талаушы қасқырлар тапқан ғайбат жалған өсектер!

Күлпаш. Ой, не тұрыс бар? Қайдасың, еркектер? Тапсырды ғой, ұстаңдар анау әкесін. Мынау қызды мен әкеттім, мінекей. Шарапат, Асан, ұстаңдар! Сүйре!

Бедел. Тоқтат, лағынет!..

(Ұмтыла бергенде Жаппас пен Асан Беделді ұрып жығып кетеді. Сананы Жекен итеріп құлатады да, барлығы Гүлжанды жылаған, зарлаған бойында сүйреп алып кетіседі.)

Лағынет!.. Лағынет болсын бастығы хазіретіңе!.. Барлық халфе, қазі қасқырларға, лағынет бәріне. *(Зорлықшылар жөнеле бере Шәріп пен Жекенді қасына ертіп, Хажен хазірет кіреді.)*

Хажен. Ә, Бедел әфәндім, жетер масқара жеріңе жеттің бе? Мен сені ойланар, тәубеге келер, инабатлы мұсылман ата болып қызын өз қолынан ықтиярмен берер деп ем! Енді неғылсам, не десем рауа саған, кешегі менің шәкіртім!?

Бедел. Ә, кешегі менің ұстазым!.. Бұл шаққа шейін нелер сұмдық көрсем де, нендей сұм жыртқыштар қасымда толып жүрсе де, сіз қиянаттан таза шығар деп сенумен келіп ем, сорлы басым. Көзім жетті, бүгін бауырым жара... Әне, жүрегімді қақ жара жырттып, қанын сорғалатып, бір парасын алып кетті. Сізден күш алған, сізден рұқсат алған бөрілер. Сіздің күшіктеріңіз екен солар! Хазірет емес, лағынет екенсіз сіз өзіңіз! Уаз кештім мен сізден... Мен үшін қап-қара болған жүзіңізден!..

Жекен. Тоқтат, доғар, өшір үніңді! *(Келіп, екі жағынан хазіретті ұстай алысады. Қоршайды.)*

Хажен. Мен төрт жыл бұрын беретін бәддұғамды сені аяғаннан бермей келген едім, үміттеніп едім. Сен төрт жыл емес, он төрт жыл менің бәддұғама ұшырап, атырафымнан малғұн аталып қуылатын айыпкер қара жүзді жазалы жан екенсің. Міне, бердім мен енді сол теріс батамды. Білсін, уә ағаһ болсын махалладағы, шәһәрдегі Мұхаммед – Мұстафа жолын күткен аһлі ислам қарындас! *(Қолын теріс жайып.)* Бәддұға, бәддұға, бәддұға, жоғалсын көзі, қарайсын жүзі, жәһәннәм отына күйсін, гүнәһкәр тілі

бұл бәдбахт зұлымның, аллаһу әкбар! (*Теріс батаны бәрі бірігіп істейді. Жекенге.*) Көрдіңіздер, гуәһ болыңыздар! Білдіріңіздер ғауамға! Қуылсын қазір бұл шәһәрдан, жауыз Бедел, жауыз хатыны!

Ш ә р і п } Уәллаһу ағзам биссауаб! Уәлаллаһу ағзам
Ж е к е н } биссауа. Қуылсын, жойылсын, аты өшсін,
бұл шәһәр халқы арасынан Беделдің
хатынының.

Сана талып құлап түседі. Бедел шөгіп отырып қалады.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

ЕКІНШІ АКТ

Екінші сурет

Жарық жоғарыда. Тарих пен Бедел кеуде тұстарынан көрінеді. Төменде алакөлеңке.

Б е д е л. Енді қай шақ, қай дәуірді көреміз?

Т а р и х. Бұл тұста біз сіздің өміріңіздің басынан қайта түсеміз.

Б е д е л. Қай өмір, қалайша?

Т а р и х. Сіз Хажен хазірет медресесінде бала күніңізде оқыдыңыз да, шығып кеттіңіз. Орысша мектепке ауыстыңыз. Енді біз сіздің Учительская семинарияны бітіріп, содан кейін кешкен өміріңізді шоламыз.

Б е д е л. Сонда қазір қай шақ көрінбек?

Т а р и х. Сіз Учительская семинарияны бітіріп, Сарыадыр болысына орысша-қазақша школға учитель болып барғалы отырған кезіңіз, бағыңыз!

Жарық төменге ауысады. Орташа жиылған қалалық үй. Жерде дөңгелек үстел және биік жазу столы бар. Бөлмеде Орман, Сана. Орман орысша оқымысты адамша киінген. Сана екеуі биік стол жанында.

О р м а н. Сарыадыр школы — бұл уездегі ең тәуір школдың бірі. Бірақ, барлық қазақ ортасындағы сияқты,

бұл школда және де қазақ қыздары оқи алмай жүр. Сіз сол Сарыадыр школының жанында, бесті-онды болса да, қазақ қыздарын жиып алып, өз бетіңізбен оқытуға бекініңіз.

С а н а. Маған оны тапсыратын кім?

О р м а н. Өзіңіз бастаңыз. Азаматтық міндетім, халқым үшін қызметім деп бастаңыз. Бедел соған көмекші болсын.

С а н а. Ойыма қонатын мәслихат айтасыз, Орман аға! Осы ақылыңызды Беделге де айтыңыз!

О р м а н. Құп, оныңыз дұрыс.

Бедел кіреді.

Б е д е л. Ә, Орман аға, қарындасыңыз Санаға ақыл айтып, қарыз артпақ едіңіз. Айтып үлгірдіңіз бе?

С а н а. Саған мәлім екен ғой, Бедел!

О р м а н. Ал екеуіңізге бірдей менің тағы айтатыным бар.

Б е д е л. Айтыңыз!

О р м а н. Орысша оқитын қазақ баласынан жемқор тілмаш, парақор пәсір, жалақор зақұншік, арызқор шығара көрмендер!

Б е д е л. Балалардың шамасына шақтап нені танытып, неден жиренту керек?

О р м а н. Мысалы, елді болыс, тілмаш, пристав, урядник, би-старшын дегендер жағалай жеп жүр. Соларға қаладағы крестьянский начальниктер, соттар, ояздар, округ соты, жандарал кеңсесі әрі пана, әрі көмекші. Міне, балалар осы орындардың ісінен жиреніп өссін. Екі-үш жыл оқи сала, арыз, донос жазуды, жалған приговор жасауды, жасырын тыңшылық етуді сұмдық бұзық әдет деп тәрбиелеу керек. Алдағы кезде осындай мұрат ұстауға серт бересіңдер ме?

Б е д е л. Мен серт бердім, Орман аға!

С а н а. Мен де бердім! Білмекке, танымаққа құмармыз.

Жаппас кіреді. Орман әңгімесін шұғыл өзгертіп, сөйлеп отырған желісін бұзбайды.

О р м а н. Абай қазақтың орысша оқитын жастарына қызық сөздер тастаған емес пе?!

Б е д е л. Қандай сөздерін айтасыз?

О р м а н. Тіпті осы русско-киргизская школада оқып жүрген интернат балаларына да арнаған сөздері бар ғой.

Ж а п п а с. Немене, сіз сонда Абай жақсы айтты дейсіз бе?

О р м а н. Жаман айтып па еді? Естерінде ме:

“Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл артық білуге.

Артық ғылым кітапта

Ерінбей оқып көруге!

Военный қызмет іздеме,

Оқалы киім киюге,

Бос мақтанға салынып,

Бекер көкірек керуге.

Қызмет қылма оязға,

Жанбай жатып сөнуге. *(Бедел мен Сана күледі.)*

Қалай сабыр қыласың *(Бедел мен Сана күледі.)*

Жазықсыз күйде сөуге!..

Өнерсіздің қылығы –

Тура сөзін айта алмай,

Қит етуге бата алмай,

Қорлықпенен шіруге;

Аз ақшаға жалданып,

Өнбес іске алданып,

Жол таба алмай жүруге. *(Даусын қатайтып.)*

Алыс та болса, іздеп тап,

Кореннойға кіруге.

Талапты ерге нұр жауар

Жүріп өмір сүруге!” –

деген жоқ па еді? Осында талай жайлар бар емес пе?

(Жаппас тікірейіп ашулана түседі. Бедел, Сана күледі.)

О р м а н. Неге күлесіндер?

Б е д е л. Біз мына Жаппасқа күлеміз. Сіз білмейді екенсіз ғой. “Қызмет қылма оязға, жанбай жатып сөнуге” – дегенде, Абай айтқан “жанбай сөнгелі” отырған, алдыңызда бақырайып тұрған мынау Жаппастың өзі емес пе?

Ж а п п а с. Абай мұнда жақсы айтқан жоқ, жаман айтқан.

О р м а н. Немене, Абай абыройды төгіп қойды деп жақтырмайсыз-ау, ә?

Ж а п п а с. Сендердің Абайларың патшалыққа қарсы адам.

Б е д е л. Бәсе, тағы бір арызды сүйкектетіп көсіп қалатын кез келіп қалған екен, ә?

Ж а п п а с. Көрсетсем көрсетіп те салам. Не деп отыр Абайың? Офицер болма дейді, ояз кеңсесінде істеме дейді, бар орыннан қашырмақ қой! Ал патшалықтан қазақ жақсылықтан басқа жаманшылық көрген емес, керек болса!

О р м а н. А, наныңды ақта, шеніңді сақта!

Ж а п п а с. А, сен патшалыққа тіл тигізіп, ояз, жандаралдың жауларын мақтап, жақтауың жаман. Тегі, сенен онан да арғы пәлелер шыға ма деп отырмын. Деміңіз сасық көрінеді, мырзам! Айта түсіңізші тағы да!

О р м а н. Сіздей жалақор тілмаштармен сырласар ниетім жоқ. Халықтың сорына сатылған тілмаштар аз емес қой. Соны айтсаңшы.

Ж а п п а с. Мен оны айтпаймын. Әуелі мынау шынды айтайын. Мырзам, тегі, сен өзің жөн жүретін жан емес, поднадзор полиция жүрген кісі болмағай едің? Сенің орныңды, қазақша айтқанда, анау Итжеккен, Темірқан – Шора, Жерсібір немесе сонау Үркіттегі Александровский централ маңынан іздеу керек болмасын!

О р м а н. Тізіп отырған жерлерің талай жанды жіберіскеніңді танытты-ау, жігітім! Сендейлермен итшілесіп жүргенше, сондай жерлердегі адамдармен адамшылап жүргенім артық дермін!

Шығып кетеді.

Б е д е л. Жаппас, сен неғылған тілің шайпау, ұрыншак адамсың?

Ж а п п а с. Мені танығаның жаңа ма? Жо, бірақ ол сөзді қой! Мен сені мен мына Санаға қазір үлкен айып таққалы отырмын.

С а н а. Бәсе, сен оязға тілмаш болғалы айып таққыш болмасаң, жүре аласың ба?

К ү л п а ш. Сана, оқыған-тоқыған болып сен де бір осы киліге береді екенсің еркектердің арасына. Немене, еселі сөзін сөйлетпей, аузынан қағасың? Айт, Жаппас, жаны шығып кетсе де, айтшы!

С а н а. Бәсе, байың Жаппас болмай, саппас болсын да!

Сен осылай шапшып сөйлемесең, тына алмайтын сарамас болсаңшы!

Ж а п п а с. Сендер үйлеріңде поднадзор жүрген, патшалыққа қарсы дұшпан адамды сақтайсың. Онымен болса, ауыз жаласасыңдар. Ал бізбен аңдысып, кекесіп, жауласпақ боласыңдар ма, әлде?

К ү л п а ш. Қолдарынан келсе, мүйіздегелі отыр ғой екеумізді.

Б е д е л. Жаппас, сенің сау жерден жау таппай жүретін күнің бола ма?

Ж а п п а с. Жоқ, олай жағалатқан, емексіткен сөздің керегі жоқ маған. Мен біліп отырмын бәрін де. Керек десе, ініңе су құйып отырмын, білдің бе? Кеше сені его высокоблагородие господин уездный начальник, полковник Скопцов Сарыадыр болысындағы жақсы школға бастық қып сайлап еді. Мен өзім барсам деп те ойлап едім. Соған мені жібермей, сені таңдап алды. Ал сенің... ақтағаның осы ма? Патшалық өзіңе әкеңнен бетер жақсылық, қамқорлық панасын көрсеткенде, сенің бермегің не боп отыр? Есіңде болсын, мен мұны тек қалдырмаймын. Жаңағы жау қонағыңнан естігенім жетеді. Енді маған өкпелемегейсің, тегінде!

Б е д е л. Сенің қолыңнан тірлік, тыныс алатын болсам, ол өмірді мен қуантар өмір демеспін.

Ж а п п а с. Сен Сарыадыр болысына бара жатқанда менің қолым жетпейтін жыраққа барам, ұзаққа кетем деп ойлайтын шығарсың, шырақай. Жоқ, оған да жететін кәріміз табылады. Тіпті, тіпті енді біразда сол Сарыадырға сен учитель-мучитель болып жүргенде, мен бір-ақ күнде болыс боп барсам, қайтесің? Қысқасы, шайқасу әлі бұл ғана болып қоймас-ақ! Жүр, Күлпаш, кеттік бұлардан.

К ү л п а ш. Бәсе, бер солай сыбағасын, өл де маған! Болмай жатып, асуларын бұлардың.

Екеуі жөнеледі. Жылаған баланың даусы естіледі.

Б е д е л. Сана, балаң жылап жатыр. *(Гүлжан жылайды.)*

С а н а. Жаңағылардың айғайынан шошып оянды-ау, жаным.

Б е д е л. Шошытар бұл сұмдар. Үш жасар бала Гүлжанды ғана шошытып қоймас сұмдығымен, арды да, барды да шошытар. Тек Гүлжандай жаңа гүл, жас ұрпақтар көзі ашылар заман, заман болса десеңші! (*Қараңғылық. Жоғарыда Тарих пен Бедел*). Енді қай шақ көрінеді?

Т а р и х. Және де он бес жыл өткеннен соңғы шақ. Сарыадыр болысында сіз көп жылдар еңбек етіп, көп шәкірттер өсіріп шығарған боласыз.

Б е д е л. Бұл кезде де менің дос-қастарым ере жүре ме?

Т а р и х. Мейлінше... Сіз бұнда да солардан қас пен дос тапқан боласыз. (*Сахнада тарихтың мерзімді бір беті аударылып түскендей болды.*) Көз салыңыз, бағыңыз!

Жарық сөнеді. Оқиға төменге ауысады. Төменде жартылай европаша жиылған бөлмеде Сана мен Гүлжан. Сананың биік прическасы бар, шілтерлі шәлі жамылған. Киімі жартылай орысша, жартылай қазақша, Гүлжан киімі орысша, татарша аралас.

Г ү л ж а н. Мама, не боп жатыр? Келген кімдер? Неге келген?

С а н а. Атама, қызым. Тінтумен келген.

Г ү л ж а н. Тағы да анау Жаппас бар дей ме?

С а н а. Бар.

Г ү л ж а н. Қасындағы кімдер?

С а н а. Болыс Хажен. Осы елдің атқамінер биі Жекен. Және ең қатерлі, кесірлі пристав – Шәріп деген приставты алып келісіпті.

Г ү л ж а н. Жаппас па соларды жиып әкеп жүрген?

С а н а. Анығын білмедім... Ол осы болыстағы тілмаш, писарь. Астыртын доноста соның қолы жоқ дейсің бе?

Г ү л ж а н. Қандай донос болады?

С а н а. Білмейсің бе, патшалыққа қарсы, зиянды әрекет етіп жүрген ескі учитель десе, оңай жала ма?

Г ү л ж а н. Ол жаланың арты не болуға мүмкін, мама?

С а н а. Не болушы еді? Қайда кетті Орман ағаң?

Г ү л ж а н. Абақты... каторға... Мама, не дейсіз?

С а н а. Жүрегім жаман шошиды. Құдая, сақтай гөр тек! (*Бедел кіреді.*) Немене, Бедел?

Б е д е л. Не ниеттері барын аңдай алмадым. Бар школды астан-кестен тінтіп жүр. Ересек шәкірттерді қайта-

кайта шақырып, тергеулер жасап жатыр анау пристав пен құдай ұрған Жаппас!

С а н а. Сен неге қастарында болмадың?

Г ү л ж а н. Бәсе... Папа, неге кеттіңіз?

Б е д е л. Мені орталарына кіргізбей: “Барып тұрыңыз, үйде тосыңыз” деген жоқ па?

Хажен, Жекен, Жаппас, Шәріп, Асан, Делдал кіреді. Тағы бір топ әйелдер: Күлпаш, Шарапат, Биби. Бұлар Сана мен Гүлжанның айналасына оралады.

Ж а п п а с (*Беделге*). Мен саған ертеде айтып едім, Бедел. Орға жығылып барасың демеп пе ем?

Б е д е л. Сенің есіркеп-мүсіркеуіңе мен бүгін де құштар емеспін.

Ж а п п а с. Сен өз бетіңмен кім болсаң о бол. Орға жыққанда патшалық ашқан школаны өзіңмен қоса құлатып отырған жоқсың ба?

Б е д е л. Ол жалған, жала... Он бес жылдан бері мен бұл школдан қазақтың жас буынынан адам шығардым. Арам сирақтар, қан сорғыштар шығарғам жоқ.

Ш ә р і п. Адам шығарғаныңыз – ұлық атаулыға, болыс-билердей елдегі инабатты адамдарға қарсы, бұзық жастар тәрбиелегеніңіз бе?

Б е д е л. Бұзықтық деген не өзі? Әуелі соны дұрыс түсініңіз!

Х а ж е н. Е, ұрысы күшті болса, мал иесі өледі деп тұрсың ғой. Пристав – қасқыр, тілмаш – түлкі, болыс – борсық дегізесің. Оны және түсінбейсің деп, тағы айып таққалы тұрсың ба? Аллаңнан ойбайым тиыш дегендей...

Ж е к е н. Елдің болысын, игі жақсысын “қарашығын алады, пара жейді, жұрттың жерін, малын тартып алып, аюдай талап, пәле салады” деген сөздерді сенің шәкірттерің жазып отырған жоқ па?

Б е д е л. Шәкірттердің не жазғанын өздерінен сұрандар. Бұл сөздерінді мен білмеймін.

Ж а п п а с. Өтірік айтасың. Олар сенің ақылыңмен жазған.

Ш ә р і п. Бұл арада саудаласатын ештеңе де жоқ. Қағаз, арыз қолымызда. Мінекей – қолымызда, мырза Бедел Бегенов.

Ж а п п а с. Қағаз — қаладағы губернаторға, одан қала берді корпусқа жіберілген приговорлар. Сол орындардан мына пристав мырза Шәріпке тексеруге жіберіліп, қайтып кеп отыр. Ініңе су құйған деген осы ма, жоқ па?

Б е д е л. Келсін! Бұнда елдің сорын қайнатып жатқан жемқорлықты, парақорлықты, қазына талағыштықты, надан, залым жауыздықты жазған екен. Ол ойдан шығарылған өтірік болмас. Ал рас болса, қылмысты істегенді жазаламай, ұлыққа айтып жылағанды, пана тілеп, көмек сұрағанды жазалай ма екен?

Х а ж е н. Пана тілеу, көмек сұрау сенің міндетің бе екен?

Б е д е л. Оны мен жазғаным жоқ.

Ж а п п а с. Сен жазбасаң, сенің шәкірттерің жазды. Сенің үйретуіңмен жазды.

Б е д е л. Мен емей, жылаған әкелері жаздырса, не дейсіңдер? Тіпті сол арызды өздеріңнен зорлық көрген, жапа шеккен жылаулар жұрт басқа адвокатқа жазғызса, қайтесіңдер?

Ш ә р і п. Өзге сөздің керегі не? Бұл салғыласатын жер емес, а соттасатын жер. Әңгіме кім жазғанында ғой. Арызды жазған балалардың қолдарын таптық біз қазір. Бұны жазған сіздің үлкен шәкіртіңіз Уәлиев Мұстафа. Бекер деңізші кәне осыны? (*Бедел үндемейді.*)

Б е д е л. Бала... жас баланы тергеп, шатастырып ұяттарың кәне?

Ш ә р і п. Шақыр, келтір баланы — Уәлиевті.

Стражник Мұстафаны ертіп кіреді.

Ж а п п а с (*орысша Шәріпке*). Давай говорить с ним по-русски... (*Мұстафаға*.) Ты давно учишься в этой школе?

М ұ с т а ф а. Я?.. Штыре... штыры год!

Ш ә р і п. Аһа... ну, какие ты книги читаешь?

М ұ с т а ф а. Какой?.. Псяки кнега... много кнега. Учитель Бедел аға дабал, ми читал.

Ж а п п а с. Хорошо. А ну-ка скажи, как зовут нашего царя государя?

М ұ с т а ф а. Сарь? Сарь император... Николай Раманып.

Ж а п п а с. Разве так надо величать? Ты не знаешь? И тебя не учили этому? Ну вспомни! (*Түреген.*) Его императорское высочество государь император Николай Александрович самодержавец всероссийский, царь польский, великий князь финляндский, эстляндский, лифляндский, курляндский и прочая и прочая и проч-ч-ая! Вот как! А тебя не научили даже своего государя императора величать. Разве научит? Ну а ты сам написал это прошение?

М ұ с т а ф а. Сам, я сам.

Ш ә р і п. Но ведь ты не знаешь так хорошо по-русски.

М ұ с т а ф а. Пошему не писать? Знаю, псе знаю.

Ш ә р і п. Разве не видно, что ты плохо говоришь по-русски.

М ұ с т а ф а. Говору не хорошо, а шитаю, писаю. А-а, пишу хорошо.

Ж а п п а с. Жә, болды... Бара берсін.

Ш ә р і п. Бар, жетті!

Ж а п п а с. Мына бала тек қана көшіруші екенін көрдің бе? Арыздағы сөздерді жазарлық орысша тілді білмейді. (*Беделге.*) Осы арыздың шорновайын жазып беріп отырған сен емей, кім ғой дейсің?

Х а ж е н. Бәрекелді, сөз бітті, ендеше! Балық басынан шіриді. Айып ат мініп, түйе жетелеп келмейді, ұсталған деген осы. Патшалықтың дұшпаны деп жасаңдар қазір приговорды!

Ж е к е н. Міне, байлау кеп осыған соқты, мырза Бедел. Енді суға кеткен тал қармайдыны ойламасаң, бас кеткен деген осы!

Ж а п п а с. Емексітпе, Жекен би! Бұның тілегені осы болатын. Баяғыда, дәл он бес жыл бұрын айтқамын. Сандырақтамай, аппақ кісімсіп әулиесімей, өзіміздей жұрт жүрген жонмен жүр дегем. Қиқандасаң, өмір бойы сыртыңнан ізінді бағамын да, ініңе су құямын да отырам дегем.

Осы сөздер кезінде Кұлпаш пен Сана, Шарапат, Биби арасында сыбырмен ұрыскандай бүлініскен оңаша күбір, кимылдар жүріп жатады.

Б е д е л (*Жапнасқа*). Рас айтасың, өмір бойға қара ниетпен, менің қара көлеңкемдей еріп жүрген жауыз жан сен болатынсың. Сыбағаңа соны ал да, жетісе бер!

Ш ә р і п. Бітті шаруа! Жектіріндер атты! Алып кетеміз учительді қалаға, тергеуге! (*Хажен, Жаппас, Шәріп қозғала береді. Жекен Беделдің қасында, Делдал, Асан – үшеуі оны қоршап қалады.*)

Ж е к е н (*Беделге*). Азамат Бедел, күн райы бұзылды ғой, көріп тұрсың. Мен жаңағылардың бетінен шошып қалдым.

А с а н. Бәсе, биеке, дұрыс айтасың. Аямасқа кетті ғой әлгілер.

Д е л д а л. Кімді аяйды дейсіз! Талайлардың осылай үнін өшіріп, көзін жойып келе жатқан ұялас бөрідей топ емес пе!

Ж е к е н. Аямайды. Бірақ бір тұстан аңғарын байқағаным, аужайын түйгенім бар еді, Бедел. Балта шапқанша дөңбек жал табат та. Жаппас аузына келгенін көки береді ғой. Тегі, сөздің тетігі пристав Шәріп пен жаңағы Хажен болыста емес пе? Қиын да болса, осыларды тоқтатар пара тапсам, болар ма?

А с а н. Ойпыр-ау, айтсаңызшы! Азамат жанын тым құрыса сіз қорғасаңызшы, биеке!

Д е л д а л. Бәсе, ел емес пе? Елдің намысы, ары деген бар еді ғой. Тым құрыса аралық, арашашы сөз айтып көрсеңізші!

Ж е к е н. Жер тығыз, күн бұзылды. Іркіп айтар, баптап сөйлер кез емес, Бедел мырза! Көсеу ұзын болса, қол күймейді. Пристав тоқтаймын десе, жаңағы қағаздарды ұстап қаларлық құдіреті бар көрінеді ғой.

А с а н. Немен қалдырар еді?

Д е л д а л. Не деп қалдырар екен?

Ж е к е н. Аужайын түйіп қалдым, Бедел мырза. Мынау пристав өзі соншалық мосқал тартқан кісі емес қой. Биыл әйелі өліп, үйі қаңырап тұрған көрінеді. Ұзын арқан – кең тұсау осының өзі бола ма деп тұрмын. Айран сұрай келіп, шелегіңді жасырма дегендей ұйғарғанды айтайын. Бедел мырза, жетіп отырған балапаныңыз бар. Басы бос екен мынау Гүлжан балаңның. Пристав болса, о да жеткен адам, оқыған жігіт, осымен іштей табыс та ұғыс дер едім.

Б е д е л (*үндемей, отырған жерінен атқып тұрады*). Тоқтат, шығарма бұдан әрі үніңді, Жекен би! Бұл қорлыққа

көнгенше, өлсемші бұл сұмдықты естігенше! Шық! Бар, бар, жөнел! Жөнеліндер сұмдарыңның ізімен! Шық үйімнен!

Билер кетеді.

К ү л п а ш (*Санаға*). Сорлы Сана, неғыласың, шабыңа от түскендей шапшысаң да, шаптықсаң да көнесің! Айттым ғой: не өлесің, не көнесің осыған!

С а н а. Аулақ бол, аулақ жүр! Құрып кетсін сенің ақылың! Қор болған басым. Асыл жаным, Гүлжаным!.. Аулақ қана жүрші менен, Күлпаш!

Б и б и. Ойлансаңызшы бірақ, Сана-ау!..

Ш а р п а т. Кімнің басынан кешпеген? Қайсынымыз әуелде ерге барамыз деп сұранып едік? Береміз дейтін де, беріп жіберетін емес пе еді, аталар мен аналар?

Б и б и. Жыласаңыз да, күйіп-өртеңсеңіз де, өлмеймін десеңіздер, көнесіз ғой, байғұс Сана!

С а н а. Құрып кетсін ақылдарың! Жөнеліндер, көнерім жоқ, ырзалығым жоқ менің!

К ү л п а ш. Сорың қайнағанда көресің ақылымның артығын.

Әйелдер кетеді. Сана екінші бөлмеден Беделге қарай ұмтылады.

С а н а. Естідің бе, білдің бе сұмдық ниеттерін?!

Б е д е л. Білдің бе, сен де білдің бе, сорлы жарым?.. Сорға біткен балам! Кімнің басы кімнің саудасына түскен сұм заман еді... мынау сұмдық заман?!

С а н а. Өлсем еттім, тірідей қара жерге кірсем еттім, мұндай қорлық күнге жеткенше!

Екеуі екі жерде жылап отырысып қалады. Қараңғылық. Жарық жоғарыда. Тарих пен Бедел.

Б е д е л. Жаңағы көрген жайға мен бастан-аяқ дау айтар едім.

Т а р и х. Не деп айтар едіңіз?

Б е д е л. Сауаты бар, ерте оянған адам өзін соншалық тұсауға салғызып, қорлық қамауға алғызбау керек.

Т а р и х. Рас, ол тек қана дәреже, шен, жалақы

дегендерге құл болған адам болса, сіздің айтқаныңыз дұрыс болады.

Б е д е л. Өзі ғана емес, әйелі, қызына шейін соншалық қорлыққа, зорлыққа қамалуы ұшқары тәрізденеді.

Т а р и х. Бұрынғы уақытта өзі де, әйелі де, тіпті әкешесі, іні-қарындастары да абақты кететін, каторгіге айдалатын бір туған жандар аз болып па еді? Солар өз бастарының кемдігінен, ақылы жетпегендігінен сондай болып па еді?

Б е д е л. Бедел басынан кешіп тұрған жаңағы халге мен көп жағынан көне алмай тұрмын.

Т а р и х. Сіз “Тарих осылай ойлайды, Тарих солай байлайды, осылай үкім етеді” деп жазған шақтарыңызда, мен сіздің қаламыңызға жармастым ба? Қолыңызды бөгедім бе? Бөгет болғам жоқ-ты! Рас емес пе еді?

Б е д е л (*көніп*). Рас, бөгегеніңізді сезген емеспін.

Т а р и х. Бәсе... Енді аз жылдан соң Бедел басынан сол бағытта не кешті, соны көреміз. Бағыңыз!

Шам төменге ауысады. Онда Гүлжан мен Делдал.

Д е л д а л. Басында қалай, қайтіп қана түсіп қалғансың осы адамдар торына?

Г ү л ж а н. Папам үшін түспедім бе?

Д е л д а л. Бәсе, сол күнде көніп пе едің?

Г ү л ж а н. Сол күні несі? Бір күн де көнген емеспін ішімнен. Тек әкемді абақтыдан, анамды қорлық азаптан құтқарам деп, жаманшылықты солар басынан тайдырам ба деп, уақытша “сөйлессін, көрейік” деген едім ғой.

Д е л д а л. Сол күнде сені “көніпті”, “Шәріп алатын болыпты” деген сөз шықты ғой. Мен содан үркіп кетпедім бе?

Г ү л ж а н. Ол Жаппас пен Күлпаштың әдейі шығарған лақабы. Әрі соған бізді мойындата берем, көндірем деген ұйғаруы емес пе еді?

Д е л д а л. Менің саған деген көңілім... Гүлжан... жай ғана құрбының, замандастың тілеуестік көңілі емес. Мен сол күндерде сен үшін басым кетсе – бармын деп жүрген жан едім ғой...

Г ү л ж а н. Неге кешіктің, ендеше? Неге сол күнде сездірмедің маған?

Д е л д а л. Мен сездіргенше, өзгелер жолымды кескен жоқ па? Бүгін, міне, жаңа естіп келдім, болыс бар, Жаппас пен анау айлакер би Жекен бар – барлығы Шәріпті ортаға алып, сені алып кеткелі келе жатыр. Соны хабарлай келдім. Сызгендерің бар ма?

Г ү л ж а н. Анам естіпті. Қазір папам екеуі өлердей ауыр құсада, өртенгендей күйде отыр. Мен де жеттім жетер шегіне!..

Д е л д а л. Күйді не, жанды не! Оқыған әке-шешенің оқыған қызы бола тұра, сенің осындай болып кеткеніңнен де өлген артық еді!

Г ү л ж а н. Шын айттың... Удай болса да, барлық дұрыс, шынды айттың. Менің сол күйге жетіп тұрған жайым бар. Жаның құрбы жас едің. Ең соңғы байлау алдында жалғыз ғана өтінішім болсын, өмірлік тілегім, зарым болсын, алып кетші мені бір жаққа! Екеуміздің де аз да болса оқуымыз бар. Қырдың қараңғы жасы емеспіз ғой. Әкпетші мені өмір қорлығынан, ар қорлығынан!

Д е л д а л. Ой, жаным-ай, Гүлжан-ай... Бүгін айтатын сөз емес еді ғой бұл!

Г ү л ж а н. Не дейсің, мен осы сөзді оңайлықпен айтты деп пе ең? Сенен де естіген жауабым осы болды ма?

Д е л д а л. Бұндайдың заманы ма? Менде не күш, не күдірет бар?

Г ү л ж а н. А, рас... Жаңылыптын ғой. Суға кеткен тал қармайды дегенде, тал құтқармайды, бәрібір су түбіне кетеді деген мазақпен айтады екен ғой. Болды, бар ендеше... Қош, жастық, қош мәңгіге қор болған жастық!..

(Айнала беріп у ішеді. Делдал өз бетімен теріс бұрылып тұрып, Гүлжанның кінәлағанын байқайды.)

Тек қорлықтан, ар қорлығынан сендер ғана аман қал, адал, ақ жандар... Әлсіз, шарасыз ғазиз ата-анам... папам... *(Ауырлап, қиналып құлай береді.)*

Д е л д а л. Не болды, Гүлжан-ау, не болды, жаным?! О, сұмдық, асыл жан, алтын сәуле! Не болды саған? *(Ұмтыла береді.)*

Г ү л ж а н *(жығылған күйде)*. Қош, дүние!.. Қош, өгей өмір!.. Уу... Уу... *(Үзіледі.)*

Д е л д а л *(жүгіріп)*. Гүлжан! Қайран сәуле, асыл жан! Қор болған мен... Көз алдымда айрылдым ба аққуымнан?..

Айыпсыз, аппақ аққуымнан... Қор... неткен қормын мен!
Сана, Бедел аға!

Сана мен Бедел шығады. Бедел сауытты көреді.

Б е д е л. У... у... ішкен.

Д е л д а л. Есіл асыл жар! Аққудай аппақ таза жан!
(Жылайды.)

С а н а. Сорлы балапаным... Ғазиз жаным, осыған жеттің бе?

Б е д е л. Осыған жетіп пе едің. Осы ма еді тосқаның, жауыз дүние, өгей өмір! Сүм дүние!..

Делдал шығып кетеді. Аздан соң Жаппас, Хажен, Шәріп шығады. Делдалды ертіп Жекен келеді. Кейін Кұлпаш, Шарапат, Асан, Биби дабырласып түршігіп, қатаң сөйлей жүгірісе келеді.

Д а у ы с т а р. У ішкен! Өлген?

– Өзін өзі өлтірген дейді.

– Неғылған сүмдық!..

– У ішкізген шешесі де...

– Уды тауып берген кім дейсің, әкесі емей?

Б е д е л. Үзілді... Бітті, кетті ұшып асыл жаным, жарығым! Жарадан да, сүм мазақ, қорлықтан да құтылдың!

Ж а п п а с. Құтылдың дейсің бе, құтқардым демей ме екенсің?

Ш ә р і п. Гүлжанды құтылдың дедің ғой. Ендеше, мырза Бедел Бегенов, патшалық әділ заңы бойынша ел бүлдіруші подпольщик социалист, ақ патшаның жауы – Бегенов Бедел, сен өзің тұтылдың!

Х а ж е н. Жаңа школ ішінде күзетшінің подвалына тығылған патшаға қарсы қара кітабыңның бәрі табылды. Індеріне су құйып, протоколын жасап келіп отыр мынау Шәріп пен Жаппас. Мен де екеуінің қолындағы протоколына мөрім бастым. Мінекей, қызыңның сенің ақылыңмен жеткені сол болса, өзіңнің ез қылығыңнан тапқаның мынау.

Ш ә р і п (жаңа кірген стражниктерге). Алындар, тұтқынға мынау Бегенов қылмыстыны!.. (Беделді ареске алады.)

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

ҮШІНШІ АКТ

Үшінші сурет

Жоғарыда Тарих пен Бедел.

Б е д е л. Енді қай дәуірге ауыстық?

Т а р и х. Енді сіздің Октябрьден бергі шынға жақын өміріңізге ауыстық.

Б е д е л. Қай шақтан бастап, қай кезді шоламыз?

Т а р и х. Қазір сіз де, Сана да Москва университетін бітіргенсіздер. Мүмкін, сізге қазір көмескі бұлдыр тартқан, ұмытылған жайлар да, ойлар да болар. Бағыңыз.

Қараңғылық. Төменде желісті, көркем мәдениет сарайының көп колонналы фойесі. Әріректе кітапхана. Оқушылар. Зал ішінде Орман мен Сана сөйлесіп келе жатады.

О р м а н. Мына мақалада мол еңбек, білім сезіледі. Мен кешеден бері кітапханаға әдейі осы еңбектеріңізді оқуға келіп, бүгін бітірдім. Екеуіңізге де қатты ырзамын.

С а н а. Орман аға, бұндағы еңбектің көбі Беделдікі. Өз жақыным дегендік емес, Бедел шын мағынасында ғылым адамы болып келеді. Бұны осы Москвадағы біздің саладағы ірі оқымысты орыс адамдары да айта бастады.

Бедел кіреді.

О р м а н. Мен сіздің екеуіңізге де енді сіздер ірі мақсат етіп, соңына түсерлік бір өнімді өріс, ойлар бар екенін ескертер едім.

Б е д е л. Айтыңыз, Орман аға!

О р м а н. Сіздер Россия тарихының арнаулы дәуірлерін зерттеп, мол білім алдыңыздар. Ғылымдық осы тәжірибе әдісті бұдан былай қалай, қайда қолданбақсыздар?

С а н а. Әрине, біз өз мамандығымыз бойынша шұғылданамыз да.

О р м а н. Рас, ол дұрыс. Бірақ отандық кең ғылым сіздерге артар міндет бар.

Б е д е л. Ол қандай міндет?

О р м а н. Біздің бар халықтар туысқан, тең күйде социалистік жаңа мәдениетін жасап келеді, солай ма?

С а н а. Әрине, солай!

О р м а н. Бар салада халықтар, тарихтар алтын дәуір – возрождениесін бастағалы отыр. Бастап та жатыр. Солай болса, сіздер өз біліміңізді енді өз халқыңыздың, туған өлкеңіздің өткен шағы мен бүгінгі жайын зерттеуге арна-уыңыз қажет емес пе?

Жаппас пен Күлпаш келеді.

Ж а п п а с. А, мен Беделді іздеп ем. Бұнда бір үйір туыстар отыр екен ғой...

О р м а н. Сіз де келіп сол үйірге қосылыңыз.

Ж а п п а с. Айта беріңіз. Сіз бір келелі кеңес сөйлеп отырған тәрізді едіңіз ғой.

К ү л п а ш. Біз әлде оңаша сөздеріне бөгет болармыз.

О р м а н. Оңаша емес, сіздер де еститін сөз. Отырыңыздар. Естүімше, сіз де биыл оқу бітірдіңіз ғой.

Ж а п п а с. Иә, мына Бедел оқыған факультетте мен де оқыдым.

О р м а н. Келін де... Жолдасыңыз да солай оқып па еді?

К ү л п а ш. Жоқ, ағай. Мені ондай көп оқыған шығар деп сезіктенбей-ақ қойыңыз. Біз оқымай, тоқыған дейтін кісі боламыз. *(Күледі.)*

С а н а *(әзілмен)*. Бұл кісі кеудесіне тоқыған.

К ү л п а ш. Иә, біз сол кеудеге жиған кісіміз.

О р м а н *(күліп)*. Түу... барша адамзат ақыл-есті басқа жиюшы еді. Сіздің ақылыңыз кеудеңізде болғаны керемет екен, ә?

Ж а п п а с. Ал, ағай, жаңағы сөзіңізді айта беріңіз!

О р м а н. Айтсам, мына тарихшы бола бастаған достарға мен совет ғалымы боп, өз халқыңыз қазақтың тарихын жазыңыз деймін. Қазақстан аталған өлкенің бағы замандардан бергі шаруашылық тарихын, қоғамдық тарихтық өсу жолдарын, рухани мәдениетін, өзінше өнер дегенін және есею тарихын кең зерттеңіз деймін.

Ж а п п а с. Қызық ой екен... Бірақ біздің революция үшін, большевик партиясының бүгінгі міндеттері үшін бұның қандай қажеті болды екен?

Б е д е л. Қажеті неге болмасын? Біз қазір революцияның алғашқы жылдарында өмір кешеміз. Жақын уақыттың

өзінде Россия тарихы енді революциялық ғылымның тұрғысынан қайта жазылатын болады. Сонда орыс тарихы ғана болып жазылмайды, бүкіл советтік көп ұлтты, көп өлкелі мемлекеттің кең тарихы деп жазылатын болады.

О р м а н. Міне, дұрыс айтасыз. Менің де айтпағым осы жайлы. Сол бүкіл советтің, бүкіл отандық болашақ тарихтың Қазақстанға арналған саласын, зор бөлімін сіздер жазатын болуларыңыз керек. Соны және осы күннен бастау шарт. Не дейсіз, Бедел?

Б е д е л. Бұл жөнде Сана екеуміз екі жақтап аса көп деректер жидық.

О р м а н. Міне, ендеше бар күшіңіз, уақыт пен қуат, біліміңіз осыған жұмсалу қажет. Бұны және революциялық советтік ғылымның ең асыл міндеті деп түсіну шарт!

Ж а п п а с. Апыр-ау, солай деңіздер... Тыңдаймын, тыңдаймын да аң-таң қаламын!..

С а н а. Иә, неліктен?

Ж а п п а с. Осы сөзді сөйлеп отырған кісілер де өздерін большевикпіз дейді-ау, ә?

Б е д е л. Ал, не боп қапты? Большевикпіз демейтін несі бар екен?

Ж а п п а с. Көріп отырмын, танып тұрмын. Бұл сөздің түбі қайда апара жатыр? Қандай тон жамылып келіп, айлалы зиянға соғатын жол екенін жазбай әшкерелегелі тұрмын.

О р м а н. Сіз немене өзіңіз, арзаннан, оңайдан олжа тауып жүрген кісісіз бе, не демексіз?

Ж а п п а с. Сіз де шалмай сөйлеңіз. Мен, тегі, сынымды ірікпейтін, кімге болсын сорақысын бетіне бірден басатын кісімін...

О р м а н. Е, тік басып жүрген таразымын деңіз. Сорақыны таптыңыз. Бәлки, қылмысты да қосарсыз. Айтып көріңізші.

Ж а п п а с. Айтсам, большевиктік революцияның бірден-бір міндеті: ұлттық өзгешеліктерді айқындай беруге, сүйреп сала беруге бағытталмақ емес. Жақында халықтар бәрі табысады. Ұлттық тарихта рухани анау-мынау дегендерге ақыл жұмсау, күш бөлу арам. Осының түбі өзге емес, кеше ғана Қазақстанға, қазақ халқына бар кесірін тигізген, бүгін де арылып болмаған оңбаған ұлтшылдыққа апарып соғады. Білдіңіз бе, контрреволюциялық ұлтшылдыққа апарып соғады.

О р м а н. Е-е, сонда Қазақстанда, Украинада, Грузияда ашылып жатқан ұлт тіліндегі мектептер, баспасөздер, барлық жаңа социалистік мәдениет керексіз, теріс істеліп жатыр демексіз бе? Үкімет шараларын, партия қарарларын ревизияға алып, қайта бұздырмақ боласыз ба?

Ж а п п а с. Корқытпаңыз. Ондай демагогияңыздан ықтайтын кісі Жаппас емес. Тұра тұрыңыз, мен бәрін айтып берейін. Сіз қазақтың тарихын жазу керек дейсіз ғой мына Беделге?

О р м а н. Әрине, жазу керек. Ол қасиетті міндет деймін.

Ж а п п а с. Қасиет емес, залалға соғатын, біздердей жас адамдарды партия жолынан анық теріске бұрып әкететін бет нұсқап отырсыз.

Б е д е л. Әй, Жаппас, сен осы... адамды жалаламай, қараламай, ылғи жел жағына шығып алып күл шашпай-ақ сөйлесең болмай ма?

Ж а п п а с. Ә, сен солай дейсің бе? Сенің де мүйізің неден сырқырап тұрғанын көріп отырмын. Айтайын көне, тұра тұр!

С а н а. Айтқызындаршы, бөсе.

К ү л п а ш. Әй, Жаппас, немене, мыналар саған жабыла түскені несі жан-жағынан?

О р м а н. Айтсын. Айтыңызшы көне, жігітім?

Ж а п п а с. Айтсам, қазақтай түк қасиеті, тарихы болмаған елдің тарихын жазам деп әлдеқандай қоқсығы-бықсығын бұлдайтын боласаң. Қазақтай халықтардың тарихында мақтауға, мадақтауға тұрарлық түк те жоқ. Біздің тарихымыз Октябрьден кейін, коммунистік сананың, партиялық жолдың бойында ғана жасалады. Сол болады. Өткеннің бізге түкке керегі жоқ. Біздің революцияның қолдауына тұрарлық адамдар қазақ сияқты азиялық, патриархалдық надан елде болған емес. Қарасы өшкір, хандықты мақтайсың ба, қара күш, қара тоқпақ биді ақтайсың ба? Әлде өнерсіз, білімсіз оқымаған көрбала небір домбырашыны, өлеңшіні әй, пәлі-ай деп езеурейсің бе? Ондайды мадақтаймын деп жүріп, барып тұрған ұлтшылдық, идеализацияға жетесің. Партияға, советке залалды дәріптеушілікке жетесің.

О р м а н. Е-е... сіздің сөзіңізді естіп қалдық. Бұған дау айту арам шығын. Уақыты болса, мына Бедел сөйлессін. Мен сізбен сөйлеспеймін де!

Кете береді.

Б е д е л. Сен өзің ғылымдық жайда жай ойласу, сөйлесу орнына төбелеске бергісіз жанжалды ғана жақтап жүресің-ау. Не деген ұрыншақсың!

Ж а п п а с. Ә, сен менімен құрбылас, қатар оқығаныңды сылтау ғып осылайша тұрпайы түрде жаманат жаққың келеді ғой маған. Мен болсам шынды айтам. Сенімен бірге оқуын оқығамын, бірақ идеялық, негізгі жайда, партиялық қарызымызды ойлағанда мен сенің оны-мұнына қарамаймын. Тек жаңағы айтқан жолға басып көр, соңыңнан қалмайтын сыншың да, қарсы адамың да мен өзім боламын.

С а н а. Сен ғылымда айтысып, қатар іздену, зерттеу орнына Беделдің соңына ғана түсуді кәсіп етем деймісің? Жетіскенің біреудің соңында жүріп жем іздеу ме?

Ж а п п а с. Соңында дейсің ғой, жоқ соңында емес, сенің Беделің жүрмейтін жоғары жерден-ақ сол айтқанымды орындармын. Сертіме жетермін. Ұйыстырушы, басшы қызметте болсам не дейсің? Ер болсаң, осыған қарсылық айтып көрші.

Б е д е л. Мен сенің әлдебір орынға сайланғаныңнан жасқанып, ғылымдық зерттеуден қорғанады деп пе ең? Серт десең серт болсын. Ойыма алған, дұрыс деген ғылымдық жолға кәміл санаммен кірісермін де, ілгері басармын. Тек бөгет болып көр. Сен де біліп қой осыны!

Ж а п п а с. Білдім... Қай жерден қалай тосқанымды көріп ал енді! Жүр, Күлпаш!

Олар кетеді.

С а н а. Сен де жүр, Бедел. Детсадқа барып, Гүлжанды алып үйге қайталық. Жаладан тыс, бақытты бала буын дәуренін күтіп, соған қарай басайық. Татымсыздың тастаған жамандық тасынан жалтарамыз деп түскеміз жоқ бұл ғылымның жолына. Жүр, көріп алдық, серт болса серт болсын! Әкпел білекке сүйе білекті. (*Kemice bericedi*).

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Төртінші сурет

Жоғарғы жарық ішінде Тарих пен Бедел.

Б е д е л. Енді қай шақ? Тағы нелер көреміз?

Т а р и х. Он бес жыл өткеннен кейін сіздің басыңызға түскен бір қысылшаң шақты шолып өтеміз.

Б е д е л. Тағы да шытырман ба? Оның заманы емес қой!

Т а р и х. Оның заманы емес. Барлық жай басқа күй, басқа сипатта болады.

Б е д е л. Ескінің қалдығы сипатында ма?

Т а р и х. Ол аяқтан алған шағында “қалдық” деп аталса да, талай жанды азапқа да, бейнет пен қазаға да ұшыратуға жараған қырсық. Соны ескеріңіз, бағыңыз!

Жарық төменге түседі. Төмендегі декорация – екі буын. Бәрі де мол залдың кіре беріс – кулуары. Бұл тұстан арыға қарай өтіп жатқандар байқалады. Арғы төрде мол жарықты үлкен зал. Кулуарда Санаға, Жаппасқа, Күлпашқа ұшырасады.

С а н а. Жаппас, өмір бойғы көкейінді тескені Беделге мол қастық жасау еді. Тек арманыңнан шығып қал!

К ү л п а ш. Е, осы не қып жүр, Сана? Мен қасында жүргенмен, көп кілтипанын аңдамай қалам, айтшы осы маған да?

С а н а. Бедел еңбек етіп, кітаптан соң кітап шығарып, ғылым ізерлеп, қажып-талып жүрсе, Жаппас Беделдің әр шақтағы еңбегіне жармасып, жала жабумен қажып-талып жүрген жоқ па? Сол жайын ұққанымды айтып тұрғам жоқ па?

Ж а п п а с. Сана, сенің де өйтіп еркінситін, кекеп, мұқайтын шағың емес. Әуелі өз басың бүгін Беделдің қатесінен арылып, бірге кінәлап шығасың ба, соны айт!

С а н а. Менің не дейтінімді естисің ғой. Асыққаның не?

Ж а п п а с. Асыққан емес, арылғаным! Сақтандырғаным, білдің бе?

К ү л п а ш. Сонда ерінен жарын айыра сөйлемексің, осының да достығым демексің бе?

С а н а. Арылғаным деп тұр ғой! Айтқаныңды ақтамасам, қайтпексің?

Ж а п п а с. Онда бір айдан соң буржуаздық ұлтшылдың көмекшісі боп өзің де талқыға түсесің!

С а н а. Мені қорқады, жасып ықтайды деп зәрің мен көрінді қадап тұрсың ба?

Ж а п п а с. Қорықпасаң, егесіп көр! Шығаршы қазір үніңді!

С а н а. Жалақормен жарасып күн көргенше, ақтық жолда өлісіп бағармыз. Аулақ бол менен! Тыңдамаймын сөзіңді! *(Залға кетеді.)*

К ү л п а ш. Ал керек болса! Тілеуің бергір, Сана, айызымды қандырды-ау.

Ж а п п а с. Сен немене? Азғалы жүрсің бе, сен де! Буржуаздық ұлтшылдарға қимаң қышып неғып барасың өзің... байқа, бәлем!

К ү л п а ш. Е, мені де халық жауына жаз сөйтіп... Торымаған, жалаламаған жан қалдырма маңыңда.

Ж а п п а с. Байқа, байқап сөйле, қатын! Ұлтшыл тек тарихшыдан шықпайды.

К ү л п а ш. Қойшы әрі, жалмауыз деген жақсы атақ емес деп жалмай бермей жан біткенді.

Хажен, Жекен, Шәріп шығады.

Ж а п п а с. Ректор жолдас, зиянды профессорды қорғаштап, бүркемелеп созып-созып келуіңіз жетті. Енді бүгін бет ашып, ашық сынға толық жол бересіз. Бұл сөзді мен, декан жолдас Жекен сізге және бүгінгі ғылымдық кеңес бастығы, құрметті жолдас Шәріп, сізге де жолдап тұрмын. Не дейсіздер?

Х а ж е н. Ең әуелі біз жиылыс ашқалы тұрмыз. Оны білесіз. Одан әрі “бет ашып, жол бересіз” деп алдын ала бұқтырып, ықтырмай-ақ қоя тұрыңыз, Жаппас жолдас.

Ж е к е н. Бәсе, осы жиылысты сіздің мақалаңыз жөнінен шақырып отырмыз. Алдын ала одан әрі не тілемексіз?

Ш ә р і п. Күн тәртібіндегі мәселенің өзі сол-ақ, біреу-ақ. Мақалаңыз шыққалы бір ай өткелі жар құлағыңыз жастыққа тимей, сіздің тілегеніңіз сол еді ғой. Ал, міне, мақалаңыз талқыланады.

Ж а п п а с. “Талқыланады” дейсіз бе? Оныңызды қалай ұғынайық? Әлде біреулерге қарсы пікір айтуды да ұйыстырып жүрген боларсыздар?

Х а ж е н. Сіз немене, жиылыстың аузын буғыңыз келе ме?

Ж а п п а с. Ректор жолдас, ашық айтайын, сіздің көмейіңіз күлкілдеп күмілжи беретініңіз бар екен. Менің мақалам шыққалы табан бір ай болса да, содан бері үн қатпай залалды лекцияларын оқудан Бегеновты тыймай келгеніңіз тегін болмас, сірә! Бүгін осы жайлы әшкерелеп отырған мақаламды және талқылауға, тартқыға салғызбақ боласыз ба?

Х а ж е н. Сіз домбытбалап, қара борандатып, бүкіл институт коллективін үркітіп, ықтырып алмақ боласыз ба?

Ж е к е н. Мақалаңызды бұнда ойласып, салғастырып ұғынсын ба, жоқ, тек қана директива деп қабыл алмақ па? Қылмыс заңының белгілі статьясын қабылдататындай дігір саласыз. Өзіңіз бізбен әмірші, бұйрық беруші тәрізді сөйлесетініңіз қалай осы.

Ж а п п а с. Бәсе... мен осы тұрған үшеуіңіздің де осылай қыңыр жайылатындарыңызды сезіп тұр ем бағанадан. Білемін, Бегенов жалғыз емес, оны әшкерелетпей, қанат астында паналатып, оның үстінен бәйек болып, жабыла бүркесіп, жабыла қорғаштап жүргендер бар екені де айқын. Олар кімдер екені маған тағы да айқын. Мен қазір кесер сөзімді айтам. Мақалам талқыланбайды! Жиылысты осы айтқан бағытта өткізу үшеуіңіздің міндетіңіз. Маған осы жөннен жауап айтыңыздар.

Х а ж е н. Менің де кесер сөзім сол. Жиылыс өзінің дағдылы, заңды еркін жолымен жүреді. Сынайтынды сынайды, мінейтінді мінейді. Сіздің тізеңізден, қоқан-лоқыңыздан ықпайды.

Ж а п п а с. Ал мен тағы да соңғы рет есіңізге салайын, дәл бүгін не Бегеновты әшкерелеп шығасыздар, не осы ғылым кеңесінің дәл осы арада абыройын төгесіздер.

Ж е к е н. Біздің басымызға аспанды тастап жіберетіндей күш-құдіретті кім берген осы сізге? Әлек сала сөйлейтін ерекше күшіңізді айта түссеңіз қайтеді?

Ж а п п а с. Әлек-сәлегім сол болсын, біліп алыңыздар, жаңағы айтқаным орындалмайтын болса, енді бір айдан соң буржуаздық ұлтшылға, қаны шыққан қаскөйге, зиянкес ғалымсымаққа көмектес болғандықтан әрқайсыңыз жеке-

жеке де сол Бегеновше жауапқа тартылатын боласыз. Сөзім сол-ақ! Бастаңыз ана жиылысыңызды. Жүр, Күлпаш, залға жүр!

Әйелімен кетеді. Асан, Биби, Шарапат келеді.

А с а н. Немене, жиналыс бір ауыр, ұнамсыз жиналыс болғалы тұр ма, қалай?

Х а ж е н. Қатты сотқар тәтті жиналысты тілемес. Бірақ алдын ала үрікпендер де жапырылмаңдар.

Ж е к е н. Жаңағының өзі әр жерден шаң тастайды, корқытады-ау, ә?

Ш ә р і п. Кеудесін ұрып тұрған жоқ па? Күш алып тұрған шағым деп күпініп тұр ғой!

А с а н. Немене, өзі біздің коллектив осы іске қалай қарау керек тегі?

Ж е к е н. Қалай қараушы ек, Бедел Бегеновичке? Оннан аса шынайы үлкен ғылымдық еңбектер жазыпты. Осы институтпен бірге туып, бірге өсіпті. Тынымсыз еңбек етіп, бұрын жазылмаған қазақ тарихын сан кітап етіп жазып, жариялап келіпті. Рас, қатесі, кемшілігі жоқ емес шығар. Бірақ жалғыз, үздік ғалым адамымызды бүгін оп-оңай бауыздатып, Жаппастар тілімен айтқанда “сойғызып” қояйық па?

Х а ж е н. Қатесі жоқ емес шығар. Оны Бедел Бегенович өзі де айтпай қояды деп ойламаймын. Ал біз сын мен жаланың, қателік пен адал асыл еңбектің парқын айыра білейік. Бұндай жиналыстар біреуге ғана сын емес, жиналысқа да, жұртшылыққа да, ғылым, сапаға да сын екенін есте тұтайық. Мен институт абыройы мен беделі жөніндегі ең қымбат сыр сонда деп білемін. Бәрінің де өз иығында өз ойлы бастарың бар, ар-намысты жан-жағынан түгел ойлау жол болар. Ал мен бүгін осы жиылысқа обком хатшысы, жолдас Орманды да шақырдым. Не пікірі барын алдын ала айтқан жоқ, бірақ келмек болды. Көмек күтеміз.

Ш ә р і п. Түсінікті, жолдас директор. Жауапты ойды ескерттіңіз.

Б и б и (*Асан мен Шарапатқа*). Бұл кісілер жұмбақтау сөздер айтысты ғой, біз қалай етуіміз керек екен?

А с а н. Түсінікті деседі. Мешкей деген жақсы атақ емес деп, үлкен газет бетінде жаманат алып жатқанның өзі де оп-оңай пәле бола қоймас. Өзім білсем, сонау нервыға тиерлік жайттардан сақтана тұрған дұрыс болар ма, қалай болар екен?

Б и б и. Ә, сіздің аужайыңызды түйдік. Тілге ие болу керек. Ақырын, кішкентай... бұқпантайлау керек деп тұрсыз ғой.

Ш а р а п а т. Үндемеген озады дейді ғой бұл кісі. Шиеленіскені құрсын, пәлесі құрсын дейтін шығар. Ал біз өзіміз жаңағы директор жолдастың бетімен берекелі қауымның біркелкі тұтас бағытымен болсақ керек. Солай емес пе, Биби?

Б и б и. Мен Асан ағадай жасаң ағадан гөрі Шарапаттай керемет апаға ергенді мақұл көрсем керек. Әйда, кеттік!

Шарапатпен екеуі Асаннан бөліне кетіседі. Сахнада Шөріп қалған. Делдал мен Гүлжан шығады.

Ш ө р і п. Гүлжан, немене, сіз бүгін осында келу қажет деп білдіңіз бе?

Г ү л ж а н. Оны қалай айттыңыз, Шөріп аға? Туған әкемнің намысы, өмірлік еңбегі сарапқа түсіп жатса, мен мұнда келмей, қайда келем? Келін боп қашып жүріп күн көрем бе?

Ш ө р і п. Жоға... айналайын! Осындай сәттердегі кейбір сәтсіз сөздер, үндерден сіздің құлағыңызды қорғағым ғана келгені. Әлде бұным жөн де емес шығар? Ағат айтсам, айып етпеңіз.

Г ү л ж а н. Әрине, бұныыз ағат шығар, Шөріп аға. Себебі мен оранжереяда өскен үлпілдек гүл емеспін де, ондай болсам оңбасын да.

Ш ө р і п. Жақсы айттыңыз, айналайын Гүлжан. Ал, Делдал, сіз де іштей бекінгеннің бірі боларсыз?

Д е л д а л. Әлбетте, бос келген болмаспын.

Ш ө р і п. Әлде, Бедел Бегеновичті қорғап, айтысқа да батыл қатысарсыз?

Д е л д а л. Әрине, қатысамыз. Қажет болса, қорғаймыз да. Ал, сіз ғылымдық кеңес бастығы, өзіңіз қай ниетпен сұрақ салып тұр екенсіз?

Ш ә р і п. Ай, жігітім, сіз мені енді Гүлжанның көзінше өйтіп, онша торымаңыз, жолдас Бедел Бегенович пен біздің сырымыз сіз тараптан торуды, топшылауды керек етпейтін болар.

Д е л д а л (*күлін*). Ендеше, өзіңіз айтқандай, Гүлжанның көзінше мені сіз де Бедел Бегеновичтің пайдасына қарай шүйлемей-ақ қойыңыз.

Ш ә р і п. Бәлі, жігіт, сіз мені түсінбепсіз.

Д е л д а л. Ендеше, тілегеніңізді айтыңыз.

Ш ә р і п. Бәрекелде, тілейтінім: менің мына Гүлжанмен бір ауыз ғана оңаша сөзім бар еді.

Д е л д а л (*күлін*). Е, бәсе, бағанадан соны айтсаңыз етті. Мен кете берейін!

Г ү л ж а н. Делдал, кете берсең де, мүлде кетпе менің қасымнан.

Д е л д а л. Өйтер болсам, мені тәңір атсын да...

Г ү л ж а н. Ендеше, дәл қасыңнан маған орын ал. Қазір жетем. (*Шәріпке.*) Иә, маған не айтпақ едіңіз, Шәріп аға?

Ш ә р і п (*қысылғандай*). Гүлжан... қымбатты асыл! Сондай сұлу, сондай нәзік, ақылды Гүлжан..

Г ү л ж а н (*тіксініп*). Сіз немеңе, мені көз алдыңызда ұстап өлең шығарғалы тұрсыз ба? Ақындықты неғып көксей қалдыңыз! Әлде осы шақ шабыттың сәті дейсіз бе? Не айтпақсыз?

Ш ә р і п. Айтпағым: алдыңғы күні конвертке салып хат жіберіп едім. Өзімнен басқа ешкімге мәлім емес-ті. Ал соның... соның жауабы. Көңіліңіз... Гүлжан... жауабыңыз не болды десем екен?

Г ү л ж а н. Сіз осындай күнде менің әкемнің басына жала, жара атаулы төніп тұрған шақты аңдып кеп, маған хат жазасыз. Менің жүрегімді жібітпек боласыз. Бұл не, сауда ма? Ар саудасы ма, жан саудасы ма?

Ш ә р і п. Ойпыр-ай, Гүлжан-ай, айналайын-ай, соншалық сұмдық па еді, менің өзіме сондай жазықсыз көрінген, сені жандай көрген жақсы ғана ниетім сондай сұмдық па еді? Неге соншалық қаттырақ, тұрпайырақ деп білдіңіз.

Г ү л ж а н. Тұрпайырақ дейсіз бе... Ендеше, мен сізге кесіп айтайын, бұндайлық мені қорлайтын, әсіресе осындай

мезгілде, өрттей күйдіретін беймезгіл, бейпіл мінезіңізден қазір тыйылығыз!

Ш ә р і п. Тұу, Гүлжан айналайын, тек өз басыңды сүйгенімнен басқа жазығым бар ма еді?

Г ү л ж а н. Айттым ғой, дәл осы арадан аяғыңызды қия баспай тұрып, бұл бөтен ниетіңізден тыйылығыз! Болмаса, үлкен болсаңыз, үлкен бола біліңіз. Бола білмесеңіз, үлкен болмақ түгіл, бұдан көрі, лақса кәрі болыңыз да... (сақылдап күледі) мен мына алақаныммен жағыңыздан бір-ақ тартамын. Өкпелемей, осыны жадыңызда сақтаңыз.

Ш ә р і п (бетін баса беріп). А-о, сақтай гөр, маскара боппын-ау. Айналайын, Гүлжантай... кеше гөр, қап-қап, кеше гөр!

Залға кіреді. Паузадан соң арғы зал бері қарай айналып келеді. Онда президиум столы. Ортада Хажен, Жекен, Жаппас, бастық боп Шәріп отыр. Трибунада сөйлеп тұрған Беделдің үні естіледі. Кейін өзі көрінеді. Жақындай береді.

Б е д е л. Өздеріңізге мәлім, қазақ тарихы туралы менің алғаш жазған еңбегім, күрделі еңбегім бұл емес. Ұзақ көтерілісі туралы осы кітапты әзірлеу ретінде менің жазған үлкен мақалаларым одақтық журналдар бетінде әлденеше бөлімдерімен басылып келген. Оны бес жылдан бері өздеріңіз қазақ тілімен қатар орыс тілінде де оқытып келесіз. Жә, жөн емес, жалған деп қайсыңыз айттыңыз? Керек десе, мектеп кітабына да кіргіздіңіздер. Қазақтың ақын-жазушылары болса бұл тақырыпта өлеңдер, поэмалар, повесть, пьесалар да жазып келді. Мен жаздырдым ба солардың бәріне? Ол ғана емес, Қазақстандағы көп басшы адамдар да Ұзақ оқиғасын зор бағалап, әлденеше үлкен тарихтық документтерге де жазған жоқ па еді?

Ж а п п а с. Несін айтасың оның бәрін? Олар да адасты, қателесті деп айта алмайды дейсің бе? Жоқ, соларға тығылып қорғанбақ боласың ба?

Б е д е л. Мен ешқайда да тығылмаймын. Жазған сөзім, берген бағам қате болса, оны дұрыстап көрсеткен сындарды түсіне аламын. Бірақ менің айтпағым: бұл жөнде мен адасам, жалғыз адасқам жоқ. Қауыммен, бар жұртшылықпен бірге адастым.

Ж а п п а с. Бірге адасқан жоқсың! Сен алдымен

адастың. Сен бастап адастың да, өзгелерді коса адастырдың. Қарсы шығып, әшкерелеп келе жатқан жалғыз мен емес пе ем? Сен жағаласқаннан басқа көнгенің бар ма, сірә? Қашан мойындап ең?

Б е д е л. Сенің сыныңды мен алған емеспін. Себебі сенің сыныңның сын сиқы жоқ-ты, әрдайым советтік ғылым талабынан тыс, құрғақ жала, дәлелсіз дақпырт қана болатын.

Ж а п п а с. Сен, міне, қауымды адастырғанда осындай қыңыр, теріс, марксизмге жат, совет ғылымының партиялық міндетіне жат, бөтен мінезбен біздің қауымға әдейі қастан, залал етіп келгенсің.

Б е д е л. Мен мойныма алмаймын мұндай сұмдық жаланы!

Ж а п п а с. Баспа орны сені әйгілеп, әшкерелеп отырса да алмайсың ба?

Б е д е л. Алмаймын! Ол баспа орнына жазып отырған сендей ғылымға жат, жалақор!

Ж а п п а с (*айғайлан*). Жазыңдар мына сөзін протоколға! Авторитетті баспа орнын және жалақор дегенін жаз протоколға!

Б е д е л. Саған ергеннің бөрі адасады, маған иланған ғылым жолымен ізденеді. Өсу – іздену деген сөз. Бір тұстағы жетпегенге келесі сатыда іздене барып жетеміз. Бір шақтағы қателік – келесі кезекте түзеледі. Біздей елдің, өлкенің маркстік-лениндік тұрақты тарихы әлі жазылып болған жоқ. Сондықтан біз кейде амалсыз адаса жүрсек те түзейміз, ізденіп өсеміз, үдеп өсеміз!.. Ал менің адал, ұзақ еңбегім – сенің кәсіп еткен күн көргішің! Сонымен өзіңнің жеміссіз, ғылымға қас, күмәнді басыңды бұлдамақ боласың. Ақтамақ боласың, жалақор басың мен жалғаншы жасыңды!..

Ж а п п а с. Тарт! Тый жыландай зәрлі тілінді! Председатель жолдас, мен осында айыпкер боп келіп пе ем, мынау қой терісін жамылған қасқыр прокурорым болмақ па еді менің? Директор жолдас, кімге, кімге қарсы, қалай сөйлетіп отырсыңдар? (*Залда шу.*)

М ұ с т а ф а (*залдан*). Уа, сіз, сіз өзіңіз кімсіз осы? Бәсе, сіз кім болып, қалай-қалай сөйлейсіз осынша тыйымсыз?

Ж а п п а с. Әй, студент, тоқта, тоқта сен! Сен студентсің ғой, сірә, солай ма? Айтыңыздаршы, солай ма?

М ұ с т а ф а. Солай, ия, мен студент! Мен төрт жыл Бедел Бегеновичтің лекцияларын тыңдап, тәрбие алған совет студентімін. Ол адамнан біз білім алдық. Ал сізден не алмақпыз? Жалақорлық пен пәлеқорлық па?

Ш ә р і п. Токтат, Мұстафа Уәлиев, Уәлиев, мен сізге сөз бергем жоқ! *(Қоңырау қағады. Мұстафа өз сөзін айтып болып қана тоқтайды.)*

Ж а п п а с. Студент... аһа... әне, әне, көріндер, Бегенов еккен удың жемісін! Шантаж жасатпақ, шу көтертпек болған! Танып тұрмын сен студенттің сырынды. Басшың Бедел болса — саған не сорым. “Түйені жел шайқаса, ешкіні аспанда көрерсің” деген осы да! Бірақ тоқтат, түге, тәртіпсіздікті.

Д е л д а л *(айғайлан)*. Ең әуелі сіз өзіңіз тәртіпсіздік жасамаңыз.

Б и б и. Айтқызыңыз Беделге, өз дәлелін!

Д а у ы с т а р. Бөлмесін Беделді! Айтсын, айтпақ дәлелдерін!

Ж а п п а с *(залға айғайлайды)*. Ең алдымен сендер өшіріңдер үндерінді. Білемін, Беделдің адастырғандары аз емес. Осылай шулайсың ғой, тегі. Өрт салмақсың ғой шетіңнен?

Д е л д а л. Өрттің бәрі бір емес. Орынды өрт те болады.

Ж а п п а с. Не дейді? Не дедің? Жаз, жаз протоколға!

Д е л д а л. Бәсе, жаз протоколға. Зиянды өртті өртпен өшірер болар.

Ж а п п а с. Мен сонда... мен сонда зиянды өрт болғаным ғой, ө?

Д е л д а л. Көкек өз атын өзі шақырады. Біз, жастар, қарсымыз Жаппас мінезіне!

Ж а п п а с. Жас... жас... жастар... Жас сенбісің? Қарғайын десем, жалғыз, қарғамайын десем, жалмауыз...

М ұ с т а ф а. Сіздің бар мораліңіз мақал екен, тегін емес қой, тегі, сол да.

Ж а п п а с. Ә, несі бар? “Сөздің көркі — мақал, жүздің көркі — сақал!”

М ұ с т а ф а. Бәсе, “жаман сиыр соқпақшыл, жаман кісі тақпақшыл” деңіз. Әлдеқашан жүзден жойылған сақалдан, әлдеқашан тозған мақалдан мораль жиыңыз!

Ж а п п а с. Жиса қайтеді екен?

М ү с т а ф а. Қайтсін, сіз ескі жұртта қалған ескі мораль адамысыз. Ал біз... біз, сіз емеспіз, ескі феодалдық ауыл қалдығындай!..

Ж а п п а с. Доғар, оскорблять... жоғал, басбұзар!

Б е д е л ь . Если будет говорить товарищ Орман, и я прекращаю свою речь. Я приму все, что будет предложено мне его устами. (*Сходит с трибуны.*)

Ж а п п а с . Попробуй не принять! Посмотрю я на твоё упрямство. Кувыркком полетишь в пропасть!

Ш а р и п (*пошептался с Хаженом*). Мы все тут присоединяемся к голосу из зала. Поэтому предоставляем слово специально по этому вопросу приехавшему из Москвы всесторонне осведомленному в данном споре, выдающемуся нашему ученому товарищу Орману. (*Аплодисменты. Орман на трибуне.*)

О р м а н . Товарищи! По данному вопросу не только сегодня, а главным образом завтра и послезавтра на более расширенном совещании я сделаю особый доклад. А вообще говоря, проблему науки надо обсуждать в ином культурном качестве. Для этого надо науку освободить, и в первую очередь данное собрание и с данным вопросом надо очистить от болезненных, заразных и вредных примесей. Я хочу сказать, что прежде чем разобраться в ошибках, недостатках работы Беделя Бегенова об узакском событии,

мы подробно познакомились, проанализировали, познали и оценили весь его двадцатилетний путь ученого-исследователя. За исключением одного этого случая, вообще о Казахстане, о его народах, он всегда вел правильную марксистско-ленинскую линию в научной работе. Правда, есть недостатки и отдельные ошибки, о них на завтрашнем собрании мы скажем больше, разберемся глубже. А сегодня к данному серьезному вопросу, требующему обдуманного подхода, с особой озлобленностью накидывается явная несправедливость. Точнее, есть человек, зараженный злобой в этом зале. Это Жаппас, который собственными устами дает знать о своем клеветничестве и безмерной озлобленности! В Москве мы также полностью познакомились со всеми статьями, дешевыми, грубоклеветническими работами Жаппаса. В них он чернил высокоценные, многочисленные, важные для нашего народа труды Беделя Бегенова. Имя этому человеку, без сомнения, подлинный клеветник. Этот человек, постоянно окрашиваясь под тон нашей среды, сохраняет и проводит старые феодальные, староаульные клеветнические проделки сутяги. *(Сцена поворачивается.)*

Кульпаш. Господи боже! Что мне подумать! Что несет этот говорун!

Сана. Глаза людям он раскрывает. На ваш черный, невежественный вредный лик указывает он и говорит: “распознайте, раскройте глаза!” Не Жаппас, а Саппас твой муж, не Кульпаш, а Сарамас — неудержимая невежда — говорит про тебя! *(С трибуны, отходящей в глубину сцены, доносятся слова Ормана.)*

Орман. Не Жаппас имя этому человеку, а старая болячка невозвратно исчезнувшего феодального аула! И в нашей истории пришла пора заклеить подобных людей “позорным прошлым пережитком старого”. Не Жаппас ваше имя, а лживый клеветник, сутяжник! Вы демагог, от которого ни для науки, ни для трезвой честной мысли нет ничего, кроме зла и вреда! *(В зале гром аплодисментов. Трибуна все уходит вдаль в темноту.)*

З А Н А В Е С

Картина пятая

Наверху Тарих и Беделъ.

Б е д е л ь. Если можно, я опять высказал бы несколько спорных мыслей.

Т а р и х. О чем?

Б е д е л ь. Вот о людях и делах последнего этапа.

Т а р и х. Что вы оспариваете?

Б е д е л ь. Как же так, хазрет Хажен одной эпохи становится теперь ректором университета, возможно ли? Бывший пристав – теперь председатель ученого совета в лице Шарипа, таково и с Жекеном! Неужели обязательно из бывшего хазрета должен получиться ректор?

Т а р и х. А почему же, в таком случае, вы не добавляете и себя? Ведь и вы, обучая в старом медресе, были в ту пору муллой в чалме. Разве вы не признали в отношении себя это возможным состоянием?

Б е д е л ь. Верно, я признал это возможным, потому что я в детские годы действительно учился в медресе Хажен хазрета.

Т а р и х. Так почему же такие пути, особые жизненные пути, не могут быть у ваших сверстников – Хажена, Жекена, Шарипа, Жаппаса и Саны?

Б е д е л ь. Ну разве только вот так должно было сложиться?

Т а р и х. Не обязательно, но могло быть и так! Не было бы Октябрьской революции, ведь не менялись бы старые времена и нравы! И эти люди родились бы, не правда ли?

Б е д е л ь. Ясно, родились бы.

Т а р и х. Если бы родились и стали жить, где бы им быть, как не в своей общественной среде!.. Есть кое-что и в предстоящем другом. Наблюдайте и за ним! *(Свет внизу. Авансцена изображает фойе, а вдали зал. Выходят Хажен, Жекен, Шарип, Шарипат, Биби. У каждого в руке пачки телеграмм.)*

Ж е к е н. Как много поздравительных телеграмм! Думали, что о трудах Беделея Бегеновича во всех видах знаем только мы, живущие возле него! А смотрите, как много народу нашей Родины знает его.

Хажен. Вы разделили телеграммы каждого города в отдельности? Сейчас на торжественном заседании хоть надо сообщить, из какого города сколько телеграмм пришло. Товарищ декан, вы дали такое поручение?

Жекен. Дал, товарищ ректор, сейчас.

Хажен. А ну-ка, у кого какие города?

Шарип. У меня вот большая пачка московских телеграмм, а в другой руке телеграммы ленинградские.

Жакен. А у меня из Киева, Ташкента.

Биби. У меня из Тбилиси, Еревана.

Асан. У меня из Ашхабада, Сталинабада и Фрунзе.

Шарапат. У меня из Казани и Уфы!

Хажен. Все это телеграммы историков, которые знают, читали на русском языке труды Бедея Бегеновича и уважают его. Все из институтов истории Академий, из университетов и пединститутов. Есть из органов печати, от редакций исторических изданий, со всех концов Союза!

Жекен. Подумать, какие хорошие значения в них! Ведь это означает рост науки и у нас. Что высоко оцениваются в масштабе всего Союза имена людей, создающих эту науку.

Шарип. И тут почет не только одному лицу. *(Входит Сана.)*

Хажен. Делает честь не одному только лицу.

Шарип. Оказана честь всему фронту нашей науки.

Биби *(Сане)*. Как только вы умещаете в вашей груди столько радости!

Сана. Почему вы так сказали, Биби? Что я должна делать?

Асан. Даже у нас от радости грудь чуть не лопается!

Шарапат. Все мы не находим себе места!

Хажен. И как только восторженно рады все — наше передовое общество, наша молодежь, да и весь наш народ! Смотрите вон, зал все плотнее наполняется радостно волнуемой толпой! Море цветов, подарков! Идемте, окружим Бедея Бегеновича и выйдем к народу. *(Все уходят. Вышли Дельдал и Гульжан.)*

Гульжан. Вот вы уже и защитили. Поздравляю! Как чудесно! Точно к сегодняшнему дню.

Дельдал. Не говорите... Я так рад, что к такому торжественному дню, к радости Бедея Бегеновича, к его

достижениям я тоже как будто внес свою долю! *(Входит Сана.)*

Сана. Поздравляю, поздравляю, Дельдал, дорогой! Хорошо защитили вы диссертацию. От души поздравляю с вашей большой победой, достижением.

Дельдал. И ваша книга сегодня вышла из печати! И вас я поздравляю.

Гульжан. Только лишь я одна к такому чудесному дню пришла ни с чем.

Дельдал. И ваша диссертация ведь окончена?

Сана. Оппоненты дали хорошие отзывы.

Гульжан. Ну что говорить, когда вы все явились со своими трудами, достижениями, со славой, а я одна только запоздала, отстала. *(Раскрыв ладони.)* С пустыми руками!

Дельдал. Не говорите “с пустыми”. Со всеми моими достижениями и со всем тем, что во мне, возьмите меня! *(Сана смеется.)*

Сана. Верно! Дельдал это сказал вовремя. Пусть, дочка, твоей радостью, с чем ты придешь, станет ваше совместное с Дельдалом счастье, ваш славный той!

Гульжан. Ладно, мама... Мы согласны. Но это ваше одобрение позвольте нам осуществить после моей защиты диссертации, через неделю. *(Сана целует Гульжан и Дельдала. Зал поворачивается все ближе. На трибуне говорящий Беделъ.)*

Беделъ. ...Пусть я не потеряю равновесие, не зазнаюсь, в этот день особого уважения ко мне, оказанного мне Родиной и народом. Потому и выскажу одну истину холодного, трезвого рассудка. По природе я был средним человеком. Среднего ума, среднего дарования, средних достоинств, сердечных, людских! В труде и энергии тоже был подобен многим скромным средним людям. Если бы не наша история после Октября и сохранялся бы быт старого казахского аула царского времени со всеми условиями, я остался бы безвестным средним человеком, как многие и многие другие! “Средний из средних” – вот что вполне подходило ко мне! Самое высокое призвание нашей истории, коммунистического воспитания оказалось в том, что многих средних подобных мне людей взрастила, подняла до высокого видного положения. У многих

миллионов людей, подобных мне, в иные времена ушли бы безвестными угасшие в них иные дремавшие безмолвно пребывавшие в них возможности! И Октябрь так высоко вознес эти возможности их. Скажу ли об одном себе или о многих миллионах, с особо великой благодарностью ощущаю одну эту истину. Да, не я один, вы все, сидящие здесь, каждый в отдельности, вдумайтесь в свою судьбу! Оставалась бы мачехой старая история, кем бы был каждый из вас ныне? Если бы вы влачили дни и жизнь в безвременьи, как падчерица у злой мачехи, не стал бы один из вас ректором, другой деканом, иной сегодня не защищал бы диссертацию, другая казахская женщина не выпускала бы толстый том своего труда. Двадцатипятилетняя молодая казашка не закончила бы диссертацию, а была бы кем угодно в злой ее доле. *(Повернувшись к зрительному залу.)* Вы, советские люди, вы, братья, сыны и дочери социалистической эпохи, люди шестидесяти национальностей Союза, двухсотмиллионные соотечественники мои, только на один миг киньте взоры на собственную судьбу. Вдумайтесь, отвечая на один правдивый вопрос про себя: “Что дал Октябрь лично мне и моему поколению?”. Ответьте и измерьте по себе правду мира, сокровенный смысл жизни! Что такое жизнь, судьба человека? Всему этому ответ внутри в нас, в нашей личности. Самый глубокий великий смысл философии и истории нашей есть — мы сами, социалистический человек. Познайте. Вдумайтесь! *(Сцена поворачивается. Аплодисменты. Веселый шум. Закрывается занавес. После паузы, когда вновь открывается занавес, появляется начальная сцена пьесы, как продолжение пролога. В качалке, как в начале, спит Бедель Бегенович. Скоро к нему торопливо подбегают Сана, Гульжан. Будят его поспешно.)*

С а н а . Бедель, родной! Уже гости явились...

Г у л ь ж а н . Папа, тебя спрашивают!

С а н а . Ну, что с тобой, весь костюм смялся. Да смотри, что у него со спиной?

Г у л ь ж а н . Да вы посмотрите, мама, все лицо его тоже измялось!

С а н а . Бедель, родной, умойся поскорей. Да встречай гостей.

Б е д е л ь . О, неужели это был сон! Ох, как хорошо мне! Душа моя, Сана, как ты однажды рыдала, какое горе ты мыкала, а дочка, за тебя сколько раз сердце разрывалось у меня!

С а н а *(смеясь)*. Это все твои видения, друг мой!

Г у л ь ж а н . Папа, все то только в твоих сновидениях! А в самом деле у нас нет ничего, кроме радостей, торжества, и быть иное не может! *(Хохочет. Они уводят Бедея к двери, а навстречу гости.)*

Г о л о с а г о с т е й . Гости, мы, гости, приветствуем вас! Живите долго, Бедей Бегенович! Сто лет, Бедей Бегенович! Пусть еще больше ваших трудов. Да здравствует, да здравствует он!

С шумными радостными возгласами продолжает входить нарядная толпа гостей. Среди них и почтенные мужчины, женщины, также много молодежи. Света все больше, играет музыка.

Медленно закрывается занавес.

К о н е ц

ДОС – БЕДЕЛ ДОС

Бірінші актының жоспары

Бұл акт үш буын мезгілдерді суреттейді. Тарих пен Бедел әуелі көлденең жандар есебінде сахнада отырған екі-үш адам туралы сахна үстінен сөйлегендей мезгіл жайын айтысады. Сахнада жас жігіт Бедел, одан гөрі ересегірек мұғалім Орман және кейінірек бұларға Жаппас келеді.

Тарихтың Беделге мәлім етуі бойынша бұл шақ Беделдің Жәмәли хазірет медресесінен 15 жыл оқып, тамамдап болған шағын аңғартады. Қазір Бедел 25 жаста. Үш буын оқиғаның екінші буыны осыдан 15 жылдан соң, Беделдің 40 жасында болады. Үшінші буын оқиға содан 5 жыл кейін, Беделдің 45 жасында болады.

Бірінші оқиға Орман мен Беделдің әңгімесін баяндайды. Орман Беделге: “Сіз енді бала тәрбиесіне ауысасыз. Махалла нәрселерінің тағдыры сіздің қолыңызда болады. Тек қана иманшартты оқытпай, дүниелік ғылым оқытуыңыз керек. Айнала әлем өзгерісте, бұрынғыша өмір сүруге болмайды”, – деп, Беделмен кейде дауласа отырады. Ендігі мұсылман медресесіне дүниелік ғылымның, тәрбиенің, фән дейтін ғылымдардың кіруі керек екенін айтады.

Бедел бұл жайларды оқымаған. Сәл дауласады. Бірақ көбінше Орманның сөзін іштей дұрыс көріп, ұғынбақ болады. Орман өз ойларын, ағайын болғандықтан “ұялма” деп, өздерінің қастарына шақырып алып, Данаға да айта отырады. “Сен, Дана, маған қарындас боласың, сен де осы махалланың қыздарын оқытасың. Менің мынау Беделге айтып отырған ақылым сенің де есінде болсын. Сен де солай оқыт. Жас сіңлілеріңнің дүниеге көзін ашуға талап ет. Тек қана намазбен, оразамен, уәжіп, сүннөт, фарызды тәкірәрлаумен өмір кешкен аналар заманы емес”, – дейді.

Дана Беделден де бетер күдік айтады. Білмейтінін,

бұндайға әзір еместігін ескертеді. Орман бұның екеуіне де ақыл айтады. “Қираһәтханаға барып жазылындар. Мұсылманша газет, журнал оқындар. Мұсылман ғалым ғұламаларының, зиялыларының мен айтқан сөздерді әлдеқайда бағалы етіп ұғындырып таратып, жазып жатқандары бар, соны оқындар. Ұдайы газетке жазылып тұрындар” – деген сияқты нақтылы мәслихаттар айтады.

Бедел бұның көбіне үрке, тартына отырады. Кейін Жаппас келгенде Орман бұл сөздерді тыяды. Жаппас әңгімені Беделдің бүгін хазіреттен фатиха алғанын, дәріс тамам қылғанын, өзінің ондай ілтифатқа 17 жыл оқыса да ілінбегенін анық, ашық наразылық ретінде сөйлейді. Қызғаныш та етеді. Орман бұның жайын біледі. Оның дүмше, надан фанатик екенін ескерте, мысқыл етеді. Екеуі дауласып кетеді.

Жаппас Орманды кінәлайды. “Сен әлі жерді домалақ дейтіндерден боларсың. Осы күнде мұсылмандар арасынан да сондай кәләм-шариф сөзіне хилаф келетін күпірлік айтушылар шыққан”, – дей бастайды. Беделге өзінің Орманды жақтырмауын, кекетуін құпнатпақ болады. Схоластик медресенің фанатик шәкірті бұл шығи қыңыр, мүлде соқыр, саңылаусыз надан. Ғылым, фән дегендерге өш. Бедел оның Орманмен айтысқан дауына сөз қосады. “Кәләм шарифтің өзінде де айтылған аят бар. Сонда: “уәшшәмсү тәжрии ли мұстахаррен ләһә”, яғни “күн айналады, бірақ орнында тұрып айналады” – деген.

Жаппас бұған ашуланады. “Күн жерді айналады. Жер домалақ болса” деп, тақиясын алып аударып көрсетіп: “былай аунаған уақытында мынау Ормандар құлап кетпей ме жаһаннәмға, қайтып тұрады” дегендей даулар айтады. Орман ұрсысып кетіп қалады.

Жаппас Беделді айыптайды. “Сен осы Ормандардан жамандық үйреніп жүрсің. Сені хазірет білмей махалла балаларына дамолла етіп отыр. Сен Орманның сөздерінен басыңды тарт, уәз кеш, тәубеңе кел. Болмаса мен қазір хазіретке сені ертең махалла халқына ұстаз етіп әзірлер алдында “тоқталыңыз, бұл ынсафы таза емес жан” деп білдіремін” – дейді.

Бедел бұнымен ұрыссады. Араға түскен Дананы Жаппас және де айыптап ұрсады. Жаппастың әйелі де сөзге

араласып, Данамен, Беделмен жамандасып ұрысқа басады. Дана, Бедел екеуі оңаша қалып, жөргектегі баласы жас Гүлиярды қолдарына алып, уайым айтысады. “Сенің заманың болмаса, біздің заманда Жаппастар үнді шығармас, хазіретті де білеміз, бұдан аспас” – дейді.

Екінші буын оқиға осыдан кейін болады. Сахнада сәл қараңғылық пауза болып, сахна үстінде оқшау жарық ішінде Тарих пен Бедел көрінеді. Тарих мезгілдің екінші парасын аударады дегенде, бүкіл сахна кітап беті сияқты болады, бүкіл сахнадан жеңіл шымылдық үлкен кітаптың бір қағазы аударылып түскендей, жаңағы жұқа шымылдық аударылып түседі. Жаңағы үйде 15 жылдан соң сақалы молая түскен, бұрынғыша тақия, бешпент киген, сақал-мұрты мұсылманша алынған Бедел отырады,

Беделге айып тағылған. Өзі де, әйелі де дін шарттарын жақсылап тұтпайды. Мешіт намазына әр уақыт барып жүрмейді. Оқытып жүрген балалары шаригат хукімінен аз біледі. Әдейі тексеру жасалған. Сонда бұның оқытып жүрген балалары құранның аяттарын жатқа айта алмаған. Пайғамбардың хадистерін он жыл оқытқан ересек балалары ұғындырып бере алмаған. Мұхтасардың салат, зәкәт, ғұсыл, таһарат баптарының өзін де білмейді. Оның орнына әлдеқандай мұжтаһид, шағир болмыстардың бәйіттерін жырлайды. Молдаларды, халфелерді, исламият қағидаларын жамандайды. Инабатсыз шиғырлар шығарады. Бірнеше шәкірттері мұсылманшылықтан кеткен бұзық. Ерлер мен қатындар инсапсыз, ұятсыз түрде театр деген адам аздырушы мәжілістер жасалған жерлерге барған. Шаригат хукімін оқыту орнына Бедел өзі ұлдарға, оның қатыны Дана қыздарға тарих, фән деген бірдемелерді бастарын матастырып, дәріс қып беретін болған. Жігіттері, қыздары бір-біріне, құдай сақтасын, хаттар жазыса бастаған. Махалла халықтары Беделді зор кінәға, жазаға ұшыратуды хазіреттен, қалфелерден талап етеді.

Бедел қатты алысады. Ол Жаппасты, қазиды әшкерелейді. Халықтың кеше сүзек ауруда қаза болуына, ауруды көп таратуына себепші болған осы молдалардың жаназа, хатым, көп аралас жүрістері екенін айтқан. Сол үшін олар жауыққан. Бұл хазірет әділет айтады деп соған

жүгінеді. Хазірет, қалфелер жиылып махалла атынан Беделге, әйеліне бәддұға оқымақ болады. Сонда Жаппас сиқырлықпен аярланып, енді 15 жасқа келген Гүлиярды қазига тоқалдыққа бересің деп, “әйтпесе құтылмайсың” деген қатты қысым, пәле, ылаң салады. Бұл жайды естіген жас қыз Гүлияр анасы мен атасына жылап шағып, зарлар айтады. Әке-шеше қайғы налада. Өмір қасірет бас тұрмысы, азамат еңбегі, тәрбиешілік арманы бәрі ойран болған, я болғалы тұрған шаққа жетіп, оқиға үзіледі.

Сахнада қараңғылық үстінде пауза болады. Мезгілдің тағы бір парасы ауысып келгенін Тарих пен Бедел екеуінің сахна үстіндегі, бөлек сәуле ішіндегі кеуде тұстарынан ғана көрінген жүздері баян етіседі және де үлкен кітаптың бір беті ауысып түскендей мол сахна бойында жұқа шымьдық үлкен тарих кітабының бір қағазы тәрізді ауысып түседі.

Енді тағы сол үйде жүдей түскен, көне тарта түскен үй мүлік арасында сақал-шашына мол бурыл араласқан Бедел, қартая түскен әйелі отырады.

Хазірет бастап қазиды жақтаған сөздер бүгін шырқау шегіне жеткен. Гүлиярды ата-ана болып қолдарынан алпыс жастағы қазига тоқалдыққа жөнелтеді. Жаппас пен оның қатыны қатал жаушы және жау боп келген.

Балсары, Салсары аралық болған боп Жаппасты қостайды. Қатал қайратқа бекінем деген Беделді лоблытып, әртүрлі жаман-сұмдық қауіптер айтып, етектен тартады. Жылаған Гүлиярды Делдал уатқысы келеді. Бірақ онда қайрат та, ажар да жоқ. Ол қазидан да, хазіреттен де қорқады. Шынға келгенде “мені бір жаққа алып кетсең де, мынау жаһаннамнан құтқар” деген Гүлиярға жәрдемге жарамай қашады. Тығылып қалады. Қазиге, қалфе, Жаппастар болып Гүлиярды байлап тартып әкетеді. Хазірет келіп қалады. Лағынет айтқан, қарсылық білдірген хазіреттің өзіне де жүзбе-жүз бар зарын, наразылығын айтып ашынған Бедел мен Дананы бар жұрт жүзінде хазірет қарғайды. Екеуін де ғауамның бұзық жандары, бұл махаллада бала оқыту ғана емес, “бұл орында тұрмасын, көздері жойылсын” — деп үкім етеді.

Үйлерінен айдалып, егіліп жылап бара жатқан Бедел, Дана сахнаның соңғы қайғылы хал суретін аңғартады. Бірінші акт осымен бітеді.

Екінші актының жоспары

Сахна үстінде жарық, ішінде және де Тарих пен Бедел бейнелері сәулеленіп көрінеді. Тарих және де Бедел өмірінің екінші сападағы капиталистік дәуірдегі болуға мүмкін жайын баян етпек болады. “Бұл уақытта сіз орысша орта мектеп учительдік семинариясын бітіргенсіз және үйленгенсіз. Қазір оқу бітіріп, қызметке белгіленіп тұрған шағыңыз” – дейді.

Осыдан соң сахна ашылғанда, үстінде жылтыр сары түймелі сюртугі бар, сақал-мұрты жаңа шыққан жас учитель Бедел, әйелі Дана отырады. Бұлардың қасында жасы ересегірек, өңі-жүзі оймен, оқумен интеллигентше өзгере түскен Орман бар. Орман Беделге Россияның мектептері оқытатын ресми программа оқуынан басқа ұлы ой байлығы барын айтады. Ол озат ойдың басшылары, ойшылдары, қайраткерлері тудырған, тудырып таратып жатқан кітаптар, баспасөздер барын баяндайды.

Бедел көп нәрсені көрмеген, оқымаған болады. Орман бүгінгі патшалық тәртібіне қарсы әрекет етуші күштер барын айтумен бірге, ауылға баратын учительдің халқына әсер етер міндеттерін айтады. “Елді тілмаш, болыс, пристав, урядник, би, старшын дегендер жеп жүр. Соларға қаладағы ояз, соттар, крестьян начальниктері, облыс соты, губернатор кеңсесі пана да көмекші. Халықтың қорғаны болу керек, жоғын жоқтайтын жоқшысы болатын жас қауым өсіру міндет. Балаларды арыз, удостоверение жазатын, елдің зиянды қансорғыш күштеріне қастаны және бір жемқор топ етіп өсірмеу керек. Азамат боларлық әлеуметтік сананы үйрету керек”, – деп отырғанда осы әңгіме соңына Жаппас келіп араласады. Ол ұлықтарды жақтайды: “патшалық өкіметі жазықты емес, ол осы отырған сендерді, мені оқытып адам етті. Оқымаса қазақ, қара қазақтың халқы өзі бейна-уат” деп, Беделмен таласады. Орманмен ұрысады. Орман оны: “ояз кеңсесінде тілмаш болған сіздей адамдар халықтың бойындағы қансорғыш паразит болушылар”, – дейді.

Жаппаспен ұрыс үстінде Бедел мен Дана Орман жағын сәл сүйегендей болады. Орман кішкене Гүлиярды алдына алып: “Сенің заманыңда жақсылық болмаса, біз осындай

сатылған чиновниктер қорлығы жеңген, езген өмірден басқа сәуле көрер ме екеміз”, – деп кетеді.

Жаппас Бедел мен Данаға елге учитель боп барғанда жақсы чиновник болу, чиндер алу, қызмет бабында өсу, өрлеу жайын айтады. Өзінің планы бар, ол оқытушы болмақ емес. Қазір оязға тілмаш, кейін елге барып болыс болғысы келеді. “Сонда мал табасың, бедел аласың. Елдегі жақсы шұрайлы жерден қыстау салғызып, бір жағынан сау-да жүргізіп, оқығандықты солай пайдаланбақ, байымақ, бақ, дәреже таппақ болады. Ол үшін ұлықтармен келісіп істеу керек. Учитель болғанда елде патшалыққа теріс жандар болса, ол туралы жандарм бөліміне, қала берсе, его превосходительство полицмейстердің кеңсесіне жасырын хат түсіріп тұру керек” – дегенді де айтады.

Бедел бұны мысқыл ете сөйлейді. Ол “бар ұлықтардың дәрежесін баптап айтудан бастала ма жағынушылық?” – дейді.

Жаппас бұған жала, талап қоя бастайды. “Сен елде балаларды оқытасың. Ал әр бала патша ағзамды қалай величать етуді білуге міндетті. Ал сен, учитель, өзің де білмейтін болуың керек”, – деп, содан әрі Беделді табалап, өзінің жүйріктігін көрсетіп, оязға жазатын қағаздың, окружной сотқа жазатын, облыстық қаланың губернаторына жазатын, генерал-губернаторға қалай жазатын лауазымдарды шұбырта санап өтеді. Содан патшаны қалай величать етуді айтуды Беделден талап етеді. Бедел білмей мүдіреді. Сонда ол сұмдық естігендей болып екі көзін жұмып, дұға оқыған сопылардай басын шұлғып сусылдатып: “Его императорский величество” – деп бастап шұбыртады.

Бедел мен әйелін өзі мен әйелі болып сақтандырады да кінәлайды: “Мен сені осы жерден үлкен дәреже алдың деп есептеймін де, сыртыңнан бағамын. Сенің жаның менің қолымда. Әлгі диюдың жаны бір сандықта жасырын жататын жұмыртқа болушы еді ғой. Соны ертегінің ері тауып алып, жұмыртқаны қысып қалса, дию жалынып жетіп келетін еді ғой. Орманыңмен қосып бар дәрменіңді құртқанда мен құртамын. Көзіңді ашып жүр!” – дейді. “Байың аяғын аңдап бассын!” – деп, Жаппастың қатыны Қызғана және де Данаға доқ көрсетеді.

Бедел мен Дана бірінші актының соңында Жаппасты

Саппас деп, Қызғананы Сарамас деп сынап, жиреніп атақ берген еді. Мынау актыда осы бірінші буында сол атақты береді.

Сахнада сәл қараңғылық орнап, пауза болады. Бұл кезде Тарих пен Бедел әңгімесі айтылады. Енді он бес жыл өткеннен соңғы бір дәуір өмір көрінбек. Сахна ашылғанда Бедел, Дана орта жасқа келген. Беделдің мұртына ақ кіре бастаған. Қызы Гүлияр 15-16 жаста.

Жаппастың жаласы дегеніне жетіп, мектепке болыс Қажен, бай Жекен, пристав Жалау және Шәріпжандар келген болады. Бұлар тінту салмақшы. Мектеп балалары “Марсельезаны” жаттап алған. Осы мектепке жалған адрестен жасырын зиянды кітаптар келіп тұратыны сөз болады. Сонымен қатар жандарм Шәріп Гүлиярды тоқалдыққа сұрағанын айтады. Болыс пен Жаппас бұған болысады. Үлкен пәле Беделдің басына орнағалы отыр деп, Гүлиярды Жалау, Шарапат, Салсары, Белсары – бәрі де қамауға алады. Гүлияр өмірінде көнбейтіндігін айтады. Дана олардың: “қызыңа әсер ет, көндір, тоқтат” дегеніне аналық мейірімді жүрек аңдатып, қызына зорлық ете алмайды. Бірақ ері мен қызының екеуінің дерті бір араға ұштасқанына қасірет қайғыда. “Тым құрыса ойланайық, қызым ойлансын, уақыт беріңдер” – дейді. Қысталанда, өмір торының шырмауында тірлігіне лағынет айтқан күйде Бедел қалады.

Сахнада сәл қараңғылық қайта орнап, тағы пауза болады. Тарих пен Бедел тағы оқшау жарық ішінде көрінгенде, тарих парағы ашылып аунап түскендей, сахнада шымылдық үлкен кітаптың бір қағаз бетіндей аударылып ауыса береді. Бедел бұл сәтте Тарихпен дауласады.

Жаңағы болған сахна дәл емес деп таласады. Тарих күле мысқылдай тыңдайды. Ол сабырлы және өзіне сенімді үн, ой танытады. “Осылай болмақ керек” – дейді.

Бедел дауласқанда ол: учитель болмау керек. Учитель болса, бұндай ауыр күйге жетпеу керек немесе бойсұнбай, көнбей, биіктеп шығуға жарау керек дейді. Тарих күледі. “Сіз мен туралы сан рет “Тарих осылай ойлайды, солайша байлайды” деген шақтарыңызда мен сіздің қолыңызға жармасқам жоқ болатын”, – дейді.

Соңғы сахна ашылғанда Гүлияр у ішіп өледі. Бұл сурет алдында Делдал алдыңғы сахнадай қызға қызығып, жаны аштын, жақсы көретін күйлерін айтпақ болады да, енді болыс пен жандарм, әкімдер жасаған ізеттен ықтап қорқады. Қашып кетпек болған Гүлиярды осы сәтте алып қашамын деп келген мақсатынан айниды. Кешірім тілеп, жалтара береді. Сол үшін шығар жол таппаған Гүлияр у ішіп өледі. Осыны білген жаулар Беделдің бөлмесінде тінту жасап, Балсары, Салсарыдан куәлік алып, оның жасырын сақтап жүрген революциялық кітапханасынан табады. Сөйтіп, бар жауы жиналып Беделдің қолын қолекткімен буады. Сөйтіп, Бедел ұсталып абақтыға кетіп жатады. Қыз у ішіп өліп қалған. Дана қасірет үстінде талып жығылады. Бұлардың соңында Саппас пен Сарамас тұрып жауыздықтың игілікті жеңіп, құлатып, табанына таптап басып тұрған шақтағы шарқ ұрған зұлмат жаманшылығын танытады.

Үшінші актының жоспары

Бұл акт жеке-жеке үш сурет болады. Бірінші суреттің басында және де Тарих пен Бедел сахна үстінде, оқшау жарық ішінде бұрынғы әңгімелерден басқарақ болса да, Беделдің университет бітіріп, ғылымдық еңбекке ауысқалы жүрген шағын байқатады. Тарих айтуынша, бұл да Беделдің өзінің басынан кешкен дәл жайы емес, бірақ сол жастағы, сол белгілі жылдардағы жаңа бастаған жас ғалымның өмірінде болған ғана емес, болуға мүмкін жайлардың кейбір жиын суреті болатынын еске алады. Жалпы бұл акт Беделдің өз өміріне, өмірбаянына жақын жайларды баяндамақ. Бірақ бұның өмірін дәл фотографиядай қайталамақ та емес. Осы себепті Тарих Беделге бұл өмірдің кей шағын да шақ шолып өтейік дейді.

Сахна ашылғанда Бедел, Дана тұратын үйде бұлардың қасында жасы ересегірек, салмақты да келбетті, білікті ұстаз бейнелі Орман отырады. Ол Беделге марксистік-лениндік ғылымды және әлеуметтік саясаттық негіздер бойынша ұлт мәдениеті мәселелерін міндет етіп, қадірлі азаматтық борыш етіп сөйлейді.

Бедел өз халқының жасалмаған ғылымдық тарихын жазуға, құрауға күш сарп етпекші. Осы жолдағы болуға мүмкін қиыншылықтар мен асыл мұраттарды екеуі ғана сөйлемейді, енді Дана да қосыла әңгіме етеді.

Жаппас пен әйелі кейін келіп, осы әңгімеге араласады да, қыңыр-қияс сөйлейді. Ол ортодокс революция міндеті ұлттық өзгешеліктерді айтуға бағытталу керек емес, қайта халықтар бәрі табысады, ұлттық айырмаларға ақыл, күш жұмсау арам, ол әр-берден соң Орманмен, Беделмен дауласа отырып, осының түбі ұлтшылдыққа апарып соғады дейді.

“Қазақтай халықтардың тарихында мадақтауға, мақтауға тұрарлық, Октябрьден кейінгі коммунистік сананың, партиялық тәрбиенің қолдауына тұрарлық адамдар қазақ сияқты азиялық патриархалдық надан елде болмаған, ханды мақтайсың ба, қарапайым биді мақтайсың ба? Көрбала, өнерсіз оқымаған домбырашыны, өлеңшіні мақтайсың ба? Ондайды мақтаймын деп жүріп идеализацияға, орынсыз дәріптеушілікке кетесің!” – дейді. Дауласа келе, “сенімен бірге оқығамын, бірақ идеялық негіздік жайларда мен сенің сыншың да, қарсы адамың да боламын” – дейді.

Бұл жайда Беделдің зерттей бастаған тарих салаларын жамандауға, қатал сынауға айналады. Әйелі мұны қостайды. Дана мен Бедел, Орман үшеуі Жаппастармен қатты ұрыса айтысады.

Орман Гүлиярды сөз етіп: “сенің уақытыңда анық ғылым бойға сіңген, сүйегі ағарған оқымысты буын туып-өспесе, біздің уақытымызда әлі бірталай Жаппастар саппастық ете тұрар” – дейді.

Бедел ғылымға кеткенде, Жаппас ғылым, мәдениет істерін ұйыстырушы әкімшілік, басшылық орынға кетеді.

Екінші сурет

Тарих кітабының және бір беті аударылып түскендей халден соң, Тарих пен Бедел арада 15 жыл өткен соң болатын қиын-қысталаң бір шақты қызыға қыза сөйлесіп, ентелей қарап қалған болады.

Сахна ашылғанда университет ректоры болған Хажен, декан Жекен, министрлік өкілі Жалау және сот адамы Шәріп Беделді Жаппастармен қосыла қатты қысып, ортаға алып, кертіге салып жатқан шақ болады. Баспа жүзінде үлкен газетте Жаппас Беделдің еңбегін, қалың бір соңғы кітабын қатты сынап, айыптап шыққан болады. Соның ішінде хан тұқымы Қабыланды халықта тарихтың қамы үшін алысқан адамы етіп Бедел мадақтапты, ол теріс боп шығыпты. Бедел халықты, советтік буындарды көп жылдардан бері адас-тырушы болады. Университеттен шығару, көп жерлерде, қоғамдық орталарда Беделді айыптай әшкерелеу жайы қатар-ға қойылған. Салсары, Белсары, Шарапат сияқтылар Беделден сырт айналып, Беделді жазалаушыларға қосыла бас-таған шақ болады. Сонда партиялық жоғарғы орынның үлкен саналы өкілі болып Орман келеді. Ол Беделді ақтайды, болысады. Онымен ғана қоймай Жаппасқа үкім айтады. “Сендей адамдар біздің тарихта күні біткен, заманы өткен ескілік қалдығы деп танылатын мезгіл жетті. Сенің атың – жалақор, жалғаншы пәлекор, ғылымда, ойда мезгілі өткен демагог” – дейді. Беделдің еңбегі Москвада ғылымдық және партиялық үлкен беделді ортада зор баға алған ең соңғы күндер хабарын алып келеді.

Бұның алдында ғана қысқа ғана сөйлеген сөзінің Бедел Қабылан туралы “мен адассам қауыммен бірге, жалпы қазақ жұртшылығы революция басынан бері сынсыз қабылдап, құптап жүрген адам болғандықтан, сол жұртшылықпен бірге адасқан боламын. Ол мен тудырған тарихтың, мен қолдан жасаған адамы емес”, – деген болатын.

Бұл жөнде де Орман партиялық әділ бағаны айтады. Екінші сурет сонымен жаман жандардың жеңіліп, әшкереленуіне жақын шақты көрсетеді. Бірақ осының алғашқы тұсында Шәріп Гүлиярды өзіне әйелі өлгеннен кейін жас әйел ретінде күйеуге тиюге ойыстырмақ болады. Бұл сахнада Делдал бұрынғы актылардағыдай емес, әлдеқайда белсенді, жігерлі, Гүлиярға шынайы тең жақсы жас болған. Гүлияр соған сүйеніп, әкесі Беделдің қысылып тұрған шағының өзінде де Шәріпті бетке соққандай қатты мысқыл жаза жауап береді. Шәріпті күлкі, масқара етуге жарайды.

Бұл суреттің соңғы шағында шындық, коммунистік шындық социалистік дәуір тарих шындығы есебінде ескінің қалдығын жеңе бастаған жайға ауысады.

Үшінші сурет

Бұл суретте Киевтен, Ленинград, Қазан, Ереван, Ташкент, бастығы Москва өзінен Беделдің еңбегін көтеріп бағалап, танып жатқан деректер келіп жатады.

Бұнда Дана, Гүлияр өздері де ғылым адамдары болған. Ғылымдық баяндамалар, кітаптар әзірлеп жүрген өскелең совет әйелі болады. Делдал, Гүлияр көп уақыт білісіп, бір-бірін жақсы тану нәтижесінде ұғынысу қалпына жеткендіктен енді некелеспек болған кез.

Жаппастар мүлде бардан айрылып, жүні жығылып жай ғана күн көру халіне түсіп кеткен. Директор Хажен, Жекен, Жалау, Шарапат, Салсары, Балсары – бәрі де Беделді үлкен еңбек нәтижесімен өзгеше бағалап, оның ұзақ өмір еңбегін той ету де керек дескен сәттер болады. Бұл сурет тегі қысқа, бұндағы ең тиімді жай – Беделдің соңғы сөзі болады. Ол өзі туралы: “мен орташа таланты, орташа ақылы, орташа жүрек тазалығы, адамгершілігі, талап-қайраты орташа адам едім. Өзге жағдайлар болса, мен аса жұпыны орта көпшіліктің орташаның орташасы дейтін бірі болар едім. Өзге емес, мен өзімнің социалистік дәуірдің, Октябрьден бергі тарихтың, коммунистік тәрбиенің ең зор қасиеті, әр адамның ішіндегі барлық мүмкіншіліктерді сонша өзгеше өсіріп асырған, асыра қанат бітірген тарихтық жағдайды әсіресе алғыспен ауызға аламын. Мен ғана емес, осындағы бәрлерің өздерің де ойлаңдаршы, тарихтық өзге замандарда сендер кімдер болар едіңдер? Әлдекімнің әлдеқалай қалпын, болмысын, тағдырын кешер едіңдер? Бар совет адамы, социалистік дәуір ұл-қызы, өзіңе қарашы, өзіңе қара да, менің буыныма, менің өз басыма Октябрь не берді? – дегенді ғана ойлашы. Бар дүниенің шынын, сырын сол тұрғыдан қарап аңғаршы. Өмір, тағдыр, адам дегеннің менің білуімде ең бір терең мәнді түйіні мен тетігі осы жайда екенін ұғынып көрші” – дейді.

Осымен пьеса – спектакль біте бергенде, Тарих пен Беделдің оқшау жарық ішіндегі суреті де объектив жай

жабылғандай ақырындап, бәсеңдеп өше береді. Енді сахна пьеса басындағы интермедияның жалғасына ауысады. Сахнаға жарық берілгенде качалкада әлі ұйықтап отырған Бедел Бегенович көрінеді. Енді қызы Гүлияр, әйелі Дана жүгіріп асығып келіп, алғашқыдай қарбалас үстінде бұны үркітіп оята береді. “Ойбай, қонақтар кеп қалды, сені жоқтап, сұрастырып жатыр. Сенің костюмің уқаланып қалған, жүзіңді де ұйқы басқан. Тез бетіңді жу, тез қонақтарды қарсы алуға шық” – десіп, есін шығарғандай болады.

Бедел қызына, әйеліне жаңағы түсінде көрген олардың қайғылы шақтарын, көз жастарын әлдебір сандырақ түрінде: “сен жылап едің, айпыр-ай, Дана, сен қандай қайғылы болып едің. Қызым, сен үшін менің жаным шыға жаздап еді”, – деп, әр нәрсені ұғымсыз түрде термелей береді. Қызы мен әйелі екі жағынан қолтықтап, бұған күліп: “Оның бәрі сенің қиялың, досым, сенің қиялыңда болмаса, біздің кездерде жас қиял, уайым болған емес” деп мәз күлісіп, сахнадан Беделді алып шыға беріседі.

Ар жағынан: “Қонақтар! Қонақтар! Құтты болсын, құтты болсын! Жасаңыз, Бедел, көп жасаңыз!” деген қуаныш сөздермен, шат жүздермен ашық сөйлесіп, күліп, жадырай жайнап келе жатқан жақсы киінген әр жастағы оқымысты ерлер, әйелдер жүздері көріне береді.

Жарық молайып, музыка ойнай береді. Шымылдық жабыла бастайды.



ЕЛУ ЖЫЛДАН СОҢ

План № 1

Дилогиялық екінші пьесасы. “Елу жылдан соң”, “Жарым ғасыр соңында”, “Екі мың оныншы жылы”, “Жарым ғасыр өткен соң” (ат варианттары)



Адамдары

1. Бедел Бегенович.
2. Сана.
3. Гүлжан.
4. Жаппас.
5. Күлпаш.
6. Орман.
7. Хажен.
8. Жекен.
9. Шәріп.
10. Делдал.
11. Мұстафа.
12. Биби.
13. Асан.
14. Тарих.
15. Бастық — ұлы ғалым, совет бастығы.

ПРОЛОГ

Бедел мен Тарих. Енді Бедел шақырады тағы бір саяхатқа. Тарих таңырқайды. Қандай саяхатқа, бұл білмес заман бар, қандай соны болуы мүмкін? Әсіресе тарих білмей, адам білетін қандай сырлы сала тарих бар? Бедел сенімді. Мен сізге мәлімді сіздің өзіңізге баяндамақ болсам, ол өрескел болар еді. Әдін білмеу, дандайсу десе де сыйғандай. Бірақ мен сізді өзіңіз кешірген шақтарға шақырмаймын. Мен болашаққа шақырамын дейді. Тарих тартынады. Ол менің бармайтын... әдетте бармайтын, бармаған сапарым. Бедел – сіз адамзат қауымы халқының өткенін зерттеген ғылымсыз, зерттегеніңіз – адам. Ендеше, сол адам қауымы, халқы, қалыстары болып тарихты жасапты. Тарихты жасаушы адам. Рас па? – Рас! – Олай болса, алдағы болашақты да өткеннен бүгінгі тудырғандай (бүгінгіні бұрынғыдан, өткеннен туғызып отырғаны хақ қой). Тағы сол болашақты да тудырады. Болашақ тарихты бүгін жасай бастайды. Осы адамды артқа емес, бүгін ғана емес, болашаққа басқан адамды, заманды бір сапар бірге шегіп көріп қайтуға шақырар ем.

Т а р и х. Мен болашақты болжамаймын.

Б. Мен болжайын.

Т а р и х. Болжап көріңіз.

Б. Ендеше, жүріңіз, алға бастық.

Сахнада тарих беті аударылып, ашылып түседі. Тарих пен Бедел жерде, түстері мүлде жаңа, киімдері басқаша, жеңіл, көркем, көп бояулы сәнді күйде.

I АКТ

Т а р и х. Көп заман өтті ме? Біз қай болашаққа кеп кезіктік!

Б е д е л. Біз елу жылды, жарым ғасырды аттап түстік.

I сурет

Бедел, Сана, Жаппас жоғарғы ғылым советінде (Ұланбелде). Мәжіліс – бастықтар Хажен, Жекендер. Москва – телеқабырғада Хажен міндетті айтқан-ды. Енді жауап керек. Бедел, Сана, Жаппастар міндет алады. Бұрынғыны бүгінмен салыстыру үшін... Бүгінгі соңғы ұлы табыстар... Астық, аспапты меңгеру. Делдал тобы да алған.

II сурет

Бедел үйінде. Еңбек үстіндегі кеңес. Бедел, Сана, Жаппас, Асан, Шарапат, Күлпаш. Бұл топ өз міндеті үстінде, Сана, Гүлжан, Делдал, Мұстафа, Биби – бұларда да зор талап бар, табыс та зор. Олар физика, инженер, автоматика табыскерлері. Ойда қуаныш, бірақ Сана байқайды, Гүлжанда мұң бар. Ол жасырады.

III сурет

Делдал, Гүлжан, Биби. Делдал Бибиді аса құрмет етеді... Г. да сондай, бірақ өз іші ауыр, мұң тәрізді. Делдал аса зор ғалым жас. Москва ірі көтерген. Үшеуі бір табыс соңында. Соны жаңа тапқан. Гүлжан, Биби сыр сөздері, іштері толық тегіс ашылыспайды.

IV сурет

Сана, Бедел іс үстінде, көңіл алаң. Гүлжанда уайым бар дейді Сана, Гүлжан ата-анасынан жасырып көреді. Бірақ бір үлкен түйткіл бар. Ол үлкен жара... Не тірі болмақ, не қаза. Бедел, Сана қорқыныш пен қапада. Гүлжан жалғыз... уайымда... Биби сыр сұрайды, шеше алмайды. Делдал қоса жабысып сұрайды, сезбейді. Айта алмасаң ойла, сөзбен айтпа дейді.

Өзі тапқан аппаратты береді. Биби екеуіне береді. Биби кие сала Делдалды сүйгенін білдіреді Гүлжанға. Гүлжан күдігі анықталды. Гүлжан кимейді. Делдал ойын білгісі келеді. Ол ғалым, ғылым арманын айтады. Талап зор,

тартынған, түйық. Гүлжан екеуіне бөгет болуға болмайды. Мен жолдарынан сырт болуым керек дейді. Бекінбек, аспанға ұшпақ, өз сезіміне бағыттаған құрбандық өз өмірі болмақ. Ұшуға бекінеді. Делдал қайран, бірақ құрмет зор. Өздері жасаған жаңа аппаратты сынамақ керек. Айдан ауылға кеп түсу. Гүлжанға алғысы... Бедел, Сана қорқыныш әбігерде. Іс ауыр, жаңа міндет зор, көңілі болса жарым екеуінің де.

V сурет

Ұлы ғылым советі. Хажен, Жекен, Шәріп. Орталықтан хабар алған, асықтырады. Жаңбыр, жел, күншуақ беріп жатады бар құм-шөлге. Беделді, Жаппасты шақырады. Есеп – егіс қоры биыл 100 миллиард болмақ, анықтамақ. Бедел, Сана көңілі алаң. Жаппас дос – соны шын ашып айтады... Бәрі біледі. Гүлжан ұшқалы жатыр. Тегіс солай ұмтылады. Телевидение... Анау үшеуі Гүлжанды ұшуға өзірлеуде.

VI сурет

Делдал, Гүлжан. Делдал аппаратты кимегенді наз етеді. Ішін біле алмай қалғаны мұның арманы екенін айтады. Гүлжан аспанда, космоста кимек болады. Өздерінің шифры... Сонда әкеткен бір сыр бар. Биби тамаша күншуақ ашып Гүлжанды сүйіп жылайды. Үшеуі бір-бірінен ажырай алмай, ынтығысып айрылысады, айқайласып тайталасқан жақсылық, нәзік тазалық мінез, достық, махаббат балқиды. Гүлжан ұшады. Делдал Бибиді аймалап, еркелетіп, уатып, бірге аһ ұрып қапада қалады. Бұл екеуі сүйте ме, жоқ тек достар ма, белгісіз. “Гүлжан, Гүлжан!” дескен аһ ұрысқан көңіл нәзік, биязы, аппақ, кіршіксіз, мінсіз ақ сезімдері бар, жұмбақ жастар, жандар жүр.

VII сурет

Делдал бір жерде, Сана, Бедел бір жерде аһ ұруда... Не болды, Гүлжан? Не күйде? Хабар бір болып барып үзілген, енді не күйде? Сигналдар аппараттардан бар, жүрегі де

соғады, демі де білінеді, бірақ санасы, ойы, жүрек күйі қандай... Жаппас іс жөнінен асығады, Бедел, Сана жауап айтпайды. Делдал Жаппасты кінәлайды. Асан, Шарапат, Құлпаштар тегіс қиналып асығуда. Мәскеу советі, бұндағы совет қатты тығыз керек қып жатыр. Хажен, Жекен асығады. Бедел бірақ уайымда... 10 күн. 10 күн тыным, тыныштық ұйқы жоқ. Гүлжан не күйде? Көңіл алаң. Сана екеуі де жұмыс істей алмайды. Биби жылайды. Делдал оны уатады. Беделді, Сананы уатпақ болады. Қапа-қамырық бәрлерін басқан.

Жаппас есеп айтады бүгінгі. 1957 жыл урожайын есептеген – аз. Сол адам не деген қызық дейді. Аспан, жер, су қолында емес, ал өздері план жасайды. Және алам дегенін алады дейді. 1956 жыл алды. 1957 жылы және алды дейді. Беген(ов) алған жоқ дейді. Дәлелдеуге дәрмен жоқ. Жаппас “ұры бар ол кезде” – дейді. “Потеря” деген сол дейді. Бедел “не деген жалақор болар ең, баяғы заман болса” деп, сәл өзілмен қабақ ашысады. Тағы да хабар, хабар жоқ. Өзі ме, тірі ме?

VIII сурет

Орталық ұлы совет мәжілісі Ұланбел жауабын, ісін тосады. Тбилиси, Киев, Ташкент советтері өз бөлімдері бітірген, түсірген. Ұланбел ұстап отыр. Бар істі ұстап отыр. Бедел Бегеновке не болды? Хажен жайды айтады. Қызы Гүлжан космоста, хабарынан шошиды. Күн-түн ұйқы жоқ. Уайым, қауіп алма-кезек. Анасы Сана да үлкен деректер иесі. Ол да дертті. Ұлы Совет мүшелері Беделді түсінеді. Бәрі де ден қояды. Хабар сұрасады. Лондон, Париж, Мадрид, Рим, Пекин хабарлар(ы) – ұшып бара жатқанын айтады. Хабар, хабарлар. Бір сөз, бір ғана сөз бар – мәлімсіз шифр. Ұстаған жер шарында бір-ақ станция, ол – Киев, бірақ сөз не екенін түсінбейді. Бір-ақ сөз, соны жерде білген, түсінген бір-ақ жан. Ол – Делдал. “Мен сүйем” деген сөз. Өзі мен Гүлжанға ғана мәлім шифр. Делдал ғажап өзгеріске түседі. Қиналғаны ма, рахаты ма, сор ма, бақыт па. Биби түсіне алмайды. Жаңылдым, адастым сізден дейді. Сәл

ғана шындықты аңғарғандай сезіне бастаса, Гүлжанға сол дәрежеде қызғаныш айта бастағандай. Делдал түсінеді... Айтқызбайды ол сөзді. Бірақ екеуінің екі жерде ойлары сөйлейді. Оңаша Бибимен сахнада жоқ Делдалдың дауыстап сөйлеген ішкі ойлары, сөздері ашылады. Биби Делдалға сезігін айта бастап, өзі Гүлжанға әрі тамашалайды, әрі қызғанады, қызғанғанын өзі кінәлайды. Бұл көңіл, жүрек арпалысы. Делдал оңаша, оған Биби ойы естіледі, сөйлеседі, жүз көрісе алмайды. Оған шыдаса алмайды.

Сана, Бедел хабар, хабар тосуда. Қорқыныш, қайғыда. Делдал мен Сана, кейін Бедел, Делдал бұлар да ауыр құпия қайғы ішінде – тағы да зор қуанышпен іштей қанағаттанғандай. Сана оны түсінбейді. Тек Бедел ғана түсінген тәрізденеді. Зор үнсіз аңыру, пауза арасында сәл ғана бір елес, еміс хабар – бәрі ұмтыла 17 күн десіп аласұруда.

IX сурет

Бедел амандық хабардан соң іске басады. Сана екеуі көңілі құлағымен аспанға қадала түсіп, асығыс жоспарды орындасады. Асан, Жаппастар тек асығыс, бір ғана талап үшін алысуда. Бұрынғының ең зор табысын бүгінмен салыстыру керек. Сол себепті биылғы, екі мың оныншы жыл егісі, табысы қажет. Әлі орылмаған. Жаңбыр жіберуді бір мол учаскеге Қызылқұм сұрайды. Соған жаңбыр жібертеді. Үш күндік, екі күндік жаңбырды Мойынқұмға жібертеді. Арада талас. Жаппас 1957 жыл есебін теріс шығарған. Және соны құптайды. Астық шыққан, бірақ потеря бәрін жоқ қылған дейді. Ол кезде ұрлық бар... Талас... Мәскеу асығыс деректер сұрайды. Бұлар өзі кешігуі бүкіл дүние есебін бөгеп жатыр. Дүниелік кітап жазылады. Қытай бітіруге жақын, Орта Европа бітірген. Союз(да) Қазақстаннан басқа бөлімде бітірген. Бұл жайды телевизияда Хажен, Жекен айтады. Бұл да дау. Цифрлар аяқталмай тұр. Қызылқұм, Мойынқұм цифрларын береді. Бедел өз есебін береді. Жаппас пікірі особое мнение – талас, достар тартысы. Жаулық жоқ, бірақ келіспеу бар. Қуаныш хабар.

X сурет

Жерге Гүлжан қайтқан. Ұдайы бір сигналды, өзгеден бөлек шифр сигналды Делдал ғана есітеді. Мұстафа қызығып, жабысып сұрайды. Өзі білмек болады. Биби оған серік. Биби, Мұстафа бірдей Делдалдан Гүлжан хабарын сұрайды. Аспан телевизорда. Дүние станцияларының хабарлары. Мексика үстінен Родезия, тағы сондай көп станциялар хабарлары... келе-келе жатыр... Аспанда жерді үш айналып ұшып жүр Гүлжан. Телевизорда Ұланбел үстінен ұшып өтіп бара жатқаны тағы білінеді, көрінеді залға. Гүлжан хабары, өз хабары бірінші рет аман... тағы да шифр – “Мен сүйем”. Мұстафа сезік айтады Делдалға. Ештеңені аңдамайтын көңілмен қатты поэзиялық терең сырлы қасиетті айтады, махаббат қасиеті – егер Гүлжан осы ғажайып сапарды махаббат энергиясымен істеген болса, не деген зор қыран самғауы. Адамзат, махаббат сенің ең алғыр қырғын қанатың болған дейді. Делдал “айт, тағы айт” деп ынтығады. Биби “айтпа!” деп тоқтатқысы келеді. Ол кішірейе береді. Мұстафа бұл жерді түсінбей, Бибинің өтінішін жүрек толған асыл сезімінен дейді, өзі Бибиге ынтығады. Биби де бұған бейім, бірақ ол шыншынымен Делдалға ынтызар, тек түсінбейді. Делдалға не болды, не болды?.. Делдал. Хабар – Гүлжан келіп түскен. Қызылқұмға түскен. Бұндағы бәрі геликоптер мініп, ұшып жөнеліседі.

XI сурет

Гүлжан келген. Қайтыс сапарды управлять ететін Делдал аспабы ойдағыдай сыналды. Әңгіме осы аспап болатын. Гүлжан келе алмай, қайта жерге жете алмай қалуы мүмкін еді.

Москва, дүние хабар сұрайды. Хажен, Жекен “жоғары ғылым советінде Гүлжандар, Делдал табысы ақталды, сынаған Гүлжан. Ырзалығым, алғысым ретінде осы жиын ортасында сүйемін Делдалды” дейді. “Мен де сені Космосқа шыққаннан бастап “Жұлдызым, бақ жұлдызым болдың” дегемін” дейді.

Беделдер ең соңғы табыс – дерек итогтарын аяқтайды.

Елу жыл бұрын спутниктер болған. Қатынас ретінде Ұланбелде түйе, жылқы көлік еді. Бүгін сол Ұланбел қызы ракетамен айды айналып ұшып қайтты. Алдынан шыққандар геликоптермен ұшып барыпты. Елу жыл бұрын ұрлық, жалақорлық, қызғаныш дегендермен қатар түйе, арба, есек көлік еді бұл құмда. Бұрын қалыңмал болған, малға сатылған, үш әйелдің бірі болған қыз бар еді. Қазір қыз атағы қанат қыз; жарға жоғары мегзер жұлдыз жар болды. (М.О. Әуезов архиві, п. № 138, 81–87-бб.).

**Қырғыздың
батырлық
эпосы "Манас"
жырына қатысты
жинаған деректері**



Бірінші бөлім

Манастың балалық уақыты.

...Мұрынғылардан қалған сөз. Мұхаммет пайғамбардан кейін 475 ж. кейін түрік елінен, Түркістан жерінен Қарахан, Оғызханнан кейін Алашахан ұрығынан Байғоз, Ойғоз деген екен. Қашқар, Жаркент, Қотан, Аңшы, Көшер деген жайлардағы елді қоныстар екен. Байғоздың тұқымы Ажхан барыс, Асықкөл, Лепсі, Қарақорым, Ертіс, Сары-арқа... Бұлғар, Жоңғар, аяқ жағы Орал тауларына дейін таралған екен. Қасау, Байшор балалары бар. Қандан Төбей, андан Көкей, одан Боғай, Шығай, Шыбор, одан үш ұл болған. Боғайдан төрт ұл: Оразды, Үсен, Сағын, Жақып. Ханның Шыбыр деген ағасы өлген, одан кейін Жақып Шыбырдың Шыхан атты қатынын алған және Моңғолия халқынан Бүйебес Жайан дегенді Бакдәулет, Акқозы алған.

Ол жіберген бір кісі, Найзахан Қашқарда отыр. Екі Қашқарды, соның бірі Бозкерттік деген ханы бар Маткент атты шаары, мұрынғы аты Қарқыран, көне Тұрпан атанған.

Байынқойра жерім бар,
Біреуіне мыңың шақ келбес
Сазаншаң деген елім бар.
Қоясат одан тараған,
Қойы марал қармаған,
Мұртан жапан елім бар.
Мұны айтсын шоң Жолай,
Күрзісін қолға іледі.

19/VI–28.

Манастың айтушылары.

Бөлек сөзі. Мұнан 121 жыл бұрын Манасты қырғызда Асық руынан Келдібек ыршы, 50 жастағы кісі айтады екен. Келдібектің туғанына 170 (род. 1757) жыл болады. Мұнан бұрын Абылай келіп қырғызды шапқанда да айтылады екен. Абылай хан 1776 жылы шапқан дейді. Қырғыз есебі Келдібектен соң айтқан Балық жырышы. Оған да 80-90 жыл болған. Одан кейін Салықтың ұлы Найманбай айтқан дегенін Арыстанбек айтқан. Бұл өлгенге 50 жылға жақындап қалды. Тінібек ыршының айтқанын Бөлектің өзі де естіген, 1896 жыл.

Одан кейін Ақылбек деген ыршыдан естіген Тыныбек, Ақылбек Бұғы руынан. Содан кейін Сағымбайдан естіген. Бірақ Сағымбайдың бала кезі емес. Бұл күндегісінде үлкен айырмыс бар. Бар айтушының әңгімесі, сюжеті бір түрлі болып шығады. Сондай жұрттар, кісілері солар. Қатта Манастың аты да сол Аққұла болады.

Тыныбекті естігенде 80-дегі шалдар біздің бала шағымызда да ұққанымызды қолдаушы еді дейді. Дарыған деген сөзге нанбаймыз десе де, Сағымбайдың ағасы Әлішер деген туысқаны о да Сағымбайша айтушы еді деседі. Содан үйренген кісі Сағымбайдың айтуындағы жалғыз көзді қалмақ бұрынғыларда жоқ. Өз қоспасы болу керек.

Манас жайында ел аузынан және жазма источниктерден бөлек құраған сөздер. Орыс, қытай, араб, парсы, түрік және небір Европа халықтары тарихында Манас деген атақ жоқ. Бірақ орыстардың дін кітаптарында Иосиф пайғамбардың Манас деген баласы бар еле дейт. Искендір Зұлқарнайын заманында Аврам Құддыс уәлаятында Манас деген хан бар еле дейт. Мысырдың ең бірінші патшасының аты Манас еле. Мұндан 8 мың жыл бұрын. Манасты ырдағандардың сөзі: Талас өзенінде Манас деген батыр болды, оның қырық жігіті болған. Қырық жігітінің бастығы Алтайдан келген Оғузхан деген ұлы Алмамбет болды. Манастың 90 жігітпен әскері болуы. Манас ноғай ұрығынан болуы, Бақай деген ханы болған. Манас көбунше қалмақ, қытайменен ұрышқан. Қытайдың пайтахты қаласы Бейжінге барып, соғышта

жаралы болып келіп өлген. Манасты кейде орысменендағы жарыштырып қойот.

Манас заманындағы батырлар. Қалмақтан: Жолой, Қалдан, Мурадыл. Қытайдан: Қоңырбай. Қазақтан: Айдарханұлы Еркөкше, Айдархандын атасы Қамбархан, Қатағандан хан Қошой деген. Атбашыда Қошой қорғон дегенде тұрған. Қошой қорған салынғанына 500 жылшалық болду. 8-ші асырда Атбашы деген хан тұрған дейт. Үркеніш Қазақ деген хан болған. Қашқар, Сарқолдош қожа деген болған. Жонгор қырғызынан Бағыштын ұлы Ертолды болған. Жедігер Қойлонұлы туылғанына 500 жыл болған жоқ. Қырғыздан екі Кемінді жердеген ер өзү болған. Қай ұрықтан екені мәлім емес, Ертөштік деген батыр болған.

Манастың Шетемір хан қызы, Шашкей деген келіні болған. Бұл Әмір Темір болбосун. Манастың билеп тұрған елі Ноғай менен Арғын елі дейт. Арғын елі бұрынғы заманда басы мол атанған. Манастың туыс атасы Түменхан, Бойонхан еле дейт. Алтай Құрлы қахандардың: Түменхан, Бомұрхан дегендері тарихта дастан. Самарханда сақ Манас, Жақыптын ұлы шын Манас дейт. Үрімші олаятында Манас деген қала жана су бар. Манас Алукеұлы Қоңырбайменен соғушқан дейт. Алуке Шынғыштын немересі Алуке болбосун. Айхандын қызы Ақылбай деген келіні болған, қырғыз. Жақыпты кейде Айхан дейт.

Манастың ұлы Семетейдің Қамбарұлы хан Шоро, Тарықұлы Құлшоро деген жігіттері бар. Кей ыршылар: Алмамбетұлы Құлшора дейт. Манас ноғай аталды. Тобол менен Минуси қырғызлары келіп, ноғой аталған. Қашқарда Манастын қырық шоросунун кумбезі деген бар.

Айбике, Көбеш деген Манастың өгей інілері қалмақтан келген дейт. Қарлық түріктері ханын “манах” деген. 1220 жылы Шыңғыс күнбатыстан аттанғанда Ешім, Нұра, Тобол қырғызында Манасханұлы Тайбұқан деген болды. Мамық Манас болбосун. 1508 жылында тәйкейде қырғызда Мұхамет деген хан болған. Мұхамет айбынды қырғыз еркелеткенде Мамаш дейт. Мамашы Манас болбосун.

Ошол түні жердеген,
Алты сан Алаш ел деген,

Ал алашдын ішінде
Айтулу Манас ер деген.

Қашқар ыршылары: Манас Қиат ішінде Локуш деген елден еле дейт. Ыршылар Манасдын Ақылай деген келіні Шүрек хандын қызы еле дейт. Амр Темрдин Шүрек хан деген баласы болғон.

Талас қырғыздары айтат: Алматы уәлаятында Қарақастек деген жерде қазақ ұрығынан, Аукеш деген елден баштығы Манас деген болуп, қалмақ қаптап кеткенде ол Таласқа келіп тұрып, Намангендин Қарақожа деген улууменен бирге қалмақты қазақ шекеден айдап шыққан дейт. Ошондон кейін қалмақ көп жылға қырғыз-қазақ жеріне келе алмай қалған дейт.

Күншулуқ ырақ сен кетсең,
Күйөтук тартып жүрөрмүн.
Алтындан қылған суйқумду,
Ай тибес жерге ілермін.
Айшылық ырақ сен кетсең,
О-о, дүние!.. Азабың тартып жүрөрмун.
Қаланға барсаң бар бер,
Қарала жоолуқ ала кел,
Қарала жоолуқ өзөгү,
Қадырың артық секетай,
Бір көруншу көзімө.

Жігіт:

Кумуштөн қылған білезік,
Күндө келем інжарып,
Күндө сөзүм айта албай,
О-о, жаным... Күйе көздөн именіп,
Алтындан қылған білезик,
Айда келем жіберіп,
Айтар сөзім айта албай,
О-о, жаным!.. Алғаныңдан именіп.

Келін:

Ақ қалпағың бар еле,
Ақ қалпағың таштап кет,
Шаш тағып қояйун,
Кундуз келбей, түндө кел, секетбай,
Тошок салып қояйун.

Күлкі мысалдар: 1. Булут (Кім ақсүйек). 2. Қабқанға түскөн орос. 3. Қазақ пен қырғыз мергені. 4. Сарт пен құйыршук.

1. Кім ақсүйек. Бір жерде қазақ-қырғыз жиналып отырса, қазақ ақсүйек пе, қарғыз ақсүйек пе деген сөз башталат. Қазақтар біз ақсүйек болобуз деп, есіктен ақсүйек болып келгендігіне мысал қылып, Кенесары-Наурызбай батырларды көрсөтушет. Анда нарындық Шоқо деген тұрып: О-о, дұрус айтасыз, қазақ ақсүйек болат. Ана Шуйдын бойында жатқан сүйектүн бары аппақ. Қазақ ақсүйек болбосо, ал не дейт. Тағы бір мысал “Қырғыз хан тағасы” деген. Қырғыз қызын хан қатындыққа алады, қазақты алмайды. “Үйткені ол түйеге мініп жүреді, даладан отын алып жүреді. Өзі сасы болот, сол себепті алмайды дейт” дейді. Шалдардың намаз оқығанын күлкі қылады.

Көбірек мысалдар жаны барлар туралы: теке мен ешкі, бұқалар, екі ит, тағы бір бөлегі қатындын макері. Қайн аттары, тергөу.

3.1. Айтыш Ешмембет, Тоқтоғұлда сақал жоқ, көсе. Ананың сақалы көп, екеуінің айтысы осы туралы. 2. Қалмырза мен Найманбайдың айтысы. Найманбай – Алық ыршының баласы. Екеуі де қатындарының мінін, ойнастарын айтысады. 3. Бекназар, Найманбай айтысы. 1900 жылы Шабданның жорғасы жоғалған, соның турасынан сөз башталып, артынан Найманбай сарттың еркекпен қатындық қылышуын айтқан.

Найманбай: Ешекті мінген пақырсың, еркекті... капырсың, баракелде, шошоғум, мұрунуо...

Бекназар: Айбан болсоң, от берем, тайған болсоң, боқ берем, қабылан болсоң, Найманбай, шылпылдатат менікі. Құнажын болсоң, бұқамын, құйрығыңа сұ...мын. Инген болсоң, бурамын. Тортуыншо қоно алып... Бесінші күнү суорамын... заманыңды қуырамын.

4. Төрөкүл қызыл шеке... Таласта жеті ордо елінде Солтүк дегендин ашындағы айтыш. Төрөкүл асдың күтімсіз, қабір асы нашар болғанын айтады. Анау қарсы дау айтады. Өзіңнің асында солай болған деп.

5. Еркек мен айалдың айтышы. 1. Көбек хан мен Тәлім қыздын айтышы. Тәлім қыз өзун жеңген кісіге тимек, өзү падиша қыз. Жұмбағын таба алмаған кісінің басын алады. Көбікке айтқан жұмбақ өлеңінен. Тәлім қыз:

Ақ таман торы ат бастаған,
Жерде бутун барбы екен.
Бору болуп жоу жайынан,
Елде бутун барбы екен.
Боору бутүн, башы есен,
Адамда бутүн барбы екен.
Таш оодоруп салбаған,
Тоода бутун барбы екен.
Арыға буруп албаған,
Суда бутун барбы екен.
Көбукхан қатаман шордан,
Баспаған, жерде бутун ундостан.
Бору болуп жоо жаппас,
Елді бутун мекедей,
Бауры бутун бас емес,
Аламда бутун бір құдай.
Ташын оодоруп салбаған,
Тоода бутун Алатоо.
Арық буруп албаған,
Сууда бутун Ысық көл
Табыты ма екен Қалым қыз,
Ақын болсоң қарабет,
Дағы айтшы, салым қыз.

6. Күйеу, құлуқту күйеу мен қалыңдық айтышы. Қалыңдығын жеңсе, өз сүйгеніне бармақ. Қыр тауға қашсам қайтесің, дән болып жерде жатып қалсам қайтесің, су астына су боп кетсем қайтесің. Аяғында әкем үйіне келіп жатып қалсам қайтесің дейді. Бәрінде жігіт ұстаның айласын айтады, жеңеді. Қалыңдығын өзі алады.

7. Тап тартышы: Батырхан, Құрманалы. Батырхан – болуш. Манап Құрманалы – кедей. Бір-бір ауыз айтқан соң болыс тоқтап, ет жеп отырғанда ырдаған соң беремін дейді. Сонда Құрманалы айтады:

Алманменен салдырған,
Етіңменен құрып қал.
Қарығанша жүн шықпай,
Бетіңменен құрып қал.
Қаса шұмқар баласы,
Сарқыт қойбой ет жебейт,
Жетесінде той боғон,
Тоймойунша кел дебейт.

IV. Жамақ.

(Экспромт темасы өртүрлі нәрселер болады. Бәйбішеге айтқан, Шабданға айтқан, құдаға айтқан. Кейде мақтау, кейде қордоу болады. Мысалы, Жаңыл бәйбішеге мақтау):

Қазы елешен салышып,
Қол баштаған байбіше,
Торқо елешен салышып,
Той баштаған байбіше.
Бәйбіше жұрттун енесі,
Баласы жұрттун шекесі.
Қоор болсо қазаттан,
Қол ап келет байбіше.
Ақыс менен анжман
Ар жағы кеткен байбіше,
Қазақ менен қырғызға
Қадыры жеткен байбіше.
Қатар-қатар ақ өргө
Қыдырып жүргөн байбіше.
Халық шоғұлуп той қылса,
Қатар уйун тіктіріп,
Қадырлуу екен байбіше.
Иеси менен қызықты
Жеткен екен байбіше...
Салам айттық, әкелер,

Құтту болсун шуйлор
Құрут алсын жеңелер,
Құру қалсын мешкейлер,
Қууп алсын батырлар,
Туу алсын қатындар,
Айдап алсын дихандар,
Атып алсын мергендер,
Сайып алсын батырлар,
Сатып алсын кербендер.

Ала дағы шырылдақ,
Құла дағы шырылдақ,
Салтанатту шырылдақ,
Сұлтанатту шырылдақ,
Шырылдақ біздин шикыбыз,
Бугун қалды ұйқыбыз,
Есен болсо жылқыбыз,
Ертен қанар ұйқыбыз.
Адыр-адыр жерлерден
Аю минип мен келем.
Айғыр өзун тарта албай,
Жай ойундо кез келдим,
Будан өзун тарта албай,
Кісі уйунө кез келдим,
Будур-будур жерлерден
Буудан минип мен келдим,
Буудан өзун тарта албай,
Кісі уйунө кез келдим.
Ала дағы шырылдақ,
Құла дағы шырылдақ,
Салтанатту шырылдақ,
Сұлтанатту шырылдақ,
Ана сұлтан шырылдақ,
Мына сұлтан шырылдақ,
Шын шырылдақ шыр екен,
Жылқышының ыры екен.
Сайға буткөн сары тал
Ырғай емей емене.
Сан жигиттер жиылып,
Шырылдақты айтсана,

Жырғал емес бұ емене.
Әке бармен, әке бармен,
Әке бармен үйдө бұ екен.
Үйдө болсоң үн берши,
Ақбозатың буудобу екен.
Буудо болса, балқысын.
Боор жөнү толғо сөз,
Ақбоз аттын үстүнө
Ақ шайы керек жарашор.

(Содан ары ылғи біріне-бірі жарысатын нәрселерді айтады. Қыз да қызық салтанатта сыналады).

Аяқ-табақ қалдырайт,
Кұрт салып жатабы ем,
Пышақ ұшу жылтырайт,
Май томуруп жатабы ем.
Куло буро, куло буро,
Кутуб досун ойуго.
Қазо Жақып атасы,
Шолпан Ата,
Тиюшун іздеп бата,
Колу бұту Куло бото
Түнөу ушун ойогу,
Музду жақтың атасы.
Зеңгі баба тиыб ушун бізден бата,
Кулобото, Кулобото түноу ушун ойуго,
Алақшанын атасы Шыншаң ата,
Тисыб ушун бізден бата.
Қоноқтооғо бүткөндө,
Қошо шыққан шырылдақ,
Тароо ташқа бүткөндө,
Талаша шыққан шырылдақ.
Жылқышы менен қосундаш,
Жанша шыққан шырылдақ.
Шырылдақ ырдыр шикыбыз,
Түндө келет ұйқубуз,
Шырылдақ айтып жүргөндө,
Қоноқ менен тароону
Жеп кетбесин жылқыбыз.

Шын шырылдақ шыр екен,
Жылқышынын ыры екен.

Мойнақ ұлу 26 жылы ағуста баласы Жайылқан,
Еркебай, Бердибайұлуан жинаған.

VI. Бекбекей. Жинаған Қайум Мойнақұлы. Қаро
қайтарған қатын-қыздардын бірі.

I. Ала байтал Бекбекей,
Айқалышқан Сақсақай,
Құла байтал Бекбекей
Қойылушқан Сақсақай.
Бекбекей қашты, бел ашты,
Сақсақай қуып адашты.
Қара түнө еткендей
Мен қойобун Бекбекей-ай (2).
Қара мақбал тонуга-ай,
Жең болобун Бекбекей,
Қызыл түндө ендікбей,
Мен қойойун Бекбекей-ай.
Міне тұрған атына-ай,
Жал болобун Бекбекей-ай,
Іше тұрған ашыңа-бай,
Бал болобун Бекбекей-ай,
Шымшық Манет безгелдек-ай,
Шындап қайтар тазкелдек-ай.
Екі кіші ортоғо-бай,
Бас болобун Бекбеке-ай,
Іше тұрған ашыңа-бай,
Қант болобун Бекбеке-ай,
Түндө-түндө жүгүргөн-ай,
Тулқунун қолу соғулсын-ай.
Бекбекейді мен айтсам,
Беребі екен құдайым-ай,
Сақсақайды мен айтсам,
Жалғарбы екен құдайым-ай.
Жаққан отуң аршабы-ай,
Жанығаның баршабы-ай,
Шеріктердин қалпағы-ай,
Қойлор аман қонорбы-ай.

Күрук ушун саптадым-ай,
Бугун доро қайтардым-ай,
Інімдін ушун қайтардым-ай,
Іздебей қоро қайтардым-ай,
Байшибектей боға болды-ай,
Бугун қоромсақ болғобы-ай.
Бай жешкен байрасын-ай,
Бугун көрдүм сайрасын-ай.
Қордо қойымыз өргөні-ай,
Қошып қоро қайтарсам-ай,
Әкемдин ишы жөнөгөні-ай,
Жылқыда қойом өрөгөні-ай,
Ырдап қоро қайтарсам-ай,
Әкемдин іші жөнөгөні-ай.
Бөлекбай қойун бөле қашып-ай,
Біздин бир қойдон ырақ қашып-ай,
О-о, Бекбекей-ай, Бекбекей-ай,
О-о, Бекбол-ай, Бекбол-бай.
О-о, Сақбол-бай, Сақбол-бай.
Бекбекей қашты, бел ашты,
Сақсақай қуып адашты,
Инимдин ушун мат бардым,
Бугун құру қайтардым,
Інімдин ушун күзеттүм,
Бугун құру күзеттүм.
Оқуруғу долону,
Ууру бөру жолубу,
Қамшы саны долубу,
Капыр ууру жолубу,
Ууру келсе уштайбыз,
Бетин айыра мүштайбыз.
Төбөңө шаап айдайбыз,
Тооңо тіркеп айдайбыз,
Бекбекей-ай, Бекбекей-ай, Бекбекей-ай.
Сақсақай-ай, Сақсақай-ай, Сақсақай-ай.
Ойдыкбол-ай, Бекбол-ай, Бекбол, о-о, Тоо-ай.

28 жыл. 1/VIII. Нарын.

Орто сырт. Шоң Матбал. Тобай жайында Молдо Баймбет, Абдырахман ұлунан жинағаны.

VII. Жарамазан темалары: 1. Жасымаиыл. 2. Ақ Ойлу-убай. 3. Мухамбет. 4. Орозок батасы. 6. Қиял батасы. 7. Аз-реил. 8. Бейш, дозоқ. 9. Өлум жана өлгөндөн соң. 10. Бұзық кіші, изгі кіші.

VIII. 1. Жабалан* (дем салу дубасы).

Бисмилда, Жаболан,
Келкен, Қабылейкен,
Алым мекер, буйум мекер,
Шабан мекер шақардан,
Бириншин кардан,
Жума карданба,
Сары жылан, сапар жылан,
Ойузду, бойузду,
Құрт көздөө қаблан.
Тура келіп шарда,
Менден емес, құдайдан.
Байқампаздардын бардығы менен,
Бір құдайдын жарлығыменен,
Азираты тақ Сулаймандай қорқат, қорқат.
Тұрған жериң қорған демименен.
Бибі, Бибі, Бибі, Бибілардын биримін.
Адырашман бөрүмун,
Түйедейн қазыбын,
Турап берсең тойбоймун,
Капыр, сени қойбоймун.

2. Бадік.

Көш-көш, бадік, көш, ойон,
Көмүрдөй атың ушур, ойон.
Алатоону ашырайын,
Ағын сууну кеширейін, қырға көш!

Қироттун оттоғон сиырға көш, биікке көш!
Биік отун оттоғон киікке көш.
Арал, арал, аралға көш!

* Жабалан деген өлеңнің өзінен алынған. Кейін қойылған ат.

Арал отын оттоғон маралға көш.
Бұдыр, бұдыр, бұдырға көш!
Бұдыр отын оттоғон бұғыға көш.
Байсығандын өзіне көш,
Бейнамаздын көрунө көш!

3. Пайғамбар. 4. Отуз омыртқа. 5. Капыр жайы. 6. Ағын су. 7. Надия. 8. Шешек дариғы. 9. Қара құрт шаққанға: I. Бығы. II. Алқұнда. III. Қамбар. IV. V. Быжы. VI. Байлош. VII. Қонда құрт. VIII. Баз. IX. Қарабашыл. X. Мант. XI. Алтмыш екі дарт.

10. Жылан шаққанға: I. Кер жылан. II. Шекер күнда. III. Қыбды. IV. Келеңкер. V. Кереміш. VI. Башы-башы. VII. Доомбар. VIII. Жатыр-мұтыр.

11. Шешек байлоо: I. Мешкей. II. Бала. III. Қуан. IV. Мант (байлоо).

IX. Бата темалары: 1. Бақ. 2. Убсун. 3. Без. 4. Сақта. 5. Морко. 6. Төлбашы. 7. Баарын. 8. Айт, қазақ. 9. Қыбла. 10. Көлдөсун. II. Мал сойғондо. III. Намаз батасы. IV. Жаназа намазы.

X. Кууырдары (бұл қалай ұйқастырылғанына қарап бөлген бөліс. Сондықтан темаларында, жанрларында әр алуаннан алынған мысал есепті болады. Екі жолды ұйқастық бар да, төрт жолдысы бар. Бұлардың мысалы күренкей):

Ақ шатыр-ай, көк шатыр,
Бай да берік жатыр.
Ақа ала жылқы бош жатыр.
Шариатту сабабы.
Шанбарақта сұлтанай,
Қарала атту қамшы бы.
Жороб батыр жороп бы.
Айда қолқо сала көр,
Алтмышын жылқы ала көр.
(Екі жолду уку ырлары). Ілеменден Қаратал (ескі).
Ілеменден Қаратал,
Тубу сонын таңатар,
Күйеуменен қыз жатар,
Күлкуменен таң атар.

Кемпірменен шал жатар,
Кейишип жатып таң атар.
Ашырақал (ескі).
Ашырақалшу беш кіші,
Жылқы айдап төрт кіші,
Жылқы судан қалба-қалбасын,
Құлын-тай қалбасын.
Барын көсө.
Оолие-ата, Ташкентті
Жерлер ушун жаратқан,
Алтын менен кумушту
Зергер ушун жаратқан.
Арқар менен құлжаны
Мерген ушун жаратқан,
Ыр өңд өшкөн ақынды
Ермек ушун жаратқан,
Құрдастарын асында
Ырдамаққа жаратқан,
Қу жығашты тырмалап,
Жырғамаққа жаратқан.
Қубаныш қылып біздерді,
Ырдамаққа жаратқан,
Ақын қылып біздерді,
Айттырмаққа жаратқан
Шырылдақ да, Бекбекей де.

(Қошоқтосының мысалы болуға жарайды, әнмен айтылатын өлеңнің барлығы да қу ырлары болса керек. Сонда көпшілігі частушка болу керек).

Күңетай қыздың күйеуіне айтқан сөзі. Кедей болып, жалға жүріп келгенде мұны басқа күйеуге беріп қояды. Сол тойда екеуі айтысқан уақытта Күңетай сөзінің бірі:

Құлқынын теріп қорғанбай,
Күн жүрсұң, Күңетай,
Ішім толу мұңдымын,
Кімге айтамын, Күңетай,
Ой, қоқуй, қоқуй,
Кімге айтамын, Күңетай.
Жорғонун терін құрғатпай,

Жол жүресуң, Күңетай,
Ішім толу мұңумду
Кімге айтамын, Күңетай,
Ой, қоқуй, қоқуй,
Кімге айтамын, Күңетай.

Қатыны өлгенде Сарбағыш елінде Саруұлу Оразбекдин қатынын күлімжар қылып қошқону.

Күлімжарым, апанду шашбақ салынған,
Күлімжарым, жаққан отынды қамынған,
Күлімжарым, құрдашына жағынған,
Күлімжарым, күміш та шашбақ тағынған.
Күлімжарым, күйгөн оттой қамынған,
Күлімжарым, құрдашына жағынған.
Қаз елешең тартынып,
Халық баштаған Күлімжарым.
Торқо елешең тартынып,
Той баштаған Күлімжарым.
Күлімжарым, тоодо жүргөн толқо елең,
Күлімжарым, топ жігітке күлкі елең,
Күлімжарым, адырда жүргөн түлкі елең,
Күлімжарым, сан жігітке күлкі елең.

Кері қуу.

Атын табса, алтмыш екі кері қуу,
Томун табса, тоқсон екі кері қуу,
Кимдин-кимдин кері қуу,
Қалымша кеңдин кер қуу (Таластық соқыр Қалымша көсө).

Шоң Ормондун Қараөскейі ошондой деп комызға шерттирген екен:

Аман бол, елім, алтмыш бешіңе
Шыққанда менің, қыпшақ менің,
Бағы жерім, байбішем байқыш,
Бер жаққа келдің томон өзің,
Томон өзүң, ошо жерім, ошо жерім.

XI. Ел драмасы.

Қырғыз адабиятында бұның бір ғана мысалы бар. Аты “Мөөрхат”. Қыз аты. Бұл өлеңмен айтылған айтыстар сияқты. Шынында, 65 жастағы шал Жантай манап. Барболот деген Мөөрханның жақсы көрген жігіті бар. Қызды Жантай алғысы келеді, елі береді. Болот пен қыз іштей қарсы, бірақ олар аяғында бойсұнады.

XII.

Қыз Убуш, бұның мысалдары көп жиналмаған. Соңғы уақытта қыз Убуштың өз өлеңін айтбай, Секетайды айтып барып, убуш етіп болгон көрінеді.

Қыз Убуш ыры:

Қаракер атым оттабайт,
Қапталға бұтым тоқталбайт.
Қазақтан көрөм көп сұлу,
Қадыры бізге оқшобайт,
Қызыл атым оттобайт,
Қиядан бұтым тоқтобайт,
Қытайдан көрдүм,
Қылығы бизге оқшабайт.
Төскейдегі қу қарық,
Текенин еті жол азық.
Теңдөшин табып ойнасаң,
Теңріне не жазық.
Көңіліндегі қуу қазық,
Құлжанын еті жол азық.
Құрдашын табып ойнасаң,
Құдайыңа не жазық.
Ақыретің маралдан,
Аң жоңға тиген шамалдан,
Әр пайдаңыз Тепші елін
Аққұмға шырақ жаққандай,
Көкірегіңіз маралдай,
Көк жонға тиген шамалдай,
Көп пайдаңыз тиші еле,

Көк құмға шырақ жаққандай.
Тоқтап ұшқан тараншы,
Түбін жазбай қарашы,
Топ қыздардын ишинде
Алғы барбы қарашы,
Саб-саб ұшқан тараншы,
Сабын жазбай қарашы,
Саб қыздардын ишинде
Алғы барбы қарашы.

II
Ормақ тоонын ар жағын
Арқар, құлжа жол қылды,
Алымсыған жигитти
Малдын жоғы қор қылды.
Бұдырмақ тоонун ар жағын
Бұғы, марал жол қылды,
Болымсыған жигитти
Малдын жоғы қор қылды.
Қарақой суын түштеп ал,
Қараторы жеңеше,
Тоқмағынды көздеп ал.
Қызыл қой сойып төштеп ал,
Қылымсыған жеңеше,
Тоқпағынды көздеп ал.

ХІІІ.

Секетбайдың бір мысалы:

Ақ шыққан алаша,
Қыпша бел, атаңыз шыққан талаша,
Анаңыз жұртын айыбы.
Қыпша бел, өзіңіз жұртын шайыры.
Анаңыз жұртын ұлығы,
Өзіңіз суын тұнығы.
Ақтерек башын ебилтип,
Ақсұңқар сулап олтырат,
Көктерек башын ебилтип,
Көккептер суулап олтырат.

Асылкешім қыпша бел,
Қай жерде дуулап олтырат.
Көк терек башын ебилтип,
Көк кептер суулап олтырат.
Көңилдештиң қыпша бел,
Қай жерде дуулап олтырат.

XIV.

Қалыбтар (өтірік өлеңдер) мисалы:

Өтірік өлең айтып елге жақтым,
Қайтарып құмырсқаны қойдай бақтым.
Айғырын шегірткенің шертіп мініп,
Басынан Қаратаудың түлкі қақтым.
Емеше жолықтырдым бөлтирикти,
Мен айтпаймын ел айтса да өтирикти.
Бооруна Қаратаудың жетип барсам,
Жолбарысты шышқан шайнап өлтирипти.
Бир жирде шыбын көрдум олай семиз,
Жемидан шығар екен шолай семиз.
Шымдын шық семирген о дағы екен,
Тұмсығы тоғыз қарыш қазандай бар.

XV.

Тәмсілдер.

Хайуандар туралы, солардың пайда-залалын, мінездерін өлең қылған сөздер. 1. Ешкі. 2. Түйе. 3. Жылқы. 4. Көлік ат. 5. Ат. 6. Торпақ. 7. Қой.

Торпағым.

Жетім торпақ байқышым,
Атқа саман салғанда,
Аңдысқанын қантейын.
Түйеге саман салғанда,
Тегеректегенин қантейын.
Алты байдын аралын

Аралаған торпағым,
Қыштан өлип қалат деп,
Торпағымдан қорқамын.
Өлең түбі көктүбір
Өле көрбе, торпағым,
Бетеге түбі көк түбір,
Жүдей көрбе, торпағым (балалар үшін).

Қой.

Мұнын жүнін, жайын айтайын,
Балдарына байпақ бір болат,
Қатындар иіріп қап қылат,
Арқан, жібі дағы бар.
Қасиетту жаны бар,
Ала киіз куурған
Қойдун жүніден,
Түшкііз менен тууырдық
Бұда қойдун жунинен...
Сойып алып ел қылат,
Терисин жиып тон қылат,
Көрпөсу түкту тон болат,
Үстіңе киіп алғанда,
Жылулығы мол болат.
Қышында суық тигізбейт,
Суық шын екенін билгизбейт.
Сойып алсаң семіз ет,
Адамды майға жырғатат,
Қой битпеген байқышты
Қандай құдай қуратат.
Қойдын жайын айтайын,
Кекіре башын керт оттап,
Кетмендей құйрық салақтап,
Семіргенин айтайын,
Шелегіне толтыра
Салып алат қатындар,
Бөз қалтаға құйдырып
Құрт алат қатындар,
Қойдын талай-талай жайы бар,
Бұу құрттын ошондой

Өз қардына құйдырған
Қарын-қарын майы бар,
Беш-алты мейман келгенде,
Бір қозы сойылар жайы бар.
Құйрық боор қылдырат,
Шоң табақтан салдырат,
Шөңтіп көңілін тындырат,
Қазанға еті қайтпаған,
Үйіне өзун жаптырып,
Намангенге айдатқан,
Он-он бештен болып алып,
Намангенге саттырып,
Қош аттан мата арттырған.
Қойшымандар айдаған,
Қозы туып бергенде,
Баштығына байлаған,
Таяқтарын шүйретіп,
Үйді көздей айдаған.
Айылға жақын келгенде
Қозы-ұлағын байлаған,
Айылға жақын келерде
Баш-башындан бақырат,
Балам бері кел деп шақырат.

Бұдан басқа тәмсілдер мысалдары.

Жансыз табиғатты ырдоу (аққан су қара сөзбен, қарлығаш менен көкөктун балдарын шымшықтар тарбия қылат. Түйе, жолбарыс, ілбісін, аю, шуие, қашқыр, түлкі (бір әңгіме). Абышқа мен түлкінің аңшылығы. Қырғи менен үкі, жылқы, тағы басқалары.

Секетбай мысалдары:

1. Ақ селкі.

Айтиген ісін сараның
Айтигенші қарайын,
Айтигенше келмесең,
Дүйне күн азабың тартыб қаласың.
Күнтиген сенин сарың,
Күнтигенше қарайын.

Күнтигенше келбесең,
Дүйно күн күйугің тартып қалайын.
Жылқы ішінде тай тұрбы,
Өсіп салып ат болды,
Айтышқаным ақ селкі,
Ақырдай көшип жат болды.
Көпірде судын құрағы,
Көр адамдын шырағы.
Күнде барып көре албай,
Ой, ақселкі!
Жарылат менин жүрегім.

2. Келинжан. 3. Жигит менен келин (саба жайын айтады). 4. Беш кекыл. 5. Секетбай. 6. Ақ жоолук.

Күйгөндөр мысалдары.

1. Қынамабел.

Қыналың жандан бір бөлек,
Қымбатту баалшыным,
Көргенде көңілім сүйдірген,
Қанткенде ұмытамын
Құшақтаған құрығың.
Алтындан қылынған көше кең,
Көсегенде болсамшы-ай,
Ай төбеге келгенде,
Төшегіңде болсамшы.
Күміштен қылған көшегең,
Көшегіңде болсамшы.
Ай төбеге келгенде,
Көшегіңде болсамшы.
Түлкіме түйнек түлкібел,
Түлкібел басып өзің кел.
Түлкібел басып келбесең,
Түгенбай ағар көзден сел,
Қынама бел, қыпша бел,
Қыпша бел, шын келбесең,
Қиланбай ағар көзден сел.
Алтындан қылған пышағың,
Пышағың болсамшы.
(Бұл күйгөн секетбаймен аралас).

2. Перизат (күйгөндін екінші бөлімібен).

Күйгөндін іші бірдалай,
Көңілден кетбейт жырғалай.
Еді қатын бір болуп,
Ісіменен елді жарғабай.
Дарқазап болып зарданып,
Жашап тұрсам жалбарып,
Құдайдан тилеп ар қанша,
Қошылбай қалдық арманда,
Санаға келбейт қанды ұйқы,
Сағынышып барғанда.
Жатқызып алып қойнуна,
Жалшып басып баурына,
Қимылы ішті күйгізет,
Тигізіп аузын аузыма.
Құшақтап алып именіп,
Көйнегін шешіп жіберіп,
Тоқтап оны қалат деп,
Қолына күміс ілдіріп,
Алып таштап шығарып,
Аны сайын ақтап қиналып,
Салына ғо жаулық самай шаш,
Тигізбей бетке суланып...
Тапшылығын білгізбейт
Таң атқанына қиналып.

Жұбаныш ақбағыш қыпшақ...

Ұшында иптен от күйіп,
Болайын деп зекетің,
Баурына басып көп сүйіп.
Кетірбей қолдан бек қармап,
Кешікпей кел деп бек зарлап,
Кешігіп қалсаң қантесің,
Қасам қылшы деп қармап.
Қорғашындай күйгеліп,
Жатқаныңды қантейін,
Қолыңды орап мойныма,
Артқаныңды қантейін,

Мұназалу шері сөз
Айтқаныңды қантейін,
Қоша шығып есігіңе
Қошташқаның қантейін,
Қолдан қармап кетирбей,
Тоқтатқаның қантейін.

Жұбаныш, Ақбағыш, Қыпшақ... Аяқ, Жаукесек отыз ұлдың балдары (Қарақол қырғыздары кірет). Бұл он екі шоң ұруны ішіне алады. Қырғызды жомақшы маанасында қырғыз санжырасынын айтуы бойынша Үрімшінін Ахыме балдары кіреді. Бірақ қырғызды жағрапияша жұрттың кен маанасы бек тар болып, бақыт бұ маанада отуз улдың баардығына айтылат. Бұған Қарақол, Бішпек, Нарын үйезіндегі қырғыздар, Әулиеата уйезінің көрші районы, Ферғана облысында, Талас, Іле көрші районы қырғыздары менен жанаша тұрған Кетмен төбе қырғыздары, қытай Бежінде, үш Тұрпандын жетіген тарапындағы қырғыздар көріп, шөл жерлердегі қырғыздарды жағрапия маанасында қырғыз деп жортылат.

XIV. Қара ырлар.

1. Ақыр заман (Қалығұл айтуынан).
Қарасартұлының көкейге түйгені:
Ақындын қызы Шөректей деген қызық сөз бар.
Жазаның тартқан суретіндей,
Шашық тал-тал жібектей,
Әр бұрымың байқасам,
Ақидын қызы Шүректей.

Күйгөн мысалдары көп.

4. Самай шашым. 5. Ай тамақ. 6. Ақ көйлегім. 7. Ақ маңдай. (Жер-су менен қосып айтқан күйген) 8. Асыл жар. 9. Урбұтан. 10. Тоту құш. 11. Жайдары.

Қырғыздын ескі тарихынан мағлұмат беретін үлкен ырлар есебінде Манас, Семетеймен бірге Қаныш, Ыбыш, Құрманбет, Бердалы саналат. Манастын аты Үрімшіден екі жүз шақырым жетіген тарабында Тянь-Шань тауынан

шығыс жақ біткен жерінде бір атақты қаласы Асдыр Манас шаары өшішет.

Құрманбек жанын, башын берді, арасындағы уақиғалар қырғыз менен қалмақ арасында өрбумақ (Қараман, Бойдымас). Қырғыз атамасының жомақша, жағрапияша екі түрлі маанасы: Жомақша маанасы: биік кіндр, қырғыз атамасы жомақша маанасына алдындағы ұрықтар кірет.

Шоңбағыш, Ақбағыш, Қыпшақ, Ойғыт басы, Ештек, Қарақалпақ, Қызыл аяқ, Жаукесек, отыз ұлды балдары (Қарақол, Бішкек, Әулиеата, Тянь-Шань тауларындағы қырғыздар кірет) болып, он екі шоң уроны ішіне алады! Қырғызды жомақша маанасында қырғыз саншырасынын айтуы бойынша Үрімшин Амме балалары кіреді. Бірақ қырғызды жағрапияша жорыткілген маанасы бек тар болып бақат. Бұ маанада отыз ұлду балдары ғана айтылат. Бұған Қарақол, Шибек, Нарын уезіндегі қырғыздар, Әулиеата уезінің, Ферғана облысында, Таласта, көрші район қырғыздарымен жанаша тұрған Кетмен төбе қырғыздары, Қытай ішінде үш Тұрпан, Жетіген тарабындағы қырғыздар кірет. Сол жерлердегі қырғыздарды жағрафия маанасында қырғыз деп жорытілет.

XVI. Қара ырлар.

1. Ақыр заман (Қалығұл айтуынан). Қалығұл 1785 дүние-ге келіп, 1855 жылда Ысық көлдің күнгеіінде ағұста опат болды. Қалығұл бай ұлы. Бай Бердіш ұлы. Нарында Үшке болысыдан. Үшке Сарбағыш еліден. Қалығұл қырғыз ақындарынын атасы есептелет. Андан мұрда ел-жұртқа малым ырлары сақталған. Бір қырғыз ақынын ұға албадық. Ел-жұрт Қалығұл ақынды елу беш жасында өлген деп айтышат... Бірақ мен... *(Сөздер анық емес. – Т.Ә.)*

2. Тар заман (қазақ Тезек төренін алдында айтқан...)

3. Зар заман – орыс заманы. Шортанбай зар заманы сияқты. Мағына жағынан ол сондай көп сөздері ұқсайды. Орыстан ұлық болғанын, жерді алып тақырға айдағанын, елдің өзі егін екпей еріншек болғанын, аяғында орыстың побын ұрғанын, содан тілін албай кеткенін, параға қарап сөз айтатын билер бұзылғанын айтды. Ажыһан, Қазыһан пірдің бейілі бұзылды дейді.

4. Тар заман толғаулары, болжалдары да осы қара ырға кіреді. Мысалы, саналы өлеңнің барлығы осы қара ырға кіруі керек...

5. Замана (Сағымбай ақындікі).

6. Насиат (терме) Сағымбай айтқан.

7. Мақалдатқан қара ырлар:

Дихандын қарны тоқ болот,

Сулунын бети ақ болот,

Сұлтандын жаны дақ болот,

Бір күнден сап болот.

Күні солыб қашқандын

Бір өмірі кем болот,

Бербесе байдан табылат...

8. Жоқшылық...

Шоң қазаттың аяғы.

Қанды соғыш үстінде Манас үлкен суға жауды қуып жүріп түсіп кетеді (көл кешу). Қоңырбай жағада, алдынан түсіп тұрып, найзасын бетінен салмақ болады. Манас найзасын итерсе, Манас атымен кейін қалқып кетеді. Сүйтіп шыға алмай тұрғанда, Алмамбет көмекке келіп қалады. Қоңырбайдың найзасын Манас жұлады. Қоңырбай қашып, қолына кіреді.

Қамалап келген кәпірді

Қайра тұрып жапырды,

Шаңды ауаға сапырды.

Сол кезде артқы Манас әскері жетеді. Бақайы Аққұланы жетелеп әкеп Манасқа тартады. Манас атына мінеді, артынан қырық батыр келеді. Соғысқа бұларды санап кіргізеді атап. (Белгілі прием.)

Қалың әскер момын қол

Қиқарып кіріп қалышты.

Елеманұлы Ертөштук,

Ештектерден Жамғыршы,

Қазақтардан Көкшесі,

Қалың қыпшақ орбосу,
Қара қырғыз жомоғу,
Тәжіктен шыққан Мүзбұршақ,
Темір жарақ бір құшақ.

Аққұланы сыпаттайды:

Мұруннан мінбей шалғынға
Бұұрынғұм қалған шағы бар,
Сиыр түндө бөлүнгөн,
Қараңғыда жол тартса,
Құлағында шамнан
Жол жоғолбой көрінген.

Аққұла атменен пұратып
Ақырып төру кіргенде.
Капырдын шеті сөгулуп,
Аққұла атменен пұратып,
Ашына қаршы келгендей,
Ақ найзаменен сұлатып,
Алысқысын найзалап,
Жақынырақ келгенін
Аш алпарысменен қайсалап,
Оң көзүндөн от шығып,
Білегинен өш шығып,
Сол көзінен шоқ шығып,
Ақ келтеден оқ шығып.

Қытай жапырылып қашады. Манас Қоңырбайды қуып,
Алғара атты бауырын жаздырмай Аққұла жетіп қалады.
Найза салады, арқасынан қан жосылады. Енді тағы салмақ
болғанда, қалаға жетіп Алғара:

Алтмыш бақса дубалдан
Аял қылмай шұрады,
Қара шору күш үңдо
Күркүрөп ұшуп кеткені,
Қаран қалғы қара аттын
Күлүктук емей неткені.
Базардын орто жеріне

Барып түшту балқ етіп,
Батырсыған қоң төрө
Құлап түшту шалқ етіп.
(Қоңырбай екі күндей ес жия алмай жатады. Артынан
тауып, тез жазып алады).

18 қытай Манасқа тарту тартып баратқаны.

Қоңырбай Қабылдың Әбілді өлтіргенін айтады. Өздерін
Қабылдың тұқымынан деп, түп атасының кісі өлтіріп,
артына осындай пәле тастағанын, соның бүгін жазасын
қытай тартқанын айтады. Енді соғыспаңдар, мен жеңілдім,
жарасыңдар дейді.

Қаптап келген алашынын,
Қалайық ушун тоқтолбой,
Жұрт намысын қалаштым,
Айбатын көруп Манастын (жақсы рифма),
Ақылымнан адаштым.

Көбкөк темір киінген
Көзөлдун бары мында екен,
Көргөнун көмбей қойбоғон
Көсөмдун бары мында екен.
Қоңырбай айта береді:
Аңдадым қытай алдыңды,
Албай бергін малыңды.
Аяп қойсоң малыңды,
Алек қылат барыңды,
Кетишет кемпір-шалыңды,
Кетирет емі саныңды.
Жер қылар жексен қалаңды,
Жетім қылат балаңды,
Көңлуңе салар алаңды,
Көрдей қылар балаңды.
Сорға айналтар өңунду,
Өлтургөндөй қалғанын
Төрдуруп иер шоңунду,
Дүниөгө байланып,
Қазатқа келген қалың жұрт.

Малға қалсын айланып,
Қатардан қойбой барыңды,
Қазынадан барыңды,
Аязбай төгө көргөлу
Алтын, күмуш зарыңды,
Қызматқа берген құлыңду
Қалса да бірің аяба,
Қызың қымбат бұлұңду.

(Соғыс біткен. Соңғы соғыстардың күйін айтады. Андан көп, сандан көп деген үлгіге салады. Бұл сатирич. сурет).

Балбан менен батырды
Бант олғон қибла ақыры,
Башында қалбай ақылы.

Қытайды қысылдырып қойып, мұсылмандар қысып тұрғанда, әңгімені ілгері жылжыта бермейді.

Қаншалық айтса тіл албай
Адамзат бендесі
Башта жалғыз келдесі, —

деген сөзге келеді де, содан бастағы көз тамырлар, құлақ бар, солардың бітімі, не қызмет қылатынын айтып кетеді. Ілгеріде Алмамбеттің Шубаққа айтқанында да әңгімені тіс, бет қозғаудың орнына бір қызық, асығыс жерге әкеп қояды да, өзі көлденең нәрсені ұзақ айтып кетеді. Бұнда жаратушы құдайды, періштені, шайтанды, солар жөнде көп баяндайды жаңағы тоқтаған жерде.

Бір бөлімнің ішінде де әрбір сурет, эпизод бір-біріне нық байланыспайды. Механически қосылған. Араларын айырып, кейбірлерін алып тастау оңай, бұл бір ескеретін момент.

Тоғыз мың қара нарқыңды,
Нар устуно артқаны
Қызыл ділда зар қылды.

Тоғыз-тоғыз мыңнан қара ат, сары ат, тағы басқалар болады. Тоғыз мың сұлу қыз да алады, осының бары Манасқа тартылды.

Семетей Жақшылықтың айтуынша. Жақшылық Сарықұлы 49 жашта айтқан. 20 күнде жазып бітірсе керек. Үш кісі жазған.

Семетейді де, әңгімені жүргізу де сказ түрінде көбірек, өлең өлшеуі уақиғалы, көп-көп сөздер дәл Манастікі, Сағымбай сөзі сияқты. Екеуі бір школа. Не Сағымбайдан, Жақшылықұлынан алған.

Ерекшеліктері: бұнда диалогке ұқсаған түр бар. Кейде бірін-бірі сөйлетпей тоқтатып тастайды. Екеуін сөйлестіргенде көбінесе тез-тез сөйлестіреді. Тиімді сөздерді қысқа қысқа-қысқа айтысады. Бұнысы үлкен жаңалық. Бірақ сонымен қатар Манас үлгісінде ұзақ баян ететін сөздер де бар. Тағы бір ерекшелік, бұнда прием контраст көп қолданылады. Алыстан бірін-бірі ұғысып келгендер.

Әуелде ылғи бірін-бірі сынасып алу үшін қатты айтысып алады. Бұл правило есепті. Қарғасады, ұрсысады, боғауыз да айтысады. Қатты ерегіседі. Қаныкей мен Семетей, Айшөрек пен Күлпара – бәрі де солай. Әдейі қолданылған прием контраста. Бұ да өз ішкі тартысты жақсы көрсетеді. Әңгімені отрицат. динамиа мотивпен ілгері жылжытады. Кей ойларды сыңа салып отырады бұл сөз. Дауласып, ұрысып тұрғанда бір жағы көңілсізсіп, бір жағы қарсы дау айтып ерегіскенде, не қылса бірінің іші, ниеті біріне мәлім болып отырады.

“Семетейде” екі үлкен фантаст. элемент бар, бірі – Айшөректің аққу болуы, екіншісі – дүрбі. Бұл соңғысы тіпті жиі қолданылып, әңгімеден тым үлкен орын алып кетеді. Болмаса Семетей бергі заманға көп жақын жырланған. Жырлану үлгісі техника жағынан көп жаңаша. Бұндағы геройды суммарный суреттемейді. Ұсақ мінездері, сөздері, мінезі, барлығы да геройдың динамич. облик, неше алуан елін характеризовать етеді, тип беріледі, бұл тип рас “Манаста” да бар. Манастың өзінің мінезіне де ақын терең бойлайды. Бірақ бәріне Манастың не қылатыны белгілі болып тұрады. Оның типі ақынның көлденең сөзімен онемелый образ есебінде көңілге қондырылып қалған, Семетейді бала жігіт қылып, қызулы, толқымалы, тасқынды қылып, подвижный қылып көрсетеді.

Арақ ішпе деп айтасың деп молданы сабаған. Бірақ бұл діндар, намазқой, көп жерінде айтылады.

Көкшөнуң баласы Семетеймен құшақтасып дос болып, Темірдің қызын, алайын деп бара жатқан қалыңдығын хат мөрлеп Семетейге береді.

Семетейден Ақкелтені, тағы бір нәрсесін сұрайды. Семетей Айшөректі алуға Керала Қоңырбайдан кегінді алуым керек, содан соң берейін деп уәде қылады. Семетей әңгімесінде Қошойдың бата бергені. Сол батадан бұның туғаны көп жерде айтылады.

Бұл да қызық прием. Екінші үлкен әңгіме – эпостың бөлігі. Біріншіден, табиғи жолмен туғандай.

Бұл әңгімеде Манас Бейжіннен жаралы болып, шораларының бәрін өлтіріп қайтады, үйіне келіп өледі. Қоңырбайдың найзасы тиген болады. Қытайды жеңіп алған дейді. Бірақ жаңағыдай қазамен жеңіп алған болса керек.

Манас, Семетейді Жақшылық ноғой деп жырлайды. Сағымбай соғысты, шабысты, аттың тынысын, жүрісін, судың ағынын, дүрбінін алысты көрсететінін, Бақайдың мінезін, типін түгелімен тағы осындай көп жерде, өлеңінде, сөзінде, Манаста Сағымбайға қатты ұқсап кетеді.

Алмамбет туралы. Құлшора бір справка береді. Алмамбеттің шешесі қыпшақ қызы екен. Жамындыға түсіп, қытай қолына барғанда, Есен ханның інісі Азырхан алыпты. Бірақ дін сатпай мұсылман күйінде қалыпты. Алмамбеттің мұсылмандықты сүюі содан болмаққа керек. Алғашқы әңгімені осымен көп ұзап барып, кейіннен толықтырады (... наслоение).

Шойындан құда болобу,
Шоңынса атам оңобу,
Алтындан құдай болобу,
Алса атакем оңобу.

Қашып келген дін ушун,
Қашпа сұлтан біз ушун,
Құдай біреу, құран шын,
Мекеде сұлтан дін ушун.

(Контраст ретімен қатты қарсы, біріне бірін жамандатып айттырудың артынан “Семетейде” геройлар өте қатты, жылы сөздерін де жақсы айтады). Айшөрек, Құлшора:

Айтқан шырын сөз өңден,
Айнектей болғон көз өңден,
Алдыңдағы жеңеңіз
Айналсын Шүрек жеңеңіз.
Санатта жоқ кебіңден,
Сада кетсін жеңеңіз,
Қапа болбо күлөстөн,
Қағылсын жеңең өзүңнөн.

Ханшора, Құлшораны бала қылып, қатты мінезді шын жақсы бала қылып көрсетеді. (Жал-жаяны көп айтады Жақшылық). Кулімшор спирт ішіп алып, Қалман сұлудың қасына отырады:

Бұруксұған Ибақты,
Қуфсундай қоқолдон
Биінден қолун артылтып,
Мойундан орой құшақтап,
Биіктей болғон ақ емшек
Имере қармап қойды еле.
Қошаматту күң екен
Қойшу шоро қоқуй деп,
Қолун серпіп иді еле.

Құлшора басында күліп, бар шешенді қайдан жиған, Семетей мұның қайсысын алады деп мазақтап кеп, емшегінді жұлып алушы ма ем, бәрің бірдей Айшүрекше сөйлей берме деп, жағасынан тартып алып, жақтан бір қояды.

Ылғи өзінен жасы кішіні, өздерінен өзгені Манас, Семетей ылғи “Құл, құл” деп сөйлейді. Жақшылықтың бір өңдісін айналдыратын жері, қатты ұрысқызып, жаман сөздер көбірек айтқызып жібереді. “Күң” деген сөз де Семетейде көп ұшырайды. Алғашқы келген жерде Семетей Айшүрекке қаншық деп ұрысып келеді. “Боқ та жедің” дейді, кәрісің дейді. Айшүрек ашуланып тағы да ұрсады. Тағы контраст. Қарымы Төлтайға тиемін, сен еліңе кете бер олай болса дейді.

Төшу көкту жер ұрсын,
Төбесі ашық көк ұрсын, —

деген ант бұнда да бар. Ескінің пережиток. Тағы бір ант.

Менеді сұлтан пір ұрсын,
Ақ пайғамбар діні ұрсын,
Шынқожа атым құрысын,
Сыр Бораңдын оғы ұрсын.

Семетейге екі қайын атасы Ажыбай мен Тұмонбай келеді. Айшөрек жақсылап аналарын бастатып көрсетеді. Қалыңдығыңды өзің жауды жеңіп ал деседі. Семетейді ханға алып келеді. Ол қуанып бата береді. Семетей бейсенбі күні Шынқожа сұлтан келеді екен, соғысу керек. Жалғыз-ақ менің биыл 25 толған мүшелім. Шешем Қаныкей бейсенбіге қарсы толғатып тапқан екен дейді. Жылқы жылы үстімде.

Мүшелім келген биыл шақ,
Қарақан қызы ханыңды
Қасиетту енекем,
Бейсембуде толғотуп,
Жерге түштум жұмада.
Қатарым қаршы келіптр,
Қантып барам сол тойғо...

Сен екеуің бар деп Ханшора, Құлшораны жібермек болады. Ханшора мен Құлшора жауды тосуға қаладан шығады. Артынан Семетей, Ажыбай, Тұмонбай, Айшөрек қарап қалады. Сонда Айшөрек көреді:

Безілдеген жеңеңіз
Берді қызы бейбағың,
Байлап тұрсо Шорону,
Көрүнуп қалды көзунө,
Қолдағану жоң екен,
Көсө құйруқ көңдө бұт,
Көп жағынан жөнөлду,
Қара шаар қабылан
Алдына кетті қылжақтап.
Алып қара құш зымрық
Асманменен жөнөлду,

Ашында аз-ақ жиылат,
Белине кетти шырмалып,
Беш оролуп жөнөлду,
Аттанар жағын байқаса,
Бастырбалай бастыр деп,
Сара лепсіз Шобқұтжан,
Сарыаланы сою құп,
Алмамбет, шубақ арбағы,
Ай кісі қошо жөнөлду
Қамшысы жағын байқаса,
Серек, Сырғақ арбағанда
Сүйтіп өтеді.

Алды жағын байқаса,
Бастыр, балам, бастыр деп,
Қызыл жирен ат мінген,
Қылқа шобқот тон киген,
Алтын таажы басында,
Аққұласы алдында,
Байрақ бұлғап бақырат,
Балам, баштыр, башым деп,
Батыр Манас арбағы
Қошо кетти шақырып,
Қайып ұлу қырық шілтен
Қошылып қошун жөнелду.

Шөрөк Семетейге, арбактарға кетті дейді. Семетей
ұрсады аузыңды бас:

Жолобаса ат болбосун,
Бір ісіндң жейсіңбі,
Көрүнбөй қалды дейсіңбі,
Бек көрундума деп,
Берінің қайра бастыр еле.

Төлтөйдун жомоғу.

Бұл әңгімені Көкетайдың асынан бастайды. “Манаста”
айтылғандарға бұныкі де дәл келеді. Мааныкерді айтады.
Айғырды піштіріп, қошқарды тарттырып қойды, биені ту
қылып, малды семірткенін де айтады.

Асқа кім-кімдер келгенін айтады. (Пәленнің ұлы, пәленше қасына пәлен мың қол ершітіп бұ да келді сол асқа дейді. Көп санайды келгендерді). Төлтай, Көкетайдың асына Манастың қалап келгенін, Бақайдың барып қалай хабар бергенін, көпірдің қандай зорлық қылып жатқанын айтып кеп, Манасқа асқа келгендегі встречаны айтады. Сонда:

Менің атам ер Бағыш
Тынбағанын ершітіп
Ала барған бұл апта,
Сұрқойон құнан шағы еле,
Төлтайды бо бала еле,
Саманып бар басымда,
Салып жүрдүм еркелеп,
Сан жиындын қашында.
Көкетайдун ашында,
Көкулум бар башымда,
Көрдүм еле Манасты.
Қаражау ер өзібу
Бұ да шықты Манасқа.

“Семетейде” семейный роман, романтический сюжет бар. Ойшылдың ойшылының жарастығы. Үй іші быттың подробностары көп. Бұнда “Манасқа” қарағанда личный, семейный тіршіліктің орны зор. Бұл айтқанның белгісі — асқа 1012 беттік әңгіме түгелімен осыған арналған. Бұрынғы саналған белгілерден басқа бұнда жеңгелік, қайынддық жағы, екі арадағы жарастық, татулық, тілеулестік, ыстықтық бар. Айшөрек Құлшораға барынша жақсы жеңге, ұсақ подробностарымен Құлшора Айшөректі сондайлық жақсы танып, ағасы мен жеңгесін келіспеген жерде бітістіріп те жібереді.

Ханшора, Құлшора Семетейге жақсы іні. Ағасының бейнетін екеуі ұдайы тартынбай, талықсымай, айнымай тартады. Семетейге Ажыбай, Тұмонбай жезделері, акун Тан атасы барлығы да жақсы қайын, жақсы туысқан. Бұлармен күйеудің арасында өте ыстық тілеулес, қуанышты, көңіл қайтарыспайды. Онан соң күйеулеп жатқан уақытта Құлшора күйеу жолдас, қалған балдыз, құда мен құдаша. Бұлар арасындағы махаббат та өте бытовой. Ол екеуі алмақ,

тимек болғанда аға-жеңге, апа-жезде болып барынша жылылықпен көмек көрсетеді.

Айшөрек түскенде алдынан Бақай, Қаныкей шығады. Семетейдің төсін Бақай иіскейді (между прочим), осындай әр кезде көріскенде сүю, иіскеу, қол алысу, қуанышын айтысу әдет-салт болса, сыйлау, қыз ұзататын той, қыз ойнақ, көп-көп бозбала, қыз-келіншек жиылып салт бойынша қырық күн ойын-той. Қалыңдықты, қалыңдық күйеуін де ұстау, тағы осы сияқты көп семейственность белгілері бар. Айшөректің алдынан Бақайлар шыққанда, бұл атынан түсіп қамын қылады. “Бай бол, балам” деп бата беріседі. Төлтөй жомоғында Көкөтай асын айтқанда Қошойдың алдына Қаныкей де сондай тәжім қылады. Онда да солай бата береді. Үй ішінің, қайны-келінінің, ене-келін, ата-күйеу, қайнаға күйеу, балдыз, жезде, ағаны бәрін де семейность үлгісінде қызықты, жалынды шындықпен алған.

“Семетей” бұларға қарағанда “Манастан” көп бері шыққан. Рудың тойы құлап, оның орнына ауыл-аулын азғана отан, үй іші шыққан мезгілдің туындысы. Бұл көп бергі заманның стилін білдіреді. Личность шыға бастаған, индивидуал тіршілік бұрынғы общество үлгісінен кете бастаған. “Манас” ру обществоның классич. белгісі болғанда, мынау оған қарсы үлгі болады. “Семетейдің” соңғы кезі. Бірталайдан бері “Манастан” популярнее болатын себебі, осы атаның идеологиясынан ел кетсе де, мынадан кетпеген. Бұған жабысулы. Сондықтан кейінірек уақыттағы өзге жомоқтар: Қожа жаш, Кедей таз, Табылды, Жаныш, Байыш – барлығы да осы өлеңде шығар.

“Семетей” стилі – жаңа стиль. Бұл екі поэма – қырғыздың әдебиет тарихы. Әрине, екеуінде де бірісін біріне ауысқан влияниялар бар. Бірақ сонда да негізінде екеуі екі үлкен әдебиет, тарих дәуірінің тұрғылары.

Семетейдің асы Манастың құнан қосып Бейжінге аттанғанынан басталады.

“Семетей”.

Тоғолоқ молданың айтқаны. Өзі жазып әкеп берген шын аты Байымбет Абдырахманұлы. Нарын Хантоонын

кыргызы. “1923 жылы май айында бастап жазып, 1924 жылында 16 майда жазып бітірдім” дейді.

Бірінші бөлімі Манастың өлген жерінен басталып, Манасқа ас беріліп, аяғы Қаныкей Шығай хан, Шын ханыменен Көбөшден көргүлөкту коруп, Темірханға қашып барғаны (Семетейді алып) және Семетей ержетіп, Таласқа келіп, Айбик Көбөшті жеңгені.

2-бөлім. Бақайдан насиат ұғуп, Шынқожа Төлтойду жеңіп, Үргеенш шарында Ақун хандын қызы Айшөректі алғаны.

3. Тетрадьта осының аяғы. 1-бөлім. Алан деген сөз көп, бұл да Манасқа Қоңырбайдың найзасы тиіп, содан жарадар болып, алты ай қыс жатты дейді. Рахия айым – Қаныкейдің шын аты. Соны күмбезге жаздырды дейді.

Бұның рифмасы тұрақты, көбінесе төрт жолды өлең. Тұрақты болуға тенденциясы бар:

Қаныкей қылса жардықты,
Көрсетуп тұрса бардықты,
Қарабет айтып қойғон соң,
Білдім деп боға ардықты,
Арасында анда-санда.

P.S. Бір жол тастап, шұбыртып ұйқастыра беретіні бар. Бұныкі де устойчивый етеді. Бұрынғы батырлардың барлығын санап, соларға хабарға кісі жіберіп, асқа шақырады. Асқа шақыруы ұзақ жырланады. Әркімге хан жіберген шақырушы соларды аралайды. Бұнда бұрынғы көп түрік рулары, көп ескі басшыларымен саналады, действовать етеді, сөйлейді. Әртүрлі мінез көрсетіседі. Жақшылықта бұл жоқ, оныкі басқа, жаңа школа. “Манаста” алашты ылғи ұйқастырып, таласты қосып көп айтады.

Енең қары, балаң жаш,
Егініңдін боору таш.
Атаң қары, балаң жаш,
Айбике, Көпеш боору таш.

Аста сайыш, күрес, егешу, түйе шешу бәрі болады.

Бәйгеде көп түйе шешуде Ороңғонун сіңлісі Ордухан шығады, еркек шықпайды. Ол шешіп алады.

Таздар сөзінен.

Ыршыларды ырдатады, оларға да бәйге береді. Ақындарды ырдатып... шайырларды ырдатып, шаригатқа жырғатып дейді.

Тамақты жақсылып ішкен, мол қып бергенді бұ да көп айтады. Осы ақындардың слабосты. Ас артынан Қаныкей әмеңгері алмақ болады.

Атан өлсе тайлақ бар,
Жөке жерде қалған жоқ.
Ажал жетіп күн бітсе,
Азалдан бенде өлушу,
Ағадан қалған жеңгені
Ініге алып берушу, —

деп кісі салады. Әбікеге хош кетсін деп, сөзді ыршы ұл алып барады. Жаманшылықты Гөбөш қылады. Айбике артынан ақылға келіп жылатпайық дейді. Дау болмайды.

2-бөлімде Манастың түп атасы Оғуз, бергі аталары Бұйон Шабан ханы, одан бері Нойғұт. Бұл Ноғой атанып кеткен ноғой.

Пайғамбардың есебімен 350 жылда Манас... Туылған жері Алтайда, туған жері Жайсаңда. Бұның өлеңі жатық, жақсы желдіріп отырады, шұбыртпа ұйқас. Екінші бөлім бұрын Семетей болып айтылған, алғашқы бір бөлім артық қосылған сияқты.

Бұл әңгіме Семетей екі Шораның жігіті болып жайланып тұрған уақыттан басталады. Шынқожа Айшөректі алмақ болып әдейі Бұрылды сұратып жібереді. Көпішті Қаныкей, Жақып Шиырды өлтіреді. Бұл әңгімеде алдында оларды зынданға Семетей салғызып қояды. Өзі қырық шораны қуып кетеді. Оларды ел қылып алмақ болады. Ешқайсысы ел болғысы келмейді. Сонда барып қырады. Екі баланы алып қалады. Соларға Ханшора, Құлшора деп ат қояды. Бұл бөлек кітап ішінде.

Екінші бөлімі Шынқожа Төлтайды жеңіп, Айшөректі

алып қайтуы. Өз еліне аман келіп, хан болып тұруымен бітеді. Енді атамның тойын, құнын аламын деп қам қылды деп бітіреді.

“Манас”. 5-бөлім.

Бұл бөлімнің басында Ыбырайымның жазған хаты — соообщениесі бар. Қандай условиеде істеп жатқандарын айтып келіп, қаражат жағы жеткілікті болса (Сағымбайдың 15 жаны бар. Бәрі жас. Әйелі, балалар соған көп алаңдайды. Шарасы жоқ, алты айда бітірер едік. Кей уақыттарда хатшы тоқталмай ашынып кетіп, кейде айта алмай отырып қалады. Түсінде аян болып қалса, абдан тоқтамастан айтады екен. Болмаса таба алмай қалады екен дейді. Өздерін өкімет Абудылда Жанбаев деген манаптікіне жатқызып, бұнда жазғызған. Қағазын, керек-жарағын тауып беріп тұр деп Абдылданы міндеттендіріп қойған. Ыбырайым ол бізге жақсы қызмет етеді деп жазады. Әр басқа әр айына 600 беттен жазып беріп тұрыңдар деп шарт жасаған екен. 3-4 айда 1100 бет қана жаздық жаңағы себептен дейді.

Басы Алтайдан Манастың Түрікстанға көшіп келгені, Малагудің жерін, шаһарларын алғанынан басталады. Түркістан бұрын Малагуге қарайды екен. Бұл Шыңғыстың Малагуі емес, Қытай дейді. Соғыстың суреті ұдайы келетін жекпе-жекте кейде Манас өзі шықпай, өзгелер шығады. Не олар жеңеді, не болмаса кәпірдің бір ерлері шығып, олардың бірен-саранын жеңеді. Жұрт қорғана бастайды. Сонда Манас өзі шығып өлтіреді.

Даңғойлық деген бар. Манасты екі сынады. Найзамен, содан кейін Манас жетіп, атынан жұлып алып, қолына қамшы қылады жауды. Артынан лақтырғанда үш бөлек болып кетеді. Тағы бір батырдың басын үзіп доп қылады (бірінші песнядағы соғыста). Бұндағы Манаспен соғысқан қашқарлық болса керек (замеч. Манас Қошоққа вляить еткен). Осы күнге шейін Қошоқ ұзын айтылады. Өлген кісі көбінесе батырша жырланады. Өмірбаяны жыл-жылы, рет-ретімен жырланады. Сол үлгі “Манастан” ақырғы уақыттарда Қошоқтың бұл түрі қазаққа да жайылған. Албанның жоқтауы қырғыздікі сияқты. “Манас” вляниесі болса керек. (Литерат. окружение мәселесіне керек).

Түрікстанға мұсылманшылықты да Манас тарататын секілді. Патшалықты, дінді түрік баласына Манас береді. Бұрын мемлекеті Қытайға, көпірге қараған, діні бұтқа табыну болған демек. Содан кейін Манас шоро Қадік қызы Ақылайды алады. (Замеч. “Манаста” тарих қандай. Қырғыздың тарихының отражениесі бар болу керек. Алтайдан Түркістанға көшу соның бірі).

(Бұл бөлімде де превращениелер бар, аждаһар болатын батыр бар).

Шороқ құтыла алмайтын болған соң қызын Манасқа тартпақ болады. Ат ұясы сату деп, қыз ұясы тарту деп дейді. Көп қыз тартуға келеді. Батырлар орталарына қыздарды қойып таңдасады. Шордық хан мұсылман болады.

Аламамбет, Жайна аусар да жаңағы өңгіменің аяғында тағы да өкіметтің көмегі туралы сөйлейді. Халдарының ауырлығын айтады. Аяғында келіп:

Күтіп жатқан көп төре
Үшіншіні буткені,
Қайда кеткен хабар жоқ,
Үлкендерді күткені,
Ара байға Сыдықты
Айтқаныңа біздер құп.
Жәндік пенен Құдайқұл,
Жаңшылдарға сөзім бұл.
Сағымбайдың тілі жоқ,
Құсқа билеген барың ұқ.
Байтұрсынов, Қожанов,
Баш тарихы бабаңның,
Байқап көргөн ойланып,
Адабият жөнунен
Айтқан ақын бақырға,
Назарың сал толғанып.
Ырысқұлға Жандосов
Қатын менен баламды
Қарайлатып тастадым,
Арбақ қолдоп тұршо еле,
Алған екі қатыным,
Жылда екіден тушы еле,

Қайып болды ақылым,
Ескі сөзді жазғын деп.
Ешеналы тақының
Ештемесі тибеді
Еңбек қылған ақымды.
Қаршып тұрған тойшының
Ханзадалар, арызымды ұқ,
Қарақолға жібердің...
Алты жүз бетке жетемін,
Әлде есіме салбаса,
Арбақ келіп қалбаса,
Бір ауыз білбейт екен,
Арбақ сүйеу бербесе,
Андан кейін нетемін.
Айтып болдум бұ сөзду,
Алмамбет болған мұсылман
Аның Миқа иесіне.

Әңгіме ылғи Манас жайында, жалғыз-ақ бір-екі жерде ғана Манас қала тұрады. Ол Көкөтайдың асы, одан кейін Алмамбет әңгімесінің тұсында.

Алмамбет Көкшеге, қазаққа өкпелеп, Манасқа келерде Манас түс көреді. Жолда келе жатса, бір қылыш жатады. Жай шығар десе, тас кеседі. Бір уақыт қылыш арыстан болып, артынан ереді. Сұңқар боп ұшады, самұрық сияқты бәрі де Манасқа жолдас болып көрінеді. Той қылады.

Өз қоғамының үлгісін, стилін Сағымбай қайда болса да жұмсайды.

Хан едің, бай қылып бақыр міскінді,
Бәрі түріктің ұлына,
Қолына беріп тізгінді.
Бел болып шешер асына,
Береке болып басына.
Тұлпарлардың тұяғы тасқа тимей кетілді.
Жетілер қайра тұяғы.
Тіл айтқанменен өлді деп,
Тірідей болып көрінет.
Лениндин сияғы

Әлем ұлы болғаны,
Арбағыңды сыйлады,
Қаны Ленин өлді деп,
Қайратым жоқ бойымда.
Қантып өліп кетсін деп,
Айнанбаймын ойумда.
Жетектеп алдым жүз мың сом
Талқақта мінген тойында,
Ұзын өмір тілейік
Троцкий батырға,
Луначарскийің
Жеткен екен ақылға.
Ашып курсың шығарған,
Абразованияны
Аламдын барын оқышқан.
Мұсылманды, қапырды
Бірдей көрген ақыры.

Алмамбет келгенде Манас екі рет ат шаптырып той қылады. Сары лақты сойғызып, басынан садаға қылады. Сары алтын үстіне шашқызады. Алдынан шығып істейді мұның бәрін. Үйіне, әке-шешесіне шаптырып сүйінші сұратады. Бәрі бата қылады. Шиырдың емшегін шығарып, Манас, Алмамбет екеуіне екеуін береді. Қатар емеді, сүт шығады, сорысады. Содан кейін қыз әпермек болады.

Алмамбет Манастың қатындарын Ақылай, Қарабөрікті көріп, бұларға інісі сияқты емес, бәрібір сен де бойдақ екесің дейді.

Манас қатын алмақ болады. Содан алтыншы бөлім – Қаныкейді алу әңгімесі туады.

6-бөлім. Қаныкейді алуы.

Басында, ілгеріде Алмамбеттің жеңгелерін сынағаны қайта айтылады. Манас екі қатынды соғыста олжа есебінде алады. Айттырып алғаны Қаныкей ғана болады. Қысапсыз көп қалыңмал, ақ бас түйе, неше түсті жылқы жүз-жүзден, ақ қой, қара қой мың-мыңнан. Ақ бас қара түйе отызды сұраған екен. Кісі менде, онда түйе бар деп шығады. Сол сияқты жылқы, қой да жұрт үлесіп алысады. Қалың мал бара жатқанда:

Тәжіктің бары бажылдап,
Көпшілік айтты далай кеп,
Семізі екен, май екен,
Иесі қандай бай екен,
Осынша қойды сатқыдай
Не мүддесі бар екен,
Тәжіктердин қибласы,
Не тіксінген қиуасы,
Айғырлар қалса алысып,
Адамды жұтшу молғо деп,
Тамына кіре салышып,
Қайбіреуі қорғалап,
Тамын тешіп алышып,
Көрмекке көзін салышып,
Аттарды айғыр қашырса,
Жейт екен деп бір-бірін
Айран азыр қалышып.
Өз нең десе айғыры,
Үлкенсіген қай біреу
Үйінен шықпай қайғырды,
Тебішкен жылқы көрбекен,
Көшеде жылқы тебішсе,
Өзін тепшө неме деп,
Темтегің деп қашып жөнеген.
Апшысы арып бугулуп деп,
Аға-ініден сұрап кеп,
Қарағаны шұмдықтық,
Жапырғаны тұрат деп,
Қаңшылашып бір-бірін
Аяғымен ұрат деп.

Манас екі күндей бос жатып қалады. Содан қалыңдығына барғысы келеді. Ата-енесі Қаныкейді мықтап күзеттіріп қояды. Қыздың ордасы бар екен соның ішінде. Қызы қиын жерде екен деп келеді Ажыбай. Манас қыздар жатқан үйге келеді, қырық қыз жатады. Шетте Аруке, одан бөлек бетінде алтын пердесі, астында алпыс қабат бақсасы Қаныкей жатады. Ашығып келген Манас әуелі қыздардың дайындап қойған нарынын, нанын, бар асын үш-ақ асап, жеп қояды. Қаныкейге қол салады. Қаныкей шошып атып тұрады, бойына дарытпайды.

Аяқтағы сусынды, ошақтағы кебетті жеген сен кімсің деп кеп шұбыртып сұрайды. Манас жайын айтады, Қаныкей құлдарын шақыртады. Шешесі Ақмама оянып, құлдарын тоқтатады.

Бірі шұңқар, бір түйғын
Ұясы бірге болбосо,
Асылға асыл қосылса,
Даршан Қылбай жатабұ.

Қаныкей көнбейді. Манас ашуланады. Хан жайын сұрағанда Манастың қолын тіліп, қан ағады. Оған қоймай Манас текпілеп ұрып, кетіп қалады. Ашумен қырық шорасын, әскерін атқа мінгізіп алып шабуылға кетеді. Жақып пен Көкетай әскерді тоқтатады. Шоралар шапқанда алдынан айып алып шығып, Манастарды ордаға түсіріп алады. Манасты күйеудің үйіне апарды. Қыз келеді деп екі күн, екі түн күтеді, аш қалады. Қаныкей алғашқының кегі деп бармайды. Ертеңіне Манас қалаға ойран салады. Бақай өзге елге сендер мұсылман қаласын қырма деп қояды. Ақырында қаланы қырып жүрген Манастың алдынан нөкерлері мен Қаныкей шығады.

Тарындың, батыр, бізден деп,
Талабым артық сізден деп,
Қиуаның жоқтыр күнесі,
Қиялыңды білмекке
Қыздардың қылған мүнезі.
Тәжіктің жоқтыр күнесі.
Білмек үшін бейіліңді
Қанжар тиіп қолыңа,
Қарамаққа соңуңа,
Қара башым шын тарту,
Қанқорым, сенің жолыңда.
Түйунді, төрем, шешіңіз,
Доолккен ашуың шешіңіз,
Желбіреп сөйлеп шаны қыз,
Жез қомоздай шыңқылдап,
Күлсе тісі жарқ етіп,
Күзгідей оңу жалт етіп,

Көкектей үні шаңқ етіп,
Шығашудай ырғалып,
Лағыл, алтын жығасы
Оң шекеде қырданып,
Шылбырдан Қаныш алыптыр,
Қыздын сөзін қайтарбай
Қылбайбы деп айта алмай,
Қыран ер тоқтап қалыптыр.

Қырық үй тігіледі. Бәрі де қыздар үйлері. Ойын үшін тігілген. Манас шораларына жарысайық, озып барғанымыз бұрынғы таңдауды алайық дейді. Қырқы жарысады. Алмамбет, Бақай, Сырғақ озып кетеді. Алмамбет Арукенің үйіне түседі. Алмамбетті қалмақ деп Аруке ұғады. Афсун оқып өзін үдірейген жаман қара қыз қылып, қырық атының бәрін санайды. Бәрінің батыры бір-бір қызды алып қалады, бар қыздың аты аталады. Бәрінің арасына Манас келеді. Алдынан:

Ақ шүште киіп шұбалып,
Сандырмасы санда жоқ,
Салтанаты ханда жоқ,
Ұлық бейіл анда жоқ,
Шаны рысқы шығыптыр.
Ырғала басып теңселіп,
Аққұланун дуубурун
Алыс жерден ұғыптыр,
Атыңыз күлік екен деп,
Қылайып күліп тұрыптыр,
Қанжар тиген қолыңыз,
Қаныштан болсын жолыңыз,
Қарданбай тұрам қойсоңуз,
Қаталдық қылат екен деп,
Бұзылбасын ойуңуз.
Бар ісін көруп сайладым.
Аяқ болып тұрсам да,
Бақытыма тұрдым табылдың,
Арыстаным, бері келің деп,
Атыңды түшіп берің деп,
Ойына қойбай аударып,
Ояндын атын алыптыр.

Сонан соң арақпен сыйлайды. Арақпен сыйлау бұнда
вообще көп.

Жеті меште шарабын
Қыз екен деп күшөнгөн,
Қиындығын қарағын.
Шекер, шербет балменен
Жая қойып жалменен.

Содан ойын болады. Қырық қыз көздерін таңып, қырық жігітке қарсы жүреді. Ұстағандарын алмақ. Алмамбетке қара қыз Аруке, Манасқа Қаныкей дәл келеді. Аты келген жігітке өз қыздары мінеді. Алмамбеттің қара қызын өзгелер танымайды. Бұл қайдан келді, Аруке қайда деседі. Алмамбет те қорланады. Қаныкей сырын білетіндіктен барып қалпыңа кел, бұл мұсылман, ханның көңілін қалдырма дейді. Аруке үндемей, жауап бермей қалады.

Енді қырық батырдың көздерін байлап, қыздарды ұстатады. Бәрі өзді-өз қыздарын алады. Қаныкей Арукеге асылады. Жалғыз қалмақ. Маған қайдан келеді, құлға сыйға кетпеймін деп түр сыйлады. Қаныкей Алмамбетке, аяшым, аз күн аял қылып көңілін ал. Жақсы дейді.

Алмамбет барса, түрі бұрынғыдан да жаман боп қалған. Қор қызы болса да осыныңды алмаймын дейді. Алмамбет Манасқа қайтып келеді. Жасы жиырмадан асқан. Саны бура санындай, шашы шоқпардай, өзі сасық. Аруке шырықты бұзады. Манас ашу шақырып, тағы кісі салады.

Арукенің ата-енесі жоқ, ғайыптан келген пері қызы өзі атылды, бәрінің ұстазы дейді. Ақыры біріне-бірі тиіседі. Қырық қыздың қылғандары подробно жазылған, натураль реализм ретімен Алмамбет әйел көрмеген екен. Аруке өзі тұрғызып алып салыпты дейді. Бәрінен сіркіреп қан кетті дейді. Бұл жырдың аяғында:

Аруке менен Қаныкей
Айтылып өту алынбай,
Адам айтар кеп емес,
Арбақтардан елінен
Сұрап келді жомоқшы,

Қара қырғыз оған деп,
Аттын боғы бар болса,
Дариянын басына
Қашып алып шығат деп,
Ешеналы айтқаны,
Арбақтар айдан тарынып,
Он жеті күні тапқаны,
Жетім болып екі қол,
Шыным ошы ұғып қой,
Оқып қыран арбаққа.
Андан кейін мен келдім.

Европаға баратын қазаты бар. Қаныкейді алудың аяқ жағынан көзқамандарды көшіріп, орысты алудан соң жол болады. Бұндағы жаудың көбі де аярлар болады. Афсун оқып өздерін түлкі, барыс, елік қылып жібереді. Қолдарына хабар береді. Халық аттары белгісіз, выдуманный арийлер дейді. Жалғыз-ақ ұғымдысы.

Үрімден елі бар,
Айланып Каспий көлінен,
Алар азыр өсімдікке,
Ар жақтағы пар аңшы
Доғушун қасқа жетмекке.
(Кесмер батыр дейді біреуін).
Беретін кінам жаңынша,
Амиана шоң дұшман
Кейіп деген батыр балуаны,
Сынташкөл арбақ Сейіл,
Бегош аяр,
Серп түбі түрік,
Шорнагөр бұның да түбі түрік,
Арийлар мұсылман болады (шіркін атқа қалышты)
дейді.

Жеңіп алып,
Түркістан қайда, жер қайда
Тумен алашым ел қайда, —

деп Каспийді бойлап қайтысады.

Күйлер: “Сынған бұғу”, бір манаптың трагедиясы, “Тол-ғоу”, “Шыңғырама”, “Көкейкесті”, “Құл Семетей” (Токтоғұлдың “Құл Семетейі” деседі).

1. Сұрабай, Ақтерек: Шоң арық Қошой кішкене бөлімі. Ертөштік есегін бұрыл ат қылады.

2. Қошойды Семетей қысады. Үңқой – Айшүрек. Пұшқа кемпір мен Үңқойдың пішінін салыстырады. Екеуінің де пішіні жаман. Жақсы қатындарды көрсетеді. Оларды жақтырмайды. Мыналарды жаратады. Кересек пен Қошой, Семетей шабады. Селкіншек Тиіш пен қатындары жетеді. Келердің алдында үш дөбе (Ботуғур – Сұрабайдың руы) деген жерден дүрбі салады. Ұмамбай Жолдыр ұста шоңетік кедейі, құраған адамдар. Солар Шынқожаның, Төлтөйдің ролінде болады. Шоңарықтың суын өте алмайды. Семетейдің ауанына салып ырдайды.

I том

Жақып байдың зары. 1-песня (прелюдия прозой).

Жабдық салып ат мініп,
Жаға салып тон киіп,
Жанымда болған қарам жоқ,
Тұтынарға тұяқ жоқ,
Туғанымдан айрылған
Жұртта мендей шұнақ жоқ,
Қарманарға тұяқ жоқ,
Қанатынан айрылған,
Халықта мендей шұнақ жоқ.
Ажал анық, шара жоқ,
Аман жүрер сана жоқ,
Ақыретке бет алсам,
Атекелеп артымдан
Налып қалар балам жоқ.
Құнаным жүрет құр болып,
Қуып мінер балам жоқ,
Құдай қылды, шарам жоқ.
Далада жүрет тайларым,
Таптап мінер балам жоқ.
Талайыма айлайын,

Ақ ісіге шарам жоқ,
Жасым жетті қырық сегіз,
Дүние күттім құп тегіс,
Ақыретке бет алсам,
Алтын, күміс бұл қалат,
Алған жарым тұл қалат,
Айдаған малға ие боп,
Алтайдан келген құл қалат.

Бай Жақып ұйықтап жатқанда аты босанып қашады. Оны Ақымбек дегеннің баласы қуа кетіп жөнеледі. Баланың шешесі келіп, Жақыптың бәйбішесіне әлек салады. Баламды тауып бер дейді. Бәйбіше Жақыпқа келіп, ұрыс салады (бұл жер подробно жазылған, қайталамалары да бар).

2-песня.

Манас туар алдында Шердің түс көруі.

Байжақып қатыны түс көрдім, мал айтып сояйық дегенге ырза болмай, баласы, дәнеңесі жоқ тұрып бос сөйлегенін жақтырмай, бақ-дәулетігіне басып бара жатқанда құлағына бір дауыс келеді:

Атеке, неге қайғырдың,
Ақылыңдан айрылдың,
Қыламын десең қиындық,
Қытайда саға шамалар,
Ұлықпағын дүние үшін
Ұрыста саға шамалар, —

дейді дауыс.

Жақып жоғалған Ақымбек баласын іздеп келіп, біраз алдан атын табады. Үстінде ақ жолбарыстың терісі буулы болады. Сонда айтатыны:

Аны көріп Жақыптың
Ақылы кетті жаңылып,
Баланы жолбарыс алған қу,
Менің басыма мүшкіл қалған қу,

Бәлекетке салған қу,
Жебатқанда баланы
Жетік мерген атқан қу,
Жеке басым құн беріп,
Жерімден шорым қатқан қу.
Жеткеріп қоныс алсын деп,
Бү жалмауыз атқа жапқан қу.
Арқамыздан құн беріп,
Менін әбден шорым қатқан қу.
Атынан танып алсын деп,
Атыма тері жапқан қу.
(Көп предположениелер айтады.)
(Атты қуа кеткен баланың аты – Меңдібай.)

Бұл бала атты қуып шыққанда, қырық бала қырдан шығып, алдынан қуып әкетеді. Манастап ұран салса, солар жолбарысты өлтіреді. Терісін сойып қояды.

Қырдан шығып қикырып,
Қырық бала тиіп кеткені,
Бай Жақып деп бақырып,
Манастап ұран шақырып.

Меңдібай баланы ойнайық деп таң атқанша жібермейді.
Бай Жақып айтады:

Бекер айтпа, балам, деп,
Қырық бала түгіл, бірі жоқ,
Өлген Жақып тірі жоқ,
Шәкең балам ер дейді.
(Бәйбішесі – Шер, тоқалы – Бақдәулет, Меңдібай деген баланың шешесі Қанымжан).

Манас айтыпты Меңдібайға:

Байғұс атам бай Жақып
Бала үшін болған қар дейді.
Мен барғанша бай Жақып,
Балаға болар зар дейді.
Бақдәулет менен бәйбіше

Көріп тұрды көзменен,
Ұғып тұрды сөзінен,
Бекері шыны деп сұрайт
Меңдібайдың өзінен.
Кәудек бала тұрбайбы,
Қалп етсе Құдай ұрбайбы.
Көрген үшін шын қу деп,
Бүйір көз баушыдай сыр қу деп,
Бір дердікер бар алда,
Кешегіден бір жаққа
Білгені қандай қылды деп,
Біресе екі қатыным
Майнетке мені қойды деп.
Шер белгісі жоқ тұрып,
Меніменен ұрысып
Берші, міне, той дейді.

3-песня. Манастың тууы.

Айта берсе сөзі көп,
Әзір құлақ салыңыз
Арыстан Манас кебіне,
Тойдан кейін тоқталып,
Екі жыл тамам өтіпті,
Ер Манас бойға біткелі
Тамам үш ай өтіпті.

Жолбарыс жүрегіне жерік болады. Жылқышы Қанғай қара мерген атып өлтірген жолбарыстың жүрегін әкелмек болып кетеді. Барып жүректі алып, Жолшай бәйбішені сынамақ болып бір биенің жүрегін де алады (Бәйбішенің толғатқаны да толық айтылады). Бай Жақып шыдай алмай, жылқысына кетеді.

Жорға боздың үйірінде
Қара жалды құла бие
Қайқалақтап алыпты.
...Еркек болса құлыны,
Еншілейік балама,
Егем нала күдірет,

Жеткерер бекер санама,
Жорға боз атын жаяйын,
Қатыным туса еркекті,
Мыңдан кейін айғырын
Қамбар боз деп қояйын.
(повторение)
Ұрғашысын барлығын
Ақ тілеуіме сояйын.
Еркегінің барлығын
Ниеті қазат қояйын.
(Бәйбішесі сегіз күн толғатқан).
Бақырып жатқан баланы
Он бестегі баладай
Көтергендей салмағы.
Үш қарынның майларын
Үш атқа қойбай жалмады.
(Манас сондай мешкей болады туа сала).
Тастап салыңдар,
Жақыптан хабар алыңдар.

Ақбалтаның қатыны Зүлейқа байына ұрсады, барып
сүйінші неге алмайсың деп.
Ақбалта:

Жарыбаған жарды бар,
Кұртқалы жүрген құлазар,
Ел көрбеген бақыр бар,
Айылда жүрген айбар бар,
Күзда жүрген қоңсы бар,
Қояды маған осылар дейді.
(Қатынымен екеуі көп керіседі).

Ақбалтаның сүйінші сұрауы:

Арыстаным Жақып, сүйінші,
Жұбағанда бәйбіше
Жолбарыс тапты сүйінші,
Жоғаларда бәйбіше
Жолдас тапты сүйінші,
Еріккенде бәйбіше

Ермек тапты сүйінші,
Қайғырғанда бәйбіше
Қаралды тапты сүйінші.
(Сүйіншіге бергенін көп санайды).

Жақып баласын келіп көрген соң сынын айтады:
Қошқар тұмсық,
Көркі қалша, көзі тік,
Жалаялы ұржар қабақ,
Жағы жас, иегі ұзын,
Ерні қалың, көзі үңір,
Ер мінезі көрінет.
Алақан жазық, қолы ашық,
Аттанып шықса жолы ашық,
Алып мінезі көрінет.

4-песня. Манастың туғанына той қылғаны (Тойға тамам елдің бәрін шақырады).

Алтмыш ақ боз бие алындар,
Қамбар боздың үйірінен
Қармап келіп шалындар.
Қабыл болса түйе бар,
Екі мың еркек қойым бар,
Айбақтан бері бұ тойға
Атап қойған қойым бар.
Немесін қоспай сойындар,
Ағайынды туғандар,
Аламанды қойындар.
Төрт жүз түйеге арттырған,
Алты жүз атан түйеге
Аппақ күріш арттырды.
Қытайларға лайық
Қырық мың жанаш төлінен
Қара мейіз салдырған
Қызыл араң тарттырды.
(Аттардың шабысы толық жырланады).
Бәйгенің басын байлады,
Бес жүз жылқы, бір мың қой
Бәйгесіне сайлады,

Бес қызыл нарыны
Екі түйеге жүктеген,
Есептеп алтындарын
Екі күн атын айдады,
Ел тамаққа жайлады,
Үшінші күнде аттанып,
Тойға келген көпшілік
Қорқып кеше байланды,
Атқа болжал айтыпты,
Өгізге шу қалғандан
Осы жерден қайтыпты.
..... аты жыл таман
Сүзеген екен

Арандай аузы ашылып,
Қара болат сулығы
Жіберді көзден басылып,
Даңқаны тиген жерлері
Тас та болса қазылып,
Төрт аяғы ашылып,
Ауыздықтан ақ көбік
Омырауда шашылып,
Сары қызыл қара жал
Сайдан шыққан бұлыттай,
Зақымдай ұшқан қандай мал.
Артынан келет жақындап,
Атқан оқтай бір сұр ат
Арқасынан жақындап,
Бағыштың аты Сұркиік
Анда-санда бір тиіп
Аның арқа жағынан.
Қанғайлардан қара сұр
Аның жүгірісін қарап тұр,
Аның арқа жағынан
Таз шешенің тау қара,
Семіз екен бейшара.
Сауырысы күйіп солақтап,
Сүреуге кіріп бұлақтап,
Алардың арқа жағынан
Алтайлардың нар қара
Аршын кіріп арымдап,

Айғайын алтай салыптыр.
Ашып көзді жұмғанша,
Қоңыр би келіп ақырды,
Құржаңдаған бұ доңыз
Не болды деп бақырды,
Айғайын ұққанда,
Әзім деген ақбақай
Қояндай құлақ жапырды,
Шаңды көкке сапырды.
Құдай қолдай көрсін деп,
Құралып қалған көп түр...
Құжылдаған көпшілік
Қытай алса бектер деп,
Қызыр бізден кетер деп,
Қанғай алса бектер деп,
Қасиет бізден кетер деп,
Жылтаман менен Сүркіік
Біреуі алса екен деп,
Ат сүреген адамдар
Женчей келет тепеңдеп.
Бәйгеге жақын қалғаны,
Басын шайқап жылтамын
Басуға келбей қалғаны.
Бағыштың аты Сүркіік
Барып торға бір тиіп,
Жидектер аты шыққаны,
Жібекті туын жыққаны
Бағыштың аты шықты деп,
Бай Жақып туын жықты деп,
Азияның халқына
Әзір болды ұша кеп.
Орта Азия күн батты,
Озып аты келген соң.

5. Манасқа ат қоюы.

**6. Манастың тоғыз жаста сабалақ уақыты. Манас
8 жасында.**

Арам адал түк білбейт,
Әрбір түрлі іс қылат,

Аға-інісін көзге ілбейт,
Болып тұрат кей күні
Байлауда бұдан мінгендей,
Басып кетет кей күні
Байлатпаған жындыдай.
Дүбана көрсе ұрыпты,
Асасын тартып алыпты,
Азапқа бұ да салыпты.
Қожаны көрсе құрытат,
Бір сабада қымызды
Қолына берсе, бір жұтат.
Жарым шелек арақты
Жалғыз ішсе, мас болбайт,
Жамбы тисе қолына,
Шақа пұлша тоқтатпайт,
Парқын білбейт дүниенің
Бай Жақып байқап күйгені.

Жақып баласы туралы:

Андасам, баланың ақылы аз,
Жөнін таппай дәулет мас,
Тілазар дей ме дінге қас,
Мал азабын балаға
Бір тарттырып көрелі,
Жайлаудағы қойшыға
Алты ай малай берелі,
Еркелетіп олтырбай,
Қатықтырып көрелі.
Манас қозыны бағады,
Қозыға қасқыр шабады.

Соны Манас қуып барса, қозының бәрі аман, қасқыр
Ғайып ерен қырық шілтен болып шығады. Оларға Манас
сенбейді. Қаны, сөздерің сенейін. Әуелі біреуің қасқыр
болшы көзімше дейді.

Осыншаны жаратқан
Қайда болат құдайың,
Үй-жайы қай жерде.
..... сізден сұрайын.

Ол сөзде бала салғаны,
Қызметте жүрген қырық шілтен
Қытқырып күліп қалғаны.
Хұрметі бар бұ жайда,
Үйі болай құдайда,
Ұғып тұрған құлағың,
Үш деп білген тұрағың,
Жет...

Сасық менен жақсыны
Күші біліп тұрыңыз,
Ашу менен таттыны
Білген өзіңіз,
Аны да ақтың күші деп,
Ақылменен біліңіз.
Көріп тұрған көзіңіз
Құдыреттің күші деп,
Құп біліңіз өзіңіз.
Қармай тұрған қолыңыз,
Қадір алда күші деп,
Қабырынан біліңіз,
Баса тұрған ұлыңыз,
Құдыреттің күші деп,
Көңіліңе тұтыңыз.
Көкірек жүрек дініңіз,
Құдайдың үйі екен деп,
Құб ұшандай біліңіз,
Қырық шілтен айта салғаны,
Бір сілкініп біреуі
Көкбөрі бола қалғаны.

Манас Айнақұл деген баламен жұдырықтасып, талдырып тастайды. Артынан татуласып, алты бала қозы жайып жүріп алады. Бұл да ұзақ әңгімеленген.

7. Манастың қалмақтарды шауып алуы.

Бұл бөлім орынсыз жерден басталады. Алдыңғының аяғы бітпей, бұны көрсетіп қойған.

Манасты Жақып Өсер байдан қозышылықтан алып,

үйіне қайтады. Жолда Жақыптың жылқышысын қалмақтар сабап жүр екен. Жер қорыған қалмақ болады.

Алты руы қалмағы
Қорыған екен жерін деп.
Отыз байтал, бес атан
От майына бердім деп,
Ошаны да азсынып,
Қуып жылқым келді деп,
Жақыпбай айтып салғаны.

Манас сонан соң қалмақтарды сабайды. Манас Жақыптан өздерінің ата тегін, ағайын-жақындарын сұрайды. Сонда бұрын күшті ел болып, енді азғанды айтады. Жеті ағайыны бар екен (Жақыптың), бәрі де жан-жаққа бытырап кеткен. Соның бірі Үсен екен. Ол Үсен атын жойып, Көзқаман атаныпты дейді.

Қараңғы Тоқай жер бар дейт,
Ал Тоқайдың ішінде
Аю, жолбарыс, қабылан,
Албан түрлі шер бар дейт.
Андан өтіп барғанда,
Ғайып бағып мал қылған
Қанша түрлі ел бар дейт.
Байқап тұрсам, не түрлі
Барса келбес жер бар дейт.
Көп алыс жолға барды деп,
Көрген-ұққан ел айтат.
Ел айтқанда не айтат,
Көре албайсың деп айтат.
Үсен атын жойды деп,
Аттары бұзық алардан
Көзқаман деп қойды деп.

8. Манасты Есенқан елі шауып алмақ болуы. Есенқан Манастың хабарын есітті.

Алтайлар аттану керек дейді. Ол аттанбай, әуелі сынау үшін 40 түйемен қазына тиеп, сауда керуенін жібереді. Манас оларды тонап алады.

Үшінші күнде түс шенде
Мөлтіреген боялпан
Шөлге келіп қалыпты,
Арық қазған алты мың
Елге келіп қалыпты.
...идолы — қолдан соғып құдай деп,
Жолыңнан кім болды.
Нияз қарға Манас айтады:
Егшерермін еліңди,
Токтатармын желінди,
Мекен қылып жерінди,
Қарайлатып қалқынды,
Кетігермін барқынды,
Алармын деп қолыңдан
Қалмақ, қытай, сартынды,
Салармын саған қарымды.
Шабармын Шаң шу шарынды,
Шашармын саған арымды.
Талқалармын бәрінди.
Мұны айтып бұ Манас
Ақ құла қамшы салғаны.

Айқожа:

Аны айтып бүзірек,
Ашқын, балам, үйірің деп,
Аманаты пайғамбар
Аузына қойды түкіріп.
Маһыры шапқан шашылды,
Бала Манас он төртте
Басы-көзі ашылды.
Асты жарғын қараса,
Күрсі лаух көрінді,
Күңіреніп айлады,
Көңілі қым бөлінді,
Көзден жасы төгілді,
Қайғыланып жас бала,
Қабырғасы сөгілді,
Асман жаққа қараса,
Ғарыш ағла көрінді,
Барқырады айлады,
Мағруппатқа көмілді.

Манасты Есенқан жіберген. Әкесі байлап алмақ болады. Алдында Жақыпты байлайды. Манастың жөнін айтпадың, қанға қарсы екесің деп, содан кейін Манас Жоннұзбен келгенде, оны да байла деседі. Манастың ашуы келеді.

Аны көріп Манастың
Ашуы келе қалғаны,
Жаасы шықты жүзінен,
Жалыны шықты көзінен,
Емшілердің жазасы
Оң құлағын құлтитып,
Сыпыра кесті молтитып,
Мұрнын кесіп кеңкейтіп,
Сақалын кесіп, иегін
Қоя берді дейкейтіп.
Көңілдерінің атынан
Көзіне шенеп қырқысып,
Манас қылды бұйрығын,
Толарсақтан қырқысты
Аттарының құйрығын.

84 кісі болып атқа шығады. Ашығады. Ат сою керек болды. Ешқайсысы көнбейді. Манас Аққұланы сой дейді. Шегебай Аққұла арық, менің астымдағы боз бестіні сой дейді. Соны сояды. Манасты ойнап хан көтеріседі. Содан кейін Манас жігіттеріне жер саламыз дейді.

Алтай тауда аңыратты,
Ашып аны алабыз,
Ар жағы Орхон дария бар,
Марал кешу барабыз,
Батыра шалғын шалабыз.
Жолдастың бәрін бар деймін,
Жолды барып шардаймын,
Қарақшы болса қармаймын,
Ұры болса тұтамын,
Үдек-шүдек жан болса,
Осындайда жолықса,
Сау қойбай басын жұтамын.
Қиынсынып аттанып,

Қытайдан жортуыл барбы екен,
Қан болған соң Манастың
Қарап жатшы жабны екен.
Алар жақын барыптыр
Ағынды Орхон дарияға,
Марал кешу бар деген,
Ұрғын, тасқын аққан
Орхондың суы тар деген,
Осыны көздей баралы.

Есенқан бұл уақытта баяғы жіберген 45 түйелі керуеннен хабар ала алмай, тағы жүз кісі жібереді. Олар тасып жатқан Орхонға келіп тіреледі.

Жүз адам келіп қараса,
Орхондың суы кіріптыр,
Басынан мұңғы бұзылып,
Жандосынан қараса,
Жайсаңдың суы қосылып,
Қап-қара болып көрінет.
Қан жаттанып жосылып,
Тоқайы биік дауылдап,
Таусы биік зауылдап,
Терегі шамдай сайылып,
Теңізден шыққан толқыны
Қайың талдың түбіне
Қақ тізеден жайылып,
Жатқан екен күркіреп,
Жақын келген адамын
Тамам бойы дүркіреп,
Жүз кісі кеше алмай,
Ханына хабар салады,
Хан кешіп өтсін дейді.

Өтеді, 20 кісі суға кетеді. Кешкендерді Манастың шалғыншысы көріп, жүздей кісі кешті деп хабар береді.

Бұларды Манас қырады.
Артынан 800 кісі өтіп шығады.
Арғы атам бар Алаш деп,

Атым менің Манас деп,
Алла тала сақтаса,
Әр бәледен қалас деп.

Көкше бұлармен соғыспайық деп қорғанды.

Бесінден шары бес айлық,
Бет алып бері қол шықса,
Беттесе албайт алтайлық,
Киік атып тым кетпей,
Кісі өлтіріп тастайық, —

дейді.

Манас бұған ұрсады. Артынан Көкше соғысады. Шоң Нөкер деген батыр бұны аттан бөліп алып, тасқа ұрмақ болып жөнеледі. Сонда Манас қуып жетіп, Нөкерді қасында Көкшемен қабат аттан жұлып алып, Нөкерді өлтіреді.

9. Манастың хан болуы.

Андан бөлек бұяқта
Алтайлықтың бәрі бар,
Алшын, үйсін, найман бар,
Арғын, қарақожа бар,
Абақтардың ішінде
Айдарқан батыр қоса бар,
Қырғыздардан Саламат,
Қыпшақтардан Шешен бар.
Ноғай осы Бай Жақып,
Нойғыттардан Ақбалта,
Тотыдан барған Тоқтау би,
Өкістерден Өмірзақ,
Өзбектен Дамылда,
Өткір шешен Әбділда,
Хан Жақып бастап қарсы,
Ақылмандар бәрісі
Жиылысып олтырып,
Тамағын тартып балтырып,
Қанға қылдық қастықты.
Қария Жақып кеп айтат
Қашқардың шеті Қызылтау,

Қарап тұрсаң, халайық,
Қапырден бәрі болды жау,
Қамданбасақ болбайт қу,
Қырғыз, қазақ, түрік ұлы
Қалбайт деймін аман-сау.

Әңгімеде араб деген ел бар. Ташкен үстінде тоқтап тұрып қалыпты. Ішінен пайғамбар шыққан деп айтысады дейді. Әдейі ескі заманды елестетпек болып, еміс хабар қылып сөйлейді.

Қанды жұрт болып қалайық,
Қалаба қылса қапырлар,
Қайрат қылған балалық,
Өліп қалса, қоқыстар
Бір шұқырға толалы.
Бекер жатпай ендіккен,
Тірі болсақ бәрібіз
Бір дөбеде болалық,
Белі қатты біреуінді
Биік көтеріп қоялық,
Халыққа хабар салалық,
Қайраты бар біреуінді
Хан көтеріп алалық.
Халыққа хабар салалық,
Қапыр келіп қол салса,
Қару-жарақ асынып
Қарсысына баралық... —
(дейді Бай Жақып жаңағы жиында).
Хандыққа бірің шығындар,
Беттескен жауға белдендер,
Белдескен дауға демдендер,
Өткір шешен тілдендер,
Үкімет жөнін білсеңіз,
Ұлы кісі бәрісі,
Осыны айтып салысты.

Сонда баяғы далада Манасты хан көтерген 84-тің атынан Айнақұл Манасты айтады. Манас хан болады. Сонда Көкшені Қамбар жерлейді.

Көкшені Қамбар жемелеп,
Туяғың қалсын сенің деп,
Туылғандан бері дүниеден
Қай жерінде кембі деп,
Бір тайды аяп салғаның,
Халыққа мәлім болдың қу,
Қарың болып қалғаның,
Хандықты қырғыз алды деп,
Қазақ бекер қалды деп,
Атаң екеуің әрқашан
Адамдан жақын көресің,
Айбанда болса малды деп,
Қапаланды Қамбар хан.

Манас отказываться етеді. Хандықтан жалғызбын жана далада да бір тай сойдым деп хан болмаймын дейді. Жұрт болмайды.

Талада бір ат сойдым деп,
Хан көтеріп қойдың деп,
Өз нәпсіме тартпаймын,
Таудай тоқа налатты
Өз мойныма артпаймын.
Қалмағың бар, манғол бар,
Қазағың бар, қырғыз бар,
Қанғай менен торғауыт бар.

Ақырында Жақып хан, Манас батыр болады. Көкше Қамбардың жерлеріне шыдамай келіп, төрелікті сұрайды. Содан қазақта:

Қашан таққа мінгені
Төре атанып қалсын деп,
Халықтың бәрі күңгіреп,
Қазақ төре болсын деп,
Қақ жарылды дүңгіреп,
Көтерелік ханды деп.

Жақыпты хан көтереміз дегенде, ол бар жайын айтып, маған қисандар, мен балама қиюларыңды сұраймын дейді.

Манасты ақ кигізге салып, халықты жеті айналдырады.

Хан төжісі осы деп,
Хан Манастың басына
Жығалу бөрікті кигізеді.

4-бөлім (бұл 3-ші бөлік, 2-шабуылдың аяғы).

Бақайдың Ташкенге қарай барғанда көпірлермен
(қытайлар) соғысқанда айтқаны:

Ұрығым қырғыз ұлы жұрт,
Көптігім ұқсаң қара құрт,
Тоқсан ұлы өзбек,
Мұрынғының бәрі айтқан
Жауға ылайық өзі деп.
Ақтық дінді табабыз,
Қызмет қылған нәбиге
Ғақаша сахаба бабамыз,
Алынса қандан тұқымы,
Алабыз деп дем байлап,
Аттанғаның жол түзеп,
Арбақ ұрған қытайлар
Ақылыңдан шоқылы,
Алдырып қуып тек жүрген
Алаш ұлы тоқтығы,
Әкімінен қол жиған
Арбақ ұрған көпірлер
Ақылыңдың жоқтығы.
Осы тұрған кең Ташкен,
Ауалғы аты Намандүр,
Осы жерде ас берген,
Түрік баласы жамандүр.
Шын атағы Түркістан
Апары сияпаты қашырып,
Алған екен Кейқауыс хан
Осының арқа жағынан.
Нүпіл шыққан Алаштан,
Үкіметке қараған.
Япас ұлы қанша жан

Арасынан алты ата
Үкіметті жоқ етіптір,
Өз алдына кетіптір.
Ұрығы қарқап толыбтыр,
Ер Тұрғандың балдары
Екі жүз ұру болыптыр,
Падишасы жоқ болып,
Бас алалмай тоқталып,
Монғол менен татарды
Басқа болып қатары,
Айыл болып қонысып,
Алды-алдынан бөлісіп,
Араға ұшақ толысып,
Байғұр, ұйғыр болысып,
Байлары малын бағалап,
Бақырлар жолмен жағалап,
Қалтайтып қала салыптыр.
Қарсыласып ортадан
Қалабасқып қалыптыр,
Тоқсан ұру бөлініп
Шоң Ташкенін алыптыр.
Қырық ұрулы қырғызбен,
Қыбылада жылдармен,
Қырық жыл қырғын болсам да,
Қытайдан қашып жылғынмен,
Үлкен атам Оғыз хан
Қырға көшкен ел үшін,
Қыр оғыз деп жұғырған,
Қырық ұру болған қырғызым
Бір атадан туысқан,
Безіндік Қытай мен үшін
Белді бекем буысқан,
Шағатайдың баллары,
Бұл шеруде бардары
Такеш болған жайыңыз.
Қызыл тоқты көп ойран
Қытайдан екен бөйіңе,
Қырғыз келіп, қол тұрат,
Келерге қандай сайыңыз.

Бұл айтылғаннан аз бұрын мынандай делінеді:

Алтайда Байкөл жерің деп,
Аяқта Алаш елің деп,
Әзам шәр Ташкенге
Тиісің жоқ сенің деп,
Қапқасын тартып алыптыр,
Қазағын айдап салыптыр,
Қалдан Серен дегені
Қарқап жүз мың қолменен
Қармасуға барыптыр.
Қара сарай қапқадан,
Халқы қырғыз, қатаған
Атанып қорған салыптыр,
Душандын ұлы Анос дейт,
Қаласын тартып алыптыр.
Қалбаласып ұрысып,
Қармаласып жұлысып,
Көптен Қытай кірген соң,
Көшіп кетіп қалыптыр,
Көйілді көздей барыптыр.
Көйілде қырғыз көп екен,
Кәусарас деген көл екен,
Көңлі бағыс ел екен,
Бадахшан мен Балахға
Тауы жақын жер екен.
Күншығысы жағында
Жедігер деген ел екен,
Басшысы Бағыс дер екен.
Ер Бағыстың баласы
Айтылып жүр жұмақта,
Атын Төлтай дер екен.
Сипүш атты қалдайы,
Қытайдан алып далайды,
Кейқауыс алған суменен,
Көтерген он бір туменен,
Көк жаңғырған шуменен,
Тоқсан мың әскер қолменен,
Апрасияп қашқанда,

Таң түлең деген жолменен,
Бұ да барған жол тозып,
Ақым бешім қолына...

Үш жүз ұру қазағым,
Үйсін, алшын, абағым,
Үстіңе келдің қол тартып,
Әліңді, қытай, қарағын.
Арғын, найман, тарағым,
Әкімсіңген зөң қытай,
Ал ауалың қарағын.
..... бар, албан бар,
Салысқанын алған бар,
Саусаған қапырды
Заман ақыр салған бар.

Байжігіт, қыздай туғаным,
Байқатайын өзімді,
Майданға кіріп тұрғаным.

Бақай содан кейін соғысқа кіреді.

Астындағы көк тұлпар
Атырылтып ойнатып,
Атқан жәйін оғындай
Оқтарылтып сойлатып,
Қалған жаб басына
Туылғанын қатөбін,
Салаңдатып қасына
Қарпышысын байлатып,
Шарайнасы қияғы,
Азырқысын абандын
Үрістемдей сияғы.

Сембұл деген әрі батыр, әрі аяр. Сонымен Манас соғысады. Манас ұрарда Сембұл екіге бөлініп кетеді. Екеуін ұрғанда 4-еу болады. Төртін ұрғанда 8 болады. 16, 32 болады.

Қашқан қапыр:

Опа таптық мұнда деп,
Ошандан орын алыптыр,
Орта таумен атағы,
Ошы күнден осы күн
Опа атқа қалыптыр.

Мұсылманда намаз оқығанда ауыздары неге күбірлейді. Көттеріңді неге жуасың деп түрік ұрулары сұрайды. Бұнда да бұрынша білмегенсіп тұр.

1. Ташкенді алғаны.

Алтын күміс, зер алып,
Албан түрлі мал алып,
Мінеріне жорға алып,
Мың ділдәлік торқа алып.
Мініп жүрген дағы бар,
Қазынасы қайда деп,
Ескі қорған Шалдыбар,
Нешесін қойбай аударып,
Тінтіп жүрген дағы бар.
Бүгін қойған өлігін
Мүлік бары деп ашысып,
Өлігі бар екен деп,
Бөлінісіп қашысып,
Көмек екен деп барып,
Көзден сала қашысып.
Атасының көзі деп,
Алып жүрген жері деп,
Сөйлеп жүрген дағы бар.
Алдыратып қалмақты,
Сүйреп жүрген дағы бар,
Қыжылдатып қытайды,
Байлап жүрген дағы бар.
Қиықтанған қытайда
Қызы талақ қапыр деп,

Ақылшым менен бір салып,
Байлап жүрген дағы бар...
Өз құсынан адасып,
Ақырдан ойға шабысып,
Қиқырысып табысып,
Қиыла балдар шудындап,
Қытайда болса алсақ деп,
Қыз-келінге жабысып,
Қызғанғанын Қытайдан
Қызыл ала қылышын
Басын ара шабысып,
Сау жүрбеген бозбалдар
Зордықменен табысып,
Капырға қайғы салысып,
Қайтып құсын табалмай,
Қараңғыға қалысып,
Қайдасың деп бір-бірін
Қайғыласып қалысып,
Қалабалы бозбалдар
Капыр да болса алсақ деп,
Қалмақтың қатын-қызына
Қапшысып қалысып,
Капырға қатылбағын деп,
Тарыбас жесилеп
Қайтарысып алысып.

2. Ташкен халқының мұсылман болуы.

Баймырза Ташкенге кірген соң намаз жайын сұрайды.
Ұзақ сөз сөйлейді. Дінді тамаша қылады.

Асылың бізге туғансыз,
Намыстың жолын қуғансыз,
Әзелден бері бөлініп,
Алтайға барып тұрғансыз.
Сыбырына тұрындар,
Сенделіп төмен жүріптыр,
Фин менен мансар түріктер
Әмірлебей жүріптыр.
Қалғаны менде тұрыппыз,

Қазатқа мойынсұныппыз.
Қаншадан бұяқта
Қаттасалбай тұрыппыз.
Қандай жолға кірдіңдер,
Айран болып тұрыппыз.
Ата болын жойыппыз,
Бабаңыздың нарқынан
Барын қылбай қойыппыз, —

деп келіп, намазды сап болып оқығандарын сипаттайды.

Башқа бір жұмыш мұныңар,
Өбектеп әуре болыңдар,
Бауырыңарға қолыңар,
Болжалы жоқ бір жұмыс,
Басыңды жерге қойыңдар,
Қатар-қатар тұрысқан
Қайсы түрлі ойыңғар.
Еліңіздің бөрісі
Екі жағын қарады,
Ауыс қылған әскер
Немене іске жарады.
Сиядыңар жүзінді.
Күнбатысқа қаратып,
Күлді бәрің жүзінді,
Күнбатыс қылдың бетінді,
Әзір бекер болдыңдар,
Айтыңдар білген ниетінді.
Біз білбеген бір сөзді
Қожырауың қалдыңдар,
Бәрің бірдей күңгіреп,
Қол көтеріп қалдыңдар.
Иектеріңе қол сипап,
Ниетін көрдің, барыңдар.
Алтайдан келген ағайын,
Алдыңдар қайдан бұ дінді.

Әбу Насыр Самани мұсылманшылық жайын айтады.
(Баймырза, Көкетай бас болып сұраған жаңағыдың жа-
йын). Әбу Насыр сөзінен соң Көкетай:

Бет алдынан Көкетай
Тоқтаңыз деп қалғаны,
Періште ұрып қоят деп,
Бұ қапырде айтқан қандай деп,
Айтып-айтып көп сөзді,
Ақырет қамын жедіңіз.
Арада тұрып жана бір
Періште ұрат дедіңіз,
Періште деген немене,
Белгісін айтың тегеле,
Періштені көрсет дейді.

Айқожа күледі. Періште Құдайдың жолдасы деп сұрайды Көкетай. Шайтанның да жайын сұрасады. Айқожа адамның жаралғанын айтады. Ұжмақ, дозақ жайын айтады. Манастар, Алтайдан келген Көкетайлар басқа жердегі түрік.

3. Панұс хандан көрген қордығы болады.

Атыла Қытай болады. Ол әфсүн оқып, өз елдерінің қатындарын әфсүн оқып айт, доңыз, қой, қабыл жібереді. Жаннан қорқысып қой болса да.

4. Панұс хандын пүтқанасын жыққаны.

Ал сарайдың ішінде
Қырық алтындан қойдырған,
Хабарын шайтан тойдырған,
Кәуһар тастан көздеген,
Көкірегі де тесігі,
Шайтан кіріп сөз деген,
Қол-аяғы адамдай,
Қоқыс көрген адамдар
Адам екен бұ да деп,
Қорқып-шошып қалғандай.
Сақалын жауһар тараған,
Көзін қиғаш қараған,
Ерні жақұт, манжу тіс,
Әзелден болған бұл бір іс.
Қарап тұрса мұнысын
Ішік қылып кигізіп

Қара кемшат құндызын,
Жұпарланған ділдө
Ішіктің тысы дегені,
Қырмызыға оратқан
Әртүрлі алтын келені.
Ағы да алтын, қара алтын,
Аңдап көрсек бәрі алтын,
Қызыл алтын, сары алтын,
Бұрастайдан бірі жоқ.

4. Манас Ташкенді алғандан кейін аң аулап жүріп Қытушаны өлтіргені.

Қырғызбайдан Алапай
Қырдан бұлай барғаны,
Жаңа үйренген саламды,
Кейбіреусі тақ айтып,
Кейбіреуі ислам деп,
Саламды білбей шала айтып,
Амандасып алысты
Өңкей алаш балдары.

5. Манас Наманган қаласын алғаны.

Көкшенің Қашалықпен соғысқаны. Жекпе-жек барынша
подробно қызықты болып айтылған. Екеуі мылтықпен
кезек атысады. Кәпір бұрын атып, тигізе алмайды.
Артынан Көкше атуға айналғанда, ол шыдамай бұрыла
қашады. Денесіне оқ өтпеуге мүмкін. Сонда Көкше атын
қамшылаған оң қолынан атады. Білегі үзіледі. Сол қолымен
атын қамшылаймын дегенде, шылбыр тізгін шығып кетіп,
аты қисық шабады. Сүйене алмай Қашалық жығылады.
Көкше жетіп, көтенінен найза салады. Шалқасынан
жығылады. Бірақ сол қолымен жер тіреп қайта тұрады.
Сонда Көкше қылышпен ұрып өлтіреді.

Манаспен пілге мінген біреу соғысады. Манас пілінің
тұмсығын шауып түсіреді.

Піл үйреткен кісі
Шойын шокмар алыбтыр,

Шоқысына қойғылап,
Бұра тартып қалыптыр.
Аярдың басы атыла, —

дейді. Сол басында түлкі болып қашады. Оны тұйғын болып қуады. Қызыл мойын көк кептер болады. Сұңқар болып қуады. Інге кіріп кетеді. Сонда артындағы Тасқыл мен Ардалық кеңеседі. Тасқыл жылан болып інге кіреді.

Іннен шығарып алғанда бұлт болып ұшады, құйын болып қуады. Көп превращение (Атыла қатын афсұны) дейді. Бұл қатын деп әңгімеленеді.

Есек болып жүрген Панұс ханның қатыны басынан кешкен уақиғаларын баян қылады (өзі бір ертегі). Келдербектің бұны қалайша мал қылып алғанын, барлығын баян етеді (бұл қатынның аты Қанысу).

8-ші бөлім. Көкетайдың асы.

Увертюра. Жалаң ұйқас зорлықпен қиылысады.

Бұл дүниеде мал керек,
Ақыретте иман керек,
Көкетай қарыған екен,
Көп жасқа барған екен, —

деген сияқты.

2. Баймырза Көкетайдың айтқан керезін Боқмұрынға айтқаны.

Бұнда Көкетайдың бар сөзін термейді. Өзінше передать етеді.

Атаң керез кеп айтты,
Ақыры жалған дүниеден
Азар тұмын ел айтты.
Атағын ұғып білбеген,
Адам болып зілдеген.
Адамдың ұлын қойбады,
Ажалы жетіп өлерде

Әр түрді кеңес ойлады,
Жалған дүние жүзінен
Жалғыз бір жерді қойбады,
Әрбір түрде ел айтты,
Адам ұлы болғандан
Асты қойба деп айтты,
Адам тұрсын бұяқа,
Айтып хабар бер деді.
Дию пері тияқа.

(Неправильная речь, характеризует стиль поэмы, а не песни.)

3. Көкетай өлгенде Боқмұрындың Манасқа кеңеске барғаны.

Манас бұған қорланады. Есті бала болар деп едім, олай болмадың. Өзің келгенше кісі жіберсеңші, бірге бұйрық қылсаңшы. Келмесе өлтіремін деп айбат көрсетсеңші. Енді 40 күнге шейін көмбей тұрып, жұрттың бәріне хабар сал деп қайрады.

4. Боқмұрындың елге хабарға жібергені. Көкетайды қойғаны.

Көмуге жиылғандардың барлығына Боқмұрын ат, түйе, алтыннан көп-көп сый береді.

(Подробное перечисление).

Қай бұрыны қараса,
Азулары арқайған,
Астыңғы ерді шалқайған,
Өркештері қорқайған,
Жандыға басса теңселген,
Шудалары сеңселген,
Атан тудың алысып,
Адам болып қалдым деп,
Бай Көкетай өлген соң,
Мамындайын алдым деп,
Жетелеп жүрген шағы бар,
Бөленше бақыр келіп тұр,

Бата алып башым келген деп,
Ентелеп жүрген дағы бар.
Үйінде қалған жардығы
Ат жетелеп шаптырып,
Елі жақын қай бұрын
Айғай салып шақырып,
Ұнабай жатып алдың деп,
Ойран болғы тез келген,
Олжадан құры қалдың деп,
Ұшқастыра шабысып,
Осыны алып берсең деп,
Бір-біріне жабысып,
Мұнтып жүрген дағы бар.

(Характерная авторская передача диалога. Описание с перечислениями сходно с описанием картинок после боя. Подробно описан бытовой момент, желание нажать на благоденствиями родственников умерших).

Бастатадан Көкетай
Дүниені жиған тым,
Бар дүние әркімде,
Өлгеніңіз артынан
Бұл ондантип қылған тым,
Қызыл қымқап саны жоқ,
Қылымдың мындай малы жоқ,
Атлас, тобар, торғынға
Анын бәрін толтырған,
Алты сарай қорған ғып,
Дүлон, шүшту, бұ да бар.
Бұлым тамға толы байқасам,
Бұ ұқсаған дүние,
Бенде кетпейт байқасаң,
Басайда бар, барша бар,
Бағып тұрған аларды
Тоқсан алты қалша бар,
Айтқанменен атаксыз
Басқа дүние қанша бар.
Жамбысы дүб түр болған,
Аяқ-бас он қадам

Алтынына үй толған...
Көкөтай болған атағы,
Көзал қырғыз баласы
Ташкенде болған тұрағы,
Өзбек болып атанып,
Өздері жүр сарт болып,
Өңкей оғыз бұ дағы.

(Байлықты, бергендікті көп мақтайды. Айтып бітіре алмай қояды. Ақынның слабосты).

Жаназаға келгендерді көп санайды. Бірін ілгері, бірін топ-тобымен келтіріп жатады. Бәрі де жоқтасып, жыласып келеді (бүгінгідей).

Біра мандан быршы ұл,
Ышқырығы байдың қырық муун,
Тебетей соқты ұғыл,
Көкжал Манас келгенде,
Көкөтайды жоқтаған,
Азырақ айтып тоқтаған.
Құдай қылған Құтман бай,
Дүниені малы тұтқан бай,
Қабырғасы қарысмай,
Қара қырғыз жұртына
Қадірі жеткен жайма-жай,
Қыздары киген қызыл шөй,
Балдары мінген жорға тай...

Өлгі айтқан сөзіне
Ер Бокмұрын құбанған,
Жорғадан тоғыз байлатып,
Торқадан тоқсон сайлатып,
Мың ділдәлік дейілде,
Тоғызын қатар кигізіп,
Қақылдаған баршасын
Қадір түнге кіргізіп.
(Бергенді мақтайды).
Қарасаң дүние шалғаны,
Өлгендерге берші айтмақ,
Андан мирас қалғаны.

Батырлар өлмейді, қартайды демейді, аттары да өлмейді, өздерімен бірге жасай береді. Кәрі-жас бәрі бірдей таусылмайтын дәурен сүреді.

(Идеал – постоянство, устойчивость счастья, ничто не меняет облика жизни. Это постоянство – идеал поэта...)

Найүміт адам қалбасын,
Ат шапқан ерлер албасын,
Атамды алда жалғасын (найүміт – парсыша),
Адамдың көзі жетпеген,
Аққиған шөл баябан,
Қашары екі мың болған,
Қара қырғыз жұртының
Халқында мендей кім болған.

Қамданып асқа тұрғаны,
Ас құдайы беруге
Ойланып дүкен құрғаны,
Үркіліп үш жыл болыптыр,
Үйі-сырты бәрісі
Дүниеге толыптыр.
Аттары үркіп құландай,
Құлындарын қараса,
Үш жасаған құнандай.
Биелеріне қараса,
Бес байса салған добалдай,
Қыз ықтырып желігіп,
Ер тандасу жұбандай.

(Бұның бәрі асты күтіп жүрген уақытта болған күйліліктер).

5. Боқмұрын Көкетайға ас бере келеді. Жиып кеңес алғаны.

Қай жерге шақырамыз деп кеңеседі. Сарыарқаны айтады. Бірақ оның даласы кең болғанмен, суы жоқ. Сусамыр болса тауы биік, жері тар. Алай болса, оның ағашы жоқ. Отынсыз боламыз дейді. Ақыры Ілені бойлап ат шабысын Қарқараны белгілейік деседі. Бұны Қосай айтады. Соған тоқтасады.

6. Боқмұрын Көкетайдың асын беруге елін жалпы көшіріп Қарқараға барғаны.

7. Боқмұрын Мәнікерді мінгізіп Айдарға ел шақыртады. Шақыруға көп елдерді айтады. Хабар айт, келсін де, келмесе қырады деп айт дейді.

Қапқалу бежін өзінде
Қоңыр байға барып айт,
Қос Алақу қарыға айт,
Ұлан, Күлөк, Мәнікер,
Жаңы болып жылма тер,
Буралаған шөптің үстінен,
Бұлтты көктің астынан
Жүгірді десе ұшқандай,
Ұшты десе сойылғыр,
Дыңқаны тасты бұзғандай,
Арқыратып кетіптыр,
Айтқан деген жеріне
Әр түрдісін еліне
Толғанып дүние жүзіне
Тоғыз айда жетіптыр.
(Идеал быстроногого коня).

Неше алуан ел шақырылған. Жартысы адам, жартысы дию, кіндігі темір батыр да бар.

8. Көкетайдың асына елден келіп түскені. Тойға келгендер:

Қоңырбай түсті жүз мың қол,
Қыр Мүстекұлы Мұраділ,
Қиғылап қостай бұ дағы,
Қылқылдап түсті он мың қол,
Қызылшоқты Тезқара
Бұ түскенде жетер мың
Доңы қия жолды да,
Осы келді отыз мың.
Сарыарқаны жайлаған,
Сан қазағын айдаған,

Келіштіріп кермеге
Керту болды байлаған,
Кезеніскен дұшманды
Келдесін жұлып шайнаған.
Саймалы қалпақ, сары сым,
Шалдарқан кесе бұтұқыр,
Алтындан нал, жез өкше,
Айдарқан ұлы ер Көкше.
Оралдан шыққан жолменен,
Отыз мың әскер қолменен,
Бозжорғаны шайпалтып,
Аң сауалын жайғалтып,
Азан айтып қарқылдап,
Ақ сақалы жарқылдап,
Келген қаздай барқылдап,
Келді Қосай бабаңыз.
Он бір күн өтіп болғанда,
Он екіге толғанда,
Сақалаттан сары Ду,
Самсып келді екі мың.
Сандырғалы Кейкуат,
Бұ да келді жеті мың.
Дүгірсегін шойын алып,
Жүзі құйрық жүн алып,
Қайшы құлақ Қаман алып,
Кіндігі темір Кетен алып,
Жез тұмсықтың ұрығы,
Жергес бөлек бұ бір қалың,
Пашасы келген үш мың қол,
Орын Жапан, Италы бәрі келеді.

Бір ай өтіп болғанша
Келбеді Манас батыры,
Манастың келуін
Тоқсан сарай үй тігіп,
Тоғыз жүздей би күтіп,
Тоғыз мың кісі жол осып,
Көрісемке жол қосып,
Ұлықтығы білініп,

Ойып жатқан өзбек
Осы бүгін бүлініп қарсы алады.

9. Көкөтайдың асына Манастың келгені.

(Манас келгенде)
Әскер жарып өткіріп,
Алтынды сауыт бөктіріп,
Найза бойы алтын тақ
Арасында жарқылдап,
Алтмыш жайсаң көтеріп,
Батыр кірді жөнеліп.
Тобын жазбай артынан
Тоқсан мың әскер ұмтылып,
Керней үні бапылдап,
Сырнай үні тақылдап,
Жезнай шығып шақылдап,
Дауыл соғып күңгірлеп,
Түр көшкендей дүңгірлеп.
Аралап асқа кіргенде,
Айбаты басқа жүргенде,
Зарына шыдабай,
Салам айтар кісі жоқ,
Саламыңмен ісі жоқ,
Арт жағынан сырнайлап,
Алтын айшық ту байлап,
Отыз бүкіл жолдасы,
Үйрету бұзған жолбарыс,
Абыке датқа қолды айдап.
Асты жағын қараса,
Алты жасауыл жол бастап,
Ортасында шоң құла ат,
Он екі желдет бас қосып,
Жетерміз шап асында.
Жерін ашып бос тастап,
Үрметті көлік шоң құла ат
Үкінің жонын тақтырып,
Үртөкті қабат жаптырып,
Құмду жерден өнітіп,

Құдықты жерден суғарып,
Құландай жалын шығарып,
Долдой сорын шығарып,
Маңдайында бағы бар,
Құлағында шамы бар,
Сол жамбастың үстінде
Әбу Насыр сыйлаған
Қолының тиген қалы бар.
(Батыр мен аты барынша ардақталған).
Ұлықтардың бәрісі,
Қосай бастың қарысы,
Ер Манастың дәурінде
Қол қусырып бұрында
Астында Қосай ду тұрды,
Әкімдердің бәрісі
Атынан түсіп жотырды.
(Манас Қосайға сәлем берді).

Қытай сыншы шағыры
Басып келіп қалғаны,
Жыртыққан көзін салғаны,
Берен Манас батырды
Бет алдынан қарады...
Көрген жерде сыншының
Жүрегі шығып қалыптыр...
Жылас болған шығар-ай,
Жығылып кетіп жан берді...

10. Қоңырбай Боқмұрындан Мәнікерді үкімменен сұрағаны.

..... қаны болыпсың,
Арықтың бірді сүйіпсің деседі.
(Жолай етке тойбадым деп өкпелейді).
Керулей басып шоң Жолай
Кемегеге барғаны,
Соқымбек деген баланы,
Қазанына қарады.
Қарыс қазы, қима жал

Қазанында қайнады.
Бенде бақбай бетіне,
Жүйірту басып шоң жолмен
Өлтіре қалған жері осы,
О шуғунун шетіне
Қалмағынша қалдырап,
Бешті би деп Мақаның
Баладан сұрайт балдырап,
Қалмақтың тілін біле албай,
Қарады бала жалдырап.

Жолай қазандағы етті піспестен жемек болады. Бала таласады. Жолай баланы жерге ұрды.

Арбақ ұрғон алып Жолой
Бір қазан күшті жалмады.

Бокмұрын келіп Жолойды табалапты. Жолой Бокмұрынның астындағы атқа қызығады. Қоңырбайға ал дейді. Қоңырбай Бокмұрынды шақыртады. Бокмұрын келгенде:

Алтындан тәжі басында,
Дүгі пышқан өпкедей,
Сақалдары тор құйрық
Сараптан тесіп өткендей,
Көзігі күн темірдей
Мұрыны бар қапырдың,
Бұзылған тоның сегірдей.
Түлегін жору қастанып,
Өгіздей болған шоң доңыз
Өртенген доңгүш бастанып...
(Жауды мазақтап сипаттайды).

Хан Көкетай деп хандықты саған кім берді, жана келмегенді шабамын дедің, бұл күшің қайдан бітті, сөзің ұтты деп кінәдан бастайды Қоңырбай сөзін.

Манасқа тұлпар тарту беріпсің дейді. Бокмұрын елмен ақылдасайын деп шығып кетеді. Қосайға ақылдасады, ол:

Мәнікер берсең мақұл ғой,
Бәлекет басқан қоң торы
Падишаға жақын ғой, —

дейді...

Боқмұрын көнеді, бірақ Манасқа ақылдаспақшы болады. Ақылдаса барғандар Манастың ойнап жатқанын көреді. Барғандар батып айта алмай, бірін-бірі сен айт деп түрт-кілесті дейді.

Біреу “е, Манас” деп бастап, артынан есі шығып айта алмай қалады. Бұған Қосай ашуланып, өлсеңші бүйткенше, айтсаң еттің, мен кәрі бармын, өлтіртпес едім ғой сені, болмаса маған сөзді сілтесең етті дейді. Артынан аз айтады. Манастың түсіне қатты ашу шығады. Қошойға жауап қатпай, доолдо даң дегізіп ұрып салады. Былайша жырланады:

Осы сөзін ұққанда
Ойыңды құдай ұрғаны,
Оң көзінен от шығып,
Сол көзінен шоқ шығып,
Уызыңнан үйрендің
Оқ жазайыл топ шығып.
Бағталашта мараған,
Қабыландай қараған,
Адам сыны бөлініп,
Арыстан сыны көрініп,
Батыр Қосай абаға
Басқарып жұбын бербеді,
Доуыл қағар шаң жиғаш
Толғап қолына алғаны,
Алтын қор бү дооулдо
Даң дидары салғаны,
Ордодоғы қыр батыр
Дап-дайын бола қалады.
Мұба көлдү найзаны
Сайып қойған жерінен
Найзаны жүлүп алғаны,
Аққұла атты қарғытып,

Аш тайғандай арғытып
Ақсақалды Қосайдың
Алдына барды осүнүн.

Атыңа не, Абеке,
Ақылыңыз, қанеке,
Сенден бөлек бірі айтса,
Өлүк емес, тірі айтса,
Албас белем жанын деп,
Төкбес белем қанын деп,
Қордұқ сөздү қоқұй күн
Нешүн айтып салдың деп,
Қайда жұрт жанағы,
Есіз қалған малың деп,
Үйрөнің Манас өлгенде,
О дүниөнү көргендо,
Осүндү тарту берсеңші,
Тағында Манас тұрғанда,
Талайыңдан көрсөңшү,
Тарынасың дағы айтсам,
Тау ұшындан көріңші,
Тірі жүрбөй, өлсеңші.

Содан кейін Манас соғыс салады:

Көрбөгондо ұсынтып
Көріп кетіп баратыр,
Аламандай қара жұрт
Қойып кетіп баратыр,
Айбалталап шоқысын
Ойып кетіп баратыр,
Алты-бестен әр жерге
Сойып кетіп баратыр,
Қар ортасын қапырдың
Ойып кетіп баратыр.

Қоңырбай Манастың түрінен қорқып, кешу сұрауға айналады. Соғысудан қашады. Тарту беріп, айып төлеп құтылады.

11. Аттарды шұбатуға салғаны.

Манас ат шабуға қиын болды. Күн жайлап көр деп Алмамбетке тапсырады. Сонда:

Алмамбет жайға кіргені
Абырат алған Қырымдан,
Артқан өнер қаламдан,
Нұр қуаслы қытайдан,
Өнер алған әр жайдан.
Қасидадан қат оқып,
Қалмақша қара дұбажат оқып,
Барайыздан бат оқып,
Бараңы дұбажат оқып,
Тегерете теріс оқып,
Қытайша дұбанеше оқып,
Сұрданып алмаң қалғаны,
Суға жай тас салғаны.
Ашып көзді жұмғанша,
Аны-мұны қылғанша,
Атын жайын тынғанша,
Жақанын бәрі жамғылап,
Мұндұр түсті дабырлап.

Суық болып, жұрттың бәрі жаурап кетеді. Сонда:

Батырдың аты Аққұла,
Қабырғасы қақ құла,
Қаса тұлпар Аққұла
Етіне келіп елігіп,
Еліктей басын көтеріп,
Басқысы келіп желігіп,
Жарым күндік еті бар
Жаңыдан тердеткенінде
Жайына келіп алыптыр.

Мың ат шабады. Екі мың болмақшы екен. Алмамбет күн жайлатқанда көбі жарамай азып қалған.

Үрбі деген аттың қанша күндік жерге шабатынын Манастан бұрын айтып салады. Манас бұған ашуланып:

Қызы талақ кела, құл, деп,
Өз ісінді біл, құл, деп,
Мына-мына бұ жерде
Манасты көзіңе іл, құл, деп.
Қызы талақ таз құл деп,
Іс білмеген мас құл деп,
Емі үніңды басқын деп,
Бұ қашан бел шуаш құл деп,
Шоқысында шоғы бар,
Үзігінің ішінде
Сомдап қойған оғы бар,
Толғыма түскен шоң қамшы
Оң имеріп алғаны,
Обдыла түсіп ұр бұны,
Орайға тартып қалғаны.
Небетейден шаң шықты,
Жақ жарылды қан шықты,
Көпшіліктің ішінде
Менменсіген бектерің
Көтуменен уншықты.

Бұған Қосай келіп ұрсады, Манасқа. Ұрбу Қосайды арқаланып, Манасқа қатты сөздер айтып қалады. Кек сақтаймын, кейін кек аламын дейді.

Атты Түркістаннан айдайды. Алты күн айдаса жетеді дейді. “Түркістанның шайығы” Азиздан бата алыңдар дейді. Ат айдағанда балалар адаспасын деп алты мың кісі барады.

Қымызға мейіз салып ашытыпты. Ойратты бір дастарқанға сыйғызады. (Берекелі дастарқан демек).

12. Жамбы атылғаны.

8 күнде ат келеді. Жұрт ерікпесін деп жамбы атқызуға дайындатады. Көкөтайдың үйінде жүз кісінің құнына тұратын бір алтын жамбы бар екен, соны ілгізеді.

Көп жұрт көп атады, тигізе алмайды. Манас жолдас-тарымен шетке шығып алып, тебетей атады. Жолдастары бірі артынан бірі атып, тебетейді жерге түсірмей қояды.

Бір қалшақты ет пісім,
Асманға атып тоқтатып, —

дейді.

Қырық жолдасы өзара сайысады. Садақ атысады. Қылыш шабысады. Өнерлерін көрсетеді. Айбалтамен де шабысады.

Артынан жамбыға келіседі. 42 бау жіп екен. Қырық шора бір-бір баудан атып үзіп отырады. Артынан Манас келіп атқанда, жамбы таңылған ағаш сынып, жамбы жерге түседі.

Манас жамбыны Қосайға тартып, батасын сұайды.

13. Қосай мен Жолайдың көріскені. Жолайды Қосай жыққаны. Күреске шығатын кісі жай кісі болмасын.

Жердегі сұлу қара тас
Топырақтай ұсатып,
Түзік қылып қармасып,
Осыл оңды адамдан
Тобынан кісі таңдасын,
Темірді талдай сындырған,
Біл, керік, араң жыйлдырған,
Душманды басып сындырған,
Туғандан күнін тындырған.

Кәпірлер жиылып Жолайды шығарады. Бұның бітімін ұзақ сипаттайды.

Артында түскен айдары,
Қыл шылбырдай қасы бар,
Құлағы қалдан қол шатыр,
Қалмақтан шыққан бір батыр
Майданға басып келатыр.
Құлақтың көркі қалқандай,
Кірпігіне қараса,
Кіпіршіке шыққан шалқандай,
Қолына тиген дұшманы
Бола тұрған талқандай.

Бұған шығуға ешкім бата алмайды. Қосай жұрттың бәрін аралайды. Шоралардың барлығы қашады. Бәрі неше түрлі дәлел айтады. Қосай өзі шығады:

Арманым қатты, дертім зор,
Арылмаған менде сор,
Қарасақал ағымда,
Қарап қалған шағымда,
Қатыным шорқа кісі еле,
Қалдыратып көтіме
Қылып берген кісі еле,
Арық ескі терісі,
Атасының көрісі
Ашатқыға жатыптыр,
Шығыменен қатыптыр,
Биі қатып алып тұр,
Қылдыр илеп солып тұр,
Арбақ ұрған кү Жолай,
Ат көтербес жу Жолай
Аласынан албасын,
Айыра тартып салбасын,
Алыда болса абаңқы,
Абиыры кетіп қалбасын,
Көтінен айырып салбасын.
Абаңқы салбырап,
Көрініп көпке қалбасын.

Жұрттың көбінің шалбарын өлшейді. Ешқайсысы дәл келмейді. Біреуіне балтыры батпай қалады. Бұл шалбар Көкшенікі болады. Сонда Қосай:

Мұны қылған қатынды,
Мұны кеткен қапырды
Оң бетінен тілбейбі,
Тірсегінен ілбейбі,
Оң шашынан қырықпай ба,
Ордаға ұрып шықпай ба.
...Атасының қолына
Апарып беріп салбай ба.

Манас Қаныкей қылған шалбарды мақтап әкеп береді. Ол да сыймай қалады. Бірақ Қосай екі кісіге ымдайды. Мынаны сыйғызыңдар, жаңа алған келіннен Манастың көңілі қайтып қалмасын дейді. Әжібай мен Шалыбай екеуіне тартқызады. Бұны Манас көріп қояды. Келіп Қаныкейге ашуланады. Шалбарды Қосайдың сирағынан жұлып алады.

Екінші шалбар тағы Қаныкей істеген, сыяды. Қосай Манастан бұны кім істеген еді деп сұрайды. Ол Қаныкейді айтады. Қосайға батаңды тілейді дейді. Қосай бата береді. Еркек баласы болсын, аты Семетей болады. Жолдасы Құлшора болады дейді.

Ақыры екеуі күреседі. Күрес толық сипатталады.

Қармаған жерден қан шығып,
Шарпысқан жерден шаң шығып,
Қашан бұрын жығат деп,
Асығып адам жан шығып...

Басқан жері қазылып,
Шаң асманға жазылып,
Көргенден бойы дүркіреп,
Алысып жүрген екі дәу
Арыстан шердей күркіреп.

Түн ортасына шейін күреседі. Панарлар жағылады. Бір күн, бір түн күреседі. Қосай қалғып кетеді. Жолай тасқа ұрмақ болып көтеріп алады. Манас айғай салады.

Қосай оянады. Шалып жығады. Жолай аяғымды тұсап жықтың деп балағынан ұстап жібермейді. Жерге ұрмақ болады. Манас барып қамшысымен ұрып айырып алады. Бәйгені Қосай екі таз кеп сүзісіп алсын дейді.

14. Ұрукуғның ту шешіп алғаны.

Таз шабысқаны.
(Ұрукуғ мен Мардыкеленің істері өте қызық суреттелген.
Түгел күлкі).

(Прием отстранения: необычные положения в самом

действию преломлены через представления осмеивающих мусульман. Двойной эффект на построение необычного на необычном).

Мардыкелең ошындай,
Баяғысын қуырып,
Бастыра тамдың үстіндей,
Құнажын болып үрігі,
Құп көріп түр өлерді...
Әр қай жерде бір сайып,
Мардыкелең бұ басты...
Арқасынан алқылдап,
Мардыкелең барқылдап,
Ұлам жетіп жақындап,
Үрігі қалат тоңқайып,
Ойран болған келеңден
Баяғысы қуып зоңқайып,
Айғыр болып асып жүр,
Беті құрсын қапыр деп,
Ал жердегі мұсылман
Әр тарапқа қашып жүр.

Үрукуғ қар кеп айтат:
Оңалайға а деп айтат,
Қалың тұрасың мұнайым,
Үку бұз қылған бұл істен
Қалы емесің жұдайын,
Қармасаң битің сығасың,
Қарап тұрған халайық,
Қаж елеуші болыпсың,
Өзің қайдан шығасың.
Қоңырбай менен Жолайды
Қош тапқан бұ күнім,
Не ұялсын бұ бетім,
(Осындай сөзді көп айтат).

Алақанмен шапқылап,
Қасына келет хандардың,
Арқасында қоржандап
Мардыкелең заңғарың,

Бетіне келет бектердің,
Баяғы жерін балжайтып,
Ұртынан сойып жалжайтып,
Арқасынан мардұт шал
Ұрғылап жүрет заңқайтып.
Себілінің терісі
Бұжыр-бұжыр жиылып,
Артынан тойып кеткенде,
Арбақ ұрған Ұрұңғы
Тұңғыш ұйдаи иініп.

Тоны барып Ұрұңғы
Шешіп жатыр тоңқайып,
Ту бұйласын алыптыр
Тегерете ел көріп.
Антып-мұнтып келгенше,
Алты болып қалыптыр.

15. Манас менен Қоңырбай сайысып, Манастың Қоңырбайды сайғаны.

Білегі жуан балбандан,
Биылғы ашық далдалдан,
Кішік емес ұлықтан,
Кір болбаған тұнықтан,
Көзге атар мерген машынан,
Көп жалтанар басынан,
Көзге тоқтар жақсыдан,
Батырдан сайыс салысты.
Жыққаны мүрді алсын деп,
Жығылған құры қалсын деп,
Күбіршақ жүз ат байлатып,
Аға қосып қарадан,
Тоғыз жүз жылқы айдатып,
Бәйгеде мендей кім болды,
Бәрісі жылқы мың болды...

Сайысқа Манас шығады. Капырлар кеңеседі. Күрестегі сияқты енді капырлар әркімге сен шық, сен шық деседі.

Емі кеңес қылысты,
Ескі дінді бәрісі
Ақылдасып қалысты,
Асайдың ұлы Ибанке,
Ағлия батыры,
Батырға мұны бір салсақ,
Болар ба деп ақыры.
Ибанке кеп айтат.
(Характ. обращение, однообразное начало. Повтор).
“Әй, халайық!” деп айтат.
Араба болып мінгенім,
Бала екенден мас шықпай,
Ат міністі білбедім,
Сайысқа шығып қалармын,
Сапардың жолын алармын,
Найзаға әуес емеспін.
Бар десендер, барайын,
Аттансам тірі келбесмін,
Ал сөзін айтып салғаны.
Теместен шыққан ебелбек,
Сен қандайсың бұға деп,
Аны көздей сөзdedі.
Бат құтылар жеріне
Байқұс ебел көз dedі.
Найза деген немене,
Ұшыгенше найзаңды
Ұштап қармап көрбедім,
Ата бағар dedі еле,
Аны тастай салғаны.

Арабтың елі шықпайды. Қытайға бізді шық дегенің не,
жақында жүріп араластарың көп, сырмінезсіңдер, өздерің
шығындар дейді. Маңғол да шықпайды.

Балбандан Жолай жығылып,
Бақсы қашып жоғалды,
Маңғолға салып маңғолды,
Қытайдан көрдік қамбылды.
Езелден түрік туғаным,

Егер бізге еп болбас,
Балбан сайыс барсын,
Аламын деп тұрғаным.

Қоңырбай шығады.

Атысқан жауын құлатқан,
Найзасының темірі
Құлаш қарыш болаттан.
Жарды сайса ескендей,
Қарданып бір қойса,
Қара тасты тескендей,
Дулыға киді басына,
Қоңырбай Манас сайықан
Көкетайдың асына.
Қоң торықтай ұлығы,
Тұңша Бежін ұрығы,
Манас түріктің ұлығы,
Маңғолдан Ноғай ұрығы.
Бабасы Баян хан болған,
Бастасқан жауынан болған.

Майданға кіріп қалғаны,
Бірін-бірі көргенде,
Атқа қамшы салғаны,
Алда білер бұ сөздің
Шыны қанша, жалғаны,
Шамырқанып екі дәу
Маңдайласып қалғаны,
Мелтіретіп найзаны
Бет алысып қалғаны,
Найзаменен бір-бірін
Аянбай қойып кетісті,
Сілтеді найза осайып,
Астында мінген аттары
Олтырған иттей шошайып.

16. Ерегішкені (бұнысы қысқа).

Бейкүт болған бастырып

Бejiндiктiң балбаны,
Бастырамын дегенше,
Айрықалық шыны шөк
Атынан алып салғаны,
Алдырып салып балбақты,
Азия жұрты қалғаны.

17. Шапқан аттар келгені.

Ары айдаған алты күн,
Арада өтті жеті түн,
Елдің бәрі дегдесіп
Атқа мінді тақ бүгін,
Бері келмек екі күн,
Беленденіп тақ бүгін.

Қытайлар:

Түрік ұлынан ат келсе,
Түк қойбаңдар, барыңдар,
Жүргізбей жығып салыңдар,
Аянбағын, барыңдар,
Атын жығып салыңдар,
Әйел жақын тұрбай ба
Алақандай шантуға,
Алдырсақ арбақ ұрбай ба,
Артынан шығып балдары,
Ақылман болып бардары,
Азия жері кең болып
Қожош қытай жұртына.
Қырдағы оғыз тең болып, —

деп, қытай намыс қылады. Кешегі ызасына атты жық деседі.

Асын азап қылалық,
Тойына тозақ қылалық,
Шоңайтпай жұртын қыралық,
Жоғарғы келген шонтаны
Жоғытып алып тыналық...

Қалмақтың Ұшаңы қытайға еріп шатақ шығармайық,
түрікпен түбіміз бір, бұнда үлкен қырғын болып кетеді дейді.
Оған Жолай көнбейді. Әрі Қосайдан жығылған, әрі Манас:

Қосай дәудің жығылып
Қордығын көріп қалыптыр,
Арқасын Манас айыра сап,
Зордығын көріп қалыптыр,
Болбай Жолай тұрып тұр,
Халқы кіріп қытайға,
Ал себептен бөлініп,
Қалмақты құдай ұрып тұр.

(Аттың шабысы ұзақ жолда әлденеше рет сипатталады.
Әуелде қалай-қалай шықты, судан тасқыншыларға келгенде
қалай-қалай келе жатыр. Солар түгел саналады).

Қоңырбай байқап қараса,
Құрығы тоқыш көлденең,
Қою шаңы бөлініп,
Суық ойынан
Ат сұруші көрініп,
Ат бұяғы бәрі бу,
Айғайлаған ізі шу.
Астындағы аш будан,
Артындағы жал-құйрық,
Еліктей шырқап шалқұйрық,
Еңкейс жерде өтіп тұр.
Үду жерде аш будан
Өкім көлік сойылғыр,
Астына шығып кетіптыр.
Үкунің артынан
Еті қызып бойысып,
Емі құла ат жетіптыр.
Бақайы жерге малынып,
Маралдай тоты салынып,
Атын көріп ер Манас
Алдасына жалынып,
Аңдабай мұрда қалыптыр.
Қырық төрт қытай жабылып,

Баш болғону қоң тору,
Манжолы қашың төре
Аққуланы жығуға
Аракет қылып қалыптыр.

Бір тосқанға Аққұла ұрғызбай өтеді. Артынан Қоңырбай Алғарасымен салады. Көлденең келіп шықпақ болады. Сонда Манас артынан қуып жетеді.

Толғамалы қамшыны
Оң имеріп алғаны,
Малақайдан шаң шықты,
Жақ жарылды, қан шықты.

Арқасынан ақырып
Алмамабет батыр жеткені,
Атқа қара санаған
Андай емес мындай деп,
Жолайдың аты Буданды
Шоқудан ары ұрғаны,
Мүргіп барып жығылып,
Аш будан араң тұрғаны.

Сонда Жолай келеді. Алмат Қоңырбайдың қылғанын айтады да, жөнеле береді. Жолай атпақшы болады. Артынан бұны көріп, қырық шора келіп, төбелесуге қамданады. Жолай қашып қалмаққа кіреді. (Алдағы ат Көкетайдың туын жығу керек).

18. Қытай-қалмақ бөйгеге зордық қылып ұрыс болғаны.

Осы күнде ер Қосай
Ақ сақалын жайқалтып,
Боз жорғаны шайпалтып... (Көп қайтара айтылады).
Құжылдаған қапырлар
Қашқандары тығылып,
Құрдым сұның шатына,
Шантудан шабуыл көргенше,
Шапқылатып өлгенше,
Қырғыздан шабуыл көргенше,

Қылыштатып өлгенше,
Қазақтан қара көргенше,
Қамшылатып өлгенше,
Суға қашып жетісіп,
Шолып деп түсіп кетісіп...

Қытай-қалмақ Манас келгенше бәйгені тартып алып кетіп қалады. Артынан соғыс болып, түрік қуады. Сонда жаңағы сурет болады.

Бұл соғыста Жолай болмайды. Ол үйіне жетіп:

Қатынының қасында,
Ошағының басында,
От жақтырып қақтанып,
Қатынына мақтанып,
Манастың қарасын өшірдім,
Қырық жігітін қырдым деп.
Қаныкейін қордығын,
Қасқайта қылған зордығын,
Қалмақтың дінін қаруғып,
Өзінің дінін баруғып,
Манас деген кедейін,
Аның сөзін недейін,
Жаратқаным құда дейт,
Құдайдың тілін албайсың,
Тоз қосылат жұда дейт,
Тозақ деген оттан дейт,
Қапырдықтан тоқтан дейт.
Халықты азғырып салыптыр,
Бәдірек ноғай ұрығы
Пайғамбар деген емені
Дағы талап алыптыр... —

дейді. Қаны мұсылманшыл болады. Жолай ұрады. Қатыны қашып шығады. Артынан Жолай шыққанда, Манас ұрып жығады. Ол бағанадан тыңдап тұрады. Содан кейін әскер қалмақты қыруға ұмтылады. Қосай маңғолды маңғол қырмасын деп, кісісін өлтіртпей, тоқтатып алады.

Шоң қазат. ІХ бөлім.

1. Хандардың заговори.

Шоң шабуылдың басында алты хан Манасқа қарсы заговор жасайды. Қабул хандардың ішінде Көкше жана басқалары бар. Қосайға келіп қосыл дейді. Ол қосылмайды. Содан анттасады. Алты хан Манасқа алты кісі елші жібереді. Алтауы да ер жігіт болады. Қатты сөз айт, артында біз жоқшымыз, жауға аттанайық, қытайды шабайық деп айт дейді. Бұлар Манастың ордасына келеді. Манас бұл уақытта нағыз хан болып зор салтанат құрып алған. Тақта отырады.

2. Манасқа келгендері.

Қақпасы алтын қорған-ды
Қаныкейдің ордасы,
Оң жағында батырдың
Отыз екі ханы бар,
Сол жағында олтырған
Қырық батырдың саны бар,
Астында алтын тағы бар,
Басында дәулет бағы бар,
Қап қасында жолдасы,
Қазы уәзір молдасы,
Үкімінің бәрі бар.
Ақ Құранды жат айтқан
Еше түрлі қари бар...
Сұрақ қана ойы бар,
Ал ойуноң солоғон
Тоқсан тоғыз биі бар.

Алты емшінің келгенін жауырыншысы біліп, хабар айтады.

Ер жауырыншысы кеп айтат,
Е, сұлтаным деп айтат.

Елшілер Манас алдында сөйлей алмай отырып, артынан

қағаздарын шығарып береді. Манас оқып, мұртынан күліп той жасайды. Қайтарып хат жазып береді. Елшілер кетеді. Бұдан бұрын Манасқа қарсы заговор жасасқандары:

Қазақтардың Көкшесі,
Әндижанда сан жібек,
Бұдайықты мұз бұршақ,
Елемандың мұз бұршақ,
Естектерден Жамғыршы.
Баталасады:
Батасын қылды шұрқырап,
Ақ боз beden алысып,
Ай тұяғын шалысып,
Қашқандардың бәрісі
Қақ осындай болсын деп,
Қарысынан хандарың
Қанға қолын малысып,
Қайтпай туған обада,
Хандар болды обара,
Бүтіп ерлер жұмысты,
Арқы теркі тұрысты,
Әлгі көрген хандарың,
Аянбастан жандарың,
Ат басындай шоң құран
Алып келіп бәрі да,
Көкірегін ұрысты...

3. Манас батырдың қол астына барған емшілердің қайтып көрген-білгендерін өздерінің хандарына айтып барғаны.

Манас бұлардан хат жіберген. Хаттың басында пайғамбарды, дінді айтып кеп, аяғында:

Тақ қырық күнде келген деп,
Ал қырық күнден қалғаның,
Талқаландың білген деп,
Ұқымың мен тұқымың,
Ұжұтыңдан ұрының
Ұбайым қылып жүр бүгін.

Жеңген тайынды,
Жеп жұтармы бөріңді,
Босатармын шайынды,
Боз қылармын шарынды,
Боздатармын қарынды,
Жұбатармын бөріңді,
Жол қылармын шарынды.
Жоқтығыңды білбесең,
Жеті қаным арынды,
Болжағым қырық күнде,
Айттым хатқа сөзімді,
Ашып қара көзіңді.
Алғың келіп өшіңді,
Албағын өзімді.
Үрпек басты ту келген,
Үстін-астын шу келген,
Үпшін киген ер келген,
Қара құйрық шер келген,
Айдама шаңқа қол келген,
Азаматың мол келген,
Үй тоқтатқус жел келген,
Түбегеме бір өзім.
Алтын бақан тірешім,
Түбегелге тұрармын,
Үйір аққан зел келсең,
Айыр, кетмен қолымда,
Әлім келсе бұрармын.
Бербесе Тәңір арғам жоқ,
Бендеге бес ауыз жалынбай,
Алдадан жәрдем сұрармын.
Бақсасы биик дубалмын,
Түбегелге тұрғамын.
Майыспасаң басып шық,
Бәрігі алтын шынармын,
Балтаң өтсе кесіп шық,
Жалғыздың қой да жамың қыл,
Жетуің емес жеті хан,
Жетемісің шу ғылып.
Жеңер жерің қамын қыл,

Қанқорындың қағазы
Аяғы тама болғаны.

(Ерегістің, жуандықтың, борьбаның жуан сөзі. Құр қара күш жеңгені емес).

Бұл ханның сөзінен хандар қорқып, есі шығып, ет асымдай сөйлей алмай отырысады. Табаласады. Кісілерін жол жүргізгенде ақын жерді шатастырады. Таластағы Манасқа келу үшін:

Шиқының жерін қыдырып,
Ертістің бойын сыдырып, —

дейді.

(P.S. Бұл жүріс дұрыс болса керек. Көкше Сарыарқаға қайтады. Бірақ басқа жерде осындай қаталар бар).

4. Хандардың Манасқа барып жолығысқаны. Аларды Манас қандай күткені.

Бақай Манастың түрін көріп, қырық шораға айтады:

Тобырмақ аттар жараптыр,
Туның басын қараптыр,
Дұзақ қылмақ болған бейім,
Толқып шығып бір жаққа,
Қазат қылмақ болған бейім,
Алақандай жұртыма
Азап қылмақ болған бейім,
Тербелді торнун егізі,
Шайпалды дайра теңізі,
Ұрып кеткен қанқордың
Ұлы шеру қыларда.
Осындай еле белгісі, —

дейді. Бәрі Манасқа келеді. Оның барлық ашуы сыртына шығып, түсі кісі шошырлық екен. Бұлар жөн сұрауға қорқады.

Алты хан келгенде, Манас қырық шорасы мен ашулы түспен алдынан шығады.

Арыстан ер қарсы барыптыр,
Қарсы келген жамғышы,
Қарына туралай
Қайтып тұрсың ұялбай,
Ұлық ерді көргенде,
Ұшып түсіп атынан,
Қол қусырып бурына,
Салам айтты дурына,

Манас сәлемін алады.

5. Хандарды жиып алып тақ үстінде Манастың айтқан сөзі.

Манас Бежінге аттанайық деп көп ортасына сөз салады. Көп сөйлейді. Бұрынғы жауды жалғыз алғанын айтады. Енді өзгелер барамыз, баста дейді. Манас орта жолдан қайтам деп, айнушы болмаңдар деп уәде алады. Хат мөрлетеді. Шоң дәптерге жазғызады. Манас баратын жердің аңдарын айтады. Құмырсқасын қуасық болған тайғандай, өзгелері де сондай ажайып үлкен деп көп аңдарды санайды.

6. Манас батыр өзінің жылқыларын құлы талатқаны. Құлдың аттанып Бежінге жөнегені.

7. Манас батырды қырық шорасымен үйіне қайтарып, Қаныкейдің айтқаны.

8. Алмамбет батырды хан көтергені. Алмамбет әскерді басқарғаны.

Алмамбет әскердің артынан келсе, жұрт жайланып шатыр тігіп жатады. Манас орда ойнайды. Алмамбет Манасқа келіп, елің бүйтетін болса, мен қайтамын. Бүйтіп жүре алмаймын дейді.

Манас Алмамбетті хан сайлатпақшы болады. Бұрын хандықты Бақайға берген, сол хандығын сұратып Бақайға кісі жібереді. Ол күліп отырып көнеді.

Алмамбет болсын деп, мөрін басып хат жібереді.

Алмамбетті хан сайлайды. Ол қасына көп нөкер, көп сақшы алып, баралық қолды жік-жікке бөледі.

Он кісіге бір кісі
Онбасы қылып қойыптыр,
Жүзбасы, мыңбасы,
Жүз мыңға бір бек сайлайды.

Бек саны 30 болды. Сонан соң жүріс ретін айтады:

Менден әрі қарата
Ат шалдырып ұқпайсың,
Азық ішіп көшпейсің,
Шықанаң жерге салбайсың,
Шырым ұйқы албайсың,
Бү жүріслі қандайсың.
Ат керт етіп шөп жемей,
Шөп жесе де көп жемей,
Ерқат етіп сүйіспей,
Аманат жаның күн кешпей,
Күні-түні бел шешпей,
Аз ғана емес, мол жүріп,
Аз болғанда арада,
Үш ай тоқсан жол жүріп,
Күншығыстың жолына,
Көбелектің бойына,
Күрпілдектің сорына
Алты ай қыстап аларсың.
Ат қара тіл болғанда,
Бежінден шалғын шаларсың, —

дейді. Ел қарғыс айтады:

Берен алсын Бежіні,
Қырғын алсын Қытайы,
Кім біліптыр мындайды.
Жан адам тірі қалбайт қой,
Жайын Қытай жалмайт қой.
Мындан ары қарата

Ат шалдырып өтпесең,
Азық ішіп көшпесең,
Шығанақ ұйқы албасаң,
Ұсынтып жүріп, е, құрдас,
Қай жақсылық көріппіз.
Ұйқыдан қатып аларбыз,
Азапты артық көрербіз,
Ашқалақтан өлербіз, —

деседі.

Алмамбет әрі жүзбасы, мыңбасы сияқты басылардың бәріне қолдарыңнан бір кісі жоғалса, өздеріңді міндетті қыламын. Өздерің өлесіңдер дейді. Елдің сөзі:

Бейшара қарып қырғызды,
Жеткербей жолда қырмаққа,
Алмамбет қылған ісі ғой,
Арыстан Манас дегенің
Қыра берсін мейлі деп,
Қылшайбай тұрған кісі ғой,
Қытайдан ұлық қылған соң,
Қырылат деген осы ғой.
Қарыдан қарғыс алдық, аһ,
Қатынды жесір салдық, аһ,
Баланы жетім қылдық, аһ,
Байқұс жанды қидық, аһ,
Ат шалдырып өтпеген,
Азық ішіп көшпеген,
Адамдан қылар ішіні.
Осы сөзді айтқан Алмамбет
Өндіруші кәсібі...

9. Әскердің жолда бара жатқаны, Қырғыншалдың атқа жүре албағаны.

Қырғыншал қырық күн, қырық түн жүрген соң өлермен болады. Онбасысы Бозұлға жайын айтады. Алмамбетті жамандайды. Қол қырылады дейді. Сонда Бозұл:

Ақсақалды Қырғылға
Ашу қыла кеткені,
Ақсақал Қырғыл, не дейсің,
Әскердің қамын не жейсің?
Әзір сені қарасам,
Алсыраған кедейсің,
Айтарыңа сөз таппай,
Тантыраған кедейсің.
Басымды кесіп ал дейсің,
Манасты көздей бар дейсің,
Өзің өліп қалған соң,
Өзге елдің қамын не жейсің.

Қырғыншал Манасты қуып жетіп:

Манас, сенің қордығың,
Бас жұтусыз ұрдығың,
Елкім келген Қытайды
Ел билетіп зор қылдың,
Ел-жұртыңдың барына
Ерібеген сор қылдың,
Қаңғып келген бір құлды
Хан көтеріп зор қылдың,
Халайықтан ерегіс
Қалдайған қара сор қылдың.
Берен қалсын Бежінің,
Қырғын алсын Қытайың,
Кім біліптыр мындайын...

Елді әдейі жүдетіп апарып қырғызғалы жүр мына қытай
дейді. Манас атын салып жүріп кетеді:

Манасыңменен құрып қал,
Қазатыңменен шырып қал,
Қалмағыңменен соғылып,
Бәрің жерге кіріп қал,
Бежініңменен берен қал,
Қытайыңменен қырғын ал...

Манас көп жүрген соң дүрбі салып, қолды бақылап қарайды. Қол жүдеген.

Бұ ұқсаған адамды
Атасының көзі деп,
Алып жүрген бері деп,
Шатырға қос бүк түсіп,
Ұзынынан оңқайтып,
Дүңгіш артқан емедей
Екі-екіден зоңқайтып.
Екіден атқа артысып,
Отыз артқан емедей,
Ұрып тұрып белінен
Арғамшыменен тартысып,
Айдан жүрген андан көп.

Манас барып, 80 күн жүрдің, тоқтасаң болмай ма дейді. Алмамбет ұрысып табалайды. Манас атасына рақмет Алмамбетің деп сүйсінеді. Қырғыншалға болысамын деп сағым жаман сынды дейді. Бұ да күш белгісі. Алмамбет дүрбі салады. (Бұның жыры бұрын алынған).

Бір күн жүрген соң Орхон болады. Және қол қырылатын көрінеді деп жолға алмақ қондырады. Өзі жер шалады. Келіп ұйықтайды.

Содан кейін:

Арыстан алмаң кеп айтат,
Әй, халайық, деп айтат,
Қазатқа шыққан көп батыр
Капырды жулап келатыр,
Үлкен жасты қары бар,
Ұлық хандың бәрі бар,
Ұғып сөзім алыңдар,
Қарсы алдында бір қатар.
Орхон ұлың Дайра бар,
Ұрматғы қыла жайлар бар,
Ту көрініс тала бар,

Адам ұлы өтпеген
Толып жатқан бала бар,
Түз жері жоқ туыс бар,
Түкпіден қыла жуыс бар.
Қатын айу алатқан,
Халқы аны аңдап бақ.
Кісі киік, ту киік,
Айып болған адам бар.
Ұбар ашар көшгірін,
Осы түрді надан бар,
Жәбір баян жандар бар,
Жадушы деген заңғар бар,
Жақын барған адамдай
Жалмап сорып алған бар,
Мүйізі бар адам бар,
Бүліндіріп шуар жандар бар,
Арқалар деген құсы бар,
Аңдасаң соның ұшы бар.
Әр тарапқа ұшушы
Адамды көрсе қоқыстан,
Үстіне жаба шешуші,
Шишқан боғұқ болат,
Түскен жері қоқ болат,
Әрқандай адам болса да,
Күйіп-жанып шоқ болат.

Бұны ат пен кісінің тері әлсіретеді. Соны өртеңдер деп өсиет береді. Суды күн жайлатып тоқтатады. (Бұндағы өлең Көкетай асында бұрын айтылған – точнее повторение).

Орхоннан өтеді. Алмамбет ілгеріде он бір күндік шөлден өтеміз деп, су құйдырып алғызады жұрттың бәріне.

Қолды алмақ бір бай далай әкеледі. Арқары, бұғысы адаммен аралас жүреді. Адамды білмейді. Қанаты шарадай аққу бар. Неше алуан үлкен ерекше жәндіктер бар. Өсімдіктері де ерекше алмас аяқтай, шөптері де ерекше үлкен.

Осы араға қолды қыстап жат дейді.

Жатқан осы жеріңден,
Ажайын ұққын деп айтат,
Шілдеден мұрын он күні
Шіркей ұшар маса бар,

Тым жаман жуыш бар,
Жейрені бар арқардай,
Жерден шығат жыланы,
Жеті құлаш арқандай,
Қара құйрық арқардай,
Қара жылан деген бар,
Қатасыз ұшып келген бар,
Амал қыл айтқан сөзімді.
Осы жаман бір дұшман
Ұшып тиет өзінді.
Көрінбей келет көзіңе,
Артыңдан тисе астыңдан,
Астыңдан тисе артыңдан,
Жауығындай өтуші.
(Бұл жыланға қарсы шегірткемен араштырбақ дейді).

10. Алмамбет батырдың шалғынға Сырғақты ертіп барғаны. Анда Алмамбеттің қапа болғаны.

Алмамбет елін жиып, әскербасылардан кісісінің есебін алады. Бәрі аман шығады. Қуанады. Жалғыз батырдың қосы қалады. Оның онбасысы таз Баймат болады. Соны есепке шақырады. Кісі тоғыз болып қалады. Байматтың тоғыз кісісі бар. Ол өзіммен он, түгелміз деп жүре берген. (Первый случай демократизма).

Байматты өлтірмек болады. Оның кісісінің тізімін оқиды. Манасты ұмытып қалыптыр. Артынан Манасқа барады. Сені ұмытыпшын деп, Манас ашуланып бек айтат:

Арбақ ұрған таз Баймат,
Ұялбай маған кеп айтат,
Жоғалтқан кісім жолбарысым
Сен екенсің деп айтат.
Ұрып кеткен таз Баймат,
Ұлық кісім сен болсаң,
Ұмытқан кісің мен болсам,
Осы жорық сасала,
Онбасы ойран сен болсаң,
Ойыңда жоғың мен болсам,
Серекті айтпай қойдырбай,
Сені осы жерде сойдырбай,

Есітпей қойсаң мені деп,
Ер Алмамбет батырға
Өлтірдім екен сені деп,
Батыр Манас бұлқылдап,
Басқаша күлді солқылдап...

Алмамбет шалғынға баратын кісің бар ма деп Манастан сұрайды. Ешкім шықпайды. Манас сонан соң Алмамбетке өзің бармасаң болмайды. Тілін білетін кісі жоқ. Батыр шалғын шала алмайды дейді. Алмамбет бармақ болады. Ат таңдайды. Әр атты айтысады. Алмамбет Әжібидің күреңін сұрайды. Манас Ыршыұл мен Бозұлды жіберіп, әжекемнің атын әкеп беріндер дейді.

Әжіби бұлар келген жерден-ақ неге келгенін ұғады. Бақай да хандықты Алмамбетке сұрата жібергенде алдын ала екі кісінің неге келе жатқанын ұғып, қол ішінде сөйлеткен сөзді түгелімен үйде отырып өзі айтады. Манастың жақсы жолдастарының барлығы Манастың кісілері келместен бұрын айтқанын біліп отырады. (Идеализация. Ынтымақтарын білдіреді. Стиль үшін керек).

Әжіби:

Арыстанға айтқан сырынан,
Ашығы жоқ шынынан,
Атымды білген сынынан,
Арыстанға айтқан сөзінен,
Айланайын өзінен,
Алмамбет батырдың
Атымды көрген көзінен... —

дейді.

(Пение о стиле: здесь старое и общее впечатление перемежаются и в формах и в стиле вообще, как были смешаны в содержании, в идеологии и в исторических... Поэма содержит в себе и формальные элементы старой песни исторических и бытовых поэм. Отсюда возможен единый принцип исследования формы и содержания со всеми старыми традициями и последствиями. Здесь же и книжные влияния).

Алмамбет әзірленеді.

Үстіне киген көк темір
Шепқыт, сауыт қияғы,
Үлкен Алма батырдың
Үрістемдей сияғы.
Қырғыздан болған жолбарыс,
Қыран сырғаң жолдасы.
Мұздай темір киініп,
Мұрынғы өткен ерлердің
Арбағына сиынып...

Алмамбет кеткен соң, қырық шора жиырмадан бөлініп орда ойнайды. Бір жағының басшысы – Қырғыншал, екіншінікі – Әбділда. Соңғылар ұтады. Атқыштар бұлар да көп болады.

(Замечание: бұнда бар поэма ылғи әркімнің сөзінен кұралады. Біресе анау, біресе мынау сөйлейді. Ақын аз араласады. Бұл бір характер белгісі. Шоң қазат көбінесе солай. Манастың туылғаны мен Көкөтайдың асында ақынның араласуы көбірек*).

Ордасынан талас шығады. Бозұл Қырғылға қатты сөз айтады. Ыршы ұл қары неге қатты айтасың деп ұрсады. Сонда Бозұл көп сөздерді, ірі мәселелерді теріп қатты айтып қалады. Көп сөйлемейді. Шұбақ хабар естіп келеді. Қырғыл ұшқалы жатқанда ойынды келіп сұрады. Қырғыл ашуланып ұрыс салады. Шұбақ қарсы ұрсады. Аяғы қайтамын деп әскерін алып жөнеледі. Артынан алты ханға ерген әскерлер де ешкім ие бола алмай кетуге бет қояды. Бақай қол бұзылғанын дүрбімен көріп келіп, Манасты хабарландырады. Шұбаққа бұйрық салады, қолды бұзба деп.

Шұбақ Бақайға келіп, көп сөз айтады:

Қасыңда тұрған Шұбаққұл
Арбақ ұрған қытайдан
Алты атын сайып алды еле,

* Ноғай-Манасты Ноғай деу шоң қазатта көбірек. Не случайно. Бұрынғы айтыс осылай болғансын.

Әкімсіген қанқорын
Қосай бидің тобына
Қорқып кетіп қалды еле,
Жалған беле шын беле,
Осы тұрған Шұбақтан
Ұрғаның Манастың беле,
Ноғайдың нойғыт кем беле,
Шұбақтан Манас ер беле,
Шайайсың жууғы әрқашан,
Шықса қойшы емі еле,
Көр бүгін, Бақай, сен белең,
Көмекті қалшу мен белең.

Шұбақ сөз аяғында Бақаймен туыс бірлігін айтады. Бақайдың хандығын Алмамбетке алып бергенді намыс қылады. Мен қайрат қылмап пем. Манасты талай жерде құтқарып алып кеткен мен болатұғым. Енді хандығыңды нең алады деп, Алмамбетті қумақ болады.

Бақай көп сөз айтып, тоқтау сұрайды. Хандықты мен үшін жоқтама дейді. Сонда Манас келеді. Шұбақ Манасқа да кінәсін көп сөзбен айтады:

Айтысқанда сөзді жоқ,
Күрескенде көзді жоқ,
Жақсылықтың бөрісі
Көңілде жоқ, есте жоқ.
Қырғыздан көрдің көп пайда,
Қызмет қылдым әр жайда,
Қылайып теңебедіңіз
Қиырынан азған қытайға.
Қиын өтті қордығың,
Қымша білем мандайға,
Айбалта, қылыш егесіп,
Әрқашан жұмыс қыласың,
Алмамбет, Манас кеңесіп.
Кеңестен Шұбақ қалғаны,
Алмамбет тізгін алғаны,
Қызмет қылған қырық батыр,
Қытайға билік тиген соң,
Қыңқ ете албайт тап-тақыр,
Қынға мөңтіп қалғаны.

Манас көп сөз айтпайды. Ашуы шықсын деп сөйлете береді. Сөзін бөлмейді. Артынан арман болса шалғындан.

Әзір жүзі қойған соң,
Арыстан Манас батырды
Ақбалтаның шұбағы
Атына салып қамшыны,
Жөнep қалды бұ дағы...

Бақай басқа елді ұрсып, ұрып тоқтатады. Шұбақ Манаспен шалғынға кетеді.

Алмамбет пен Шұбақты елдестіріп, Шұбақты оларға қосып беремін деп Манас кетеді.

Осы жерде Сағымбай өзін қосады:

Ақырзаман жұртына
Адабият ырқылған
Атым – ақын Сағымбай,
Ата қардың жұмығы,
Ықылмандың бөрісі
Аңдап ұққын жайма-жай.
Жазушы
Адабият осы үшін
Жан кездің бір далай,
Емі келсін кезегі,
Ер Алмамбет қаныңдар.

(Әңгімені екінші жаққа ауыстырарда бұ да бір қолданып тағдылылығы приемы).

Әңгімені ілгері жылжытудағы тағы бір приемы – батырды жол жүргізіп, жолдағы кездескендерін сипаттап, әңгіме сонда айтып қалады).

Алмамбеттер елдің орнынан кетіп қалғанын көріп, ат шалдырып отырады. Артынан Манас жетеді. Бұлар келе жатқанда, Алмамбет не боп қалды деп әр нәрсе ойлайды.

Артынан Шұбақты танып, істің ерегеспен туғанын болжап біледі.

Манас келгенде, Сырғақ атын байлап, астына орын салады. Алмамбет:

Әзір қойғын шайды деп,
Сусын алар шайды деп,
Алмамбет айтып мендей кеп,
Жам кесеге құйыптыр,
Жайдары Сырғақ сұнып тұр,
Арыстан Манас батыры

.....
Аңдап тұрат ақыры,
Ашу басып кетіптыр
Алмамбеттің ақылы.

Алмамбет жайды сұрамай біледі:

Ой, ой, Манас! Ой, Манас,
Айтпасаң да білінді
Аңқосы ай қой, Манас.
Қарап тұрсам дүние —
Қаңғыған ердің сөзі екен,
Халқынан азған қор екен,
Қытайда бұл сөз өр екен,
Қиырынан азған зор екен,
Қиысқан ердің сөзі екен,
Елінің бәрі ер екен,
Не деген кебі ем екен.
Елінен азған мен құрғұз,
Егем таала құдірет
Не түрді бендем деді екен.
Халқының бәрі ер екен,
Қанша айтса кебі ем екен,
Халқынан азған мен сорды
Қадір Алда құдірет
Қай түрді бендем деді екен.
Алтын тақ сынсын, хан өлсін,
Азап тартпай жан өлсін,
Алдамдың ісі болбас,
Ілгері шетіп кім көрсін,
Хан қылғын дедім кімінді,
Қаладым келдім дінінді,
Ханың екеуің кіші,
Қардансам со жерде
Қалап алу Шұбағым,

Қағайынбы жыныңды,
Ұлық қылғын дедім кеміңді.
Ұрматтап келдім дініңді,
Ұлығың үкің бір кісі,
Ұрайын ба жыныңды.
Бек қылғын дедім кеміңді,
Мелжедім келдім дініңді.
Бел байласқан ер Шұбақ,
Шақырсам шындап жынымды.
Білбесең, қытай, зілімді,
Кезегің келді бүгінде
Кесейін бе тіліңді.
Кесіп тұрып тіліңді,
Мен бұзайын ба дінімді,
Қызталақ Шұбақ, білбесең
Қытайдан болған зілімді,
Атадан бездім дін үшін,
Алда тала біз үшін.
Ақбалтаның Шұбағы
Ардығайсың кім үшін.
Әскерге қызмет қылдырбай,
Арқамдан шабыс қай күшің.

(Көпке жайылған күшті жері шоң қазаттың. Сознательно примененный прием параллелизма для усиления впечатления с целью дать большой вес, силу гневу).

Ұзақ сөйлейді. Манастың елін қайдан естіп, қалайша іздеп, қай жер, қандай елді басып барғанын айтады. Жолда көргендерін санайды. Биографияны батырдың көбіне өзіне айтқызады. Манастан өзге батырлардың жайы осылай жырланады).

Шер арыстан деген бар,
Құйрығы жерге шабылған,
Шабылса жерге құйрығы,
Арыстандың барына
Ошал екен бұйрығы,
Бәрі астынан табылған, —

дейді.

(Сондай жол жүріп ер Көкшенің қолына келгенін, оның бұны теріс қарсы алғаны, оған өкпелегені бәрі повторыть етіледі. Әуелгі Алмамбет жайындағы өңгіме қылып келуінің өзін бір жыр қылған шығар).

Алмамбет Көкшемен қалайша ерегіскенін, қалай сөзге келіп айтысқанын түгел келтіреді. Басында бұны көпір дейді. Қытайды доңыз дейді. Сонда Алмамбет мұсылман, көпірдің парқын айт, қытай адам баласы, адамды доңыздай дейді. Содан Көкше мұсылманның жәйін бұған баян еткен екен. Соны санайды. Мұсылман болдым дейді. Енді:

Көңілдегі жамандық
Көбісі жерде жойылды,
Жойылғанды жетілтіп,
Қызы талақ Шұбағым,
Қылайыншы тойыңды, —

дейді...

Артынан мұсылман болып, атамды көндіремін деп еліме бардым, атама салам бердім. Ол:

Атакем айтты балам деп,
Бұзылған мұсылманға ұксап,
Айтасың не үшін салам деп.
Саламыбыз қойшы деп,
Атаңдың жолы тұрған соң,
Басқаға азап оба деп.

Атыңа, дүние,
Айтпасам кетер арманым,
Ойратқа Алмаң бас еле,
Осы күнде Алмамбет
Он сегіз менен он тоғыз
Ортасында жас еле.

(Алмамбет өзінің биографиясында өзін 3-лицо қылып қойыпты. 1-л. қылып та айтады. Смещение эпического элемента со сказовым). Ақырында Шұбақ ашуы шықсын деп үндемейді:

Ықтап берген Шұбақа,
Разы болды шұнақа,
Мойнына алған Шұбақа,
Болды разы Шұбақа.
Қимылдабай қыңқ етпей,
Қайран Шұбақ былқ етпей,
Алмамбеттің к.....
Ашуын алды мойнына.

(Мінезділік белгісін көрсетеді. Басында қаталасса да, артынан ақын дұрыс қылып шығарады. Сложные людские взаимоотношения удачно, психологически правдиво переданы).

11. Алмамбет батыр шалғынға шолудың алдында қытайдың көптігін Манасқа айтқаны.

(Сөз бастарында ылғи айтқаны, айтқаны деген келіп отырады. Бұ да сказ үлгісін білдіреді. Аста эпос ақын атынан айтылады).

Алмамбет, Манастан бұрын көпті алдым, көпті көрдім дейсің, осы жұртты, осы жерде басқаның бар ма, білемісің дейді. Манас:

Аны ұққан соң ер Манас,
Бір-біріне сөз ұнар,
Қалғандай қасқа тіс,
Халайықтан басқа тіс.
Қасқайып шығып алғаны
Қабылан Манас батыры,
Қатқырығын салғаны,
Мақұл, Алмам батыр, деп,
Бадырек қытай жұртының
Баянын айтшы ақыр деп.

(Замеч.: Манастың көңілді уақытындағы пішіні ұдайы жаңағы айтқан сияқты суреттеледі. Ашуланғаны жоғарыда айтылған, онда да бір-ақ түрлі сипаттайды. Ашуы мен жылы шырайына екі снимок бар. Соны келтіре қояды).

(Момент статически выражает устойчивость, постоянство, застывшее, окаменевшее величие, как изваяние).

Стиль.

Алмамбет Қытай жәйін сөйлейді:

Берен қалсын Бежінің,
Қырғын алсын Қытайың,
Кім біліптыр мұндайын.
Айтушы еле қарылар,
Аңдасам соның бәрі бар.
Құлжадан қарауыл қойған деп,
Қайыптан қылып қаруулу,
Қастасқанын сойған деп,
Өрдіктен деп хабаршы,
Киіктен деп шабаршы,
Еріменен шөліне
Енді елеп біздер келгенде,
Қуып қылып түріктің
Қойсаң деген жендер бар.
Қытайға сөзді Оғызхан,
Атасынан бабасы
Мұрыннан қалған өрнек бар,
Қу өрдек деген өрдек бар,
Қанатының бәрісі
Қарық алтынға қаптаған.

12. Алмамбет батыр Манасқа Бежінді көрсетіп, арман айтқаны.

13. Мәкел малғұнның келіп, Алмамбеттен өлгені.

Мәкел дәу дегеннің
Баянын айтып берейін,
Ант ұрғырдың өзі бар,
Бақыраят ашылса,
Маңдайда жалғыз көзі бар.
Адам ұлы белгісі,
Арқы жеркі сөзі бар.

Байқаса адам өңді,
Аузын ашып сөйлесе,
Ойы жарған обызы,
Күркіреген күн өңді,
Азат бойдан шыққан соң,
Ажайған аю жүн өңді,
Аңдап көріп дидары,
Ажыда әр түрлі өңді.
Шақырғаны Есен хан
Еш мінезі кем емес,
Адам емес, айбандай,
Тауға шығып ақырды,
Дауыс салып бақырды,
Жүнден қалың әскерін
Жүріңіз деп шақырды.
Неше жүз мың қосыны
Мұсап тұтат осыны.
Көбі келді жалаңаш,
Көңлі бары жалаңбас.
Басып жүрсе жер сипайт,
Бастарынан шыққан шаш,
Киім ордында шаштары,
Танылбайт қары-жастары.
Ең кішкене дегендің
Даш қазандай бастары,
Аяқ менен бұттары
Ат шабар жерге барғандай,
Қоңырсыған жыттары
Жетміш құлаш қарағай.
Жеңіл-желпі таяғы,
Мұнарадай аяғы...
Жыланды көрсе жырып жеп,
Құмырсқаға жолықса,
Ерікпестен қырып жеп,
Суыр көрсе суырып жеп,
Ұядағы қанатты
Ұзатпастан ұрып жеп,
Бірі өлсе, бірі жеп,
Ішіменен және жеп.
Бақа, жылан, қоңыздар,

Қасқұлақ, бөрі, доңызды
Қанжаменен түтіп жеп.
Ештеме таппай қалғаны,
Қарағай, қайың, тал көрсе,
Қазып түбін бұтын жеп.
Кейбіреуінде екі бас,
Үшқы деген ұрығы
Жергелесе жеті бас.
Бұзық түрін кім білет,
Мұрынғының сөзі дүр
Қай бұрыны қарасаң,
Мұрынының үстінде
Мүштімдей жалғыз көздері,
Айбанға шалыс ал бір жұрт,
Әрбірінде алты бұт,
Қайбірінде екі қол,
Әр тарапқа арбайған
Айнала шыққан жеті қол...
Андай болса қамдан деп,
Әскерге бұйырып салғаны,
Алты сан ит, мың есек
Сойыс үшін қамдады,
Тоғыз тұман доңызды
Тоғыз мың түлкі жүктетті,
Бақа, жылан, қоңызды...

Қытайдың Қоңырбайының қасындағы ұлықтарды (шендері) айтады. Дүдү, Баңбаң, Сүндүң менен Қалдай Жаңжүң, Титай, Шитай, Дұтай дейді.

14. Алмамбет батыр Сырғақты ершітіп, Бежіндің ішіне батыр шалғын шалып, күн жайлап Бежінге қар түсіргені.

Қалмақтан бар ұшаңы,
Қадірдаған осыны
Қара жалды бөрінше.
Қатқаландың Сайқалы,
Қайнап жатқан қапырдың
Қайсыбірін айтады (распространенный прием).
Қата болбайт айтқандан,
Хабаршысы шайтандан,

Ыраң көден кеп айтат:
Ырас жері бұ Манас,
Бізді қойбайт деп айтат.

Ыраң Көдең хабардың бәрін біліп тұрады. 350 жасаған, хабаршысы әзәзіл. Бұл Манастардың қалай кіріп тұрғанын, кеше Мәкілді өлтіргенін бәрін айтып, Манасқа сый беріп құтылындар дейді.

Сауға, батыр, сауға деп,
Ер Шұбақ тұра қалғаны,
Сауға тек қабыл болсын деп,
Шылбырға қолың толсын деп,
Алмамбет айтып салғаны (синонимы).

Шоңорлуунун бойына,
Шокмотуунун ойына,
Бір шекесін жылқының
Шоң Бежіндің бойына,
Шеңғұшқаның ойына,
Жайнатып жылқы салғаны
Жайланып жатыр қалғаны.
(Алмамбет күн жайғатады. Екі күн, екі түн жауады).
Қанжығадан үр бүгін,
Бөктүріншек шабадан
Бар десіп ішінде
Елебеген көп адам.
(Шабадан сияқты сөздер көп).

Алмамбет өзі мен Сырғақты қытайша кидіреді. Алмамбет Сырғақты қытайша киіндіріп, мазақ қылып күледі.

Алмамбет әскерге келіп, атқа мін, Кентуды қу, бұйрық осы деп бар әскерді аттандырып таратады.

15. Алмамбет батыр атасының сарайын, жерін, суын көріп арман қылғаны.

Жалаң аяқ, жалаң бас
Екі жасар, бес жасар
Осы кезде біздің жас,

Көйлек кибей жалаңаш,
Көзге жетті біздің жас,
Ойнаған жерін осы жер...
Шарбағым шынар болыптыр, Сырғақ,
Турасын көрсеңіз,
Төрт құшақ толыптыр, Сырғақ,
Қақ осыны көргенде,
Қан алмаң күні солыптыр, Сырғақ.

16. Алмамбет Қарағұлға жолығып, Қаракүренді жылқыға қосып жылқыны алғаны. Жылқыға Қаракүренді жіберіп, Алмамбет найза қағады. Қалың жылқы өре жөнеледі. 600 жылқышы ұйықтап бейбіт жатыр екен.

Ышқырларын үзісіп,
Өс тұмандан түсісіп,
Маңдай тескей жығылып,
Қошқардан бетер сүзісіп...
Шапшып тұра қалысып,
Шапқанының ордына
Шалбарын қолына алысып,
Жеңін таппай желбегей,
Жап-жалаңаш қалысып,
Шошып тұра қалысып,
Тебетейім екен деп,
Байпағын қолына алысып,
Басына кие салысып.
(Жылқыны қолға сойысқа апарам дейді. Содан кейін соғыс салмақ).

Ердің көті қылтайып,
Үзеңгіден бүт тайып.

Қарағұл қашқанда жылқы алғанын Қоңырбай біледі. (Тоже статическое, постоянное сравнение. Нужно перечислить).

17. Қоңырбай жылқының арқасынан келіп ұрысқаны.

Алмамбет кешігеді. Манас Шұбақты арттарынан жіберіп, өзі ұйықтап қалады.

Мынды көрсө бір өзі
Көп екен деп қашпаған,
Санды көрсө шашпаған,
Мынды көрсө көп дейді,
Білген ісін бастаған (Бұ да көп айтылады).
Жолбарыс білек, тас жүрек (постоянные метафоры).

Бұ сөзді айтып ер Қоңыр,
Қара атқа қамшы салғаны,
Қайраттанып алғаны (тоже).

Алмамбет, Шұбақ, Сырғақ үшеуі жылқы айдап қашады.
Артынан Қоңырбай бастаған қалың қытай батыры қуады.
Көп найзаласады. Орта жолда ұйықтап жатқан Манасты
найза салып оятады Шұбақ.

Соғыс үстіндегі сурет.

Ақ асаба, қызыл ту,
Айғайлаған ізі шу,
Көк асаба, қызыл ту,
Көк жаңырған ұлу шу...
Қанғайлардан Үрігі,
Қатқалаңдың Сайқалы,
Қайсыбірін айталы.

(Жиі кездеседі. Замеч.: екі жақтың да батырлары өлмей қояды. Әрқашан қырғыздан пәлен, қалмақ, қытайдан пәлендер болып саналады да отырады. “Шахнамаға” ұқсайды).

Шұбатып қашып ұрыс салады. Ылғи найзаласады. Аттан Жолай, Шұбақ түсіп қалғанда, жолдастары аттарын әкеп беріп, мінгізіп жібереді. Манас Қоңырбайдан көз алмай жүреді.

Ақырында көргенде,
Шоң төрені көргенде,
Томаға тартқан бүркіттей
Жылмайып батыр алыптыр,

Астындағы айбан боз
Атқа қамшы салыптыр.

Сырғақ қолға шошып қашып келе жатады. Бақай тоқтатып, есін жиғызып, қолға хабарды жаман айта, қорқады деп жақсылатып айтқызады. Қол аттанады. Бұны аттандырып, әңгімені батырларға ауыстырады.

Қаралаев айтуынан.

Басы:

1. Хандар сөз байласып, Манаспен соғысқалы аттанып келеді.

2. Алдынан Алмамбет, Сырғақ, Шұбақ әзірленіп шығады. Жау әскерін қыра бастайды.

3. Аналар қорқып жуасиды.

4. Манас шығады. Хандарды жазаламақ.

5. Жамғыршы айыптарын мойнына алып, Манастан кешірім сұрайды. Бегімді шауып берейін деп келдік дейді.

6. Қол жүруге, жорыққа әзірленеді. Хан, шоралардың әскерін, қолын бұ да көп санайды. Қаныкей Семетейге батанды беріп кетейді. Қошойға Қаныкей, Манасқа шора Шорға мықты сауыт әзірлеген. Бұлданыспай асыл әйел боп суреттеледі. Ақолпоқты қалай істегені ұзақ айтылады. Қырғыншал бір уақытта Қаныкейді Шұбақпен ойнас деген екен. Сонда Манас алты ай Қаныкейге жоламай қойыпты. Қаныкей Ақолпоқты осы уақытта тістеген екен дейді. Ақкелтені Манас Алтайды шенге киген алтмыш орыстан тартып алған екен дейді.

Манасты Қаныкей белдігін, қаруларын өперіп киіндіреді. Аққұланың сипаты шебер айтылған.

7. Бұнда Алмамбет қытайдың бұрынғы ханы болып Бежинде 21 жыл патшалық құрған дейді. Азиз хандың Алмамбет деп сөйлейді. (20 күн, 20 түн жүреді). Алмамбетке қол тарығып: “Атаңды көру қытай құл, Айдар барып қырат” деп назаланады. Бақай Алмамбетке қолды қырамыз, тынықтырайық деп сөз айтады.

8. Бір өзенге қонып тынығады. Ұйқысы қанған соң шоралар ордо ойнайды.

9. Бақай пәлендей жолдарды көрген кім екен деп сұрақ қояды. Алмамбет бәрін көргенмен, мен шалғынға барамын дейді. Манас ұнатады бұнысын. Ислам жолын ашып бер, ақ пайғамбардың.

10. Алпысқа келген қарт Күрең деген атты мін дейді. Азығың олқы болмасын, нөкөргө құйып қанымды ал дейді. Қырық шора он екі ханнан таңдап тұрып жолдас ал дейді.

11. Алмамбет Сараламен кетем дейді. Биттейінен біріккен тұлпарым дейді. Қытайдан келгенімде, қылт етіп су жұтпастан шыдап берген Сарала емеспең дейді. Қасына Сырғақты сұрайды. Қосарға Ажыбайдың Қаракүреңі болсын дейді. Сүйретпе мойнына құрық салып, Манастың батасын сұрайды. Ол бата береді, екеуі сөйлеседі.

12. Қалған қолда Қырғыншал Шұбақты мазақ етеді, қайрайды. Шұбақ аттанбақ болады (әдемі өлең).

13. Бақай Манасқа кеп, өзін тоқтат дейді. Манас атына мінеді. Бұл оқиға Алмамбет сезіктеніп, атына мініп камданып тұрып Сырғаққа сөйледі (жақсы жырланған). Сырғақ Шұбақ жайын баян етеді. Ол Ақбалтаның баласы... бірақ әулие шалдың баласы деген сөз бар. Өзіне атса оқ өтпейді, тістесе арыстанның тісі өтпейді, кейбіреу оны қыздан туған қыңыр дейді.

Қашан болсо Шұбағың,
Қисық істі таласқан
Қысталақтың бірі дер.

14. Ындыстанды шаптық:

Ындыстанға қол салдық,
Олжолоп малдан білді алдық.

15. Шұбақ сөзінде:

Қалп еле шалғын салам деп,
Ордолду жұрт қалың түрік
Тастайын деген екенсің.

16. Алмамбет:

Бежінді шабам кім ушун,
Азыраты дін ушун,
Қалың қытай елменен
Дін таласып жұт болып,
Сарала буудан тоқтуғу,
Сандаған қалың құлайды,
Дін ыламдын жоқтығу,
Пайғамбар бармас Бежиндин.
(Бұл көп қайталайды).

17. Манас ашуланып сөйлейді. Өзі кетпек болады Қытайға...

“Сейтек”.

1-песня. “Кулчоро туткундалды, горе Кулчоро”.

2-песня. “Канчоро хан болгондон кейин”.

3-песня. “Айчорок олжого кетти”.

а) Қыяздын Айчорокту көруп тамашалаған сөзу аса жақсы (көркем сыпаттау).

б) Айчорок сөзу де аса жақсы.

в) Айчорок, Ақбала ұқсас әрекеттер етеді, екеуі де құрал ұстап батырлармен батырша алысады. Сенімсіз, бұл бөлім аса ұзақ.

4-песня. “Сейтектин торолушу жана балалық чагы” (42–190 қысқартуға болады).

5-песня. “Туткундар баш қошуда”. Кулчоро азат болып, қатарға қосылады.

6-песня. “Сейтек абасын көрду”. Сейтек Кулчороның көзуне дәл Семетейдей көрінеді. Аса жақсы, көркем айтылған (236).

7-песня. “Аяш Ата”. Карадоо Момунжанды Багдаттан іздеп табады. Момунжан шыпа деген дару, “ебен себей” деген дәріні жұмсайды, ем болмайды. Ақыры “қайнатма қызыл дарумен” жазады Құлшорону. Бұл кек алуға кіжінеді. (Ұзақтау бөлім).

8-песня. Қыяз Тооторудан ажырады. Қыяз долго поет о коне (ұзақ). Тоотору ат сөйлейді (фантастика этой части эпоса).

9-песня. “Кыяздын өлүмү, Карадөө Жедигерге хан болду”.

10-песня. “Сейтек Таласка кочту” (414–474). Айчорок ұзақ сөзді.

11-песня. “Сейтек чоң энесине жана Бақайға кезикту”.

Қаныкей сөзі ұзақ.

12-песня. “Эл кубанды”.

13-песня. “Канчоронун өлүмү”. Кулчоронун сөзу ұзақ.

14-песня. “Бақай”.

15-песня. “Семетейдин қайра елге кошулушу”.

“Қарадоо Семетейди көрду”.

16-песня. “Кулчоро Буурулду чылбырдан алды”.

17-песня. “Ене суту”.

18-песня. “Қарадоонун өлүмү”. VI. Желмогуз уулу Сарыбайменен болгон согуш. Жооменен беттешу. Бірінші соғыс, Сарыбаймен Кулчоро жекпе-жегі 695-беттен басталады. “Неге жауластың. Қазынаңды шаппадық, не үшін соқтығыстың өзің келіп” дейді Кулчоро. Айчорок аққу кебін киген куялы. Жұрт атасы, бөрі әзірлік “Зарқұмдағы” мұсылмандар батасы, тілегі тәрізді. Эпоста “Манастан” ауып шалғай кетіпті. Ұзақ әзірліктен басқа соғыс, қақтығыс жоқ. Сарыбай (781–836).

19-песня. “Жеништен кейінгі” (836–846).

20-песня. “Сапар” (846). Бақай, Қаныкей, Семетей, Кулчоро, Айчорок бесеуі ғайып сапар шегеді. Қоштасып, көзден ғайып боп ғажайып сапарға кетеді.

Чырныктары чынардай,
Чымчыктары улардай,
Құландары құнандай,
Алмасы аттын башындай...
Жаңғағы сайдын ташындай.

“Семетей” (33 мың жол). Лирик-романтикалық әлдик эпос.

Кириш сөз. Әзелден берки манасчылардын салтындағы приемдору боюнча эпостун қайсы узундусын атқарышса да, алар өздөрүнун кириш сөздөрүн өздөрүнчө кошумчага алып, учуучуларга эпос жонундо, кыснача түшүнде беришет. Бұл

вариантты түзүүчү дагы ошол саяттан чыккан жок, салттагы приемдорун дүхуменен оңдоп берди.

Семетейдің соңғы минуты:

Ошол кезде Семетей,
Эрип кеткен эмедей,
Қимылдабай, ун чүкпай,
Көзгө түшпей жок болду,
Қайсалақтап қалық жоо,
Сөөгун таппай тоқтолду.

Сол чакта Кулчоронун айтқан сөзу:

Арбак үрған Канчоро,
Сендик алым бар чоро,
Абакем такыр өлгөн жок,
Өлгөнун адам көргөн жок!
Эр сақтаған эр өлбөйт,
Элди баққан жер өлбөйт.
Эсинде болсун, ит Чоро,
Эр төрөөгөн эл өлбөйт.

Қыяз сөзу:

Семетейди көрдүңбу?
Тируу десең жерде жок,
Өлду десең көрдө жок.
Угуп жүргөн укмушта
Бұл өндөнгөн бенде жок.

Манасчи қоры кеп салат,
Кеп салғанда деп салат:
Акшумқарды көрдук дейт,
Арпанын Ала тоосунан
Құмайықты көрдук дейт.
Алайдын бийик тоосунан
Семетейди көрдук дейт.

Чатқалдын қызыл зоосунан
Чоролару ээрчитип,
Кароол қирап жүрөт дейт,
Қалқ күзөтүп тоосунан.

Еще выше:

Ошол күндөн ушүл күн,
Жомоктоп атпай, кеп айтат,
Кеп айтқанда еп айтат.
“Арбақтары эрлердин
Алыс емес” деп айтат.
Қуу өрдөк етин жегендер
Азыр да аман жүрөт дейт,
Текелин төөрдон үрөт дейт.
Кез-кезинде Семетей,
Жер сағынған емедей,
Хан Бақайды ээрчитип,
Ит агытып куш салым
Қадымкидей кулөт дейт.

**ҒЫЛЫМИ
түсініктемелер**



“В цветущем саду”

М. Әуезовтің бұл мақаласы 1958 жылы “Правда” газетінің 12 желтоқсандағы санында жарияланды. Мақалада жазушы 1958 жылы Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің екінші онкүндігіне қазақ өнерпаздарының қандай нәтиже, жетістіктермен келгендігін сөз еткен. Осы кезеңдегі қазақ әдебиеті мен өнерінің өркендеуі мен дамуын жазушы гүлденген баққа теңеген. Өйткені әр өнер саласында даму, өсу үдерісі қарқынды жүрді. Соның ішінде әсіресе драматургия саласы гүлдене түсті. Қазақстанда көптеген театрлар бой көтеріп, ұлт аспаптар оркестрі, әншілердің топтық хоры құрылды. Сондай-ақ хореография өнерінде де өзіндік жетістіктер болып, театр балеттің классикалық үлгісін меңгерді. Қазақ жазушылары театр сахнасына арнап шығармалар жазды. Орыстың классикалық үлгідегі драмалық туындылары қазақ драматургиясының өсуіне ықпалын тигізді. Декада қарсаңында үлгілі деген драмалық туындылар, әдебиеттің тарихы мен сынына қатысты монографиялық зерттеулер мен жинақтар орыс тілінде жарық көрді.

Мақала жазушының басқа көп томдық шығармалар жинағына енбеген, қолжазбасы сақталмаған. М. Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық басылымының осы томына газеттегі нұсқасы ұсынылып отыр.

1. 5-б. “Среди них оперы “Абай” и “Биржан и Сара”, “Ер-Таргын” и “Кыз-Жибек”; балетные спектакли “Камбар-Назым” и “Дорога дружбы” – Бұл аталған туындылардың ішінде декада күндері Москваның Үлкен театрында “Абай”, “Біржан – Сара”, “Дорога дружбы”, “Бахчисарайский фонтан” шығармалары қойылды.

“Абай” операсының музыкасын жазған: А. Жұбанов, Л. Хамиди. Абай партиясын Р. Абдуллин мен Е. Серкебаев орындады.

“Біржан – Сара” операсының музыкасын жазған – М. Төлебаев. Орындаушылар: Біржан – Ә. Үмбетбаев, Б. Досымжанов, Сара – Ш. Бейсекова және Р. Жаманова.

“Дорога дружбы” қойылымының музыкасын жазған: Н. Тілендиев, Л. Степанов, Е. Манаев. Қоюшы балетмейстерлер – Д. Абиров, Р. Захаров, Ю. Ковалев, И. Ван Си-сянь. Дирижері – Ф. Мансуров. Бұл спектакль қытай және совет халықтарының достығына арналған.

“Бахчисарайский фонтан” балетінің музыкасын жазған – белгілі композитор А. Асафьев. Қоюшы балетмейстер – Москваның Үлкен театрының маманы Р. Захаров.

“Дорога дружбы”, “Бахчисарайский фонтан” қойылымдарында қазақтың жас балет шеберлері Р. Тажиева, С. Көшербаева, З. Райбаев, А. Джалилов, С. Тұлусановалар Москваның Үлкен театрында алғаш өз өнерлерін көрсетті.

А. Болсынбаева

“Новые горизонты”

М. Әуезовтің бұл мақаласы 1958 жылы “Литературная газетаның” 9 қазандағы санында шыққан. Мұнда автор 1958 жылы Ташкентте өткен Азия, Африка жазушылары конференциясының жазушыларға қандай ықпалы болатыны жайлы ойларын айтады. Әуезов әдебиет және өнер қайраткерлерінің, оқырмандар мен көрермендердің басқа халықтардың шығармашылық табыстарымен үнемі танысып отыруын көркемдік дамудың негізгі бастауларының бірі деп есептеген. Ол бұл тұрғыдағы қарым-қатынастардың жемісті болып, үнемі дамып отыруы үшін көп еңбек етті.

М. Әуезов әртүрлі деңгейлердегі халықаралық жиындарда, конференцияларда Азия, Африка жазушыларының бірлігі, шығармашылық байланыстарының өзіндік ерекшеліктері, көркемдік жетістіктері жайлы мазмұнды баяндамалар жасап, сөз сөйлеп, аталған жиналыстардың мағыналық, көркемдік салмағының жоғары болуына өзінің мол үлесін қосып отырды. Азия, Африка жазушыларының шығармашылығы, жеке өкілдері, конференция жұмысы туралы мақалалары көптеген мерзімді басылымдарда жарық көрді (М. Әуезовтің шығармашылығына қатысты библиографиялық көрсеткіштерді қараңыз).

“Новые горизонты” мақаласына арқау болған М. Әуезовтің сөзін “Литературная газетаның” қызметкері Азия, Африка жазушыларының конференциясына қатысушылардың “Дөңгелек столы” (Круглый стол) кезінде жазып алған. Мақала мәтінінің ауызекі тілдің стиліне, деректердің нақты, қысқа қайырылып берілуіне қарағанда, автордың өңдеуінен өтпегені байқалады. Бұған мақала қолжазбасының жоқтығы, “Литературная газетадан” кейін еш жерде жарияланбағаны да дәлел. Академиялық басылымының бұл томына газеттегі мақала сол қалпында беріліп отыр.

1. 7-б. “**Калила и Димна**” – Автор мұнда Қ. Қарсақовтың аудармасын айтып отыр (Дабылдайды барабанның үндері // Азия, Африка ақындары. Алматы, 1958. 133 б.). Үнді

халқының бұл ерлік эпосын кейін, 1968 жылы қазақ тіліне С. Талжанов пен Ж. Сыздықов аударды.

2. 7-б. “...произведения Р. Тагора” – Әңгіме С. Шаймерденовтың аудармасы жөнінде (Алтын сағым. Алматы: Жазушы, 1960).

3. 7-б. “...Прем Чанда” – Үнді жазушысы Прем Чанданың Т. Өлішеров аударған әңгімесі (Жыланның гауһар тасы. Алматы: Жазушы, 1960).

4. 7-б. “...Мулк Радж Ананда” – М. Әуезов мақаласы шыққан кезге дейін үнді жазушысының “Банан ағашы” (Қазақ әдебиеті. 1955. 24 маусым), “Бүркіттер мен көгершіндер” (Қазақ әдебиеті. 1955. 29 шілде), “Бесік жыры” (Қазақ әдебиеті. 1959. 13 қараша) атты әңгімелері қазақ тілінде жарық көрген болатын.

5. 7-б. “...Джафри” – Али Сардар Джафридің Т. Шөпішев аударған шығармасы жөнінде (Азия, Африка ақындары. 1958. 120–121-бб., т.б.).

Р. Қайшыбаева

“Неукротимая воля”

Бұл М. Әуезовтің “Писатели – комсомолу” деген айдармен 1958 жылы “Литературная газетаның” 28 қазандағы санында жарияланған құттықтауы. Онда Ольга Форштың (Ленинград) “Основа жизни – труд”, Максим Рыльскийдің (Киев) “Могучее племя”, Симон Чикованидің (Тбилиси) “Вам слова и сердце поэта”, Мехти Гусейннің (Баку) “Поколение героев” деген атпен лениндік комсомолдың қырық жылдығына арналған қысқаша лебіздері берілген.

Елу томдықтың осы томына газеттегі басылымы ұсынылып отыр.

А. Болсынбаева

“Өнерге өнеге”

Мақала ең алғаш рет “Қазақ әдебиеті” газетінің 1959 жыл-ғы 1 қаңтардағы санында жарияланған. Осы бойынша кейін М. Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының 20-томында (Алматы: Жазушы, 1985. 376–378-бб.) басылды.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің 1958 жылы Мәскеуде өткен онкүндігі қарсаңында осы шараға орай М. Әуезовтің бірнеше мақалалары орталық орыс тілді басылымдарда жарық көрген. Онда айтулы өнер мерекесіне дайындық шаралары жөнінде, қаламгер ретінде өзінің осыған қосып отырған үлесі мен өнер майталмандарының соңғы жылдардағы мәдениетімізді дамытуға сіңірген еңбегі, олардың оқырмандарға ұсынған туындыларының мән-жайы сөз болады.

Ал “Өнерге өнеге” мақаласында жазушы осы көптен күткен онкүндіктің барысында оның мерекелік барша салтанатын, жеткен табыстары мен нәтижелерін, сондай-ақ осы күндерде туған тың ойлар мен өзгеше әсерлердің алдағы уақыттағы жазылатын жаңа туындылар мен шығармашылыққа қосар шабытын атап өткен.

Мақала М. Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық басылымына газеттегі нұсқасы бойынша дайындалып, кітаптағы мәтінмен салыстыра отырып берілді.

К. Рахымжанов

“Партия туралы ойлар”

1959 жылы 14–15 қаңтарда Қазақстан Компартиясының кезектен тыс ІХ съезі, 27 қаңтар мен 5 ақпан аралығында СОКП-ның кезектен тыс ХХІ съезі болды. “Социализм біздің елімізде толық және түпкілікті жеңді” деген съездің шешімдеріне орай басылым беттерінде мақалалар жаппай жарық көре бастады.

Жазушының “Партия туралы ойлар” атты мақаласы “Қазақ әдебиеті” газетінің 1959 жылғы 30 қаңтардағы санында алғаш рет жарық көрді.

Бұдан кейін “Уақыт және әдебиет” (1962. 255–258-бб.) жинағы мен он екі томдық шығармалар жинағының 12-томында (Алматы: Жазушы, 1969. 472–475-бб.), жиырма томдық шығармалар жинағының 20-томында (Алматы: Жазушы, 1985. 379–387-бб.) қайта басылды.

Осы мақаланың “Родина, народ, партия” атты орысша нұсқасы “Знамя” журналының 1959 жылғы № 1 санының 4–5-беттерінде басылып шықты. Орыс тілінде жазылған мақаланың көлемі қысқартылып, шағындау етіп берілген.

Мақала бұл томға текстологиялық салыстырулардан кейін ішінара орфографиялық түзетулер жасалып, қысқартылмай, өзгеріссіз, толық жіберіліп отыр.

С. Майлыбай

“Радость творчества”

Бұл мақала “Советский Союз” журналының 1959 жылғы № 1 санында жарық көрді. Елу томдық академиялық басылымының осы томына журналдағы нұсқасы ұсынылып отыр.

Мақалада алғаш 1917 жылы киіз үйден бастау алған “Еңлік – Кебек” пьесасының декада күндері Москваның Кіші театрының сахнасында қойылуы сөз етіледі. Бұл қойылым ұлттық драматургияның өсіп, дамығандығының белгісі ретінде бағаланды және қазақ қаламгерлерінің ұлттық әдебиетті қалыптастыруда әлемдік сөз шеберлерінің тәжірибесіне сүйене отырып, көркемдігі биік туындылар жазғаны атап өтілді. М. Әуезов қазақ мәдениеті мен әдебиетінің жеткен жетістігіне, қазақ өнерпаздарына ризалығын, қуанышын осы мақаласы арқылы білдірген.

А. Болсынбаева

“Родина, народ, партия”

СОКП-ның ХХІ съезінің ашылу қарсаңында жазылған бұл мақала 1959 жылы “Знамя” журналының № 1 санында жарияланды. Онда партия халықтың қамқоршысы, бағыт-бағдар беріп, тәрбиелейтін көшбасшысы, негізгі ұстанымы, идеялық бағытына орай ұлт өкілдері мен нәсілдерді бөлмей, бірлікте, бейбітшілікте өмір сүруге жетелейтін үлкен күш екендігі көрсетілген. Сондай-ақ жазушы партияның ХХІ съезінен халық жаңа идеяларды, жаңалықтарды күтетінін білдірген. Бұлайша жазу сол кезеңдегі идеологияның талабынан туған еді.

М. Әуезовтің елу томдық академиялық шығармалар жинағының осы томына мақаланың журналдағы басылымы беріліп отыр.

А. Болсынбаева

“Голос в защиту пакистанского поэта”

Бұл мақала 1959 жылы “Известия” газетінің 5 ақпандағы санында жарық көрген. Мақалада пәкістандық ақын Фаиз Ахмад Фаиздың 1958 жылдың қазан айында Ташкент қаласында өткен Азия және Африка жазушыларының конференциясынан еліне оралғаннан кейін ұсталып, түрмеге қамалғаны айтылады. Ол азаттықты аңсаған жалынды жырларымен бүкіл әлемге танылды. Ақынды қаламдас достары Ш. Рашидов, И. Абашидзе, М. Әуезов, К. Маликов, Ф. Мүсірепов, Б. Полевой, Г. Севунц, К. Сейтлиев, К. Симонов, Н. Тихоновтар жақтап, Пәкістан үкіметінен оның босатылуын талап еткені сөз болады.

Ол 1947–1958 жылдары “Пакистан таймс” (“Pakistan times”), “Имроз” (“Imros”) газеттерінің редакторы, Пәкістандағы бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысының жетекшісі және ұйымдастырушысы болды. 1951–1955 жылдары Фаиз Ахмад Равалпиндидағы үкіметке қарсы ұйымдастырылған көтеріліске қатысқаны үшін айыпталып, түрмеге қамалды. Ақын өлеңдерінде көтерілген негізгі тақырып – бейбітшілік үшін күрес және елінің тәуелсіздігі. Ол халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін Лениндік сыйлықтың лауреаты болды. Оның “Печальные узоры” (1941), “Руки ветра” (1952), “Тюремные стихи” (1957), “Долина Синая” (1971) деп аталатын өлеңдер жинағы және “Весы” деген әдеби-сын еңбектері жарық көрді.

Жазушы шығармаларының елу томдық академиялық басылымына мақаланың газеттегі нұсқасы берілді.

А. Болсынбаева

“Әлемнің ұлы азаматы”

М. Әуезовтің бұл мақаласы 1959 жылы жазылған. Мақаланың қолжазбасы “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында сақтаулы (216-бума). “Уақыт және әдебиет” кітабына (251–254-бб.), он екі томдық шығармалар жинағының 12-томына (237–241-бб.) енген. Машинкада басылған қолжазбасындағы тақырыптың алдында “Мұхтар Әуезов” деп жазылған. Автор “В.И. Ленин туралы ойлар” деген тақырыпты өшіріп, сиямен “Әлемнің ұлы азаматы” деп өзгерту жасаған. Автордың сиямен, қызыл қарындашпен жасаған түзетулері, сызғандары кездеседі. Мақаланың соңында сиямен жазған бір абзац қосымшасы бар. Соңында “1959” деп жылы көрсетілген. Машинканың беттеуінде 1–6 бет. Сақталуы жақсы.

Мұнда М. Әуезов Лениннің жалпы бейнесін сипаттай отырып, оның даналығын, ұстаздық тәрбиесін, көп ұлтты халықтар достығын сөз еткен. Сондай-ақ Лениннің терең ойлары, идеялары мен еңбектері социалистік ұлттар үшін басшылыққа айналғанын айтып өткен.

Мақаланың машинкада басылғаны мен он екі томдықта жарияланған нұсқасының мәтіндеріне текстологиялық салыстыру жасалды. Кітаптағы мәтін мазмұнында түпнұсқадан айырмашылық болмағанмен, төмендегідей кейбір қалып қойған, редакторлық өңдеуге ұшыраған сөздер кездеседі.

1. 26-б. Кітаптағы мәтіннің бірінші абзацындағы “Халықтың өмірін, бар **тілегін** игілік жақсылыққа” сөйлемі қолжазбада “Халықтың өмірін, бар **тірлігін** игілік жақсылыққа” деп келеді.

2. 28-б. “...ұлы болашаққа **жосып** барады” – “ұлы болашаққа **басып** барады”.

3. 28-б. “Ол – Қытай...” – “Ол – **ұлы** Қытай...”

4. 29-б. “Лениннің ойымен мемлекет шаруалары жаңаша тарихқа көшті. **Өндіріс өзінің ғылымдық басшы даналық өзгеріс даму жол бағытын Ленин ойларынан алды.** Қала қайта туды...” дегендегі қарамен белгіленген сөйлем кітапта қалып қойған.

5. 29-б. “сипат” – “сыпат”.

6. 30-б. “...бар иланыш сенімімізді” – “...бар инаныш сенімімізді”.

Мақаланың “Великий гражданин мира” деп аталатын орысша нұсқасы бар. “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында машинкада басылған бір данасы сақтаулы (217-бума). Архив беттеуінде 6 бет. Мұнда автордың қара және көк сиямен жасаған түзетулері кездеседі. Соңғы беттің сыртында көк қарындашпен “О Ленине” деп бөгде біреудің жазғаны бар. Мақаланың екі нұсқасын салыстырғанда, орысшасының қазақшаға қарағанда ықшам екені байқалды. Осы мақала 1960 жылы “Казахстанская правда” газетінде, “Знамя” журналында (1960. № 4) және жазушының “Мысли разных лет” жинағында (1961. 7–10-бб.) “Человек мира” деген атпен тақырыбы өзгертіліп жарияланды.

Елу томдық академиялық басылымның осы томына жазушының он екі томдық шығармалар жинағында жарияланған мәтіннің қазақшасы және қолжазба қорындағы орысша нұсқасы қатар ұсынылып отыр.

А. Болсынбаева

“Зоны ужаса”

Бұл мақала 1959 жылы “Литературная газетаның” 9 маусымдағы санында “Заметки писателя” айдары бойынша жарияланған. Кейін еш жерде жарық көрмеген, жазушының шығармалар жинақтарына енбеген. Мұражайдағы қолжазба қорында мәтіні сақталмаған.

Автор өмірінің көп жылдарын Африкада өткізген американдық журналист Дэвид Ридтің “Юнайтед Стейтс Ньюс энд Уорлд рипорт” журналында жарияланған Африкадағы таптық, нәсілдік кемсітушіліктің жаңа “жетістіктері” жайындағы “Трагедия Южной Африки” атты мақаласын сынайды. Сонымен қатар қаламгер Оңтүстік Америкадағы нәсілшілдіктің де шарықтау шегіне жетіп тұрғандығын, қара нәсілді қоғам өкілдерінің саяси және азаматтық құқықтардан кенде екендігін айта отырып, Оңтүстік Африка негрлерінің де тұрмыс-тіршілігі жайынан көптеген мысалдар, дәлелдер келтірген.

Елу томдық академиялық толық басылымның осы томына мақаланың газеттегі нұсқасы беріліп отыр.

А. Пірімбетова

“Размышления об эпохе семилетки”

М. Әуезовтің бұл мақаласы 1959 жылы “Литературная газетаның” 18 мамырдағы санында шыққан. Кейін жазушының Москвада “Художественная литература” баспасынан шыққан орыс тіліндегі бес томдық таңдамалы шығармалар жинағының 5-томында (1973 ж. 333–338-бб.), жиырма томдық шығармалар жинағының 20-томында (284–289-бб.) жарияланды. Мақаланың қолжазбасы сақталмаған.

Мақала кіріспесі партияның XXI съезінен кейінгі уақытта шығармашылық еңбек адамдарының съезд шешімдерінен ерекше әсерлі екенін айтудан басталады. 1959 жылы қаңтар айының 27-нен ақпанның 5-не дейін өткен СОКП-ның кезектен тыс съезі Кеңес Одағында социализмнің толық және түпкілікті жеңгендігін хабарлады. Коммунизмді орнатудың материалдық-техникалық базасын құрудың бағдарламасын жасап, 1980 жылдар шамасында коммунизмге жетеміз деген болжам да айтылады. Осыған орай 1959–1965 жылдар аралығын қамтыған жеті жылдық жоспар жасалды. Съезде Н.С. Хрущев жасаған негізгі баяндама мен съезд шешімдерінде шаруашылық, экономикалық мәселелермен қатар, кеңестік идеология мәселелері де көтеріліп, өнер мен әдебиеттің, ғылымның міндеттері туралы айтылды. Бұл мәселелер СОКП-ның идеологиялық хатшысы Сусловтың, мәдениет министрі Фурцеваның, КСРО Жазушылар одағының хатшысы Твардовскийдің сөздерінде тереңдетіле түсті. Бұл жылдар Кеңес Одағы халқының Ұлы Отан соғысы ауыртпалықтарынан құтылып, материалдық жағдайлары көтеріліп, тарихи тұрғыдан алғанда социалистік қоғамды қолдап, коммунизм идеясына сене бастаған кезең еді. Бұл жағдай Кеңес Одағы мерзімді басылымдары беттерінен айқын көрінді. Партиялық басылымдарды айтпағанның өзінде, әдеби басылымдарда да көркемдік-поэтикалық мәселелерден гөрі тақырыптық-идеялық мәселелер басым көтерілді. Әдеби газет, журналдарда әдебиетшілермен қатар жұмысшы, шаруа өкілдерінің жазбалары да көптеп беріле бастады. Дәл осы кезеңде авторлардың географиялық аумағының кеңейгені де анық байқалады. Осы мақсаттарда басылым редакциялары

ұлттық республикалардың ақын, жазушыларын, ғалымдарын, еңбекші өкілдерін өз беттеріне арнайы түрде тартты. М. Әуезовтің “Размышления об эпосе семилетки” атты мақаласы да осы қатардан. Мұның дәлелі “Әуезов үйі” ФМО қолжазба қорындағы телеграмма (640-бума, 12–13-бб.):

“14 апреля. Телеграмма: Дорогой Мухтар Омарханович! Настоятельно просим ближайшее время выступить “Литературной газете”. Вашим писательским раздумьями о советской литературе после съезда партии. Продолжить разговор начатый статьями Новиченко, Лаптева возможные темы партийная страстность советского писателя. Открытое служение народу, иллюстративность, бесконфликтность как результат культа личности, что такое вторжение писателя в жизнь или любая другая тема Вашему выбору. Прошу телеграфировать Вашу примерную тему, также возможный срок. Сердечный привет. Никитин”. Бұл мақала осы телеграммаға қатысты жазылған болу керек. Әуезов мақаласындағы кейбір ойлар телеграммадағы өтініштермен де, съезд баяндамаларында көтерілген әдебиетке қатысты мәселелермен де үндеседі. Мақала аталған тақырыптық, идеялық талаптарға жауап берумен қатар, мұнда көркемдіктің терең, нәзік қырларын басты әдеби мәселелер ретінде көтереді. Бұларға өмірлік материалды таңдауда табиғи, реалды бастаулардан айрылмауға шақыру, адам жанының диалектикасын тереңдете ашу талаптары жатады. Өндіріске байланысты кейіпкерлердің бір жақтылығын, образ ретінде көбіне қатаң, жасанды сипаттарға ие болатынын сынайды. Бұлардың қатарында шындықты бір қырынан ғана алу, жаттанды бейнелер, тартыстар жасау сияқты көркемдік кемшіліктер аталған. Кеңестік әдебиеттің басты кемшіліктерін дөп басып көрсеткен. Мұндағы Әуезов сынының кей тұстары сол кездегі көркем әдебиетке қойылған ресми-идеологиялық талаптарға сәйкес келмейді. Мақалада съезд материалдарындағы көркемдік-идеялық талаптарды айта отырып, үнемі өзінің көркемдік ұстанымын қатар келтіріп отырады. Газет тапсырмасымен жазылған мақала М. Әуезовтің әдеби-поэтикалық мәселелерді көтерген алдыңғы қатарлы жұмыстарының бірі болып шыққан.

Мақаланың газетке шыққан мәтіні аталған екі жинақтағы мәтіндермен бірдей. М. Әуезов шығармаларының академиялық толық басылымының бұл томына жиырма томдық шығармалар жинағы бойынша берілді.

Р. Әбдіғұлов

“Наша ответственность”

Мақалада М. Әуезов жазушылардың шығармашылығында үстірт қана айтылып жүрген еңбекші, әсіресе малшы қауымның ауыр тұрмысын тереңдеп, зерттеп жазуды сөз етеді. Бұл мақсатты жазушының өзі де сөз жүзінде қалдырмай, іске асырғанына “Өскен өркен” романын оқығанда көзіміз жете түседі.

М. Әуезовтің қоғамның кейбір көлеңкелі тұстарын ашып жазған “Наша ответственность” деген мақаласы алғаш “Литературная газетаның” 1959 жылғы 22 тамыздағы (№ 104) санында жарық көрді. Осы жарияланымға сілтеме жасай отырып, “Ленинская смена” газеті де 26 тамыздағы (1959) санына бастырады. Екеуінің арасында ешбір айырмашалық жоқ. “Литературная газета” мақаланы “Дневник писателя” деген айдармен ұсынған. Бұдан кейін еш жерде жарық көрмеген. Қолжазбасы сақталмаған.

Бұл орысша жарияланымдар 28 тамыздағы “Қазақ әдебиетінде” (1959) “Біздің жауапкершілігіміз” деген атпен аударылып басылған. Және “Литературная газетаға” сілтеме жасалған. Осы қазақша нұсқа жазушы шығармаларының жиырма томдығының 20-томына (Алматы: Жазушы, 1985. 411–414-бб.) енген.

Жазушы шығармаларының елу томдық толық жинағына екі тілдегі нұсқалары өзара текстологиялық салыстырулардан өтіп, қатар жіберілді. Ортақ ғылыми түсініктеме жазылды.

Е. Қанькейұлы

“Сын болашаққа мегзесін”

1959 жылғы қазан айының соңына қарай “Қазақ әдебиеті” газетінің редакциясында әдеби сын мәселелерін талқылауға арналған жауапты жиын өтіп, онда белгілі жазушылар, әдебиет сыншылары, зерттеуші ғалымдар осы тақырыпқа өз пікірлерін білдірген.

Жиналыс барысында бірінші болып сөз алған Мұхтар Әуезов әдеби сын мен әдебиеттану ғылымын ілгері бастыру үшін өткен мұраларды жете зерттеп, қазіргі әдебиеттің жайын жан-жақты талдап, сұрыптау қажеттігін, оған одақтық әдебиет биігінен лайықты баға беріп отыру, сөйтіп сыншы еңбегінің әдебиет теориясына да қомақты үлес қосу қажеттігін айтқан. Одан кейін сөз алған Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Б. Адамбаев, Х. Ерғалиев сияқты қаламгерлер осы тақырып бойынша өз пікірлерін білдірген, оның негізгі жерлері “Сын мәселесін талқылаймыз” деген рубрикамен газет бетінде қысқа етіп жарияланған.

Газеттегі М. Әуезовтің сөзі бұдан кейін ешбір жерде қайта жарық көрмеген. Жазушы шығармаларының академиялық толық басылымына сөздің газеттегі нұсқасы сол жарық көрген мәтіні бойынша дайындалды.

К. Рахымжанов

“Автобиография”

Өмірбаян алғашқыда М. Әуезовтің “Абай” романының 1950 жылғы басылымына (М.: Гослитиздат, 1950. С. 3–7) алғы сөз ретінде берілген. Осы мәтін 1951, 1955, 1958 жылдары шыққан кітаптарда да басылған.

Сонымен бірге Мәскеудегі “Гослитиздат” баспасынан 1959 жылы жарық көрген “Советские писатели” атты белгілі жинаққа енген. Ол кітапқа М. Горький, С. Есенин, А. Гайдар, К. Федин, А. Фадеев, Л. Леонов сияқты орыс әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің өмірбаяны басылған. Осы екі томдық кітаптың алғашқы томына М. Әуезовтің өмірбаяны, сондай-ақ украин, белорус, өзбек, т.б. одақтас елдер әдебиетінің көрнекті өкілдерінің өмірбаяндары арқылы олардың шығармашылығы жайлы толық мәліметтер берілген.

Белгілі адамдардың өмірбаян үлгісі әдетте баспадан шығатын энциклопедиялық анықтамалықтарда басылып, керекті мекемелерге тиісті құжат ретінде, жауапты орындарға қызметке ұсынылғанда, түрлі мемлекеттік наградалар аларда іс қағаздарының ішінде осында көрсетілген мәліметтер негізге алынады. Өмірбаян беттерінде әр адамның қоғамдық қызметіне, шығу тегіне, саяси көзқарасына кеңестік уақытта өте көп мән берілетін. Негізінен 1950 жылдары “Абай жолы” романына алғы сөз орнына бірнеше рет берілген Мұхтар Әуезовтің бұл өмірбаяны, сол кездегі партиялық көзқарастың кейбір шектеулеріне қарамастан, көркемдік тұрғыдан барынша еркін жазылған.

Мұнда қаламгердің өз шыққан ортасы, ата тегі, ауылдағы ескіше оқу жайы, жаңадан ашылған орыс-қазақ мектептерінің қазақ қоғамындағы орны, оқу бітіргеннен кейінгі қоғамдық, жазушылық қызметі толық қамтылған. “Абай жолын” жазу барысында оған мәліметтер жинап, сұрыптау кезіндегі қиындықтарды келтіруі кей жерде қаламгердің романды қалай жазғаны жөніндегі мақаласын еске түсіреді. Өмірбаянның қазақша нұсқасы М. Әуезовтің он екі томдық шығармалар

жинағында (1-т. 20–25-бб.) Айқын Нұрқатовтың аудармасымен берілген. Мұражай қорында өмірбаянның түпнұсқа қолжазбасы сақталған (382-бума).

Өмірбаян мәтіні М. Әуезов шығармаларының елу томдық толық басылымына әр жылдардағы басылымдар нұсқаларын салыстыра отырып әзірленді. Салыстыру барысында өзгеріске түскен, немесе қате басылып, жаңсақ кеткен тұстар кездеспеді. Тек айтылу, жазылуына байланысты ғана кейбір сөздер қазіргі талапқа сәйкес сол күйінде, өзгеріссіз берілді.

К. Рахымжанов

“Живая легенда”

Мақала 1959 жылы “Правда” газетінің 8 қарашадағы санында шыққан. Кейін еш жерде жарияланбаған, жазушы мұражайының қолжазба қорында мәтіні сақталмаған. 1959 жылы қаңтардың 27-нен ақпанның 5-не дейін СОКП-ның кезектен тыс ХХІ съезі өткен. Негізгі баяндаманы жасаған сол кездегі СОКП Орталық Комитетінің бас хатшысы Н.С. Хрущев Кеңес Одағында социализм толық және түпкілікті жеңді деп жариялап, алдағы міндеттер жайлы айтты. Съезде жеті жылдық мерзімге есептелген халық шаруашылығын дамытудың бағдарламасы жасалды. Коммунистік қоғам орнатудың жолдары мен міндеттері аталып, тіпті мерзімі де көрсетілді. Осындай үмітті көңіл-күй жалпы халықта да болды. Оның негізі де бар еді. Ұлы Отан соғысы жылдары кезіндегі, соғыстан кейінгі алғашқы жылдардағы қиыншылық, материалдық жоқшылық халықтың есінде болатын. Соғыс біткеннен кейінгі жылдардағы қарқынды даму елдің жақсылыққа деген сенімін оятып, коммунизмнің анық келетініне сендірді. Халықтың мұндай көңіл-күйде болуына үкіметтің сенімді идеологиялық қаруына айналған мерзімді басылымдар да қызмет етті. Әсіресе съезд өткеннен кейін газет, журнал беттерінде социалистік қоғамның жетістіктерін жан-жақты, әр қырынан мадақтаған мақалалар көптеп беріліп жатты. Сол жылдардағы газет-журналдарды қарағанда мақала авторларының географиясы Кеңес Одағының барлық аймақтарын қамтитыны байқалады. Жазушы, журналистер, ғалымдар, өнер адамдарымен қатар жұмысшы, шаруалардың авторлығымен де көптеген материалдар берілген. Бұларда Кеңес өкіметінің, социалистік құрылыстың табыстары автордың мамандығына, кәсібiне, географиясына орай дәріптелген. Көбінде нақты адамдар, мекемелер, кәсіпорындар нақты мәліметтермен, реалды жетістіктерімен көрсетіледі. Осы сипаттағы бірнеше мақала, очерктер М. Әуезовтің қаламынан да туды. Бұл тақырыптағы Әуезов мақалаларын оқып, өмірбаяндық материалдарымен таныс-

канда, олардың орталық, мәскеулік басылымдардың өтінішімен жазылғанын көреміз. Осындай мақалалардың қатарына “Живая легенда” да жатады.

Мақала “Простой советский человек...” деп басталады. Әсіресе съезден кейінгі кеңестік басылымдарда шыққан мақалалардың көбінде осы тақырып көтерілген. Осы тақырыпқа Әуезов те өзінше қалам сілтеп, оны эпик жазушы ретінде талдайды. Мақаладағы деректер, адам аттары, жер-су, елді мекендер, қалалар мен аудандар, колхоз, совхоздар атаулары – М. Әуезовтің 1959 жылдың қыркүйек, қазан айларындағы Оңтүстік сапарына қатысты атаулар. Автор бұл материалдарды жолсапарлық очерк түрінде бермей, сол кездегі мемлекетте етек алған көңіл-күйді көрсететін идеологиялық сипаттағы мақалаға айналдырып, сұрау салған газет редакциясына жіберген.

М.О. Әуезов шығармаларының академиялық толық басылымының бұл томына “Правда” газетіндегі нұсқа берілді.

1. 65-б. **“Воплощение своих лучших надежд на спасение и защиту от всех многочисленных врагов народ видел в образах великанов – алпов или могучих одиночек богатырей...”** – Мұндағы “алпов” сөзі – орыс орфографиясындағы қазақтың “алып” сөзі.

Р. Әбдіғұлов

“О родном Казахстане”

М. Әуезовтің шағын мақаласы 1959 жылы “Труд” газетінің 15 қарашадағы санында шыққан. Мақала тақырыбынан кейін “Мухтар Ауэзов рассказывает” деген ескертпе бар. Кеңес Одағының Мәскеуде шығып тұрған орталық басылымдарында М. Әуезовтің біраз мақалалары телефон арқылы алынып басылған. Олардың қатарында Жаңа жылдық анкеталарды, жазушының шығармашылық жоспарларын, мемлекет тарихындағы ерекше оқиғаларға қатысты ой-пікірлерін айтуға болады. Мұндай материалдар кейде телефонмен, кейде журналистердің сұхбаты арқылы алынған. “Труд” газетінің аталған санының бір бетіне түгелдей осы сипаттағы мақалалар берілген.

Мақаланың шағындығына, берілген деректердің нақтылығы мен қысқалығына, 1959 жылғы шығармашылық қызметіндегі басты оқиғалар мен алдағы жоспары жайлы мәлімет бергендігіне қарағанда, газеттің нақты сұрауларына жауап ретінде телефонмен айтып берген мәтін екені анық. Жазушы мұражайының қолжазба қорында мақаланың мәтіні жоқ. Кейін еш жерде қайта жарияланбаған. М. Әуезовтің толық шығармалар жинағының бұл томына газеттегі нұсқа беріліп отыр.

1. 68-б. **“Передо мной стоит увлекательная задача – создать роман о нашей советской действительности”** – “Өскен өркен” романы жайында айтып отыр. Роман жазушы қайтыс болғаннан кейін, 1962 жылы жарыққа шықты.

2. 68-б. **“Для этого я решил глубоко изучить одну из областей моей Родины – Южный Казахстан”** – М. Әуезов 1959 жылдың қыркүйек, қазан айларында Оңтүстік Қазақстан облысының бірнеше аудандарын аралап шыққан. Жазушы мұражайының қолжазба қорында Шымкентке, “Оңтүстік Қазақстан” газетінің бас редакторы Омаровқа жазылған телеграмма сақталған: “Тринадцатого сентября поездом Московский № 17, вагон 9 выехал Ауэзов. Прошу встретить. Приветом Кенесбаев”.

Осы қыркүйектің 13-нен басталған сапар туралы жазушының жолжазба күнделігінде, мақала, очерктерінде жан-жақты жазылған.

3. 68-б. **“Вот областной промышленный центр – Чимкент”** – М. Әуезов 15–18 қыркүйек аралығында Шымкенттегі қорғасын-цинк комбинатында, химия-фармацевтика, пресс автоматтар заводтарында болып, жұмысшылармен кездесулер өткізген (“Әуезов үйі” ФМО қолжазба қоры. 538-бума, 38-б.).

4. 68–69–6б. **“На протяжении всего семилетия я буду тщательно изучать коммунистическое строительство Южного Казахстана, чтобы создать многоплановое произведение, где судьбы целых коллективов, семей, отдельных личностей сплелись бы воедино и зазвучали торжественной песней о нашем времени”** – М. Әуезов “Абай жолы” роман-эпопеясын жазып біткеннен кейін баспасөз бетінде жарияланған Жаңа жылдық қысқа мақалаларында, анкеталық сұрақтарға берген жауаптарында Абай қайтыс болған кезден бергі қазақ халқының өмірін суреттейтін күрделі, көлемді шығарма жазу жоспары бар екенін айтады. Бұл шығарманың 5–7 томнан тұратынын да мөлшерлеген. “Өскен өркен” романы – осы көп том етіп ойластырылған шығарманың соңғы томы. Жазушы мұражайының қолжазба қорында сақталған жолжазба-күнделіктердің, басқа да жинаған материалдарының көлемі, қамтыған уақыт, оқиғалар аясы “Өскен өркенде” қамтылған уақыттық – кеңістіктік аядан анағұрлым кең.

5. 69-б. **“В процессе поездок по районам подготавливаю очерки, новеллы, которые явятся фрагментами будущего романа”** – Осы сапардан кейін “Оңтүстік сапарынан” (Соц. Қазақстан. 1959. 23 қазан), “Шаяндағы шешен Керекең” (Қазақ әдебиеті. 1960. 8 шілде) очерктері жарияланды.

6. 69-б. **“Я также работаю и в жанре драматургии. Переделал свою раннюю пьесу “Карагөз” (“Черноокая”) – из жизни дореволюционного Казахстана”** – М. Әуезов бұл кезде “Дос – Бедел дос” пьесасын жазуды бастап, “Карагөз” пьесасын 1960 жылы шыққан “Қараш-Қараш” жинағына стильдік тұрғыдан біраз өңдеп берген.

Р. Әбдіғұлов

“Қуаныш та, шабыт та берген сапар”

Жазушының бұл мақаласы “Қазақ әдебиеті” газетінің 1959 жылғы 23 қазандағы санында “Бейбітшілік саясатының жарқын жеңісі” атты рубрикамен берілген мақалалар қатарында жарияланған. Бұдан кейін баспасөз беттерінде жарық көрмеген. Мақаланың түпнұсқасы сақталмаған.

Елу томдық шығармалар жинағының осы томына мақаланың газеттегі нұсқасы беріліп отыр.

Автор мақалада Н.С. Хрущевтің осы жылы (1959 ж.) қыркүйек айында Америкада өткен Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының мәжілісінде сөйлеген сөзіне ризашылығын білдірген. Ассамблеяда Н.С. Хрущев Америка президенті Д. Эйзенхауэрмен кездесіп, жаппай және толық қарусыздандыру жайлы келіссөздер жүргізген. Сонда жасаған Хрущевтің “Татулық пен достықта өмір сүрейік” атты баяндамасы кейін “Бейбітшілік сапары” деген атпен кітап болып шыққан. М.О. Әуезовпен қатар, редакцияның өтінішіне орай болар, сол кездегі ғылым мен мәдениеттің бірқатар көрнекті қайраткерлері (КСРО халық әртісі Ермек Серкебаев, академик Ісмет Кеңесбаев, т.б.) Кеңес Одағы басшысының АҚШ-қа сапары жайлы өз ойларын, алған әсерлерін ортаға салған.

А. Пірімбетова

“Дос – Бедел дос”

Алғаш рет бұл пьеса “Қазақ әдебиеті” газетінің 1958 жыл-ғы 11, 18 шілдедегі екі санында жарияланған. Осы басылым бойынша кейін он екі томдық шығармалар жинағына (Алматы: Жазушы, 1969. 10-т. 429–485-бб.), жиырма томдық шығармалар жинағына (Алматы: Жазушы, 1983. 12-т. 115–173-бб.) енгізілген. Жазушы мұражайында пьесаның қолжазбасы сақталмаған, тек орыс тіліне жазылған жолма-жол аудармасы мен дәл осы тақырыпқа арналып алдағы уақытқа жоспарланған жаңа туындының автограф күйіндегі қысқаша мазмұн үлгілері кездеседі (Қолжазба қоры. 36–40-бумалар).

Шығарманы баспаға дайындау барысында жазушы қолжазбаны машинкаға бастырып, үстінен сызып жөндей отырып, кей жерлерде бірнеше бет қосымшаларды тыңнан қосып жаңартқан. Осындай машинкаға басылып, кейін баспаға барарда түзетілген, редакцияланған нұсқалар 138-бумада 83 бет, 137-бумада 94 бет, 136-бумада 75 бет көлемінде. Алғашқы екі бумадағы түзетулер мен қосымшаларда, өңдеу мен толықтыруларда қызыл, көк сиямен, кейде қарындашпен әр тұстарда ескертпелер қойылған. Пьесаның көркемдік сапасын, мазмұнын жетілдіру барысында жазушы қосқан осындай өзгерістер түгелге жуық басылым алдында негізге алынған.

Пьеса 1957 жылы жаз айларынан бастап, газетте жарық көрген аралықтағы бірер жыл уақытта жазылып біткен. Шығарма мазмұнындағы қысқа ғана уақыт аралығында үш түрлі қоғамдық қатынасты бастан өткерген пьеса кейіпкерлерінің одан арғы, келешектегі өмірін суреттеп көрсетуді мақсат еткен қаламгер бұл туындысының болашақ жалғасын жазуды да жоспарлаған.

Пьеса баспасөзде жарияланғаннан кейін, 1958 жылы 23 маусымда Қазақстан Жазушылар одағы драматургия секциясының мәжілісінде талқылаудан өтіп, жиында секция мүшелері Ф. Мүсірепов, Ә. Тәжібаев, Ә. Әбішев, С. Омаров, Ш. Хұсайынов, Қ. Бекхожин, І. Жарылғапов, Ф. Мұстафин,

Б. Сахариев, Қ. Шаңғытбаевтар пікір білдірген. Осы жиында М. Әуезовтің “Дос – Бедел дос” пьесасы театрда қойылуға лайық деп табылып, Мәдениет министрлігіне ұсыныс жасалған. Бірақ пьесаның Мәдениет министрлігінің репертуарлық коллегиясына өтіп, театрға жетуіне дейінгі жолы әртүрлі себептермен ұзаққа созылып кетіп, оны сахнаға шығару мәселесі жүзеге аспай қалады. Бұдан кейін көптеген әдебиет зерт-теушілері, өнертанушылар көркемдік тұрғыдан “Дос – Бедел досты” өз уақытына сай жазылған, жаңалығы мол, театрға қоюға лайық шығарма ретінде ұсыныс еткенімен, пьеса театр тарапынан қайта қолға алынбаған.

Пьесаның газеттегі алғашқы басылымы мен кейінгі бірнеше көптомдық басылымдарда жарияланған мәтіндерін салыстыра келіп, арада уақыт салып айтылуы мен жазылуына орай кейбір өзгерген сөздер түзетіліп, кейбір әріп қателері жөнделіп берілді. Ол сөздер: “Шәрәпат – Шарапат”, “хүп – құп”, “соннан соң – сонан соң”, “соншалық – сондайлық”, “жасжидте – масжидте”, “себеплі – себепті”, “тыңдамаймын – тыңдамаймын”, “ғайыптар – ғайыпшылар”, “қисына ма осы – қисыны ма осы”, “көнбегеніңді – көнбегенді”, “шаламыз – шоламыз”, “әппақ – аппақ”, “лағнет – лағынет”, “ұятынан – ұятынан”, “тымқұрса – тым құрыса”, “зәһәрлі – заһәрлі”, “куәліктерімнің – куәліктерімнің”, “кештік – кештім”, “Бегенев – Бегенов”, “несі – иесі”, “өстіп – естіп” сияқты болып келеді.

Шығарма М. Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық басылымына бұрынғы басылымдары бойынша салыстыра отырып әзірленді.

К. Рахымжанов

“Друг – Бедель друг”

Бұл шығарма “Дос – Бедел дос” пьесасының орыс тіліндегі жолма-жол аудармасы. Пьесаның қазақ тіліндегі нұсқасы жазылып бітісімен, көп ұзамай, 1958 жылы бірден орыс тіліне аударылған. Аударма қолжазбасы бұған дейін еш жерде жарияланбаған күйі жазушы мұражайында сақталған. Шығарманың алғашқы бөлімдері дәптерге жазылып, әр парақтың бір жағын бос қалдырып отырғандықтан, пьеса көлемі 45 беттік шағын дәптерге сыймай, оның 45–56 беттері дәптерден алынған жеке беттерге, 57–67-беттері ақ қағазға машинкамен басылып, 68–90-беттері тағы да дәптер парақтарының бір жағына, 81–92-беттері әлгіндей ақ қағазға машинкамен басыл-ған күйі сақталған (140-бума).

Пьеса аудармасы М. Әуезовтің елу томдық басылымына жазушы қолжазбасындағы барлық ерекшеліктері, өзіндік стилі, көркемдік қолтаңбасы сақтала отырып, өзгеріссіз, сол қалпында дайындалды. Жолма-жол тәржіменің өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып аударғандықтан, орыс тіліндегі нұсқада өзгешеліктер, түпнұсқадан алшақ кеткен тұстар көп кездеспейді. Аудармашы пьесаның қазақша нұсқасын орыс тіліне көп өзгертпей, сол күйінде барынша көркем, мағыналы етіп тәржімелеп шыққандықтан, шығарманың көлемі де сол қалпында түпнұсқаға барынша шамалас келеді.

Пьеса мазмұны орысша аудармада түпнұсқаға жақын болғандықтан, кейіпкерлердің сөз реттері, оқиғалар кезегі негізінен дәлме-дәл сақталған. Сөйтсе де кей жерлерде тұғастай беттер, адамдардың айтқан ойлары үнемі сол қалпында алынбай, орын ауыстырып, немесе сәл азайтылып, екінші жерлерде беріліп жүретіні де бар. Мысалы, шығарманың бастапқы жағында 3–4 беттік прологтегі Жекен, Шәріп, Хажендердің Беделдің үйіне қонақ болар алдында келіп, ағана сөйлесетін эпизод орысша нұсқада жоқ. Оның орнына орысша пролог Бедел өзінің үй ішінде әйелі Сана, қызы Гүлжанмен ғана сөйлесетін болып өзгертілген.

Сонда автордың қазақша нұсқадағы жолма-жол аудармай қалдырып қойған тұстары аталған үш кейіпкердің сөздерінде мынадай болып келеді:

Ж е к е н. Бәсе, оқта-текте шынайы ой шындық екен-ау! Мысалы, мен кім болар ем сонда?

Х а ж е н. Сол заманның оқу-білімі тек қана ескі арабша схоластикалық медресе болған шақта, айтайық, мысалы, мен кім болар ем?

Ш ө р і п. Кім білсін, әлде тантип құдай жолына қызмет етіп, әһли ислам, әһли тариқат жолы деп жүрер ме ек?

Ж е к е н. Әлде тағы бір формацияда капитализм жағдайына бейімделіп, чиновник боп, патшаға қызмет етіп жүрер ме ек?

Б е д е л. Со да мүмкін дейсіздер-ау, ө?

Ж е к е н. Мүмкіні былай тұрсын, тіпті залалды теріс жол билеп кетпесін кім біледі?

Б е д е л. Жаман адамдар да боп кетер ме ек?

Ш ө р і п. Кім білсін, әлде осы бүгінгі достар – өзіміз, антагонистік қоғамдардың әр тобында болысып, бірімізге біріміз жабылып, түгіп жеп жүрер ме ек? *(Күледі.)*

Б е д е л. Япырау, бүгінгі досың – қасың болса да ғажап емес-ау!

Ш ө р і п. Қырқы-с-ып, біріміздің етімізді біріміз жеп жүретін заман болмасына кім кепіл!

Ж е к е н. Абай айтпады ма: “Өркімді заман билемек, заманы оны илемек” деп.

Х а ж е н. Рас-ау, анадан туып, жарық дүниеге келген соң, қолың жетсе, сол заманыңның оқуын оқисың, әлің жетсе, заманыңның көрнекті бір тұрғысын алмаққа талпынасың! Сол жолда, құдай білсін, біріміз сәлделі хазірет боп кетер ме ек, әлде біріміз патшалық қызметінде болыс, тілмаш болып, шәлдіріктеп жүрер ме ек!”

Пьесадағы оқиғаға қатысатын адамдар тізіміне де сәл өзгеріс енген. Қазақшасында “Мұстафа – студент” деп көрсетілген эпизодтық кейіпкер орыс тіліндегі нұсқаның кейіпкерлер тізімінде аталмайды. Ұстазы Беделді айыптау кезінде оның куәгер ретінде шақыртылып берген жауаптары, айтқан сөздері орыс тіліне аударғанда өзгертіліп, оқиға мазмұны басқа кейіпкерлердің пікіріне сыйғызылып, өзі өңгімеге қатыстырылмаған. Мұстафаның аузымен айтылатын екі шумақ

орысша өлең де аудармаға енбеген. Қазақша нұсқасындағы студент Мұстафаның ұстазы Бедел жайында, оқу жайында берген жауаптары түпнұсқадағы анығында мынадай:

“Х а ж е н. Мұстафа ұғлым, сіз ғибратлы мұсылман медресесінің инабатлы шәкірті едіңіз, тұғры гуах шахид олуңуз бір сафар. Сіз өз ихтиярыңызбен, өз фиғылыңыз тартып кеттіңіз бе руслар тәрбиесіне? Әллә мұғалім дамолла Бедел сізге мәслихат берді ме?

М ұ с т а ф а. Мұғаліммен ақылдасқам жоқ... Өз мектебінен өзі кет деп қай дәмолла айтады?

Х а ж е н. Ендеше, неге дін дұшманыңыз, рус попларына не үшін кеттіңіз? Орыс тілін де сіз білмес едіңіз ғой.

М ұ с т а ф а. Орыс тілін мен көшеде орыс балаларымен ойнап жүріп үйрендім де, солармен бірге... алдым да кеттім.

Ж е к е н. Онда не табам дедің? Несіне қызықтың?

М ұ с т а ф а. О-о, онда бәрі қызық. Оқу сондай жақсы... Тағлимуссалаттан емес, өзі арабша бар сөзін бала түсінбейтін... Орысша кітап сөзін тегіс, тегіс түсінеміз.

Ж а п п а с. Дені, иманы ауған ғой... Бары соған кеткен инсафсыздың. Не үйретті орыс бобы... айтшы кәне!

Мұстафа (*тоқталмастан*).

Дети, б школы собирайтесь,

Фетушок пропел дауно.

Попрборней адивайтесь,

Солнешко кледит акно.

Рыбаки уш тащат сети,

На лугу коса звенит.

Памалася за книгу, дети,

Бох ленится не белит...

М о л л а л а р (*қатарынан дабырлап қожырасады*). Иә, малғұн, бох... бох... дейді. Орыс намазын үйреткен. О-о, сұмдық, астағфиралла, астағфиралла. Я ғаусул, ағзам!

– Я раббым... Қожан баһауддин!

– Ғаусул ағзам!

Х а ж е н (*жарыса*). Ля хауля уаля қуатия илля билләһи ғалиульғазим! Бар... бар, махлұқ намард, махлұқ!

М ұ с т а ф а. Мен махлұқ емеспін... баламын. Махлұқ емеспін.

Қаша жөнеледі”.

Пьесаның бірінші актысында медресенің ескіше, түсі-ніксіз оқуынан орыс мектебіне ауысқан студент Мұстафа

екінші актыда жергілікті шенеуніктердің, ел билеуші старшын, болыс-билердің ел басқарудағы әділетсіз, өрескел қылықтарын жоғары жаққа зәбір көруші адамдар атынан арыз етіп жазғаны үшін айыпталады. Жас шәкіртті осыған үйретуші деп бұл үшін оқытушы Беделге де жала жабылып, жалақор, жергілікті үкімет ісіне қарсы, сенімсіз адам ретінде қызметінен алынады. Осы амалдар кезінде студент Мұстафадан сұрақ алатын шағын эпизод орыс тіліне басқаша болып аударылған. Осы оқиғаның мазмұн-мағынасы ғана беріліп, кейіпкерлер арасындағы сұрақ-жауап түріндегі диалог өзгертілген. Осы шағын эпизодтың қазақша нұсқасы әсерлі жазылғанына назар аударсақ, оның орыс тіліне келгенде басқаша берілуі сол уақыттағы көзқарас тұрғысынан алғанда түсінікті деуге болады. Енді осы эпизодтан оқырманға анығырақ болу үшін шағын үзінді келтіре кетейік:

“Ж а п п а с (*орысша Шәріпке*). Давай говорить с ним по-русски... (*Мұстафаға*.) Ты давно учишься в этой школе?

М ү с т а ф а. Я?... Штыре... штыры год!

Ш ә р і п. Аһа... ну какие ты книги читаешь?

М ү с т а ф а. Какой?.. Псяки кнега... много кнега. Учитель Бедел аға дабал, ми читал.

Ж а п п а с. Хорошо. А ну-ка скажи, как зовут нашего царя государя?

М ү с т а ф а. Сарь? Сарь император... Николай Раманып.

Ж а п п а с. Разве так надо величать? Ты не знаешь? И тебя не учили этому? Ну вспомни! (*Түреген*.) Его императорское высочество государь император Николай Александрович самодержавец всероссийский, царь польский, великий князь финляндский, эстляндский, лифляндский, курляндский и прочая и прочая и проч-ч-ая! Вот как! А тебя не научили даже своего государя императора величать. Разве научит? Ну а ты сам написал это прошение?

М ү с т а ф а. Сам, я сам.

Ш ә р і п. Но ведь ты не знаешь так хорошо по-русски.

М ү с т а ф а. Пошему не писать? Знаю, псе знаю.

Ш ә р і п. Разве не видно, что ты плохо говоришь по-русски.

М ү с т а ф а. Говору не хорошо, а шитаю, писаю. А-а, пишу хорошо.

Ж а п п а с. Жә, болды... Бара берсін.

Ш ә р і п. Бар, жетті!”

“Дос – Бедел досты” қазақ тілінен орысшаға тәржімелеу барысында орын алған кейбір осындай ерекшеліктерге жазушының шығармашылық еркіндікпен қарағанын байқауға болады. Тәржімеде кездесетін мұндай өзгешеліктерді жазушы шығарма мазмұнына, композициясы мен сюжет желісіне, көркемдік жүйесіне кері әсері тимейтіндей етіп енгізген деуге болады.

Аудармадағы кейбір сөз тіркестері, сөйлемдердегі, сөз қолданыстарындағы қазіргі тілдік ерекшеліктерден өзгеше болып көрінетін кейбір тұстары сол қалпында өзгеріссіз берілді.

К. Рахымжанов

“Дос – Бедел дос”

Жоспар

Пьеса жоспары бұдан бұрын М. Әуезовтің он екі томдық (Алматы: Жазушы, 1969. 10-т.), кейін жиырма томдық (Алматы: Жазушы, 1983. 12-т.) шығармалар жинақтарында жарияланған. Жоспардың қолжазбасы сақталмаған. Пьеса баспаға жазушы мұражайындағы машинкаға басылған нұсқасы бойынша әзірленген (137-бума, 98–112-бб.).

Бұған дейінгі басылған томдарда жарық көрген пьеса жоспарларына қарағанда, бұл жоспардың басқаға ұқсамайтын сәл өзгешеліктері бар. Бұрынғы жазылған кейбір жоспар үлгісі пьесадағы негізгі оқиғаны, кейіпкерлердің іс-әрекетін қысқаша тезис түрінде әңгімелеп берсе, бұл жердегі жоспарда әр актыдағы болған жайлардың басталып, дамып, аяқталуы жалпы сипатталып, негізгі желі ғана баяндалып өтеді. Пьесаға арналған жоспарды оқу барысында болған оқиға ғана емес, оның сахнадағы өту барысы, жалпы театрланған көрінісі танылады. Осы күйіндегі жазушы жоспары қаламгердің өз қажетіне арналып жазылған қосымша, анықтама ғана емес, пьесаны қоюшы режиссер үшін де көп жайтты аңғартып, қысқаша басшылыққа алуға болатындай шығармашылық бағдарлама болып шыққан.

Жоспар мәтіні М. Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық басылымына бұрынғы кітаптағы мәтіні бойынша алғашқы, машинкадағы нұсқасымен салыстыра отырып әзірленді.

К. Рахымжанов

“Елу жылдан соң”

Жоспар

“Елу жылдан соң” – “Дос – Бедел дос” дилогиясының екінші бөліміне арналған жоспар. Онда “Дос – Бедел дос” пьесасындағы таныс кейіпкерлердің басынан өтетін оқиғаларды жазушы арада елу жыл өткенде ғылым мен шаруашылық жаңалықтарына, космос дәуіріне байланыстыра отырып суреттейді.

“Дос – Бедел дос” пьесасында сөз болатын ел басқару, оқу-білім, ғылым саласындағы мәселелер адамдар арасындағы түрлі көзқарасқа байланысты бірнеше жағдайда суреттелетіні белгілі. Кейде елеусіз қайшылықтардың ұлғая келіп үлкен әлеуметтік тартысқа айналуы шығармада бірнеше қоғамдық формация аясында қарастырылған.

Келешек пьеса жоспарында айтылған өнер-білім, ғылым, мәдениет игіліктерінің кемеліне келіп, дамуы, қоғамдағы әлеуметтік тартыстардың ойдағыдай шешілуіне игі әсері пьеса өзегіндегі негізгі ой деуге болады. Космос дәуіріндегі ғылым мен техника жаңалықтарын өндіріске енгізуші адамдар мұнда бұрынғы қоғамдарға қарағанда рухани жағынан барынша шындалып, кемелденіп өсе түскен.

Жоспар кітапқа қолжазба бойынша (138-бума, 81–89-бб.) әзірленіп, бұдан бұрын М. Әуезовтің он екі, жиырма томдық шығармалар жинағында жарияланған. Пьеса жоспары жаңа басылымға бұрынғы қателері түзетіліп, қолжазбамен салыстыра отырып берілді.

К. Рахымжанов

“Қырғыздың батырлық эпосы “Манас” жырына қатысты жинаған деректері”

Мұхтар Әуезовке Ленинград университетінде оқып жүрген жылдары “Манас” жыры жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы ойлар келеді. Осы ойын жүзеге асыру мақсатымен 1928 жылдың маусымында Бішкек пен Ыстықкөл, Қарақол атырабындағы ауылдарда болып, онда белгілі манасшылармен әңгіме-дүкен құрды. Онда ел арасына танымал манасшылармен тіл табысу оңай емес екенін, олардың көрінген көк аттыға ақтарыла бермейтінін көрді. Ойшыл, дана, сөзге шебер, салт-дәстүрге жетік Әуезов терең ілім-білім парасатымен манасшылардың талғамынан шыға білді, оларды бірден-ақ баурап, меңгеріп алды. Бұл қасиеті жыршылардың еркін көсілуіне жол ашты. Сондайда ол айрықша көңілін аударған тұстарын дәптеріне түсірумен болды, сондағы жазғандары үш дәптерден тұрады: біріншісі – 1–50-бет (парақтың екі бетіне тұтас жазылған), екіншісі – 51–100-бет, үшіншісі – 101–145-бет. (“Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қоры, 182-бума), бәрі де араб әрпінде.

М. Әуезов Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасына 1929 жылдың 1 наурызында қабылданды. Сондағы зерттеу тақырыбына осы “Манасты” алды, жетекшілігіне профессор М.Ф. Габрилов бекітілді. Келесі 1930 жылдың 18 наурызында берген ғылыми есебінде қандай бағыт, қандай салада жұмыс істеп жүргендігі, олардың қандайлық дәрежеде атқарылғандығы баяндалады. Осылармен қатар Орта Азия түркілерінің әдебиеті, тарихы, соның ішінде қазақ, қырғыз әдебиетімен қатар татар, башқұрттардың да әдебиет тарихына тереңдеп енуге ұмтылып жүргендігін, зерттей жүріп тілдерін білуді де мақсат еткенін айтады. Сондағы ғылыми есебіндегі “...В настоящее время в вопросе об изучении казахско-киргизского эпоса, в частности в отношении киргизской героической поэмы “Манас”, свою работу о “Манасе” я мыслю в будущем как монографию, которая должна состоять

из нескольких глав социологического анализа художественной конструкции и идеологической направленности данного произведения. За истекший год мною окончена 1 глава о “Сказителях и слушательской среде Манаса”, размером около 1¹/₂ печатных листов, эта глава прочитана мною в н.г. на одном из собраний научно-исследовательского кружка при Востфаке САГУ” (Гос. архив г. Ташкента. ГА Т.Ф.Р. 38, оп. 1, д. 336, п. 7, об. 8) деген сөздері жас зерттеушінің шұғылданып жүрген жұмыстарының жай-жағдайынан толық хабардар етеді.

Зерттеушілік бағытындағы ізденістері ойдағыдай жүріп жатқанымен, әлі де пысықтап, жетілдіре, толықтыра түсу үшін осы жылдың 8 маусымында Фрунзе қаласына ғылыми іссапармен баруға ұйғарады. Бұл жөнінде университеттің Шығыс факультетінің бұйрығы шығады, ол куәлік 11 маусымда беріледі. Кейбір деректер іссапардың жемісті болғандығынан хабардар етеді. Бірақ сол тұста тағдырдың ауыр бір кезеңі күтіп тұр екен, іс-сапардан қайтып оралғанының артынан ол аспирантурадан шығарылып, сенімсіз адамдардың қатарында абақтыға жабылады (Ташкентский гос. архив, ф. 38, д. 358, л. 15). Осылайша үлкен дайындықпен басталған еңбектің алғашқы тараулары икемге келгенде, оның жолы қиылып кетеді де, содан 1934 жылы ғана жұмысты қайта қолға алудың мүмкіндігі туады, сөйтіп, бәрі де қайтадан басталып, оның алғашқы нұсқасы жазылады. Деректер жинау мақсатымен барған бірінші сапардағы жазып алғандары зерттеудің барлық нұсқаларының дүниеге келуіне негіз болса, кейінгі жинаған деректерін тәркілеген Қауіпсіздік комитеті оларды өзіне қайтып қайтармады. Сондағы сапары негізінен “Манас” жырына қатысты деректер жинау болғанымен, ара-арасында қырғыздың әртүрлі үлгідегі аңыз-әңгімелері де әңгімеленіп қалып жатты. Оларды да қойын дәптеріне түсіріп алып отырды. Өзіндік өзгешелігімен ерекшеленетін бұл нұсқалардағы қайнаға мен келін, жігіт пен келін, жігіт пен қыз, Ешпембет пен Тоқтағұл, Қалмырза мен Найманбай, Бекнияз бен Найманбай, Көбек пен Тәлім қыз айтыстары, “Кім ақсүйек”, “Қақпанға түскен орос”, “Қазақ пен қырғыз мергені”, “Сарт пен құйыршық” әңгімелері, мақтау, даттау ырларынан айтарлықтай ұқсастық байқалады. “Ала байтал Бекбекей, айқайлашқан Сақсақай, құла байтал Бекбекей, қойылышқан Сақсақай, Бекбекей қуып бел ашты, Сақсақай қуып адашты” түріндегі жырларды – Бекбекей жырлар тобы, өлеңмен айтылатын дем салу дұғасын – жобалан,

отыз омыртқа, қапыр жайы, ағын су; шешек ауруы мен қарақұрт шаққандағы дұғаларды – бағы, алқұнда, қамбар, быжы, байлау, қонда, қанды құрт, баз, қарабашыл, мант, алтмыш екі дарт; жылан шаққандағы дұғаны – кер жылан, шекер құнда, қыбды, беленгер, кереміш, башы-башы, доом бар, жатыр-мұтыр; шешек байлаудағы дұғаны – мешкей, бала қуан, мант, бак убсун, без сақта, морко, төлбашы, баарын, айт, қазақ, қыбла; қалай ұйқастырғанына қарай бөлінген бөлікті – қуырдары, жырдың көнедегі түрлерін – ақселкі, ақжаулық; өтірік өлең түрлерін (қалыбтар) – секетбай; хайуандардың пайда-залалын, мінезін жырлайтын жырларды – тәмсілдер деген. Осылардың қолды болмай, аман қалған сол дәптердегі жазбаларына әртүрлі белгілер қойып, ойларын, сөздерін жазып отырған.

“Қарала сан қыра жұрт
Салқыла шыбын талады.
Сандап өліп жатыптыр,
Қалғандар жатыр қылқайып,
Қалған екен қырылып,
Қанша ұлық жатыр даңқайып,
Найзалар жатыр сұлайып,
Арақат жатыр бұлайып,
Шылбырын сүйреп ат журет.
Қапыр екен ойын аңғарып,
Қолдасып қайтқан өлікті
Аударып салып аңғарып,
Баланшанын өлігін
Таба алмадым қаны деп,
Өлік көрсе ақтарып,
Желіп жүрген андан көп,
Балан жерде баланша,
Өлген екен көрдік деп,
Келіп жүрген ондан көп.
Күйер кіші жоқпы оның,
Неге іздеп барбай деп,
Ертеден тааб албай деп” (20-б.), –

деген жолдардың тұсына “Бұлар ақырғы финалға керек” десе;

“Сарыарқа деген жер көрдім,
Алтайдын тура қап түшү,

Салтанатын тең көрдім,
Адыры жайық, жері кең,
Айып жері сусы кем” (21-б.), –

дегенге “Керек” деп жазған. Одан әріде көптеген жолдардың тұсын, астын сызып, оларға да мынадай сөздерді жазған: “Повторения. Сон Жакупа исполняется двукратным первоначального текста” (182-бума, 13-б.); “Түрікшілдік” (15-б.); “Оригинальная концовка отд. главы и интригующее начало новый; перед сказителем не читатель, а слушатель” (17-б.); “Такбақша” (17-б.); “Бұ да оқылады” (андар) (19-б.); “Ұрысбасылық” (19-парақтың екінші беті); “Заемствованные образы” (20-б.); “Бұлдуған дәумен Манастың алысы (образное описание боя)” ; “Бұлар ақырғы финалға керек” (20-б.); “Приемы психологичес. борьбы” (20-парақтың екінші беті); “Примеры реалистического описания” (20-парақтың екінші беті); “Блғи бастықтарды санау” (21-б.); “Мұсылмандар Шығай кәпірден, қалмақтан шығайды мына екеуі. Подробное, комическое порнографич. описание” (23-б.); “Рифмы и звукоподражания” (23-парақтың екінші жағы); “Традиционное закономерное начало, главный отдел начинается с такбак” (24-б.); “Примеры наслоения” (26-парақтың екінші беті); “Художеств. описания, глубокое чувство природы. Уез бұның описаниесінде сеңдей болып келеді деген сөз” (27-б.); “Момент занимательности в “Манасе”. Возбуждение слушателя особый прием певца” (30-б.); “Фантастический элемент отражения мифических сказаний” (30-б.); “Аскернің қытай бастықтары” (31-б.); “Повторения, примеры наименее удачного описания встречаются очень редко” (31-парақтың екінші беті); “Замечания читателей” (31-парақтың екінші жағы); “Повторения” (32-парақтың екінші жағы); “Сюжетные повторения параллелизма” (33-б.); “Параллелизм” (33-парақтың екінші жағы); “Первый случай – упоминается прибывшие женщины на торжество” (34-парақтың екінші жағы); “Характерные сравнения” (34-парақтың екінші жағы); “Сарт шора” (35-б.); “Бытовой момент” (36-парақтың екінші жағы); “Религиозные тенденции как искусств. прием” (37-б.); “Бұрын да кездескен сурет” (37-б.); “Повторения” (37-парақтың екінші жағы); “Повторения” (38-б.); “Элемент комизма” (38-б.); “Народный жоқтау” (38-парақтың екінші жағы); “Шоң қазаттың аяғы. Ауызекі көтеріп айтқан сөзді шынға айналдырып, көтеріп жібереді”

(107-б.); “Осы бір ерекше форма” (107-б.); “Рифмой” (108-парақтың екінші жағы); “Замеч.: осыны айтатын ән аллитерация себеп болса, керек әннің басы ылғи екіленіп айтылады” (108-парақтың екінші жағы); “Бұ да ұйқастың бір ерекшелігі” (109-б.); “Аллитерацияға парсы сөзін де үйлестіреді” (109-парақтың екінші жағы); “Параллелизм с комическим обнажением и насмешка” (115-парақтың екінші жағы); “Бұрынғы Манастағы сөздерді қайталау” (115-парақтың екінші жағы); “Семетей хан Шораны елге қайтайық деп сынағанының артынан да осылайша қатты еркелеткен сөздер айтады” (116-б.); “Шынқожаның анты” (117-парақтың екінші жағы); “Ескі наным белгісі” (118-б.); “Ескі наным жақсы образбен көрсетілген. Арбақ дегенді оживляет, конкретизировать еткен” (119-парақтың екінші жағы); “Семетей” песняларға бөлінбеген, қосылып жазылған, бұл нағыз поэма жайынан бір-ақ әңгіме” (120-б.); “Комизм острый...” (135-парақтың екінші жағы); “Бұл шабыс неке оқылған соң болады. О не танысты. Утонченный әзіл” (139-парақтың екінші жағы); “Осы ойындардың өзінде семейственность қарсы, үлкен стиль” (141-б.); “Повтор характ. обращения однообразное начало” (182-парақтың екінші жағы).

Зерттеушінің бұл жырдағы лек-легімен құйылып, ақтарылып келіп жататын оқиғалар, қақтығыстар, шайқастар, тұрмыстық көріністер, тарихтық, заманалық ағымдар, жыршылар ерекшелігі туралы пайымдаулар мен қорытындылаулар, түйіндеулер жасауына жиырма жылдан аса уақыты жұмсалады. Оның осындай шыдамдылығы еңбектің бірнеше нұсқаларының дүниеге келуіне себеп болды; әрқайсысы жаңа ой, тың таным, көзқарастармен толығып, мольғып отырды. Осының нәтижесі қаншама баяндамалар жасаттырып, сөздер сөйлеттірді, көптеген пікір таластарда төрелік айттырды және мақалалар жаздырды. Бұлардан тыс қағазға түскен ойдым-ойдым шашыранды ой ұшқындары да зерттеушінің қажымай, талмай тынымсыз ізденіс үстінде болғандығын көз алдымызға келтіреді.

Осылар мұқият салыстырылып, кезекті томға дайындалды.

Т. Әкім

МАЗМҰНЫ

I. МАҚАЛАЛАР	3
В цветущем саду	5
Новые горизонты.....	7
Неукротимая воля	11
Өнерге өнеге	12
Партия туралы ойлар	17
Радость творчества	19
Родина, народ, партия	20
Голос в защиту пакистанского поэта	24
Әлемнің ұлы азаматы	26
Великий гражданин мира	31
Зоны ужаса.....	36
Размышления об эпосе семилетки.....	41
Наша ответственность.....	46
Біздің жауапкершілігіміз.....	50
Сын болашаққа мегзесін.....	54
Автобиография.....	56
Живая легенда.....	63
О родном Казахстане	68
Қуаныш та, шабыт та берген сапар	70
II. ПЬЕСА, ПЬЕСА ЖОСПАРЫ	71
Дос – Бедел дос.....	73
Друг – Бедель друг	133
Дос – Бедел дос (жоспар).....	191
Елу жылдан соң (жоспар).....	203
III. ҚЫРҒЫЗДЫҢ БАТЫРЛЫҚ ЭПОСЫ “МАНАС” ЖЫРЫНА ҚАТЫСТЫ ЖИНАҒАН ДЕРЕКТЕРІ	213
IV. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР	391

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

37-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:

С. Назарбаева, Б. Қананиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан, А. Шаихова*

Көркемдеуші редакторы *С. Оспанова*

Техникалық редакторы *Н. Ромахова*

Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 10.07.2014 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Офсеттік қағаз.

Қаріп түрі “Таймс”.

Шартты баспа табағы 22,7.

Таралымы 4000 дана.

Тапсырыс № 1325.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,

Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.

E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі

050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.

Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-179-1



9 786012 941791